

Л2016
Л306Нк

Әскер ТОЙҒАНБЕК



ҮШТОМДЫҚ

1

ҚАЙРАН
ЕЛІМ

Әскер Тойғанбек

Қайран елім

деректі роман

————— I ТОМ —————


ХАНТӘНПІ
баспасы

Алматы
2016

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5 Қаз)-44

Т 50

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

ТОЙҒАНБЕК Әскер
Т 50 ҚАЙРАН ЕЛІМ: 3 томдық роман/ Әскер
Тойғанбек. – Алматы: «Хантәңірі» баспасы, 2016.

ISBN 978-601-03-0408-6

Т.1. – 2016.– 342 б.

ISBN 978-601-03-0407-9

Қаламгер Әскер Тойғанбектің бұл кітабына қазақ тарихына қатысты оқиғалар өзек болған. Алмағайып замандағы аласапыран оқиғалардың бел ортасында жүрген әрі батыр, әрі би Әлмерек абыздың ел тәуелсіздігі жолындағы даналығын, қажырлы күресін автор көркем тілмен нанымды баяндайды.

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5 Қаз)-44

ISBN 978-601-03-0408-6

ISBN 978-601-03-0407-9

© Тойғанбек Ә., 2016

© «Хантәңірі» баспасы, 2016

I. Ел намысы – ер намысы

Кербез сұлудай көсілген Өртекестің оңтүстік көкжиегін көмкере орап өткен Тәңіртау сілемі желбірлі шымылдықтың сағымданады. Ұзақтан-ұзақ созылған солтүстік жағалауы түйелі керуен секілді мол қатпарлы аң мен құстың мекені болған жатағандау Үйсін тауымен құндақтала өбіскен. Өз тумасын кеудесіне баса мейірін салған анадай, кеудеден ағытылған кәусар бұлақтар қозы-лақша ойнақтап кеп, қыз мінезді Текес өзеніне құлап, назды жымыспен сырғып жатыр. Жағалай өскен қайың мен тал, қараған мен шырғанақ арудың керме иығынан бөксесіне құлаған қара бұйра қолаң шашындай сұлулық ажарын асыра түскен.

Жаратушының бояу нақышына еліте тұлпарыңның тізгінін өзенді өрлете бір босатсаң, асу бермес асқарлар жатағандап, ауылға құлап кеп жалт беріп тым-тырақай кеткен жылқыдай қожыр-қожыр майда қырқаға айналып жоғалып жатыр. Жылқының пірі Қамбарата қасиетін дарытқан жер. Бетеге мен жусан, саркүйік пен жоңышқа қойдың жабағы жүніндей жер бетін қымтап, бір шымшым топырағында қызғанғандай тоқымдай жер қыртысын көрсетпейді. Аты болдырып келген жолаушы бір түнесе ертесі иесіне ұстатпай осқырынатын сөлді өңір. Солтүстігі – Жабыр, Шалкөде, Қарасаз, Аққошқар, Көмірші, Тұйық, оңтүстігі – Байынқол, Қақпақ,

Саржаз, Қарқараға иек арта созылған жатағандау тау сілемдері төрт түліктің жер ұйығы сияқты. Майлы сүбеге дәнiккен аш қасқырша, осы шұрайлы өңiрге көптен берi сiлекейiн шұбыртқан жоңғарлықтар әлсiн-әлсiн сұқтана тап берумен тыным бермей келген. Кейде бұл елдi мекендегiлердiң жылқысын қуып ала жөнелiп, көз көрмес, құлақ естiмес, iшкi нуына, тау шатқалдарына сұғындырып жiберiп, есе бермей кететiн. Арада талай-талай қанды салыстар болып, екi жақтан да бiрнешеудiң басын жеген барымта-қарымта дауы үзiлмей келген. Қазақтың да не сайыпқыран жiгiттерi алдыңғы шабысуды ұмыттыра барып, жылқы алу олай емес, былай деп, еселерiн жiбермей еруге қару, қора-қора жылқыларын қуып кеп Алатау, қырғыз жерлерiне дейiн ұзатып жiберiп, көрдiм-жоқ қып теңдiк алатын.

Бұл реткi жоңғардың қазақ жерiне беттеуi басқаша ниет байқатты. Бұрынғыдай түн жастана ұрлана келiп, мал қуып кету, әзiргiсiмен салыстырғанда ұятты бiлетiн, ибалылық болып қалды. Қазақты «қайратсыз», «ынжық» деп, көзге iлмейтiн сияқтана бередi. Жүзден екi жүзден қарулы қолы қаптап келiп, алдымен ауылды шауып, көпе-көрнеу малды айдап, қарсыласқанды атып-шауып өлтiрiп кету түк емес. «Көнсең қыларым осы, мына жердi босат, көнбесең айқасар жерiңдi айтқын» деп келгендей. Бүгiн мына ауылда шу болса, ертең ана ауылда ойбай. Бұрын жылдым жылқыны қуып жолға түссе, ендi түйе, сиырды жосытып, қоралы қойды серкелеп, секемсiз кетiп бара жатты. Қойшылар таяғын ұстап, таста қалды. Қарсыласқанды қылышпен басқа салды...

Алдынан шығып айқасар, желiгiн басар, құдайына бас ұрғызар кiсi кездеспеген сайын, әркiсiн¹ iшiп, бұлғақтаған масы да қазақ ауылына келiп ат ойнатып,

¹ Әркі - колдан жасалған арақ

бейуаз жандарды ат бауырынан өткізе сабайтынды, өлсе мастана күлетінді тапты.

Жоңғарлықтар Шығыс Жетісу өлкесіне баса-көктеп кірген тұста, дайындықсыз жатқан елді дауыл ұрған шіліктей кез келген тұстан ту-талақайын шығарып, бір ауылды бірақ ат тұяғымен таптап өте шыққандарын ерек жеңістік сезінді. Мұндай қырғын сұмдықты талайдан көрмеген ауылдар «ажалдың жеткені осы, алсаң міне басым» деп, мойындарын өлімге төседі. Кезіккен еркек кіндіктіні түгел қырып, ұрпағына араша түсіп шырылдаған шал-кемпірді сәнге өлтірді. Өңі түзу қыз-қырқын, жасалаң әйел біткенді ат көтіне салып, зеріккен жерде басын шауып, ендігі ауылдан жаңа біреуін іздейтін болды. Өртекестің басынан басталған қанды қасап, қазақты жайлы қоныстарынан батысқа түре тоздырып, өрттей лаулады.

Мына сұмдық басыну айға іліне албанның ел ағалары мен жігерлі азаматтарын тітіркендіре селт еткізіп, Қарқара төсінде тұңғыш бас қосты. Ел басына төнген қанды қасап пен қоса, намысты аяққа басқан жоңғар қылықтарын еңірей отырып ортаға төгіп, кейбір қарттар сора-сора көз жастарымен сақалдарын жуа отырып: «Осындай басынуға хайуанша көнеміз бе? Әлде бізден жаудан кек алар намысты ұл тумағаны ма?!» деген айбынды да ашулы сөз ел азаматтарын қатты ширықтырды. Осы кезде бұдан әріге төзе алмаған Әлмерек орнынан атып тұрып: « Жаудан кек алар ұл деген міне біз! Осындай бас қосуды күткелі қашан? Ел ағалары ақ батасын беріп аттандырса, міне біз барамыз!» - деп, айналасындағы құрбыларына көз тастап өтіп, адырнадан ытқи жөнелетін жебедей дайын тұрған жайларын күмілжімей аңғартып үлгірді.

Осы тұста алжаннан шыққан қарт батыр Сырымбет,-мынау ер-азаматтың ортақ ойы. Жастардың

жауынан жасқанар түрі жоқ. Бірақ, бізге өңмендеп келе жатқан жоңғарлықтар жүздеп, мыңдап. Оған жалғыз шабуға болмайды. «Жалғыздың шаңы, жаяудың үні шықпайды». Біз де елміз, бас құрайық қане ертеңнен бастап, әр ауыл отыздан төменгі азаматын аттандырсын! Көнекөздер ие боп, жастар жаттыққанша, жаумен қалай соғысу өнерін үйретейік!-деп тоқтағанда, айт Сүйіндік би аппақ сақалын тарамдай отырып,

– Айналайын азаматтар, алдарыңнан ақ күн тусын! Ел қорғаумен жер қорғау басын бәй тіге отырып, жан алып, жан берер қан майданның ісі. Соғыс бар жерде өлім де бар. Бәріне ер-азамат та, ел ағасы қарттар да қайыспас жігермен жұмыла кірісуіміз керек. Мейлі бай, мейлі кедей бол, азаматыңды аттандырасың. Сенікі жүре тұрсын, менікі тұра тұрсын десең, елдік болмайды, елдік болады.

Бүкіл ел бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғанда ғана жоңғарға төтейсің. Бел буған екенбіз жанды да, малды да салуға тура келеді,-деп тоқтағанда:

– Береміз баламызды!
– Аттандырамыз азаматымызды!
– Елін қорлаған жоңғарға аттанбаған ұл түсік боп, түсіп қалсын!

– Елдің атын ер шығарар, ердің атын ел шығарар, ел қорғауға аттанатын азаматтар үшін атадан қалған қару-жарақ, сауыт-сайманымыз, сайгүлік-тұлпарларымызды түгел арнаймыз, айналайындар!-деп, ел дүр көтеріліп серпіле сілкініп кетті...

Ақырғы сөз түйіні: «Жоңғарға құл болғысы келмеген жігерлі азамат атқа қонуы керек!» дегенге келді де, ел ардақтылары, жоңғарды тойтарып қанды кекті алуда қолда барды аямауға, барлық ауыл сақ қимылға өтіп, жау басып өтетін жол бойларынан сырғып, тау-тастан берік қоныстар тауып, көше жүріп, соғысқа сәйкесуге

келісті. Әрі қару-жарақты молықтыру ісі ақылдасылды. Осымен басынған жоңғарлықтарды бір ауыл ғана емес, бүкіл албан тізе қоса отырып, алдын тосып шайқасқа өтуге келісті, әрі Сырымбет пен Төлесті қолбасы және жасақ тәрбиешілігіне бекітіп тарасты.

Аллаға шүкір, осы жолғы кеңес Қарқара атырабындағы қазақтың кеудесіне қайта жан бітірді. Ауылға ат ойната келген ата жауына «алсаң міне басым» деп, бұрынғыдай мөнді-мөнді боп жатпай қолда бары найза, қылыш, семсер, айбалтасын ала ұмтылса, жоғы шоқпар, сойыл тіпті отын жарар балтасында қару етіп, ең кемінде жастығын ала жатар халге өтті.

Көне соғыс өнеріне қанық Сырымбет, Төлестер қарт тартып қалса да, ел қорғаны болар үмітті жастарды жасақ тәрбиешілігіне бөліп, өздеріндегі бар өнерді ақ самайы мен ақ сақалдарынан терлерін сорғалата жүріп үйретті. Қазақты жабайы аңша аулап, көңіл көтеруге дәнiккен талайы келген ізі бар, қайтқан ізі жоқ халге түсіп те тұрды.

Сүйіндік бастаған елбасылар берік мекендер тауып, неше жерден қол көріктер құрғызып, шебер ұсталарға қарулы да епті жігіттерден шәкірттер қосып, күнді түнге жалғап, қару-жарақ, сауыт-сайман соқтырып дайындалды. Жарым жыл ішінде албан күші барған сайын молығып, тәртіпті соғыс жүргізу үшін онбасы, жүзбасы, мыңбасылар қойып, жылға жуықтағанда жүйелі қазақ қолы болып қалыптаса бастады.

Әркісін ішіп дулыған күні зеріккен он-жиырмасы-ақ келіп, қазақ ауылдарын қан қақсатып, ер-азаматын өлтіріп, малдарын топырлатып айдап, бойжеткенін өңгере жөнелетін тексіздік тұмсыққа ұрғандай тыйылды. Олар алғаш баса-көктеп кіргендегідей емес, қазақтан оқыс тік мінез байқады. Ереуілдей атқа қонса, алған бетінен қайтпайтын, айқасқанын алмай тынбайтын

қайсар жұрт екенін жоңғардың іргелес тұстары түгел түсіне, тіксіне бастады...

Уақыт қандай жылдам, әй-пүй дегенше, үш-төрт жыл сырғып өте шықты. Қарт Сырымбет, Төлестер де бұрынғыдан қартайып, қол-аяқтары сырқырап, қарбалас жаттықтырудан соң екі-үш күн белдерін ала алмай қалатын, кәрілік кірбеңдігін өздері де сезіне бастады.

Жаншықтың Әлмерегі ерекақылды алымдылығымен екі қолбасының да көзіне түсіп, ықыласын баурады. Қазақ қолын алғаш ұйыстырғанда бірінші болып, «жоңғарға қарсы міне, мен барам!», - деп топ жарып шыққан он сегіздегі балаң жігіт үдемесе жүгірісінен танбай төрт жылды артына салып, жиырманың екеуіне шықты. Ұстаздары үйреткен сайыс өнерін жоңғарлықтардың тиіп-қашқан қимылымен салыстыра сан құбылтып, тіпті асып түсті дерлік. Жасақ жаттығуы үстінде жауды жоюдың жаңа түрлерін жаратып үлгірді. Алғыр ақылдылығына өнерлі күш-қайраты өбіскен жас Әлмерекке, екі қарт ұстазының ықыласы ерекше ауды. Алғаш жүзбасылық, одан мыңбасылық міндеттерді беріп байқағанда, қол астындағы жігіттердің жапалама көкпарға шапқандай далақтауын тәртіпті жүйеге тез түсірді. Жарым түнде, кейде таңға жуық шырт ұйқыда жатқанда шұғыл берілген бұйрық бойынша лездік дайындықпен жау қайдалап, қамал алуда бар қолбасыдан озық тұрды. Бұл кезде қазақ қолы үш мыңға жетіп, барлығы да сауыт-дуылға киініп, қылыш, найза, садақ сынды бес қаруын іліп, келсең-келге жүрек тоқтатып айбынданып қалған-ды. Алла тағала да заманына қарай адамын туғызған ба дерсің. Әлмерекке сәйкескен Сырымбет батырдың он алтыға енді ілінген ұлы Хангелді, Төлес батырдың ұлы Биеке, Әлмеректің өз інісі Олжай сынды ержүрек жас жігіттер дара біткен

шоқ жұлдыздай Әлмеректің қасынан табылып, бір кеудеден тыныстап, бір арнаға құйды дегідей ұйыса, қазақ қолы жас шынардай бүрленіп құлпыра түсті.

Сырымбетпен Төлестің ұсынысы бойынша Сүйіндік бастаған елбасылар қазақ жасағының қолбасылығына Әлмеректі сайлауды, бүкіл албанды жия отырып, дабыралы өткізді. Әлмерек аса ауыр міндет алдында әрі толқыды, әрі қобалжыды. «Мынау бүкіл албанның, тіпті қазақ даласының бір шалғайындай кең көсіліп жатқан Шығыс Жетісу өлкесінің тағдырына қатысты жұмыс. Күннен-күнге күшті қарумен сайланып, қарақорым боп келе жатқан жау анау, халқымның сенімін ақтай алам ба, жоқ?», деген бір салмақ иығынан басқандай зілмауыр ойда тұрғанда, түнде көрген түсі ойына оралды. Өзі көрмесе де көнекөздердің айтуы бойынша бейнесі көз алдына елестей беретін аппақ сақалды шал есіктен кіріп келеді. Қараса ылғи да түсіне ене беретін Таубұзар бабасының дәл өзі. Дауысы да сол: «Әлмерек, алдында елің сеніп тапсырар аса ауыр міндет тұр. Түйткілсімей халқыңның үмітін ақта!», - дейді ап-анық бұйыра. Басын жұлып алса түсі. Нені меңзеп кетті деп, талайға дейін ұйқысы келмей жатты. Ерекше жағдайда ғана аян беретін бабасының түсіндегі ақылиясы бір сөткеге жетпей алдынан шығып тұр. Мына кереметке азырақ ғажаптанып тұрды да, енді түсінің жоруын өзі тапқандай, аса бір ыждағатпен алдыға шығып, желбіреген ақ жібек туды сүйіп тұрып,

– Алла, ажалға сабыр берсе, сенімдеріңізді абыроймен орындап, еліміздің қастерлі топырағын қорғауға ант етемін! - деді.

– Айтқаның келсін, Әлмерек, Алла тілегінді қабыл көргей! - деп, жиналған қалың жұрт дүрілдеп кетті.

– Айналайын елім-жұртым, маған сенгендеріңе бас иемін! Құрметімді қабыл алғайсыздар? Соғыс қазақ

басына төніп келеді. Біздің шолғыншыларымыздың тау паналай барлап қайтуында он неше мың жасақ, қазақ даласын жаулап алуға сұқтанулы екен. Мына үш мың адам мен оларға төтеу таудан құлаған тасқынға кеуде тосқандық болмақ. Бір кездегі халімізге қарағанда бұған да тәубе. «Көп түкірсе көл», «ер қосы жүре түзелер». Оларға төтеу үшін жасағымыздың қатарын барынша толықтыруымыз, берісі бүкіл Ұлы жүз албан тіпті бүкіл қазақ болып, жұдырықтай жұмылғанда ғана, жау күшіне төтеп беруге, жоңғар көзін жоюға болады. Бұны бүгінгі ел ағалары ғана біліп қоймай, әрбір отбасы түгел білуі, ел қорғауға қатарыла атқа қону борышы, ер-азаматтың бұл тұста үйкүшіктеніп қалуы намыс дейтін бір ыстық ағын жүректерде тулайтын кез келді. Ереуіл атқа қонып, егеулі найза қолға алар күн туды, - деді Әлмерек бір тыныстағанда:

– Жаса, Әлмерек!

– Ақ жол тусын алдыңнан!

– Жауың табаныңда тапталсын!

– Қатарыңа қазақтың ер-азаматын аттандырамыз!

- деп, ел ду көтерілді. Әлмерек, тоқтаңыздар дегендей қол ишара жасаумен, «мына дуалы ауыз жас қолбасы енді не айтар екен?» дегендей, ел тына қалды.

– Соғыс болған жерде өлім де бар, құрбандық бермей жеңіс жоқ. Қантөгісті көрген күні бітті деген осы деп, жоңғардың аяғына құламайық. Қанымызға біткен қайсарлықпен жығылған қатарымызды толықтыруға барымызды арнайық. Шешінген судан тайынбайтын күн туып келеді. Осы тұста Сүйіндік би де тебіреніп кетті.

– Жарайсың, Әлмерегім, әр сөзің елге тұлға, тұтқа боларлық орынды айтылған сөз. Қанша заман жалғасарын ердің етігімен су кешер, аттың ауыздығымен су ішер күн жуықтап қалғандай. Жоңғарды еркіне

жіберсек, қазақтың ертең кім боларын, сегіз жастағы баладан сексендегі шалға дейін ұғынды. Мына сөзің бүкіл албан баласына түгел айтылады. Барлық отбасына тілек-талабыңды толық жеткіземіз. Халқың елі мен жерін қорғау жолында бастарын бәй тігіп, атқа қонған ұлдарынан ешнәрсені аямайды. Аттың тұлпары да, жігіттің сұңқары да жаныңнан табылады.

Жасақ саны молайса, оның мінер ат, ішер ас, қару-жарағына, сауыт-сайманына біз кепіл, халқың кепіл. Ат болғанда қандай, жалы жалбырап, қойға мінер қоңыр емес, ер қанаты сайгүлік сендердікі. Жау жебесін тайдырар, азаматымыздың айбынын асырар сауыт-сайман, қару жарағыңды дайындаймыз. Бұл істі қолға алған өнерлі жігіттеріміз де иншалла жаман емес. Өз ет бауырларымыз киетін сауыты, ұстайтын қаруы деп, жалынды қауып, суын тауып, барын салуда. Алла тілегімізді қабыл көргей, жай алақаныңды - дегенде, Әлмерек жасақ алдына Ақбозбен арқан бойы шауып шығып:

– Иллаһи әумин?! - деумен, бүкіл жасақ жамырай кол жайды.

– Егей ерлермен қолдарың толсын!

– Жоңғармен айқаста жолдарың болсын!

– Алла рақым, пайғамбар шапағат жасап, Таубұзар бабанның қайраты қонсын! Әумин, Аллауәкбар, - деумен бүкіл жасақ, жер қайысты дерлік жиылған топ Сүйіндік биге ілесе дұға қылды.

«Батамен ел, жаңбырмен жер көгерер» дегендей Сүйіндік батасынан бүкіл қазақ жасағы тебірене толқып қоймай, мына жиылысқа келген әр ауылдың үлкен-кішісі жайлаудың жібек самалы тербеген қызғалдағы мен шұғыласына қосыла тербеліп тұрды. Бұл тұста елі үшін барын арнауға ант еткендей Әлмерек сезімі тіпті бөлекше еді.

* * *

Әлмерек қолбасы болған жылға жуық уақытта қазақ жасағы күн санай молығып, жүздіктермен мындықтар бастығы өнерге төселген жүректі де, самдағай қазағым, елім десе, ішкен асын тастай ұмтылар азаматтардан қойылып жатты. Сырымбеттің Ханкелдісі, Төлестің Бәйсейіті мен Бәймен және ерекше батыр туған ұлы Биеке, Әлмеректің өз інісі Олжай сынды біріне-бірі сай туған өңкей жас өрім жігіттер бір-бір мындықтың тізгінін ұстады. Кезекпен ел шетін барлап, бірінен-бірі өтіп, жауды жою өнеріне жаттығып жатты...

Осындай күндердің бірінде тау сағалай отырған Төлес ауылының үстінен түсіп қалған жүзге жуық ойрат жасағының бүлік сап жатқан дерегі келіп тиді. Хабаршыны кеше ғана ауылға барып келуге кеткен Төлестің ұлы Бәймен жіберген. Төлес қарт қазақ жасағының қару-жарағын жасайтын ұсталар жаққа кетіп, ауылда жоқ. Шал-шауқан, қатын-қалаш, балалардан басқаның бәрі осында.

Хабаршы бала жігіттен шұғыл жайды ұғынған Әлмерек Биекені шақырып алып, - Бәймен жүздігімен сен аттан! - деп, қолма-қол бұйырды. Биеке бастаған жүз жігіт жер апшысын қуыра шапқан аттармен жау қайдалап, Қақпақтың басына тартып кетті.

Ауылдағы үрпе-шүрпе адамдардың ақылшысы да, атқа мінері де Бәймен еді. Батыр Төлестің қол қаруы мен ержүректігі қанына сіңген Бәймен ауылына лап қойып одағайлана келе жатқан жүзден артық ойраттықпен ауылдағы шал-шауқан, ересек тартқан бала, атүстіне мықты қарулы әйелден де бірнешеуін ерекше киіндіріп, топ көбейте айқаса берді. Барлығының ұстағаны сойыл, шоқпар, бақан, балта дегендей. Көбі атүсті соғыс көрмеген, ішінараларының білері барымта-

қарымтаның саласы. Көптен қазақ даласына жорыққа аттанбақ жаттығуды бастарынан өткеріп, қылыш, найза, садақ ұстанған тонаушылар үрпе-шүрпе аз адамды көзге ілмей баса-көктеді. Талайдан қазақ жасағында жаттыққан Бәйменде ғана қару бар. Тұсына келгенді жапырып өтіп, - аянба, ұр! Қарағұстан сал! Тізенің, шынтақтың талмау тұсынан қағып, домалат! - деп, серіктеріне дем береді. Осылай алыса жүріп, Бәймен жігіттері жиырмаға жуығын түсіріп үлгірді. Өздерінен құлап жатқандары да баршылық.

Барлығына бұйыра жөн сілтеп, соғыс сап жүрген ер тұлғалы самдағай Бәйменге көзі түскен ойрат жігіттері қатты өшікті. «Осының көзін жоялық!» деп, жүзбасы бірнешеуін қасына ала қоршай шабуылға өтті. Көптің аты қашанда көп қой, анталап ықсырып келеді. Бәйменде дес бермей төрт-бес қарсыласын құлатты. Ойрат жүзбасысын аттан ұшырғанда, қолбасысы үшін кек алуға атылып жеткен таңқы танаудың екпіндей сермеген қылышы Бәйменнің кешіге қағуында тайып барып, тізеден төменгі жіліншіктен шауып өтті. Аяғы жіліншік сіңіріне іліне салақтап қалған Бәймен есі ауып, ат жалын құша құлап барып, «мен кетсем қалғандар не болмақ?!» деген ашты да ашулы оймен қайта серпіліп, салақтаған аяғын аттың қанжығасына байлап жіберіп, шабуылға өтті.

Өзін шауып өтіп, мысы бітті деген оймен жалғасты шабуылға жөнеген зұлым, анадайда тағы бір қартты құлатып жібергенін көзі шалды. «Өлсем де сені өлтіріп, жастығымды ала жатайын!» деген ыза-кекпен, сау аяғымен атын бір тебініп барып, қара қалпағы милықтаған өштесін көкжелкеден қия шауып, басын домалатып жіберді...

Осы кезде Биеке бастаған жігіттер қыр шетінен андағайлап шауып шыға келді. Әлгінде ғана салақтап

қалған аяқтан жүрегі шым етпей, қанжығасына байлап қойып, соғыс салған Бәймен інісі Биекені көргенде көз шарасына бір сығым жас толып, ат жалын құша берді. Биекенің қанжарша қадалмақ боп келе жатқан айбынды тобын көргенде, жетпіске жуық шапқыншы айқас майданын тастай, шығысты бетке алып, құлдай қашты. Ай-шайға қарамаған Биеке ауылды қойып, үйірлі қасқырға тап бергендей, өкпе тұсынан араласа берді...

Айқастан аман қалған үрпе-шүрпе ауыл адамдары жауды Биеке жігіттеріне беріп, бірін-бірі түгендеген жүгірісте бір аяғы қанжығаға байланған бойдан ат жалын құша қансырап, жан үзген Бәймен батырды шулап-шұрқырап жүріп, аттан зорға түсіріп алды.

Биеке батырдың адуын жігіттері ауылды шапқан ойраттарды жеткен жерінде сұлатып, он шақтысы қалғанда Бәймен жайлы суық сүркейлі хабар жетті арттан. Биеке Сүмбенің тұмсықшасында тұрып, қашқан біруыс тонаушы Ерменті аяғындағы қалың ауылға бет алғанына қарап, тістене аз тұрып барып, «тыныш жатқан ауылды шауып, адамын қырғындау қалай тиерін көрсетейін сұмдарға!», - деген кекті бір ойға бекінді де, артынан келіп топтана қалған сұсты, суық қабақты жігіттерге:

– Тартыңдар, аналардың ауылына! Бәйменнің, қырғын тапқан бала-шағаның кегін алыңдар! - деді де, жер тарпып қолды-аяққа тұрмай тықыршыған аттың тізгінін ағыта берді.

– Биеке жігіттері екпіндей шауып, Сүмбе кезеңшесінен лап қойып бері беттегенде-ақ, ауылдан бергі мұрыншада жаттығып жатқан жоңғардың енді бір жүздігі «бұлар кім? Қазақ жақты барлауға кеткен біздің адамдарға ұқсамайды» деп, аңырып тұрғанда, өз жүздігінен қалған он шақты қашқын сүмендеп жете берді. Бар жайды ұғынған жоңғар

қолбасының бұйрығымен араша ду етіп атқа қонған топ, қазақ жасағының алдынан көлденендей шауып, тосқауылдады. Одағайланған қолбасы:

– Соғысар болсаң, жекпе-жек! - деп, айғай салды. Биеке, «мынаған шеп жайып, жекпе-жекке шығамыз ба? Жоқ уақытты алмай, жапа-тармағай айқасамыз ба?», - деген оймен әредік кідіруіне:

– Неге аңырасың?! Жоқ маған құда түскелі кеп тұрмысың! Бадым дегенді қазақ естуің бар шығар, ер жігіт болсаң шық бері! - деп тағы да айғұлақтанды. Бадым атын, елге салған зәбірін талай естіген Биеке, кім шығадыға қарамай «есірген немені өзім көрейін!» деп күрең шұнағын ойната бастырып ұмтыла берді. Шашақты найзасын бұлғай ұшқан Бадымның шақ-шұқ қағысқан бірінші айқаста-ақ, қаруын ұшырып жіберген Биеке, екінші сайманын алуға келтірмей, ат үсті сайыстағы өнері бойынша білектен шап бере бұрап, алдына лақша өңгеріп, жасақтар тұсына тақау барып, селдір қара сақалынан ұстап тұрып, басын кесіп топ алдына лақтырып, мөңкіген денесін су құйған тұлыпша төңкере тастап шыға берді. Сол-сол екен қазақ қолы айбындана: «Төлес! Төлес!» деп, ұрандай лап қойды. Бірме-бірге қазақ жігіттері ешкімге бос келмесін бүгін бір байқады. Шай қайнатым ішінде Бадым жасағы бауша түсіп қалды. Жиырма шақтысы не пана таппақшы болды, ауыл қайдалап тұра қашты. Әлі де кегі тарқамады ма, Биеке жігіттері қашқындарды ауылға жеткізбей бірден домалатып, жан сауғалаған ауылдарына лап қойып, бірақ барды. «Бізге қарсы келер күш жоқ» деген, астам көңілмен қазақ іргесіне тақай келіп отырған отыз шақты үй лезде Биеке жігіттерінің ат тұяғы астында қалды...

Бұрын әрқандай қырғын сап қайтса да, соңынан түсе келген қазақты көрмеген жоңғар ауылына тұңғыш

ақыр заман орнады. Өз ауылдарына ойран сап барған жүздікпен әлгінде баудай теңкиген Бадым жүздігі осы шет ауылдың қорғаны еді. Ұрандай ат қойған қазақтан естері ауған ауылдағы үрпе-шүрпе еркек кіндікті аттарына жете алмай, қолына тигенін ұстап қорғана берді. Ауылды аралай шауып өткен жігіттер «талайдан бері жоңғардан көрген қорлық, Бәйменнің кегі үшін!» - деп, бір-бір салып өткенде отызға жуығы құлап қалған екен. Енді қалғаны пана іздеп, үйлеріне кашып тығылды. Кезінде қазақтың үйлерін шаңырағын ортасына түсіре қиратып, өткен өнерлерін өздеріне істеп, кереге қарыны іштеріне майысқан, уықтары июсіз үйлерді Биеке жігіттері тоз-толаңын шығарды. Жұмыртқадан шыққан қарғаның балапанындай қираған үйлер астынан айдарларын шұбата жүгінген ойрат төрелерінің желкесінен тиген соққы қан құстырып жатты...

Енді Биеке жігіттеріне бір бұйрық беріп шегіндірді. Әйел біткенге, жазықсыз шал-шауқан, бала-шағаға қол тигізбеді. «Бірнеше сұлу қыздарын әкетелік, бізге де не істемеді?» деген жігіттерін табанда тойтарып, аттарына қонып ауылға қайтты. Айтқанынан қайтпаған жеті жігіт Биекеден жасырын түнделете келіп, жеті қыз алып қайтқаны кейін мәлім болды.

Биеке Бәйменнің кегін алу үшін, ойрат ауылын шабу шайқасын ешкімменен ақылдаспай-ақ өзі істеді. Бұл жайдан хабар тапқан қазақтың бәрі: «Бірге туған бауыр қиын-ақ қой. Биеке батыр – бір Бәймен емес, талай жылдан бері қазақ даласына жоңғар қолының тап бермесін де оларға кеткен кегімізді қайтарып алып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай іс істеді», - деп алғыс жаудырып жатты.

Бәйменнің қазасын естіген албанның елбасылары да, албан жасағының жас қолбасылары да келіп, қарт

Төлеске, Бәйсейітке және Биекеге көңіл айтып, Құран оқып жатты. Бас қолбасы Әлмерек те Бәймен қазасына көңіл айта кеп, қатты күйзеліспен жоқтап, сабыр сақтауға шақыра отырып, оңашалай шетке тартып:

– Биеке батыр, сенің қайсарлығың мен ерлігіңе мен де ризамын. Осы жолы талайдың батылы бармас ерлікке бардың. Қарсыласыңды жеңдің, Бәйменнің кегін алдың, талайдың қыбы қанғаны баяғыда. Бірақ, ауылға шапқан жоңғар жасағын жер жастандырумен сабыр сақтауың керек еді. Олардың ортасына бір ғана жүздікпен ойып кіруің артық. Алла тағала өлшегендей, өзіңмен шамалас күш кезігіпті. Мына жақта біз хабарсыз жаудың зор күшінің қоршауында қалып, мерт болсаңдар қайтер едік? Ауылын шабу, тіпті жігіттеріңнің бірнеше қызын олжалап келуі – басы артық жұмыс. Біздің жасағымыздың қабырғасы үлкен соғысқа шығардай қатая қойған жоқ. Мына ісің жоңғардың неше он мыңдаған қолы мезгілінен бұрын тап беруге қызыл бұлғағандай бір іс бопты. Есінде болсын, жоңғарды жеңу үшін жұдырықтай жұмылған бірлік болу керек. Ендігәрі бас-басымызға батырлық істемейік, - деп орнынан көтерілді.

Биеке өзімдікі жөн деп қызарактамады да, менікі қате бопты деп кешірім өтінбеді де. Өңі қызғылт тартып, мұрнының үсті жіпсігендей талаурап, Әлмерек сөзін үнсіз тыңдады. Әлмерек – Биеке ауылынан қайтқанда, ол жайлы кейбір әңгімелер ойына оралды.

«Биеке асып сөйлеп, таңға тәубе келтіреді», - деген тәмсіл бар. Биеке екеуінде бірнеше айдың паркы болмаса, екеуі түйдей жасты. Жоңғар, Жетісудың Өртеkes маңындағы қазақ шетіне тиіп-қашып, кейде жылқы қуып, кейде шағын ауылдарды шауып кету толастамай, үлкен тапбермеге сылтау іздеп тұрған тұсы. Жасы жиырмаға енді ілінген Биекенің аты

көп аузына жастай ілінді. Жоңғар барымташылары бірнеше үйдің құрап баққан жүз шамалы жылқысын алып кетіп, сол ауылдың момындау қариясы Биекенің алдына келіп: «Шырағым Биеке, құрыдық, қалмақ жортуылшылары күзеттегі жылқышыларды сойылға жығып, ауылымыздың бар жылқысын шауып, тақырға отырып қалдық » - деп, жылап-еңірейді. Бір жағынан жасақ жаттығуына қатысып, енді бір жағынан ел қорғау міндетін өтеп тұратын мезгіл. Көз жасы сақалына төгіле сора-сора боп жылаған шалды жұбатып: «Жыламаңыз ақсақал, қалмақ жүз жылқыңызды әкетсе мен бір еселеп, екі жүз жылқы әкеп беремін» - деп қалады. Әлгі қария діндар адам екен: «Құдай бұйырса, - деп сөйле шырағым» деп, сөзіне түзету жасаған екен. Албыртта жас Биеке: «Бұйырса да, бұйырмаса да алып келгенім келген. Әкелген малды екі-үш жыл ана Алатау жаққа сұғындырып көзге түсірмей ие бол!» деп, артынан Аллаға таңға тәубе келтіріп, ертесі жанына таңдаулы жиырма жігітпен аттанады. Қазақ ауылынан жырақ шетіне түн жастана өтіп, жылқы күзетіндегілерді сойылға жығып, бұта-бүргенге байлап тастап, астындағы аттарына дейін қоса қуып, із жаңылдыра жүріп, өз маңынан күманданбастай етіп таң шыға көзге түспес бір сайды өрлете, әлгі шалды жылқышылармен шақыртып алып, «алыңыз ақсақал, мен әнеугүнгі көз жасыңыздың кегін, жау шауып кеткен жылқыңыздан бір есені тегін әкелдім. Әнеугүнгі айтқандай, екі-үш жыл көзге түсірмей бағып алыңыз!» деп, ат мойнын ауылға бұра бермек болуына әлгі қария: «Ей, шырағым Биеке, бізден қалмақтың әкеткені жүз жылқы, артығын өзің ал, бізге шабындыға кеткендей ғана жылқы берсең болды. Алла риза болса, қарағым біз ризамыз», - деп безек қағады. Сонда Биеке: «Бір жабағы тай да алмаймын.

Ауылдарыңызда жылқысы шабындыға кеткендерден сырт, қолында түгі жоқ кісілерді ескере отырып, бөліп беріңіз. Кейін анау жаныңыздағы жігіттермен ауылдарыңыздағы басқа кісілерден ұғысам. Барлығын өзіңіз басып қалмаңыз!», - деп жүріп кетеді.

Осы істен кейін Биеке екеуара бір әңгіме болып, Биеке барымта мал қуып келуден, пышақпен кескендей тиылған...

Енді Әлмерек есіне Биеке жайлы тағы бір іс оралды. Қырғыздың Ыстықкөлінде үлкен бір ат шабыс өтпек боп, бірінен соң бірі кезектесе бәйгеге қосылып ылғи да жүлде алудан танбай келе жатқан танымал күрең шұнаққа оның інісі көк бурыл бестіні де қосып жараттырады. Бәйге өткізілетін ауылға барып қонып жатып, сол арадағы мықты тең тұстарына: «Ей, қырғыз, мына екі атым да бәйгеден келеді. Ең жақсысы, шауып терлетпей бәйгесін беріңдер», - деп қояды. Сонда қырғыз құрбыларының бірі:

– Кімнің аты бәйгеден келерін бір құдай білер - дегенде, Биеке:

– Атымның бәйгеден келуін мен өзім білем, - деп қояды.

– Иә, Алла, ей Биеке, не деп асып сөйлеп кеттің, - деп үй толы адам дүрілдеп кетеді. Астам сөйлеп көптің назарына ілініп қалғанын аңғарған Биеке таңға ұйықтай алмай тәубе келтіріп, таң шыға ертеңгі намазда отырып Алладан кешірім өтінумен болады...

Қырғыздың мықтылары: «Мына Биеке текке асып сөйлеп отырмаса керек. Екі атын да барып көріңдер», - деп сыншыларын астыртын жібереді. Сайыпқыран ат бапкерлері: «Айтқанындай екеуі де келгелі тұр екен», - деген хабарды төресіне жеткізеді. Төре:

– Әлгі жылан дарымдап, қара суды теріс ағызатын

дарымшыны шақырындар, ана күрең шұнақты дарымдасын, - деген сөзді Биеке жігіттерінің құлағы шалып қалады.

Сақтанған Биеке ат келетін жақты байқақтап тұрса, көк бурыл бесті бірінші, күрең шұнақ аты екінші болып келе жатқан. Биеке өз атын ұрандай жанасалай шауып кеп:

–Үй бәтшағар! Біреудің тіфу-тіфу деп, үштүкіргеніне інісін алдына салып, тапырақтап келе жатқанын! - деп етегімен қағып өтеді. Сол-ақ екен күрең шұнақ бурыл бестінің алдына өтіп, ұзап сала береді. Айтқанындай осы жолы бірінші аттың да, екінші аттың да бәйгесін Биеке алып қайтады. Осы бір ойлар тізбегінің соңында Әлмерек: «Төлесті де, одан туған Биекені де құдай тегін жаратпаған», - дегенге тиянақтады.

Өзімен құрдас Биекенің күлсе көмейі көрінетін ақкөңілдігі мен намысқой батырлығы, сайыс шеберлігі Әлмеректі қатты сүйсіндіретін, өзіне ұстаз болған Төлес батырдың көңілі үшін ғана емес, Биекенің Алла сыйлаған шынайы қабілеті мен болжампаздық қасиеті, сарбаз басқарудағы іскерлігін де ескеріп, мыңбасылық міндетке өзі тағайындаған. Сондықтан да кешегі майдан шебіндегі артық басқан қадамын кешікпей кезінде оңаша тұсын тауып айтып, табыстауында оған деген сүйініш те, күйініш те бар еді. Биеке қылықтарын ой елегінен шұбыртып келе жатқан Әлмерек: «Апырау, осы алдынан тосар жауының өз күшімен шамалас екенін кереметтің күшімен болжады ма екен? Батыр аңғал дегендей, неше есе көп жоңғар қолы қоршап алса біткені ғой. Мүмкін өзі қызба қанды адамды Бәйменнің аянышты өлімі мен ауыл қырғыны ес тапқызбай шыдамынан айырған да болар. Бауырынан айырылып қаралы боп тұрғанда, қатты кеткен жоқпын ба осы? Жоқ, темірді қызуында дегендей кезінде айтқаным

дұрыс. Бұдан былай да мұндай істің сан мыңы кезігері қақ. Онда Биеке бұдан үлкен жеке батырлыққа баруы мүмкін. Бүрсігүні тағы біреуі шығар. Осылай қазақ қолы, қолбасылары алды-алдына бассыздыққа барса, қанша зор қосын болғанымен, жеңісті соғыс жүргізу қиын.

Биекенің жеңілтектікпен жоңғар ауылына дейін атойлап кіруі, олардың бізге ерте шабуылға шығуына, тіпті кек алу үшін неше он мың қолмен лап қоюын тудыруы мүмкін. Сондықтан да болар іс болды, көлемді соғысқа дайындалуымыз керек», - деп атын бастырта жүріп кетті.

Әлмерек 1658 жылы қазақ Жәңгір ханы тұсында дүниеге келді. Бұл кезде қазақтың Үш жүзі алды-алдына хандық құруға дәмеленіп, орай күткен жоңғар қонтайшысы Сенга майлы құйрыққа тұмсығын салмақ болған аш қасқырша қазақ даласына сілекейін шұбыртып тұрған кезі еді. Бірақ, жоңғардың ішкі тақталасында Ғалдан асқан айлагерлік пен ағасы Сенгадан ұқық тартып алып, өзі таққа отырды. Ал, Жәңгір хан соғыста мерт боп, орнына баласы Тәуке хандық таққа отырған 1680 жылдар Әлмерек жиырманың бір - екеуіндегі жас жігіт болатын. Тәукенің хан болған хабарын, Әлмерек жоңғар мен айқасқан қан майданда естіді.

Ғалдан Бошқтұ шу дегенде Шығыс Жетісу жағындағы қазақты көзге ілмеді. Екі жүз, үш жүз ең көп болғанда бес жүз жасақ аттандырып, басып ала қоймақ дәмеде төрт-бес жыл ұрыс салды. Бәрінде жер қолайлығын пайдаланған қазақтар кірген ізі бар, шыққан із жоқ халге түсіре ұрымтал жерлерден соққы берді. Бірақ, жау бұны жеңіліс деп санамай, артынан жіберілген жоңғар жасағы мықты деп таңдалған қолбасы Бадымның жетекшілігінде, албан елінің

соққысын мұрны қанаған құрлы көрмей көптігіне сүйене Жетісудың не көркем алқаптарын басып алып, батысқа қарай тықсырумен болды...

Үш жүздің үш баласы өз жеріне, өз еліне басып кірген жаумен барын салып айқасқанымен, жерінен жау табаны сырғып кеткен соң басқаның не боп жатқанымен кіріс-шығысы жоқтай бейғамдық үйездетті. Қазанның салмағын ошақтың үш бұты тең көтерерін ескермеді. Жау қарақорым жойқын күшпен, шеңгел салғанда барып татулық, бірліктің керегін кешіге аңғарып жетті...

Кеше ғана мұрты толық тебендемей соғысқа кірген Әлмерек көзді ашып-жұмғандай уақытта елін, жерін қорғау жорығымен бес жылын ұзатып, жиырма үш жасқа ілінді. «Ел басына күн туғанда, етігімен су кешер», - деген осы болар. Жанұясында жар қызығын көріп, бір-екі баланың әкесі болатын тұсы ел қорғау айқасымен өтті...

Жетісу шығысындағы албан тайпасының кешегі манаурау қалпынан кілт өзгеріп, енді тарт қолынды дегендей, айбындана текетіреске өткені қоңтайшы Ғалданның құлағына да жеткен. Тіпті «кейбір шолғыншыларымыздың кірген ізі бар, шыққан ізі жоқ» деген, жау жетті хабарға да пысқырып қарамаған еді. Өзіне сенімді Бадымды бас етіп, ел шетіне қарауылға қойған мың жасақтың жарым жылға жетпей бірақ жойылуы, тіпті бір іргелі ауылдың ойран-топыры шыққан хабар жеткенде Ғалдан арып таласқан күйге өтті. Отыз мың қолмен Қара Ертіс жағынан түре соғыс салмақ жоспарын кілт өзгертіп, ол жаққа жиырма мыңын жолға салып, он мың қолмен мына Қарқара қазағының аптығын басып, ат тұяғымен-ақ таптап өтпекке бекіді. Оған дейін Қара Ертіс бойына бет алған Байынже қолы да межелі жерлерге сыпыра тор жайып, өктем екпінмен Орта жүз қазағының шаңырағын ортасына түсіре,

Жасыл теңіз¹ сыртымен айналып өтіп, жоңғардың қос алып қара құсы Талас, Шу бойында кезікпек.

Әрі жас, әрі соғыс өнерінде бар қолбасыдан өрелі деп, есептейтін Байынжені жиырма мыңға бас қолбасы етіп белгіледі. Байынженің ержүректігі, соғыс өнерінде басқалардан айта қалсын мықтылығынан сырт өзіне ең адал қолбасы, өзі үшін бас кетіп, қан төгуге пейіл, өтірікке бармайтын сенімді жігіт. Талай-талай істе жеңімпаздығымен де, адалдығымен де көзге түскен. Бұл ретте де аса сенімділікпен, серт беріп аттанды.

Енді Жетісу шығысындағы албан тайпасының дақпырты да онай емес. Жер жадысын білмеген жүзді бірақ, адам алып қоятын тұстары мол. Әкесі Батұр тұсында да бұл арадағы қазақпен мол айқасып көргені бар.

Сондықтан олардың жасақ күші әлсіз деп, аз адам жіберуге болмайды. Қарқара бойындағы қазақты тез алып, одан арғы жол бойларындағы бөгесін күштерді

жапыра жайпап өту үшін әзірше бес мың қол жіберуім орынды. Осының өзі-ақ жетіп асар, егер бірінші кезекте жіберген жасақ төтей алмаса, соғыстың қажетіне қарай күш толықтырып тұруым керек. Ал қолбасыға келгенде, бұрыннан осы Тәңір тауын жағалап талай жортуылға қатысқан, өзінің туып-өскен өңірі де сол Қарқараға жуықтау деп, Шонжы қолбасылыққа талданды. Шонжы бір кісідей соғыс өнеріне мықты. Өзінің бақталастарынан ұқық тартып алуында, өзі жақта тұрып қатты ес қатқан кісі. Кезінде қазақтың Жәңгір ханын жекпе-жекке шақыру арқылы әкесі Батұрдың Қарасайға кеткен кегін қайтарып, ойрат тайпасы ішінде жоғары бедел тіктеуге ақыл көрсеткен. Тіпті өзімен әкесі бір Сенганы өлтіруге де мол көмек көрсеткен адам. Осы рет қазақ даласына оңтүстік және

¹ Жасыл теңіз - Балқашты бұрын осылай атаған.

солтүстіктен тең қол салып, ілгерілеген бойдан қазақ хандығын күйретіп, ұлан-ғайыр қазақ даласын ала алса, күші теңдессіз молығып, Чиң патшалығы, Ресей, бірте-бірте Шыңғыс алып үлгірмеген, алса да өзінікі ете алмаған елмен жердің бәріне алып самұрықша жез тырнағын қадамақ.

Қарқараға қарай жорыққа аттанбақ өзімен жасы қарайлас бас қолбасы Шонжымен жүрер күні кеш сырласудың да, сыйласудың да дәнекері ете әркінің бірінші суынан мол сілтесті. Өткен күндер елесі ұшан-теңіз боп оралып өтті. «Егер мен болмасам, сен Сенгадан оп-оңай ұқық тартып алып, бүгінгі Ғалдан Бошқтұ бола алмас едің», - деп Шонжының мастана елеуреген тұстары да болды. Жанқияр жолдасының хандық қаһарына да қарамай, албырттана еліруінде шындық та бар еді. Ғалдан тым кешірімділікпен тыңдап, «айтса айтсын, еңбегінің бары бар ғой. Егер осының ақылын алмасам, бүгінгі биікке шыға алмас едім» - деп, ешкімге де істеп көрмеген аса бір жұмсақ пейіл кешірімділікпен тыңдап, бас шұлғи мойынсал болды. Титтей де реніш әлпет танытпады. Шонжы олайда, бұлайда емін-еркін еліре, езуінен көбігі бұрқырай мол сөйлеп отырып, қисайып қалды. Ғалдан мынаның сөзіне іш ауырту, ренжу емес, жан ашыған қимастықпен бір сәт қарап отырып, күтушілерін шақырып, қонақ үйге жұмсақтап орын салдырып, демалдырып қойды...

Ғалдан ұйқысыз бір сәт жатты. Көз алдынан Шонжының өзіне деген бар қамқорлығы толассыз шұбыра өтіп жатыр. «Шынында мынау болмаса, менің бүгінгі тәж-тағым қайда еді. Бұл жолғы екі жақтан бірдей қол салар зор шайқасым қазақтың зауал дабылы боп ұрылып, қазақ хандығын күйретіп, ұлан-байтақ қазақ жерін ала алсам, мына байғұсты ендігі ұрыс майданына жібермеспін. Өзі де әбден қажығандай,

бұны орданың маңызды бір жұмысына қойып, балашағасының ортасында алқып-шалқып өтетін жақсы күн сыйлауым керек» деген ой түйді.

Ертесі Шонжының мастығы тарап, хан алдына жүгіне серт беріп, тоңқандап жатқан тұсында, Ғалдан хан тағынан түсе аяндап кеп:

– Шонжы, түндегі айтқандарың есінде ме?! - деді.

Шошып кеткен бас қолбасы басын бір көтеріп, бір қойып,

– Хантақсыр, құзырыңызда мол ішіп қойғандаймын. Мастықта асып сөйлеген жайым болса, кешіріңіз?! - деп, жалбарынды.

– Жарайды, Шонжы басыңды көтер! Ойындағыны айттың. Сен болған соң, маған айта алдың. Сен болған соң, кешірмеске амалым жоқ. Егер басқа біреуі болса, бұл жолғы көлемді түрде Қарқараға жасамақ соғыс қолбасысыз қалып тоқтап қалса да, менің алдымда есінен айрылғанша бұлықсып, ертесі не айтып, не қойғанын білмесе басы алынуы баяғыда еді. Мен сені түсінем әрі кешірем. Мүмкін соғыс майданына ең соңғы аттануың болар. Қарқара бойындағы қазақты екінші бас көтере алмастай шаңбай ауыздандырып, бұл жолғы міндетті сәтімен орындай алсаң, кейінгі күндерде ылғи да өз жанымнан табылатын боласың! - деп тоқтады Ғалдан. Көзінен алты тарам жасын тебірене ағызып:

– Құлдық тақсыр, айтқаныңызды екі етпей орындаймын. Қарқара қазағы емес, одан әрі Шілік, Талғар, Ұзынағаш бойларындағы түгел Ұлы жүз қазақтарын, екінші атыңызды тіке атай алмас етемін! Осы бір кесек жеңіспен өзіңіздің кешегі бұйрығыңыз бойынша Байынже қолына Талас, Шу бойында кездесіп, қазақ хан ордасын ай-пүйге келтірмей алып, сізден сүйінші сұрата хабаршы жіберуге кепілдік етемін! - деп, тағы да Ғалданның аяғына бас қойды Шонжы.

– Жарайды! Бүгін бар айтқан сөзің Шонжы атыңа да, мен берген бас қолбасылық лауазымға да жарасады. Мен Ғалдан Бошқтұ¹ саған бұрхыннан² кесек жеңіс тілеймін! Қасиетті будда дінінің пірі Сакия Мони³ саған жар болғай! - деп қолын қысты. Қынабы жер сызған алмас қылышы жерге тигенше иіле, артымен шегінген бойдан Ғалдан ордасынан шыққан Шонжы асқақ жеңімпаздық сезіммен атқа қонды. Алдында берілген бұйрық бойынша, ұзақтан-ұзақ бес қатардан сап түзеп тұрған бес мың қолға көз тастап өтті. Қалың лек қазақ даласына дүсірлете шауып бара жатқандай, оң-солынан жолыққан қазақ ат тұяғымен тапталып қалып жатқандай, елес беріп өтті. Кеше есі дұрыста Ғалдан екеуінің оңаша сырласуында, Қарқараның таулы алқабы көп күшпен баруға біз үшін қолайсыз, сондықтан бірінші шабуылда бес мыңмен аттану орынды деп келіскен. Егер қазақ күші басым кеп, еңсеріп бара жатса қалған бес мың жасақты көмекке бөліп-бөліп аттандырмақ болды Ғалдан. «Ондайға бұрхын күнімді қаратпасын, осы бес мыңменен-ақ Қарқараны алармын. Қалған бес мыңды әрі аттанбақ тұста шақыртып алу қашпас», - деген ой түйді.

Шонжы жеңістен-жеңіске жалғасқан ой тізбегімен аз уақыт шалқыған бейнеде кідіріп барып:

– Бүгін біз жауға аттанбақпыз. Біздің жауымыз дүниені баса-көктей өтуімізге, етегімізге оралғы боп келген көне күндесіміз – қазақ. Біз Қарқара маңындағы албан тайпасын жер бетінен тазалау үшін жорыққа аттанбақпыз.

¹ Бошқтұ- Тибеттегі будда ордасынан берілген жоғары діни атақ.

² Бұрхын- құдай деген мағынада.

³ Сакия Мони- будда дінінің жаратушы пірі.

Біздің осы жолғы жорығымызды ханымыз Ғалдан Бошқтұ ұйыстырып, құдайымыз қолдап отыр. Осы жолғы жорыққа Қарқарада көп аялдамаймыз.

Жауымызды жасыл түскендей тездікте алып бола суыт ілгерілеп Сөгеті, Шілік басып, сонау Түркістан, Ташкентке дейін жорық жасаймыз. Осы жолғы соғыста қатер-қауіпті таптап өтіп, жауды жайраға алған әрбір сарбаз, сардарға ерекше заттық сыйлық беріліп, мансап шені өсіріледі. Қазақтың қалаған қызын алуына, қазақтың мол мал-дүниесін жеңіске жеткен күні өздеріңдікі етулеріңе мына мен кепілдік етемін! Болашақта өмірі көрмеген рақаттың дәмін тату үшін осы жолғы соғыста жан салып, алдарыңнан кезіккен жауларыңмен аянбай айқасуларың керек!

Алдыңда кездескен жаудың басын сен шауып түсірмесең, ол сенен бұрын қимылдап, сенің басынды шауып түсіреді. Қазақтың еркек кіндіктісі жойылмай бізге жеңістік жоқ. Ал әзірден бастап, жорыққа аттанамыз. Сондықтан сендерден аянбай соғыс салар батырлық тілеймін!

– Сөзсіз айтқаныңызды орындаймыз!

Осы жолғы соғыстың жеңісіне кепілдік етеміз! деген ашты дауыстар құлақты жара даланы жаңғырықтырды. Іле бойындағы жоңғар қоңтайшасы¹ Ғалдан Бошқтұ ордасынан желтоқсанда аттанған бес мың қол бір күн жол басып, кейін “Шонжы” атанып кеткен өңір ернеуіне ілінді. Енді тізгінді келістіре бір ағытса, жау қайдалап қазақ ауылдарының үстіне атойлап кіріп баратын жер қалды. Тәжірибелі Шонжы Іленің қалың жыныс ортасына шатырын тіккізе тастап, бір апта мықты қарауылдар қойып тусып кеткен Іле өзенін өрпете аттарды ағыттыра жасағын тынықтырды. Әрі мықты жігіттерден ілгерілей жер шолғызып, қазақтың

¹ Қоңтайша - Жоңғар ханы деген лауазым.

қазіргі күйін бақылатты. Екі-үш кезек аттандырған шолғыншылары қырат, тепсең, жол бойларында қаптап отыратын аппақ шағаладай қалың ауылдардың қайда көшіп кеткені белгісіз тек жұрты қалғанын, тіпті сай-сайды, бет-бетті алып жататын төрт түлік малы да зым-зия болғаны жиі-жиі хабарланып тұрды. Шонжы ақылшыларына: «Қазақ біздің шабуылға өтерімізден сыбыс алған сияқты. Мал-жанын түгел тау ішіне паналатқаны олардың да біз жаққа жансыздар жіберіп, аяқ алысымыздан хабар тауып қалғанынан дерек береді. Тіпті Текес басында бес мың айналасындағы жасақ арып таласқан жаттығу үстінде болуының өзі де бұлардың ішінен де мықты қолбасылардың өсіп жетілгенін аңғартады. Жуықтан бері бұрауы жеткен арқандай шиыршық ата толғануы тегін емес. Біздің жіберген адамдардың иелеуінде қазақ жасағының қайта ұйымдасқанына да төрт-бес жылдың мөлшері боп қалды. Бесігінде тұншықтырып жіберетін жауға Ғалдан Бошқтұ сәл қарап қалды. Жау біраз жаттығып қалған екен, оңай түспес. Бірақ, менің ысылған жасағыма тең келе қоймас. Батылдықты басты орынға қойып шабуылға өтсек, жау жеңілісін көру ұзаққа бара қоймас. Ат та, адам да әбден тынықты, енді бұл араға қонаққа келмеген соң үйездеп жата бермей, жаудың негізгі күшіне шабуыл бастау керек!

Барлық жүзбасы, мыңбасы жолға шығуға әзірленсін!», - деп бар сөзді өзі бастап, өзі қостап тоқтады.

Шонжының шарлаушылары тауға тартып кеткен қазақ ауылдарының жұртын сипап қайтып, кейде тау қыраттармен баспалай келіп, қазақ жасағының мөлшерін аңдап қайтып тұрған мезгілде Әлмерек орналастырған қазақ шолғыншылары өздерін бақылаушыны сыртынан торып, жолына қайта түсіп кеткенше сезік бермей,

келген шарлаушыны ту сыртынан тұншықтыра басып та қалмай күзетіп отырды. Ауылдың, малдың қалай бет алып кеткенінен сезік бермегенімен, жасақтың қарасын неғұрлым көбейтіп көрсетуге тырысты.

Әлмерек екі қарт қолбасы Сырымбет, Төлес пен өзі тұңғыш қолбасшылық етпек болған көлемді соғыс жайлы ақыл қосты. Алдымен сөз алған Сырымбет аппақ сақалын тарамдап:

– Егер жау күші өз күшіңмен қарайлас түсер болса, бұрынғы соғыс әдісіне салып шеп құрып, батырларың жекпе-жекке шықсын. Жауына көзі үйір боп жүрек тоқтатсын. Жаумен бетпе-бет айқасқаннан кейін жауын да, өзін де салыстыра барып, батырлық айбыны асады. Жауды көрмей тұрып, бұғынбақ соғысқа барса, қол жеткізер жеңісі кесек болғанымен, түбінде батылдықтары әлсіз, жаумен қолма-қол айқасудан тайсап тұратын жүрексіз жасақтың ынжықтық әдетін қалыптастырады. Сондықтан, өзіңе қарсы келе жатқан жау мөлшерін әбден игеруің керек. Жаумен жағаласта көзге түскен жігіттер алдымен жекпе-жекке түсіп, майдан көрмегендері шіркін-ай енді мен шықсам дейтін жігерін тасытуың керек. Сонда ғана жаудың озық соғыс тәсілін игереді. Ал енді жаудың күші өзіңнен бір еседен артық көп болса, бірден бетбе-бет келіп, жекпе-жек соғысқа барма. Жекпе-жектің соңы аламан лап қоймаға өтсе, адамың ойсырай қырылып кетуі мүмкін. Ондай көп күшке кезіккенде тау паналай соғыс жүргіз, - деп тоқтады. Бас шұлғи миықтаған қарт Төлес:

– Әлмерек, сен жассың. Бірнеше жылдан бері жүз, екі жүз ең көп болғанда бес жүздей, мың шамалы шағын жаумен айқасқаныңмен, мынандай көлемді жауды көруің бірінші. Әзіргі келе жатқаны біздің күшпен шамалас сияқты. Бұны жеңумен іс бітті деуге болмайды. Ғалдан Бошқтұ аса әккі, тіпті он жеті жастағы кезінде

қазақтың Жәңгір ханын мерт қып кеткені бар. Сен басым кеп бара жатсаң, шолғыншылары арқылы ақуалды барлап, күш үстіне күш қосуы мүмкін. Дәл сол кезде Сырымбет батыр айтқандай «тиіп-қаша соғысқа» өту керек. Біз Сырымбет екеуіміз кезінде осылай соғысудың игілігін көп көргенбіз. Құдай жаратқан мынау тау-тастан жақсы пайдалану керек қой. Соғысу деген осы деп жау күшін межелемей «келсең-кел» деп кеуде керіп шығу, күндердің бірінде сәтсіздікке ұшыратады. Өзіңнен бір есе, тіпті екі есе жау күшіне кез келген де сөзсіз «тиіп-қашпа» соғыс салу керек. Ол кезде бір жүздіктен көрініс бере, соңынан ілестіре анау берік шатқалдар ішіне сұғындырып алып, дағардың аузын буа тастап төмпештеу керек. Қаншасы кірсе шіркін соншасының көзі жойылар еді, - деп тоқтағанда, Төлес сөзін өңі жайнай түсіп тыңдап отырған Сырымбет:

– Осылай соғыс салу, Таубұзар бабаңның соғыс салу өнері еді ғой. «Дағарға кіріңіз, дағарға кіріңіз!», - дегенде біле қоюшы едік. Қасиетіңнен айналайын, Таубұзар аты кейін шыққан ғой, өз аты Сүйменді еді. Таубұзар атының шығып кетуі Сүйменді жекпе-жекке шыққанда жауды шақ келтірмейтін еді. Енді бірі қарсы жағы аса мол, өз күшінен неше есе асық болған жағдайда, мол күшті тау-тасқа жасырып қойып, аз күшпен жауды соңына сала «дағарға кіргізу» әдісін қолдана таудың тасымен-ақ жаудың тас-талқанын шығаратын. Осымен Сүйменді аты көп айтылмай, Таубұзар аты орнығып кеткен жайы бар. Таубұзардың жетпістің ішінде соғысқа кіргенін көріп едік. Онда біз дәл өзіндей жиырманың ішіндегі кезіміз.

Жәңгір алғаш хандық таққа отырғанда, жоңғар қоңтайшасы Батұр жас ханды бесігінде тұншықтырам деп, мың айналасында ғана орда қорғаушысымен тұрған Жәңгірге тұйықсыз елу мың қолмен шабуылдап

кіргенде, Қарасай батыр бастаған бір тобы жауды шырғалап тау ішіне бастайды. Ішінде Таубұзар бар бірнеше бас батыр бір топ сарбазбен таудың жал-жалында дайындалып жатып, жау сай шатқалына әбден кіріп болғанда, тастың астына алып, елу мың қолды мол қырғынға ұшыратып, десін қайтарған емес пе. Бірақ, бұлай соғыс салу үшін де асқан айла, өнер керек. Тау ішінде басым күшіңнің барын жау біліп қойса, тартқан шырғаңа баса ма, ақыл-айла ұштасу керек, - деп сөзін аяқтай беруі де сол еді, атын ендітірген шолғыншы жетіп, жаудың Іленің таяз тұсынан бері өткенін, мөлшері бұрынғымен ұқсас екенін хабарлады.

«Ал енді не бұйырасың?» дегендей екі қарт ұстазы Әлмерекке қарады. Өзін қаптап келе жатқан жоңғардың қалың қолымен бірінші айқас үстінде сынамақ та, шындамақ та сияқты. Бірінші бұйрықты сіздер беріңіздер,- деп Әлмерек айтпады. Екеуі де былайдабылай қимылға өт деп тіке бұйрық бермей «томағанды тарттық, қанатыңды қомдай арлан қасқырға түсіп көр» дегендей ыңғай танытты. «Егер былай шабуыл жасайық деп ақыл айта қалсақ, мына Әлмерек бізге иек сүйеп, батылдығынан айырылып жалтақ боп қала ма» деп ойлайтындай. «Білсең, бағанадан екеуміздің кезек-кезек айтқан ақылымыз, мына келе жатқан жаумен қалай айқасарыңа беріліп болған бұйрық» деп тұрған сияқты...

Осы бір шағын ой толқыны кейде биігіне көтеріп, кейде тереңіне сүңгітіп, аласұрған арпалыс иіріміне үйіре барып, жас қолбасының бірінші рет айбынды бұйрық жариялауына тура келді. Енді уақытты ұттыруға мүлде болмайды. Жау жуықтап келеді, аралық отыз шақырымдай болары анық. Өз ойынша соғыста бұйрық жариялау төр алдында толғанып отырар жұмбақ шешу ойыны емес. Ақбозын ойнақтата бастырып, топ алдына

серпе шықты. Жау мөлшері әзірге өздерімен деңгейлес. Жау мен бетбе-бет келіп, қоян-қолтық айқасты қазақтың жас жасағы көруі, жүрегін шыңдауы керек. Шу деп, тауға қаша соғыс бастап кетсем, кейін суы жасық пышақтай жауын көрсе майырылып қап жүрмесін. Екі қартымның мол ақылиясын топшылағанда да бұл рет қонақтың алдынан қасқая шығып, қарсы алуға тура келеді деп қорытты ойын. Әлмерек даусын кенеп:

– Бауырларым, жауымыз иек астында дейтіндей жерге тақап келді. Біздің шолғыншыларымыздың межесінде бізбен адам саны қарайлас екен. Ендеше, мына Үйсін тауының теріскей бөктерінде «келсең-кел» деп күтіп алғалы тұрмын. Қарт батырларымыз Сырымбет, Төлестің біздің көкірегімізге соғыс жайлы құйған мол нәрі, әрі өнері бар. Менің әзір қолбасы атыммен жариялайтын бұйрығым екі дананың ақыл қазынасы бойынша жасалған бұйрық деп түсініңіздер. Жау сөзсіз алдымен жекпе-жекке шақыруы мүмкін. Кешіксең қазақ намысына тиер сөздерді айтып, лепіре одағайлануы баяғыда. Бізден жекпе-жекке шығуға қару өнері жағынан өзіне сенген азаматтар қане алдыға шығып көріңдерші, - деп еді майданға ат ойната елу үстіндегі жігіт шауып шықты. Ішінде: Бәйсейіт, Биеке, Олжай, тағы басқа да жасақ жаттығуында көзге түсіп жүрген жігіттердің бәрі бар.

Әлмерек бәрін түгендегендей шолып өтіп:

– Елі үшін, жері үшін басын бәй тіккен азаматтар сендердің тасқындаған мына жігерлеріңе қарағанда Алла қаласа, жауды басып түсетіндей бір сезім бойымды билеуде. Жау қанша айбар жасап айқұлақтанса да қорқатын түк жоқ. Ол қанша қоқиланғанымен өзің сияқты адам. Жаудың қару өнеріне қарай тойтарыс беріп, орайды ұта шапшаңда, ептілікпен шабуылға өте білгенде ғана қарсыласыңды басып түсесің. Жауыңды биік санап

жүрегің дір етті, табаныңда тапталғаның. Бұл жағында бәріміздің ұстазымыз, әкеміз Сырымбет пен Төлес аз сөйлемеді. Енді осы ақылиялармен ұрыс өнерін істетер мезгіл жетті. Бірінші жекпе-жектен жеңіске жете алсаң, өзің және атыңның жарарына көзің жетсе екінші, тіпті Сырымбет, Төлес әкелерің сияқты арт-артынан бірнеше күн жекпе-жек майданында тұруларыңа болады. Бірақ, өзің әлсіреп, атың қарлығып қалса, зорланып намысқа тырысқаныңмен мерт боласың. Бұл ескертіп қоятын жай. Міне елу үстіндегі азамат алдымызға шығып, жау қайдалап тұр. Кейінгі қатардағы азаматтарымызда әзірге жүрексінгенімен, бірер майдан көрсе не керемет ерлер шыққалы тұрғаны жанарынан мен мұндалайды. Алдыңғы үш кезекке Биеке, Олжай, Хангелді үшеуі осы айтқан рет бойынша дайындалсын. Егер жекпе-жек ұзаққа созылардай болса, жігіттер қайратын кезек пен кезек көре жатармыз, - деп тоқтады.

– Жауды сөзсіз сайып түсеміз! - деп, қалың жасақ тау-тасты жаңғырықтыра ұрандап кетті.

Міне қылт етіп Белегір астынан жоңғардың қалың жасағы көріне берді. Қазақ қолы тау-тасқа сырғи жөнелмей күтіп тұрғанына қарап, Шонжы қолбасы жауының бетпе-бет соғыс салмақ ойын аңғарды. Бес шақырымдай ирелендей жол басып кеп тоқтап, үш адамы суырыла шыға орта тұсқа таяу кеп, ат басын ірікті. Бұнысы қалай соғысамыз? Келісім жасауға кездесер адамыңды шығар дегенін аңғартатын еді. Қазақ жағынан Биеке бастаған үш адам қарсы барып, әредік тоқ етті де әрқайсысы өз қолына қайта тартты. Жақындап кеп Биеке: «Соғысты жекпе-жекпен бастамаққа келістік», - деді. Енді екі жақ аралықта үш шақырымдай жер қалтырып шеп жая тоқтады. Жоңғар жасағы кім майданға шығарын алдын ала белгілеп

қойғандай. Жалдас құла мінген төбедей болған бір батыры «жекпе-жек» деп шауып шықты. Бағанағы келісім бойынша Биеке батыр, Әлмеректің алдына барып тоқ етті де, енді қайта айналып, Сырымбеттің алдына барып:

– Сырымбет әке, Әлмеректен рұқсат алдым. Алла бұйырса, мынаның басын алып жаһаннамына жіберейін маған бата беріңізші?! - деді. Аппақ сақалы тал-тал боп тік тұрып, қартаң жүзіне қызғылт рең жүгіре, шеке тамырлары білеу-білеу боп адырайған Сырымбет батыр,

– Иә, Алла тілегеніңді берсін,
Әкеңнің қайраты бойыңа енсін.
Бейуаз елге бет алды киліккен жаудың,
Екі көзіне қарға-құзғын қонсын!?
Әумин, Аллау- акбар, -

деумен бүкіл жасақ дүр ете тебіреніп, ықылас жасады.

Майданда әлсін-әлі айғайлап ажағайланған Дәуге күрең шұнақ атымен Биеке жай бастырып шыға берді. Құласетері¹ келе жатқан қазақ қимылына өзінен бетер ширығатындай. Кейде ауыздық сүзе ала жөнелмек болса, енді бірде екі алдыңғы аяғын көтере тік шапшиды. Шыдамсызданған жауын ширықтыра түскісі келгендей, Биеке сол баяғы қалпымен төбедей болған қарсыласына жақындай берді. Бұрыннан қалған дағды бойынша бірінші кезек менікі дегендей, мойын боғағы бас пен иықты шелектей боп тұтастыра, құйған бұттай дәу семіз алдымен найза сермеп үлгірді. Осылай қару жұмсарын мөлшерлеген Биеке ананы қаруымен қоса қайыра ұрғанда ат көтіне отырып барып қайта оңшалды. Қарсыласының осындай қолайлы сәтінде

¹ Сетері- Абыройлы адамдардың өзінен басқа минуте болмайтын төл аты деген мағынада.

шабуылға өтуге асықпай өнерін көре түсейін дегендей екінші шабуыл кезегін күтті. Ол енді найзасынан көңілі қалды ма жайына қалтырап, жалт-жұлт еткен семсерін суыра тағы тап берді. Оның қимылын баға оңтайланған Биеке әкесі Төлес өзі сертке атап суғарғандай, ақ семсер қырымен қыл мойнынан қия шаппақ болып, жау қаруын қағып өтті. Басы қазандай, кеудесі кішігірім қостай алыптың қолы салдырай жалғасты өнерге бара алмай дегбірі қаша майданды бір айнала шауып өтті. Сыртқы тұлғасы ат көтерместің асқына, алқына айбат шашқанымен қару өнері Биекеге белгілі боп қалды. Енді Биеке елінің қанымен теріне семірген мына мес қарынның өзімен ұзақ айқасқа бара алмасын, оның шабуылын екі реткі тойтарып өтуде аңғарып үлгірді. Кеудесі қырылдап, өкпесі шуылдап жүре беруін намыс көрді ме, қайта айналған айқас сәтін баға жанын қинамай семсерін бір сермеуде-ақ жаратылысы бөлек басын допша домалатты. Құласетер қалайда есті хайуан сияқты. Иесіне аяғын бір серпімеген бойдан жоңғар тобына жай желе сүйрете барып «мені мынадан құтқар» дегендей, қорс-қорс етіп тұра қалды. Шулай-шұрқырай келген топ ықылықтап-шықылықтап жатып Құласетер шаужайынан алып, бассыз батырын зорға шығарып алды.

Биеке бүгін әкесі Төлес пен Сырымбеттің айтқан ертедегі соғыс өнеріне басып, майданнан қайтпай екінші кезектегі шабуылшыны күтті.

Бірге туған ағасының бассыз кеудесін басып қалған оның інісі көзіне қан тола, тіпті Шонжыдан рұқсат та сұрамай майданға шауып шықты. Жынданғандай аласұра айғайлай, Биекеге тура атылды. Алдыңғыдан көрі Биеке тіпті жүрек тоқтатып алған. Жаралы аюша шаптыққан мынаның жай жоңғар батыры емес, алдыңғы құлаған дәудің екі көзінің бірі, егізінің сыңары

екенін күйіккен қимылынан бірден аңғарды. Биеке тіпті сақтана қарсы шабуылға оңтайланды. Мынау енді қылышын ысқырынта жалт-жұлт еткізіп, ағасының жанын алған қазақтың басын қия шауып түсірмекке ентелеп келеді. Бір сүйкеумен басын домалатпақ алмас қылыш, Биеке айбалтасының серпе қағуымен шыр етіп, арқан бойы ұшып кетті. Енді анау бұзаубас шоқпарын ала ұмтыла кеп айқасты. Өнерлері тең түсіп жағалас түске дейін созылды. Ұрысты түстен кейінге қалдырғысы келмеген Биеке қарсыласының атын тер басып, екпіні баяулаған орайды пайдалана, мол айласы бар қарсыласының шабуылын тойтарып өте, кілт айналып ананың мойын омыртқасын опыра ұрып өтті. Күрт еткен оқыс дыбыспен қарсыласы аттан ауып түсе берді.

Мына қазақ батырына жоңғар жағы қатты уыттанды. Түстен кейінгі майданға Шонжы сыры өзіне мәлім мықтысының бірін атап отырып шығарды. Мынау әдіс-айлада талайлар шен панайын көрмейтін алып тұлға еді. Майданға шыға түстен бұрын екі қандас бауырын арт-артынан алып жіберген қазақ батырын жайшылықта әбден көріп алып барып, бірақ өлтірейін дейтіндей. Ол бір қулықты майданға шығудан бұрын -ақ ойға бүккен екен. Аттың сол қапталына қалқалай ұстап келген садаққа қондырулы жебені толғай тартпақ тұсында жан-жақты дайындалған Биеке де «мәге», «жә» дегендей әкесі Төлес арнайы соқтырған қалқанды тосып үлгірді. Егер осындай тездік болмағанда, ана сұмның зәрге суғарған жебесі жүрек тұсынан түйреп қалары баяғыда еді. Енді екеуі аттарын орғыта келіп, қылыштарын суыра айқаса кетті. Алып қарсыласының қол қаруын Биеке бірінші айқаста-ақ байқады. Өзін шауып түсірмек айбынымен жалт еткен қылышын екінші қолмен қымти ұстаған айбалта шүйдесімен қаққанда, иығына

дейін дөңкіте салдыратып өтті. Бастарына күн туғанда бетке ұстар батырының бірі екенін Биеке осы айқаста байқап өтті. Алдыңғыларда оңай жау болған жоқ бірақ, мынандай серпін көрмеген. Қарсылас қалмақ дәуі де мына қазақтың оңай емесін алмас қылыштың дүр еткен ашты сілкінісінен алақанында қалып қойған әсерді бір талайға дейін есінен шығара алмады. Кезек берісіп те, ат үсті шауып кеп сермесіп те, бірін-бірі шай қайнатым айқаста қылыштан ала алмады. Енді қылыштарын қынапқа сүңгіте найза суырысты. Екі жағы да осы қарумен қарсыласымды адам деп дәмеленгендей, түскі асқа дабыл қағылғанша айқасып, бірін-бірі ала алмай кетісті. Мөңкінің үстіндегі киімі терден сығып алғандай боп, жоңғар жасағы қатарына барғанда, бір-екеуі атын алып, енді бірнешеуі кимін алмастырып, аузына сусын тосып жанталасты.

– Ей, Мөңкі не болдың? Сенің майдан жекпе-жегіңде қарсыласыңды ала алмай қайтуыңды көргенім осы екен. Ана қазақ сенің жарты мүшеңдей-ақ қой. Мен сені барумен домалатып, алдыңғылардың кегін алады деп аттандырып едім, - дегенде Мөңкі Шонжыға қарап:

– Ол қазақ емес, қаратас екен, әр рет қару сілтегенде қаратасты ұрғандай қолымды қайтарады, пой-пой! -деп ұнжырғасы түсе басын шайқады. Үнсіз танданыспен тұрып барып Шонжы:

– Мөңкіні айырым тамақтандырыңдар, бірнешеуің иық, білектерін уқала, анау түстен кейін тағы шығады. Дайындықты мықты көр, атың жарамаса ат алмастырып мін!-деп жылжып кетті. . .

Күрең шұнақпен Биекеде өз ортасына келіп түскенде, самай-самайынан тер құйылып, атының сауырына шор-шор көбік тұрып кеткен екен. Бірақ, жанары жайнап езуінен күлкі есе, - мынадай алып күшке бірінші кездесуім екен. Бағанадан бері адам

мен емес, ерекше жаралған алып мақұлықпен алысып жүргендей сезіндім. Бірақ, еңтігі үдеп, терден көзін аша алмай қимылы сылбырлана бастағанда, аштан өлердей анау тамаққа қайту дабылының қағыла қалғанын демеймісің! Енді аз айқасқанда терісін сыпырар едім бәлемнің. Батырының хал-жайын байқап, әдейге істеп отырмай ма, - деп Әлмерек пен Сырымбетке қарап езу тартты.

– Әріптесіңнің қыры мен сырын түйдің ғой түстен кейінде кеш емес, дереу басы-көзіңді жуып, тамағыңды ішіп демал, – деді Әлмерек.

– Алла, өзің жар бола гөр, Алла өзің қуат бере гөр?! - деп күбірлей тілек тілеп Төлес жүр.

– Өзің де енді қалай қару жұмсауды ойланып толған. Күшіне сеніп көбеңдеп кеткен дию көрінеді. Ендігі жолда анау бір өзі бір қойдың етін сылқия жеп шығады. Арсылдатып барып алып түс. Алла күш - қуат берсін қарағым, - деді қарт Сырымбет. Әлмеректің бұйыруымен жаңалап киім кигізіп, беті-қолын суық сумен жуғызып, үйлесімді ас ішіп, шөлін басып түстен кейінгі майданға дайындалды.

Бүгінгі түскі тынығу да әп-сәтте тез өтіп кеткендей. Жекпе-жек дабылы ұрылумен алдын ала келісіп ерттетіп қойған күрең шұнақтың інісі буырыл атын мініп, анадан бұрын майданға жетіп үлгірді. Сүт пісірім уақыт кешіге айғыр жалдас дәу торыны алмастырып мініп ол да шықты. Қарыны қалмақ ерден аса түсіп келеді. Сырымбет айтқандай мына тамақсау бір қойдың етін қомағайлана бірақ соққан сияқты. Майдан шебіне тақаған сайын тоғын баса алмай, ықылықтап дарылдата кекіріп келе жатқанын Биеке анық естіп тұрды. Тамақсау мес қарын кекіргенде жегенін аузына құса, қимай қайта жұта, өзімен-өзі боп келе жатқан орайын

ұтқыр пайдаланып, Биеке найзасын кезей атырылды. Мөңкі көпті көргендігін істеп, қалқанмен қағып аман кетті. Анау икемге кеп болғанша, қайта кілт бұрыла кеп найзамен жоталата бір салып өткенде, шойғара «Яп бұрқын¹» деп, ат жалын көме бір құсып, қақала-шашала шиқылдап ес жия алмай, аузы-мұрнынан нәжіс төгіліп, көзі жасқа толып, тағы лоқсымаққа ат жалын таяна берген тұста, мынау ішкен-жегенін түгел құсып сергіп алса, күн батқанша қол ұстар деген ойға келген Биеке, қарсыласын қарағұстан отырғыза ұрып өтті.

Төбедей алып жоңғар жояны жаялықтай жайылып, ат көтіне сыпырылып түсе берді. Астындағы жалдас торы айғыр зілдей боп, белін басқан пәледен тез құтылғысы келді ме тобына қарай ала жөнеліп, екі-үш теуіп жіберді. Торы айғыр алғашқыдай екпінді емес, бір қапталмен шөмеле сүйреткендей күшпен алып бара жатқанда, зөңгі бауы үзіліп жолда қалды. Шонжының бұйыруымен он неше жасақ жаяу кеп, дөңкиіп жатқан алыпты демала-демала сүйреп тобына алып кетті...

Биеке тағы да жекпе-жек деп айғай салмаса да, майданға шығатының болса «кел» дегендей, бурылмен арлы-берлі жеңіл бастыра, ендігі әріптесін күтті. Енді ешкім майданға шықпаған бойдан бірінші күннің жекпе-жегі жоңғардың әйгілі Мөңкісін алумен аяқтады.

Тұңғыш жалғасқан жекпе-жегі өзі үшін де, қазақ үшін де биік абыроймен аяқтады. Енді ертең екінші күннің жекпе-жегіне басқаның барары анық. Олжай:

– Кешегі кеңесте Биекеден кейін менің атым аталған еді, ертеңгі кезек менікі шығар, -деумен жап-жас Хангелді: – Олжай аға, ертең мен шығайын, маған кезек беріңіз деп қалды. Аз ойланыстан соң Әлмерек:

– Хангелді, сен тым жассың, он жетіге енді шықтың, сенен үш-төрт жас үлкен Олжай шықсын.

¹ Яп бұрқын - Иә, құдай деген мағынада.

Мен шынында Биекеден кейін оны атағаным есімде. Сен тағы бір ағаңның майданда суын көріп, жауға қалай қару жұмсау жайлы өзіңмен өзгенің өнерін салыстыра көзайым болып тұр. Олжайдан кейінгі кезек ешкімнің таласы жоқ, сенікі - деп бұйыра айтты.

Әлмерек інісі Олжайдан гөрі, Хангелдінің қайраты қару өнеріне аса сеніммен қарайтын. Солайда жастығынан алаңдап, басқалардың жекпе-жек айқасындағы өнерін әбден көріп тіпті де жүрек тоқтатсын деп бір ойласа, енді бір жағынан ылғи да басқаны майданға итермелеп, өз інімді аяп қалғандай болам ба деген, ойда осылай кесім айтқызды.

Екінші күннің де таңы атты, жекпе-жек уақтысы да тақап келеді. Екі жақ шеп тартып майданға кеп тұрған тұста Олжай жирен қасқа тұлпарын бастыра келіп, қос қарт батырдың алдына қарғып түсіп:

– Қасиетті әкелерім, мына балаңыз Олжай майданға бармақ, ақ бата, ақ жол өтінем екеуіңізден, -деп тізерлене қол жайды. Екі қарт біріне-бірі «сен жаса, сен», -деп сілтесе барып Төлес:

– Мен емес, Шоған абыз жол берген, алжансың ғой мен де өзіңе жол бердім, -деді. Қарт Сырымбет қанат қағар қырандай иығын қомдай барып, қол жайып:

– Әзірет әлінің жолын беріп,
Таубұзар бабаң қолын беріп,
Кезіккен жауың жайрап қалсын,
Жаратушы, Алла оңын беріп.
Әумин, Аллауакбар, -

деумен ду етіп, бүкіл жасақ қосыла бата жасады.

Орта бойлы балуан бітімді келген Олжай жирен қасқасын ойната бастырып, майданға шыға берді. Алыстан жоңғар жағына алдыңғы қазақ батырындай ірі

тұлғада емес жай біреу көріне берді. Осы орайда шығып ананы алып жіберіп міндетімді өтеп құтылайын деген ойға келген талай жоңғар пысығы «мен шығайын?», «мен-мен», «маған рұқсат беріңіз?», -деп асыға ентеледі. Өзеленген бір тобын қатарлай тұрғызған Шонжы: «Осы арадан кетпей тұрасың!», -деп бұйырды да, мелжемді көрінген біреуіне: «Ал, сен бар!», -деп жолға салды.

Олжайдың майданда тұрысы жоңғар батырларынша айғұлақтануда айбар көрсетуде болмай, өзіне келе жатқан қарсыласының қимыл-әрекетін баға оңтайланып былқ етпейді. Дәл күреске түсер палуанның белдесердегі қылығын елестетеді. Бірінші қарсыласы арқан бойы келгенше қозғалмай қадала қарап тұрған Олжай жирен қасқаға тақым қысумен шапши атырыла барып, айқаса кетті. Мына қазақтың қалғып кеткендей мөлиген бейнесінен осылай тез қол салар деп ойламаған әріптесі, сілтеп өткен шоқпарын да тосуға үлгірмей құлап қалды. Тіпті, жақындар жақындамай алдыңғы батырының қалай құлағанын байқамаған жақтастары: «Ей, немен ұрды?», «не қару істетті?», -деп бірінен бірі сұрай дүбірлесіп кетті. Енді Шонжы мына ескерусіз қараған қазақтан іш жиып қалды. Бірақ, өз батырын «өлімтік, малғұн!», - деп зікіне боқтаумен, екінші мықтысын майданға аттандырды. Мынау алдыңғыдай емес едәуір ысылған сайыскер екенін шу дегеннен-ақ аңғартып үлгірді. Олжайдың бір қойып домалатып жіберуіне келмей қарсыласты. Бірнеше кезек қару да алмасып үлгірді. Екеуі де найзаларын суырған тұста жоңғардың шойғара дәуі «мына бір жапырақты найзамның ұшына ілген бойдан қазақтардың алдына бірақ апарып тастап, алдыңғы бауырымның кегін қайтарайын» деген оймен атылды. Олжайдың көз ілеспес шапшандығы бұл тұста тағы есқатты. Жауының найзасын қалқанмен тайқыта

тосып, екінші қолдағы жасырын ұстаған қанжарды жүрек тұстан сағалата ұрып өтті. Шойғара төбедей болып, төңкеріле құлап, ат екпінімен ала алмай кеткен қаруын қайта айнала келіп, суырып алды. Осымен түске қайту дабылы қағылды.

Олжай түстен кейін тағы келді. «Мынау қаршығадай қадалған қазаққа лап қойып, көзін жойып аламан соғыс бастайық» деген мыңбасылар тілегіне Шонжы өзі көнбеді. «Он күн жекпе-жек соғыс салуды мен айтқан сөз деп, елшілер оларға жеткізген. Енді үш күн өтпей жатып, аламан соғыс бастасақ қорықты, жекпе-жекке шығатын батыры жоқ бұларда, белгілі екен деп қарайды ана қазақ. Жігіт болсаңдар, майданға шығып жауды алып түсіндер!», -деп тыйып тастады.

Түстен кейін Олжай неше түрлі ойын көрсете жүріп, соғыс салды. Бірде шауып келе жатқан аттың жалынан, кейде ердің қасынан ұстап, бірде жирен қасқаның оң жағына, бірде сол жағына ыршып түсіп, қару жұмсаса, кейде ерге мінбей, бір жақ аяғын ғана үзеңгіге сала ат қапталына жармаса шабады. Енді бірде аттың оңынан солына, солынан оңына аттың бауыры арқылы сып етіп, өте шыққанда көз ілеспейді. Осындай ат ойынына ол он екі-он үш жасынан бастап әдеттеніп, ауылдағы балаларға кейде тіпті үлкендерге ойын көрсетіп, таңдай қақтырып тамсандыратын. Балалар атүсті ойынын толық келтіре алмаса да ішінара түрлерін үйренгені де бар. Бірақ, мына өлім мен өмір тай-таласқа түскен жекпе-жегінде осы қимылды қолданарын ешкім де ойламаған. Қарсыласы өзіне қару жұмсағанда жалт беріп, аттың бауырымен ана қапталынан шыға кеп оның өзіне қару жұмсай састырған тұстары жоңғарды емес, қазақ жағының өзін таңғалдырды.

Олжайдың қимылын алыстан қадағалай байқап, енді сырын ұққандай болған жоңғардың аты шулы батыры

тістене тақым қысып, «мынау анаған басқанда, ойын олай емес, былай деп бәлемнің көкесін көрсетейін!», -деп келекесіне жаны күйген айбатпен Олжайдың жанына жете айналасынан айырылып, енді келеке емес, шын құлап қалды. Осындай ерек соғыс өнерін көрсете жүріп, бүгін мына мықты қарсыласын құлатқанда, соғыстан қайту кернейі сарнай жөнелді. Олжай жирен қасқамен бастыра келіп түскенде, әкесіндей еркелетіп өсірген Сырымбет, Төлес екеуі қатарынан алдынан шығып:

– Рақмет, Олжайым! Қазағыңды бүгін анау жоңғар алдында тіпті биіктетіп жібердің. Жасың ұзақ болсын!

– Міне, жігіт адамда осындай жігер, осындай өнер болғаны жөн, көсегең көгерсін! -дей келіп, кезек-кезек маңдайынан иіскеді. Әлмерек те ерек қуаныш тебіренісімен інісіне қарап жадырай күлді. Енді Хангелді бастартқан, Олжайдың жолдас-жоралары бүгінгі соғыс өнеріне асқан ризалық мадақтарын білдіріп жатты. . .

Міне, үшінші күннің жекпе-жегіде басталды. Бүгінгі кезекке он жетіге енді шыққан Сырымбеттің ерек туған ұлы Хангелдіге кезек келді. Он жеті жасында жекпе-жек майданына түсуде, майданға жіберуде оңай емес. Бірақ, Хангелдіге Әлмеректің ерекше сенетін жайы, Сырымбет нышаналы туған ұлын мына жаугершілік заманды ойлай кішкентай кезінен бастап-ақ, атүсті қарудың сан түріне жаттықтырған. Қарт тартқанда көрген ұлым еркелікпен босаң тартып қала ма деп, он төртінен бастап Әлмеректің тәрбиелеп жетілдіруіне табыс еткен. Тіпті жиырмадан өткенде киетін сауыт-сайман қаруын арнайы бұйырта отырып жасаттырған. Өз тәрбиесіне өткен соң қатал жаттығуды бастан кешіре тіпті жатыла, өсе түсті. Кішкентайынан өзі теңдес балалармен палуанға түсіп, әзірге жауырыны жерге тиіп көрген емес. Қол қаруы әкесі Сырымбет-

ке тартып туған, оңай-оспақ кісің шақ келмейді.

Әкесі әйгілі Сырымбет Есім хан тұсындағы жекпе-жектер де Төлес екеуі қатарынан үш күннен тұрып, күніне төрт-бестен жау түсірген жайы ел аузында аңыз болып айтылады. Сырымбет пен Төлес қазақтың қару ұстаған кейінгі өркеніне түгел ұстаз іспетті. Оларға ұрыс салудың ақыл-айласын сөйлегенімен «кәртейгеніңде батырлығыңды айтпа», - дей ме, мен пәлен жастағы кезімде жоңғардың мынандай батырымен жекпе-жекке шыққанда былай соғысқан едім деген бірауыз мақтан сөзге екеуі де барған емес.

Қос батырда ұлдары көпке таныла жаумен майдандасуға барғаннан кейін, қалай ұрыс салудың ақыл-айласын мұрагер ұрпағының құлағына құйғанмен, енді қару ұстаудан шеттеген еді. Екеуі де: «Иә, жаратқан Алла тәубе қылдым, ел қорғаған ұрпақтарымның жолын оңғара гөр?!», - деп бес уақ намазының соңғы дұғасында ұзақ тілеу тілеп кетер еді.

Бір рет оңашасында қарт Сырымбет ақ күмістей сақалын салалай отырып: «Иә, Әлмерек, жолыңды кусам, баламның ел қорғау жолындағы ерлігіне жаным сүйсінеді. Төлес те, мен де өзіңе ерек сендік. Сондықтан да ел жұмысын арқалатып отырмыз. Солай да өзіңе табыстар өз басымның тағы бір бұйымтайы бар. Мына інің Хангелдінің қасыңа ерт. Жауының жағасын жыртып, табанына басып тұрып, желкесінен бауыздайтын ер етіп жетілдір. Талай-талай жоңғар қолынан қаза тапқан ет-бауырларымның есесін алатын ержүрек етіп тәрбиеле енді менің онымен жарыса майданға шауып жүруім ерсі келердей. Хангелдім сенің өнегенді алса жаман бола қоймас.», - деп ақтарыла отырып, нышаналы туған ұлын Әлмерек қолбасыға табыс еткендей сөз тастады.

Хангелді жайлы мынандай хикаят ел жадында берік сақталып қалғаны жұртқа аян. Шешесі Хангелдіге ауыр аяқ болған тұста қасқырдың жүрегіне жерік боп, күйеуі Сырымбет батыр бірнеше жігіт ертіп, қасқыр соғуға шығады. Кезіккен арланды жанындағы жігіттерге сойыл сілтетпей, садақ тартқызбай өзі шалма ұрып ұстайды. Аузына кергі салған бойынша ауылға қақпалап қуып келгенде, мына жыртқыш мақұлықтың адам айласына бас игенін көргендер түгел таңғалады. Бәрі де жақындай алмай, жанталасқан арлан қашып құтылмақ боп ұмтылған тұсына тура кеп қалғандар, жығыласүріне қақ жарылып, артынан қыран күлкі боп жатты. Мұндайда балалар еш нәрседен қорқар емес, үймелеп артынан қалмай шуласып, қолына тигенін лақтырып, мез болысады. Бұлардың дуына ауылдың иттері қосыла арсылдап құлақ тұндырады. Адамзаттан сескене ме әлде ата жауына айбат көрсетіп қарсыласпай жұмсақ құтылғысы келе ме, бір пендеге шапши тап бермеді. Жақындай шәуілдеген иттерді «саған не жоқ, сенде мені басынбақпысың?! Сенің менен парқың мына екі аяқтыларға жағатсып, жан бағатын азғындығың ғана!» дегендей, аузындағы керігінде ұмыта бастыра қуып жетсе, жұқа шаптан жарып тастамақ боп айбар шегеді.

Сырымбет ауылдың көкжалды қызықтау әуесі басыла әйелінің көзінше арланды сойғызып, қанын сорғалатқан бойдан жүрегін қолына ұстатады. Жерік сілекейін жұтынған ана қолма-қол қуырып жеп, сел-селейім терлеп ұйқыдан сөткесінде оянған екен. Анасының жерік асына қасқырдың жүрегін жегізген ұрпағына әкесінің де назары ауып жүреді. Әйелінің толғағы үстінде Домалақ ананың жолын ұстанған дулат еліндегі әйгілі тәуіп кемпірге қос ат жіберіп алдырады. Ашты толғақ соңынан дүниеге келген нәрестенің қос қолымен қан

уыстап туғанын көрген тәуіп кемпір кіндік аналардың бәріне көрсетіп шыққан соң сыртта жүрген Сырымбетті шақырып:

– Е, батыр, өзіңе тартқан ұл дүниеге келді. Сүйінші бер? Саған айтар тағы да бір керемет іс бар, балаң қос қолымен қан уыстап туылды. Сенбесең міне, өзің көр. Атақ-даңқы өзіңнен асарында шүбә жоқ. Ұрпақтарынан да қарасу қақ жарылып, жол берер ел қорғаны батыр ұл шығар. Атын Хангелді қой. Бірақ кезінде Шыңғыс хан осылай туылып, ел басына қан кешкен ауыр күн туып еді. Алдымызда қандай күндер болар екен? Мына хикмет Алланың бізге сездірген нышанасы ма кім білсін? Иллайым, жоңғарға көрінгей?!», - деп қойған. Осы жолы тәуіп кемпірге ат мінгізіп, шапан жауып, бір түйеге артып мол дүние беріп, сүйінші жолын өтеген екен Сырымбет.

Кезінде ұстаз іспетті, әке жолы дерлік Сырымбет нышаналы туылған Хангелдіні өзіне табыс етіп отыр.

– Сіз, осынша сенім артсаңыз барымды саламын! - деп, серттей берік сөз айтқан Әлмерек.

Ертеңінен ел қамы көрінген балаң жігіттер: Ханкелді, Биеке, өз інісі Олжай, басқа да ауылдардан болып жиырма неше ер-азаматты қылыштасу, найзаласу, садақ тарту, басқа да толып жатқан соғыс өнеріне жаттықтырды. Талапты ауыр қоя отырып, не кешулер сынағынан өткеріп, қиындық қыспағын жарып шығуға жани түскен. Міне, солардың бәрі ел басына күн туғанда етігімен су кешкен, кеуделерін ажалға төсей жүріп елін, жерін қорғаған егей азаматтар болды. Бүгін бір-бір мыңдықтардың иесі болғанын Әлмерек кейде еске алып, «Аллаға мыңда бір шүкірлік келтірем! Еңбегім еш болмағандай», - дейтін.

Жоңғар жағынан жүздеп, екі жүздеп келіп, ауыл үстіне ойран сала мал құған, басынған барымта, қарымтаның жан салысқан айқасының бәрінде Хангелді

бар. Кең иықты тікше бітімі арықтау болғандықтан, ашаң көрінетін. Қалың қасты, сұлу жүзі, жау көрсе сұрланып кетер еді.

Әлмерек өнері мәлім өз замандасы Биеке, інісі Олжайдан кейін Хангелдінің атын бекер атап отырған жоқ. Биекенің бір күн бойы үш жоңғар батырымен айқасы, әсіресе Шонжының бетке басар атақты батыры Мөңкімен айқасы, Олжайдың атүсті шабуылдағы көз ілеспес шапшаңдығы мен қызық көрсете жүріп, жауын жайратуы Хангелдіге: «Па, шіркін мына тұстары-ай!», «олай емес, әттең былай!», «ойпырай, мына сұмда оңай жау емес екен», «мен анау былай сілтегенде, былай қағар едім», - дегізіп күбірлетіп тұрды.

Хангелдінің үш күнді сарыла күтіп, майданға шығуға асыққаны сонша, Биеке мен Олжай жекпе-жегіндегі екі күн, екі айдай сезіліп кетті. Жекпе-жекке Биеке мен Олжай шығарда ырым етіп, әкесі Сырымбеттен бата алса, мына Хангелді әйгілі Төлес батырдан бата сұрап келді. Бұл аналардың құрметіне қайтарған қарымжысы емес, талай-талай жорықта жолы болған, жекпе-жектің пірі атанған Төлестің шын ықыласына жүгіну еді. Әншейінде жаз шуақты қарт қаһарланса, қаңтарда жараған бурадай суық бір жанарға ауысар еді, өңі міне осылай кілт өзгереді. Елімен жеріне баса-көктеп кірген жоңғарға кәрленген ашуда, солардың көзін жоймақ ұрпаққа бітірер айбында қабаттасатындай сеспен бата жасады:

– Қан уыстай туған Хангелдім,
Бата сұрауды менен жөн көрдің.
Құдайдан не тілесей соны беріп,
Жауынды жайратып сен келгін.
Әумин, Аллауакбар, -

деумен бүкіл жасақ қосыла ықылас жасады.

– Айтқаның келсін, айналайын! Сенің жекпе-жектегі жолыңды берсін?! - деді Сырымбет.

Астында Ақтангер тұлпарын бөрі маңыспен жеңіл бастыра шыға келді Хангелді. Екінші кезектегі Олжай тұлғасына көздері үйір боп қалған жоңғар тобы қазақтан басқа бір батырдың шыққанын жазбай таныды. “Егер бүгін тағы да сол шығар болса, аламан соғыс қозғайық” деушілер көбейген. Бірақ, Шонжы сазарып үндемеген. Қарсы жақ ойын түсінгендей, қазақтар да жекпе-жектің адамын жаңалады. Бүгін жоңғардың ең таңдаулысының бірі қара жорғамен Хангелдіге қарай сызып келеді. Өзінен он жас шамалы үлкен отызға ілінбеген ойрат батыры кең иықты, жолбарыс кеуде, «келсең-келдің» мығым жігіті көрінеді. Ебелектеген емес, қимыл-әрекеті орнықты, талай айқаста іс көргендігі мен мұндалайды. Ол да аса бір келбетті жаратылған сұлу қазақ жігітіне жұтына көз тоқтатып өтті. Екеуі де кейбіреулерше шенеп-мінейтін астам сөзге бармай, біріне-бірі іштей тон пішісе тұрып барып, қылыштарын суыра айқаса кетті. Соғыста сүркейлі-ақ, бұрын бірін-бірі көрмеген, жеке бастық сен қалайға бармаған екі пенде жан алып, жан берер қиян-кескіге өте берді. «Оны сен өлтірмесең, ол сені өлтірмек. Өлмеу үшін өлтіру керек. Сенің бүгінгі жеңісің, еліңнің ертеңгі бақыты болмақ. Мына келген жау еліңді жаулап, жеріңді тартып алмақ. Ұлынды құл, қызынды күң етпек. Ал, сен, елімнің жағасынан алдырмаймын, жеріме бір аттам бастырмаймын! Саған құл да, күң де болмаймын!», - деп оған қарсы кеп отырсың, сондықтан аямасқа бармай амал жоқ...

Анау Хангелдінің сұлу келбетін қан жудырып, шаң қаптыра домалатпақ боп, неше кезек шабуылдап өтті. Жүрек тұсынан қадап өтпек қаруы алақанын шым еткізе тойтарылып қап жатты. Ол да мына жас қазақтың өзіне оңай жау болып кезікпегенін аңғарды. Бағанадан

өзіне кезек бере қорғанумен жүрген жас жігіт ендігі кезек менікі дегендей дүрсе қоя беріп, шабуылға өтті. Артынан ысқырына келген Хангелді қылышы да тойтаруға кезікті. Енді оның ойына жаңа бір айла қылт ете, қарсыласының тойтар арман тұсынан сынық сүйем жоғары қалқыта өте шапшаңдықпен сүйкеп өтті. Қылышты қымти ұстаған айлалы қолы, сенен айырылсам да қаруымнан айырылмаймын дегендей, қылыштан айырылмаған бойдан жерге түсе берді. Қақпанға алдыңғы аяғын жұлдырған аюдай шыңғыра ат жалын күшты. Енді қарсыласының жанын қинағысы келмеген Хангелдінің алмас қылышы оның желке тұсынан жарқ етті. Жоңғар батырының басы, қылышқа жармасулы бойдан қалған қолды иіскермен аралыққа түскеніне Хангелді де таңырқай қарады.

Майданға енді біреуі қандасының кегін алмаққа ат ойната шыға келді. Екпіндете ұмтылысынан ашулы екені менмұндалайды. Бұлалдыңғының кетуін қылыштасудан көріп қалғандай ма найзасын кезей ұшып келеді. Өзіне келе найза ұрмақ дәмеліні көлденеңдей тосып тұрған Хангелді көзей ұстаған найзасымен қабаттай қайыра ұрғанда, ат сауырынан аударылған бойдан құлап қалды. Аты ойнап шыға берді. Біріншіден, пысықсына шығып, едірендегендегі бар қауқары әлгіндей. Оның үстіне жаяу қалған қарсыласта енді не қайрат болмақ, бұған уақытымды қор қылмайын деген ойға келген Хангелді, ол орнынан тұрып болғанша құлақ түптен найзамен қаға ұрған бойда сеспей қатырды. Дене бітімі әлі толыса қоймаған жас Хангелдіні алыстан көріп, қорашсынды ма, артынан мықтысынған төртеуі келді. Ең ұзақ айқаса алғаны тек бірінші кезектегісі ғана бір шай қайнатым уақыт алды. Қалғаны қамшымен бір-бір салғандай ғана құлап қала берді. Үшінші құлаған тұста түскі асқа қайту дабылы ұрылды.

Хангелді асын ішіп, түстен кейінгі майданға шығуға дайындалып жатқан тұсында Әлмерек жанына келіп: «Хангелді, сен сақ бол, жаудың шыдамы кете бастады. Олар аламан соғысты бастағандай болса, әлгі жаңа шабуылды қолданамыз. Сен, тобымызға тез оралуың керек», - деді. Бұл Әлмерек ойлап тапқан әрі жасақ жаттығуында көп қолдаған соғыс әдісі еді. Мынандай жаңа соғыс әдісін бұрыннан қатты ұнатып келген жас қолбасылар ғана емес, Сырымбет пен Төлесте ерекше қолдап кетті. «Әзір жүзбасыдан жоғары бәрін шақырып, ертең жаумен айқас аламанға өте қалса, осы “жебе тарту” соғысын бастау керек» деп келісті.

Түскі астан кейінгі майданға шығудың дабылы ұрылып, екі жақта әдет бойынша майданға бет түзеді. Хангелді әдетінше жай аяңдап, жекпе-жек кезегін күте майданға Ақтангерімен оңтайлана барып тұрды. Шынында бүгін жоңғар жағының қылығы ерекше, елеурей, қамшыларын шошаңдата, даңғазаланған бейне мен мұндалайды. Әлмеректің мөлшерлегеніндей жаңа бір қырға басуға асығулы сияқты. «Бүгін мына қазақты алса, тек осы алады», - деп Шонжы өзінен кейінгі түмен басы, жекпе-жекте талайды алған Доржыны дайындаған. Хангелдіге қарай ат ойната шауып, мас екені, әлде сау екені белгісіз, не бірден жуықтап, айқасқа келмей, олай бір, былай бір ат ойната өтіп, дәл сол қылығынан қазақ батыры құлап қалатындай қыр көрсетті. Қазақша жүрдім-бардым сөз білетін Доржы енді Хангелдіге жуықтай келіп:

– Сол сені аты кім? Сені, сол дәреже бізлеріңге келу шыдай ма?! - деп шіренді.

– Хангелді деген – әкең, мен. Сенің мансабыңмен мен артымды сүртемін! - деді. Екі ауыз сөзге шамы келген май желке шойғараның түгі тік тұрып, қазақ басын бір шауып домалатып, өзіне тұстас қазақ

қолбасын шақырмақ оймен қылышын қынаптан суыра тап берді. Мұндай елірмелік бұлардың дағдысы деп білетін, Хангелді қылыштың сыртымен тойтара серпе қағып, айқаса шауып өтіп барып, Ақтангерін кілт бұра, атының басымен алыса ұзаққырап кеткен қарсыласының екінші кезекті шабуылына тағы кезек бере күтті. Мынау оң мен солға бірдей қару жұмсайтын пәле екен, енді жаңылдырып қылышты сол қолға ала қойған екен. Хангелді де жасынан осылай жетілген еді. Қылышты сол қолға ауыстыра тойтарғанда, анау қаруынан айырылуға тәс қалды. Енді ол да атын тез бұрып, қайта айқасты. Ысқырына сермелген қылыш жарқ-жұрқ етіп, сумаңдай ажал іздейді. Етті-женділеу келген ашулы Доржының олақ бір қимылы тұсында, Хангелді батыр оң қол шынтақтың талмау тұсынан қылыштың қырымен қағып үлгірді. Сол-ақ екен тағы да сермеуге оңтайланған қылыш шыр етіп, ұшып түсті. Оқыс жеңілісінен шошынған Доржы Қарақасқа тұлпарына тақым баса сытыла қашып, енді найзасына қол салды. Әлгінде ғана қорашсынып көзге ілмеген, мұрты әлі тебендей қоймаған жас қазақтан қатты сескенді. Бірінші рет басын қияшаппақ болған қылышын тойтарып үлгірісінде-ақ, тасқа тиген базғандай қолын дөңкіткенде, оның қол қайратынан жүрегі шым еткен. Өзінен басқа біреу болса, қылышы қолдан сонда-ақ ұшып түсерін ойға алған. Жауының екінші қаруына Хангелді батыр да сайланып үлгірген. Енді екеуі арыстандай атыла кеп кезек-кезек найзаласып, кейде шақ-шұқ қағысып, бірін-бірі іліп тастамақ боп шүйіліп кеп, күшті қорғаныстан найзалары тайқып кете барды. Ет пісірімге жалғасқан айқаста, біріне-бірі ажал сыйлаған қағысуда, әлсіз буынын барлаған аңдысуда болып өтті.

Жараған аттай ытырылған Хангелді, қара күреңдене

тығылған Доржының аузын арандай ашып, арсылдай ентіккен тұсында, шабуыл ретін жиілете түсті. Енді Доржы бір әдіске басып демалып алу, ойында қаша соғысып сырғақтап жүрген кезінде сауыттың кіндік тұсы түймелігінің ағытылып кеткенін байқаған Хангелді, дәл сол тұстан найзаны ұра кеңірдектетіп жібергенде, «Яп бұрқын, ягыла» дегенге тілі зорға келіп, бар қарсылығы қолындағы қаруын тастай беріп, кіндіктен қадалған найзаны қос қолдай кері тартып, суырып тастамақ болып жанталасты. Қатер боп төнген жас қазақ найзасынан құтыла алса, өлсе де тобына жете құламақ. Сабы төрт кездік найзаның басымдылық жағы қолында тұрған Хангелді күшін бойға жия: «Иә, Алла, өзің медет бере гөр?!» деп, көсіп жібергенде, найзаның ұшы белдемеден тесіп шыға берді. үзеңгіге шірене отырып барып, Доржыны тік көтерген бойдан жоңғар тобының алдына жақындай шауып барып, топ алдына лоқ еткізіп, лақша тастап қайта берді.

Хангелді енді келетін әріптесін күтіп тұрғанда тағы бір түмен басыдан айырылып, күйіге ышқынған жоңғар тобы лап қойды. Бүгін қазақ қолы қотарыла шаппай, жүз сарбаз бір қатар боп, шоқытып келді де, кілт тоқтап, ең алдыңғы одағайлана шапқан «ержүректердің» кейбіреуі жүрек тұсынан, кіндікшеден, шұрқылтайдан, қақ маңдайдан, енді біреулер кеуде тұсынан болат жебені шірене дәлдей тартып, қарауылы жебе қапқан кездегі қапылыс қимылды көз қиығымен шола «үһ!» деп, кеп тыныстай ат басын кілт кейін бұрып, ытқи жөнеліседі. Барлық жүздіктер осы қимылға әбден машықты сақты. Қатарлана келіп, бір-бір жебе тартып, ортасынан үзілген шынжырдай өзінен кейінгі жүздіктерге жол бере жарты шеңбер жасай құйындата артқы қатарға шауып өтіп, рет-ретімен сап түзеп жатты. Қазақта қатаң тәртіпке көндігетіндей, бірде-бір жасақ бассыздық істеп, екінші

жебе суырмай, өз жүздігінен бөлінбей орын тауып тұрып жатты...

Көз ілеспес тездікте екінші, үшінші, . . . оныншы жүздіктер жебе тартып үлгіргенде Шонжы өзінің орынбасары Доржының, басқада қандасының кегін алмақ ашумен, Әлмеректің жаңа соғыс өнерін аңғарып үлгірмеді. Құлаған ат, жебе түйреп домалаған адамнан кейінгілер қарғып өтіп, андағайлап алдыға ұмсына берді. Осы күні күн батқанша Шонжының мыңнан артық адамы құлап қалды. Жонғар қолы өздеріне жақындаған сайын жебе тартуға ыңғайсыз болмау үшін Әлмерек қолы бұйрық бойынша ретін бұзбай шегініп отырды. Қазақ жасағының мына сұмдығын кеш аңғарған Шонжы соғыстан қайту дабылын қағып, жағаға салындысын қалдырған сел суындай қайта лықсыды.

Екі жақ тең майданнан шегініп кеткен тұста шығыстан қалың шаңдақ көрінді. Ел орынға отыра жоңғар жағына тағы үш мың қол келіп, қосылғаны мәлім болды.

Бұл үш мың Шонжының он күн жекпе-жек арқылы Қарқара қазағының ау-жайын байқап, одан соң аламан соғыс салу межесі бойынша Ғалданға астыртын жіберген кісінің мәліметі бойынша жетіп келуі еді. Көмекшінің өзі ойлаған межелі уақытта жетіп келуі қолбасы Шонжыны қатты лепірулі күйге түсіріп, қуанышында шек жоқ дерлік еді. Ол барлық мыңбасыларын шақыра отырып, мол дастарқан жая, үш мың жасақтың табан астында жетіп келу қуанышы, ертең қазақ жасағының көзін бірақ жояр жеңістің шашуы ретінде Ғалданың арнайы сыйға жіберген әркісін тостағандарды толтыра-толтыра құйғызып, өзі сөз алды.

– Ғалдан ханымыз асқан көреген кісі. Айтуым бойынша үш мың жасақты ең қолайлы кезге үлгіртіп

жібертіп отыр. Ертең мен майданға өзім шығып ,бұлардың бас қолбасысы Әлмеректі жекпе-жекке шақырамын. Ол кеше ғана атқа қонып, Қарқара маңындағы қазақтың қолбасысы болғаны белгілі.

Батұр қоңтайша тұсындағы қазақтың атақты батырларының өлгені өліп, қалғаны майданға шығар қауқар жоқ қартайды. Сенга хан тұсында өзіміз бен өзіміз кетіп соғыс сиреп, бұл арадағы қазақ бейғам қалыпқа ауысып, жаға соғар толқын қазақ арасынан көрінбей қалғаны талай-талай тап бермеде мәлім болған еді. Қазақтың осы жолғы белдесуі көптен көрілмеген жай екенін бұл араға келмей-ақ аңғарған едім. Үш батырының алымдылығынан қарағанда жуықтан бері осал дайындалмағанын байқатады. Осының бәрін ыңғайына келтірген мыңда бір дерлік көнекөзден сырт, Әлмерек қолбасысы аса айлалы сияқтанады. Мен оны жекпе-жекте аларыма сенімім кәміл. Мен шығып, өзін шақырарым үш ұйықтаса түсіне де кірмес. Оның көзін жойып жіберсем, бассыз қалған қазақты қалың қолымыз өрт кеткен тоғайдай тоз алаңын шығарары қақ. Мен оны құлатумен аламан соғысқа лап қойыңдар. Қазаққа он күн жекпе-жек ұрысын апарамыз дегем, ол уәдені күтудің қажеті қалмады. Әзіргі жеті мың жасақ қазақ қолын орап аларлық. Қалайда күшіміз еркін жетеді. Қазақ жасағының кешегідей жебе тартуына келтірмей тап беріндер! -деп тоқтады. Жоңғар мыңбасылары бір ауыздан қолдап, бас қолбасы жобасына бөтен-басқа сөз қыстырмады. Арақ желігімен бірін-бірі қолпаштап, дулыған топ шөл қарықтарын басып, түннің жарымын аудара барып ұйқыға кетті. . .

Бүгін түн қазақ қолбасылары мықты шолғыншылар қойып, қатты сақ болды. Тіпті көп қолмен қазақты түн ұйқыда түншықтырмақ шабуыл бастап кете ме деген күдікте араласты. Олардың тіліне жүйрік епті

жігіттерден жіберілген шолғыншылар жаудың ішкі бөлегіне дейін сұғына кіріп, жоңғар қолбасыларының қазаққа шабуыл емес, мәре-сәре әркісін ішіп бұлықсып жатқанын жеткізіп келгеннен кейін жасақтың бейғам демалуына бұйрық берілді.

Кеште Әлмерек барлық мыңбасы, жүзбасыны түгел шақырып, ертеңгі ұрысты қалай жүргізу жайлы ақыл қорытты. Кенестің соңғы тиянағы, жау ертең мол күшпен аламан соғысқа өтуі баяғыда. Өзіміздей бір жарым келетін жау жасағын кешегі әдіске салып жебемен тосуға келмейді. Ылғи бір сарынды соғыс өнеріне бассан, жау сенен де айласын асырады. Сондықтан тауға тарта «тиіп-қаша» соғысудың орайы енді келді деп, бәрінің ойы бір арнаға құйғандай ыңғай танытқан тұста Әлмерек:

– Бәрің өз ойларыңды түгел ақтардыңдар. Қалайда мыңбасы, жүзбасыларым қалай соғыс салу әдісін игеріп қалғандай. Менің де ойым сендерден аулақ кетпейді, -деп бір тоқтап, Әлмерек ертеңгі соғыс жобасын тоқ етті. Бар қолбасы қуана құп көрді. . .

Бүгін жоңғар жағы күндегісінен бір шай қайнатым жай қозғалды. Көңілі жай тауып, түн жарымын аудары барып жастыққа бас қойған Шонжының өзі де күн арқан бойы көтеріліп кеткенде барып, керіле-созыла орнынан тұрып, түндегінің қайтармасын жұтып, арнаулы дайындалған ет-сорпаға тойынып, тоқ жарау бапталған Қаражал сары сетерін алдырды. Өз көзімен көріп отырып, абзалдары берік, қару-жарақ қондырғысы мол, ұрыс майданына арнайы жасатқан ер - тоқымын ерттетіп, сауыт-дулығын киіп, бар қаруын іліп болған соң: «Соғысқа шығу дабылын ұрындар!», -деп бұйырды. Осылай майданға шығуға дайындалып жатқанда:

- Сіз, майданға түспеңіз, біз шығайық.
- Сіз, шықпасаңыз да жоспарыңыз бойынша аламан

соғыс басталады. Сіз, бас қолбасшылық орында тұрып-ақ бұйрық берсеңіз болды, -деп талай мыңбасы, мықты батырлары тілек білдіріп еді Шонжы оларға.

– Айтқаным айтқан, мына қазақтың Әлмерегі темірден жаратылған болса да, армансыз бір айқасып, онға жуық әйгілі батырларымның кегін алып, қолымның қышуын қандырған соң жалғасты соғысқа қолбасшылық етсем де кешікпеймін. Сендер осы мені қазақтың бас қолбасшысына төтей алмайды деп қорқып тұрғаннан қалайсыңдар?! Егер олай болмаса, жолымды бөгемей артқы жұмысқа дайындалыңдар! Сендер менің тағы да бұйрық беруімді тосып тұрмай, қазақ қолбасшысы аттан құлай лап қойыңдар! -деп бұйырды да, қарсы жақтан бұрын майданға шауып шығып:

– Жекпе-жек, жекпе-жек! Әлмерек жігіт болсаң, өзің шық! -деп айғай салды. Өзіне сенімі болмаса тектен-тек еліре ме, олардың мықтысынғаны осылай айғұлақтанатын. Жоңғар жағының кейбір зеректері: «Қазақ бүгін қалай бір-ақ уыс болып қалған», - десе тәкаппарлана елірген енді біреулер: «Біздің өздерінен бір есе мол күшімізден қорқып, бір тарының қауызына сыярдай болып бүрісіп кеткен ғой», - деп елеуреді.

Әлмеректің алдына, Биеке, Олжай, Хангелділер артартынан жекпе-жекке шығуға рұқсат сұрай келді. Әлмерек күліп:

– Ананың сөзін естідіңдер ме? Мені шақырып тұр ғой. Оның ойы қазақ қолбасшысын қан майданда жекпе-жекте өлтіріп, бас иесіз қалғанын аламан соғыс сап басып қалмақ, елірме өркөкіректік дәме құтырынтып тұр ғой. Өзім шығайын, - деп кеудесі есіктей Ақбоз тұлпарын ойнақтата бастырып, Әлмерек шыға берді. Бұл ұлы сәске мезгілі. Шонжының Қаражал сарысетері менде сенен кем емеспін дегендей жер тарпып, тізгінді қымти тартумен қораздана тік шапшып, айбат көрсетті.

Талайды бір шалымға келтірмей алып үйренген Шонжы, «жекпе-жекке Әлмерекпен бір шықсам» деп аңсап жүрген-ді. Айқасар жауы тақап кеп қалғанда жүрегі дір етті. Әлмеректің екі иығында екі арыстан атыла кеп басып қалардай бір қорқыныш суқанын ұшырып, өкпесі қысылғандай аһылап кең тыныстай берді. Жүз аттамдай жерге кеп тоқтасқан екі қолбасы жай жекпе-жекке шыққандардай, шақ-шұқ айқаса кетпей, екі жақтағы жасақтарды да таңдандыра, сабырлы қалыппен бірін-бірі сынағандай, бір сәт тұрып қалды. Іркес-тіркес сегіз мың қолмен кеп, елі мен жеріне ойран сап, қазақ біткенді бірақ жоймақ боп араны ашылған мына қолбасы тұлғасына, майданға қыстыға кекті шыққан Әлмерек шүйіле көз тоқтатып өтті. Бала кезінде арабшадан сабақ берген Қожаның қазақшалап жатқа айтып беретін «Дәриға мен Әзірет әлінің күресі» деген қиссасында, өзін жыққанға тимек болған қызды іздеп келушілер жайлы мынадай жолдар бар еді:

«Күреспек өзіменен талай келді,
Аяғы піл үстінде сүйретілген», -

кезінде нанымсыздау сияқтанғанымен қисынында шындық бар екен-ау. Адамзатта мынадай зор туылатындар болады екен ғой. Екі иығына екі кісі мінгідей дәудің үзеңгісі серейген сары тұлпардың тізесімен жағаласады. Екі тұлпар тұқымының тұрқы қарайлас дегенде, ат үстіндегі ананың бітімі өзінен жарты кез биіктеу сияқты. Бірақ, дулыға мен тұмшаланған қазандай басқа біткен қос бақа көз өшкіндеген қоламтадай жалынсыз көрінді. «Мынаған күш емес, шапшаңдық пен еп керек» деп, ой түйді Әлмерек.

Енді арбасудан көз мейірлері қанғандай, ап

дегенде айбалталарын ала, тұлпарларын өр қояндай орғыта келіп айқаса кетті. Айбалтаның кезек беріп қағысуында, екеуінің қол қарымынан найзағайдың жарқылындай ұшқындар ойнап, кейбір қорқақтарды тіке қараудан жасқандырды. Осылай бірнеше салыста Шонжының қолындағы айбалта мойнынан үзіліп домалай берді. Әлмерек орай келді деп, Шонжының карусыз қалған тұсында, қылша мойынға айбалтасын сілтеп қалса, қарсыласын мүрдем кетіреті баяғыда. «Қаруынды сайла!» деп, Ақбозын сұлу бастыра жарты шеңбер айнала кеп, тоқтай бермек болуына, Әлмеректен ерек сескенген Шонжы батырлықтан түлкі қулыққа ауысып, қорамсаққа қол салып болат жебе адырнасын шірене керіп қалған екен. «Жауды аясаң, жаралы боласың» деген сөз ойына сап еткен Әлмерек, шұрқылтайды көзеп жіберген жебені сауытына сайлап жасаған берік қалқанмен тайдырып үлгірді. Енді Шонжы өз қаруына өкпелегендей садағын лақтыра тастап, талайдың жүрек қанын жұтып шөліркеген қан ішер қаратамақ найзасын ала берді. Жауының ендігі ұстанар қаруын межелеп үлгірген Әлмерек те Төлестің өзіне бұйырта жасатқан ақтамағын қолға алды. Бұл рет Шонжы найзаласуға өтердегі дағдылы сес көрсету паңдығына басып, атын аспандата бір шапшытып алып, заулап келеді. Әлмерек те тақым қысты. Кірпік қағуға келмес жылдамдықпен бір-бір қағысып өте шықты. Мына қалмақтың коқырандауы Әлмеректің ашу кегін қайнатты. «Иә, Алла, Әлмерек қып жаратқаның шын болса, бір өзіңнен медет тілеймін?! Таубұзар бабамның аруағы жар бола гөр?», - деп күбірледі ішінен.

Әлмеректің әрбір айқасында бірде отырып, бірде тұрып, көпті сүйіндірген кейбір тұстарда «Әлмерек, Әлмерек!», - деп ұрандап жібергенін мыңдығындағы талайдың өзіне ілесіп, «Әлмеректеп» тұрғанын қызынған Хангелді өзі де сезбей лепіріп тұрды. Екі

қолбасының елден ерек айқасында Әлмеректен тәлім алған жас батырлар соғыс жекпе-жегі емес, өнер жекпе-жегі көріп тұрғандай. Айбалтада «шіркін мына сермесу» деп тамсанса, найзаласуда шабуылдаумен қорғанудағы қарулары жалт-жұлт етіп, қағысып өткен көз ілеспес тұстарда, жастар тебіреніп тұра алмады. Әлмеректің өздеріне көп қайталайтын найза өнерінің мына қырпұлы қимылында жауды жоюдың ең керемет сыры жасырынған екен ғой деген танданыс таңдай қақтырды.

Хангелді жан-жағын барлап өткенде, Биеке бастаған әрбір мыңдық қолбасылары мен бас батырларда өз мыңдықтарының алдында «Әлмеректеп» ұрандап кейде үзеңгіні тебе ат үстінде тік көтеріліп, кейде қамшысын екі бүктей алдыға сермеп, «ал, басын!» деп айғайласа, Шонжы қолындағы айбалтаның мойны шыр етіп үзілгенде: «Таубұзарға тартып туған Әлмерек жарайсың!», - деп айғайласып тұр екен. Хангелді: «Аллаға шүкір, батырларым мен бауырларымның десі биік екен, мына жекпе-жек, бүгінгі шайқас қазақтың, Әлмеректің жеңісіне шешіліп қалар, әумин, Алла тілегенімді бергейсің», - деп күбірледі. . .

– «Әлмерек, Әлмерек!» деп, өз атыңды ұрандап ұмтыл, деген бір сыбыр естілді Әлмеректің құлағының түбінен. Алғаш «мынау не? Есім жайында ма?» деп, сілкінген жылқыдай тітіркеніп кетті. Әлгінде ғана дүңгірлеп біткендей болған құлағы да ашылып кетті. Көбінде түсінде естілетін Таубұзар бабасының нақ өз дауысы. «Япыр-ау қасиетті бабамның дауысы күпкүндіз қалай естілді?» деп, қас қағым аңырыстан соң қайта тебірене: «Иә, Алла, өзің қолдап, әділетті айқасыма жақ болып, бір кереметіңмен Таубұзар бабамды құлағыма сыбырлатып тұрған боларсың», - деген берік байламға келіп, өн бойын күш-қуат кернеп

кетті. Осы бір шағын елес оралып өткенше жарты шақырымға ат екпінімен ұзап кеткен екеу жұлдыздай ағып кеп, қайта ұмтылысты.

– Әлмерек, Әлмерек! - деп ұрандаған ғажап үн Шонжының, тіпті бар ойраттың құлағын тұндырғандай бір жай болып өтті. Жұлдыздай аққан екі қолбасының бұл кезек соқтығысы күн шатыр етіп барып, найзағай ойнағандай жарқ-жүркі етіп, Шонжының найзасы ауаны тіле арқан бойы ұшып кетті. Шонжы атының басын бұрып, басқа қаруға келіп үлгіргенше, мойны жібектей жұмсақ Ақбозын кілт бұрып алған Әлмерек ойынды енді ұзартса иірілген елді зарықтырарын, әрі құдайдың күдіретімен бабасының берген аянын атқармай қалудан абдырап, айқасты тез доғаруға бекінді. Шонжы атының басын шірене тартып лоқыған тұста, сауыт жағасының дулығыға ұштасар тұсынан, қарағұс тостағанын жиектете қағып өтті. . .

Әлгінде ғана Әлмерекпен қоса өз қолымен салыстырғанда біруыс болып көрінген қазақты бірақ таптап өтуді ойлап тұрған Шонжының уытты миы, сарсетердің қап-қара жалын басқа денесімен ұқсас сары жалқық түске бояп, өзі төбедей болып төңкеріліп қала береді.

Әлмеректің өз атын өзі ұрандай шауып, жау мен айқасқан тұсында, қазақ жасағының ішінде кейбіреулер «өз атын өзі ұрандағаны несі?», дескен-ді. Шонжы аттан төңкеріліп түскенде, бәрі-бәрі тіпті әлгінде таңырқасқаның өздері де «Әлмеректеп» тұрғанын сезбей қалды...

Жоңғар қолы мынау кең өлкені дүлей тасқынмен таптап өтер құж-құж қара бұлттай, айналаға аласұрған құйын ойната бірақ атқа қонды. Бейне тау тасқыны құлап келе жатқандай, жеті мың жасақ бір-ақ көтерілгенде, қазақтың майданға келген шағын қолы

бір-ақ уыс үрпе-шүрпе боп көрінді. Мына дүр етпеді жоңғар жағы Шонжы өлмей өздеріне бұйрық беретін араларында кетіп бара жатқандай бір сезім биледі. Оның жекпе-жек майданына аттанар алдындағы айтқаны бойынша аламан соғысқа өтіп, қазақ қолын ат тұяғымен таптап өтпек. Ол жете алмаған мұратына жетпек. Жоңғарлықтарға әулиедей сезілетін Шонжы сөзі көкейлерінде ту болып тігіліп, жеңіске жетер серпін боп сермеліп «енді бізге кім қолбасшылық етпек?» дегендей талай-талай ұрыс көрген кексе қолбасшыларда ойына келтірмей, бірінен-бірі өте андағайлай шауып бір-ақ лап қойды. Шонжы майдан жекпе-жегіне шығар шағында, «жеңем!», «өлтірем!» дегеннен басқа жүрегін бүлік еткізер бөтен сезім болмаған соң «мен алай былай болып кетсем, жасақты мынау басқарады», - деген сүркейлі сұрау ойына кіріп те шықпаған еді. . .

Жоңғар аламан соғыс салмақ боп, андағайлап атқа қонғанда, Хангелді мыңдығы алдында келіскен сөз бойынша Арқарлы аңғары қайдалап суырылып шыға берді де, Бәйсейіт пен Олжай екі мыңдық пен «жебе тарту соғысын» сала бұлар да Хангелді соңынан жау аяғы жете қоймас тездікте ілгерілеп келеді. Жоңғар жағы: «Қазақ қолы аламан соғысқа батылдық ете алмай тау паналап қашып құтылмақ» деген межеге келіп, аптығы асып еліре түсті. Соңғы екі мыңдық жоңғар алдында екі жүз аттамдай-ақ жерде кетіп барады. Бір қарасаң тау аңғарына қашып бара жатқандай, енді бір қылығына қарасаң, саулаған қалың жебені бұршақша төгіп, соңынан түскен қалың қолмен ұрыс салып барады. Жүз мерген жауының алдыңғы легіне қатарынан тұрағап, бір-бір жебені көзей тартқанда, өрттей лаулап келе жатқан жаудың алдыңғы қатары, құйын күйреткен терекше жапырыла құлап, артқылардың бір тобы олардың үстіне омақаса жығылса, аты шапшаң ептілері

қарғытып өте «енді бәлем сені!» дегенше, алдыңғы жебе тартқандар ортасынан қақ бөліне тауға беттеген өз жасағының екі жағымен жандай шауып өтіп, алдыңғы лекке қатарын бұзбаған бойдан қосылып, тау ішіне іркіліссіз үдіре тартуда. Қазақ соңынан ентелей тақап қалғандарға, енді екінші жүздік тағы бір-бір жебесін қадай, алдыңғы жүздік қимылын қайталап алдыға өтті. Жоңғар жағынан тағы да жапырыла құлау. Осылай үшінші, төртінші,.. сай ішіне сұғынып кеткенше толассыз жебе тарту жалғасты.

Өздері ат тұяғымен баса-көктеп бара жатқан ең жақын адамдары екенін ұмыта бейне аң қызығына түскен саятшы сияқты енді аз шыдай түссе, аңсаған арманына жете, мол олжаға батардай ентелей түседі. Дәмелі сорлыны күні бұрын қазақ жебесі істікке шаншып ұйтатын қойдай теңките оның арман-үмітін өлігінің үстінен қарғыта өткен соңғы арқалайтындай. Анау жете алмағанға мен жетер болдым деген бақталас комағайлық құлқынына «мә, сұрағаның осы болса!», - дегендей тағы бір ажал жебесі сақ ете жармасып, әлгінде өзі құсатып, біреу басынан қарғыта кетіп бара жатқан. Одан арғыны білер дәрмен жоқ...

Жер қайыстыра келе жатқан қалың жоңғар қолына екі мың қазақ қоян-қолтықта ілінсе, төрт-бесіне бірі әрең тиіп, «маған-маған?!», мен құрғалдым!», - деп анталайтындай нысан танытады. Қазақ жасағы жебемен омақастырған сайын, оқ тиген аюша аласұрған ашу-айбарға басып, «сенен келгенді көрмесем!» деп көзсіз ентелеген жоңғар қолы татыраңдай басып қала алмаған бойдан сай ішіне кіргізіп тынды. Бәйсейіт пен Олжайдың екі мыңдығы осы жолдың үстінде-ақ жоңғар жағынан бес жүзге жуығына жебе құшақтатып омақастырды...

Сай ішін бір шақырым өрлей Хангелді мыңдығы

Бәйсейіт пен Олжайды жоба бойынша Арқарлыға қарай алдыға өткізіп жіберді де, қонақтарды адастырмай бастауға біз қалдық дегендей, енді «шошытып аламыз ба» деп, жебе тартпай жарты шақырымнан ұзап та кетпей ілгерлеп отырды. Шор-шор үйдей тастар, тар қысаңшалар топ-тобымен лап бермеге іштарлық еткендей екі-үштен ғана қатарласа ілгерілейтін шұбырма халге түсірді. Хангелді жасағының алды Бұғыты тауының төбесі жалтыраған таз самайларына ілінгенде барып, жоңғардың жеті мың қолын Арқарлы шатқалы бір-ақ жұтып болған еді. Жер жайына қанық қолбасылардың түндегі межесі бойынша, екі жақ жал қарағай үзілісінен бір шақырымдай өрлеп барған Хангелді мыңдығы жайыла шеп жайып тоқтады. Бар жерінен қонаққа сыйлар қойтастарды үйіп, басым көбі садақ тартуға дайындалды.

Тағы да өрлей түссе екен деп, Биеке мен Тағай жасақтары екі жақ жалда келе жатқан қонақтарына сыйлар сыбағасына оңтайланды. Хангелді мыңдығымен айқаса кетпек боп, атпен тікке жармаса өрмелеген жоңғар жасағының алдыңғы тобынан екі жүз шамалысы жебе құша жер қауып, тікке шаншыла ентелеуден жүректері шайлыға енді жалғыз аяқтап қарағай арасына өрілген қия жолдармен екі жақ жалға тырмысты. Бұйрық бойынша Биеке мен Тағай мыңдығының мергендері дыбыссыз жебе сыйлап беттетпеді. Осы қысқа уақыттың өзінде бірін-бірі көріп болмас қарағай қалқаларында жаудың үш жүзге жуығы домалап қалды. Дәл осы кезде дағардың аузы буылып болғандай, жау соңы сай ішіне бір шақырымнан молырақ өрлеп алған тұста, межелі мезгіл жетті деп түйген Биеке тай қазанның үлкендігіндей бірінші тасты төңкеріп жіберуі сол-ақ екен, екі жақ қапталдан шатқалды сілкіндіре күркілдеген айбарлы үн құлақ тұндырар дерлік. Қалың

жыныс қарағай қалқасында тосылып қалмайтындай етіп ашық-ашық мұрыншаларға үйілген Бұғыты тауының мол қазынасы топ-тобымен өрлі-қырлы жосыған жоңғар жасағына ағытылды-ау дейсің. Айғай-шу, шыңғырған, өкірген үннен сай іші азан-қазан. Қарағай арасындағы жолдармен құтылып кетпек болғандардың кейбіреуі тобымен тастың астында қалса, енді бір тобы калың жебенің ұшына түйрелді.

Хангелді мыңдығының жарымын өзі алып сайдың басын бақты да, жарымын екі бөліп, екі жақ жалдағы Биеке мен Тағай мыңдығына көмекке жіберген. Қарағай арасымен қалқалана қашып құтылмақ болғандардың тас пен жебеден аман жалға ілінгендерін Хангелдінің найзагер, қылышкер, шоқпаршы жігіттері атүсті айқасқа өте, таудың жабайы өрік, алмасынша домалатты.

Мұндай сұрапыл соғысты осы шатқалға кірген жоңғардың сарбазы да, сардары да бұрын көрмеген жай. Жекпе-жекте, қоян-қолтық араласып кеткен аламан соғыста емес, сай іші иесіз атқа толды. Тау басынан төгілген дөң-дөң жоғарыдан көрінсе төменге, төменнен көрінсе, жоғарыға үркіп жосиды. Ішінде адам сүйреткендерін де көз шалып қалады.

Арқарлының екі жақ қапталынан әлсін-әлсін демала күркіреу, бірде ана жалдан, бірде мына тұмсықтан үздіксіз қайталанумен болды. Шатқал басына екі-үш соқтығып өрмелемек болғандардың алды өлім құшып, соңының меселдесі қайтып, енді топ-тобымен екі жақ жалдың біресе ол тұсынан, біресе бұл тұсынан бостық іздей жан таласқа өтті. Осы тұста қазақ жасағы бола қоймас деген дәмелілердің көбі қарағай арасында қалып, бестің бірі жер құшты. Тірі қалғаны тағы да саңылау іздеумен арып таласты...

Енді сайдың басынан да, екі жан қапталдан да үміті үзілген жоңғар жасағы «Шонжының кегін алу» емес,

«байтал тұрмай бас қайғы» дегендей, қайда барарларын білмей өрлі-қырлы сапырылысты. Нақ басқа күн туған осындай бір кезде жас мыңбасы Шеуік ешкім өзін бас қолбасыға сайлап жүрмей-ақ қалың жасаққа, тіпті тірі қалған өзімен дәрежелес мыңбасыларға айғай сала бұйрық беріп ортаға шықты: «Сай аузына лап қойған бойдан қазақ қоршауын бұзып шығудан басқа шығар жол жоқ! Осылай бір бағытпен алға ілгеріле!»

Қайда барарын білмей ұйысқан топ енді ес жиғандай өлген-тірілгеніне қарамай, бір-ақ лап қойды. Таудан құлаған сел суындай бөгеу бермеген жоңғар қолы өлгенін баса-көктей лықсыған бойдан, асқазанына сыймаған асты қайта құсқандай тар шатқалдан шыға берді. Жау қимылын тау басында байқап тұрған Әлмерек, бар қолбасыға хабаршы жіберіп, сай аузында айқас салуды тапсырды. Биеке мен Тағай, Хангелділер жеткенше, Бәйсейіт пен Олжай мыңдықтары жаудың суыт ілгерілеп кетуін бөгеп қалған екен. Шонжы жекпе-жегінің алдында бір-ақ уыс болып көрінген қазақтың енді тау-тастан төгіліп келе жатқан мына көрінісінен жоңғар жағы бүгінгі ұрыстағы қазақ айласын енді ұғынғандай болды...

Арқарлы аузына бес мың айналасындағы жоңғарлық тірі шыққан еді. Ұмар-жұмар, қоян-қолтық айқас басталып кетті. Әркім атүсті соғыстың ебдейлі қаруын қолға алған. Біреу айбалтасын ойнатса, енді біреулер қылыштарын қынаптан суыра шапқан. Қолма-қолдың таптырмас қаруы деп, талайы бос мойын шоқпарын қымти ұстаған. Жауына тақай бір-бір жебе жіберіп алғысы келген мерген жігіттер садақтың адырнасын кере тартып, топтың алдымен келді. Найза қалқанын ыңғайлап ұстағандары да бар. Желтоқсанның көбік қары арт жақтағыларға көз аштырмайды. Сатыр-сұтыр салыс басталып кетті. Ат тұяғымен көтерілген шаңдақтан

бірін-бірі танып болмас халде. Шай қайнатым дерлік уақытта домалаған бас, ат аяғының астында сұлап жатқан адам, ішектері сүйретіліп жүрсе де қарсыласын астына баса, кеңірдектен ала буындырып жастығын ала жан үзгендерді көресің. Ешкімнің тегін өлгісі жоқ, өлсе де жауына ажал бағыштап, жоңғардың бір күшін азайтып кетпек сияқты.

Алғашқы ұйлығысқан топ бірте-бірте су бетіндегі толқындай сиреп, майдан көлемі неше шақырым аумақты қамтып кеңі түсті. Әркім қарсыласымен айқас алпарысында. Енгіккен, ышқынған жағалас. Ыңырсыған, шыңғырған, тістене кіжінген үндер құлақ тұндырады. Кейде сыңар құлақтан, көзден, мұрыннан айырылғандарды да кезіктіріп қаласың. Жан жарасының ауырғанын мүлдемге ұмытып, кегін қарсыласынан алмаққа семсер сермеп жүр. Ат өліктері де аяқ алып, жүріп болмас дәрежеде. Атынан айырылып қалғандардың жаяу найзаласып, қылыштасып жүргені қаншама?!

Атүсті соғыста ерек жетілген - Әлмерек, Бәйсейіт, Биеке, Олжай, Тағай, Хангелді сияқты батырлардың қылықтарына қарасаң ұрыста емес, ойын сап жүргендей. Біреуіне оңға жуығы жабылып жүр. Шетке сытыла қашқан боп, артынан түскен бір шоғырды, топтана жабылуға үлгертпей бірден сұлатып, топ шетіне қайта ілінсе шашқындаған нешеуінің басын допша домалатып жіберуде. Кейде майдандасын ортаға алып ықсырған тұстың ту сыртынан килігіп, лезде кекілікке түскен қырғидай екі-үшін жер жастандырып, бірме-бір қалғанда, анаған сен-ақ төтерсің дегендей, басқа ұйлығысқан шоғырға ұмтылады. Біреуі оңға татырлық соғыс салды дерлік.

Кезінде жасақ жаттығуына немқұрайды қарап, енді басына күн туғанда қоян жүректік істеген кейбіреулер, жастығын ала жатуға да дәрмені келмей, кез болған

қарсыласының бір сілтеуімен жер құшып жатқандары да жоқ емес...

Шатқал көмейіне кептелген бөгетті бұзып шығуда Шеуіктің еңбегін танып жеткен жоңғар пысықтары: «Мынау бізге тұлға болар жігіт екен-ау», - деп батылдығына сүйсінген. Сай аузына шыға жалғасқан қоян-қолтық айқаста, жоңғар мыңбасы, жүз басыларының бәрі-ақ бас қолбасы ретінде мойындап, «енді қайтеміз?» дегендей, бұйрығын күте бас иген еді. Қағілез Шеуік таңертеңнен бергі жан алып, жан берген айқастан тірі қалғаны әрең дегенде, үш мыңның сәл үстінде екенін бір қарап-ақ мөлшерлеп шығысты бетке ала сырғи ұрыс салуды орналастырып үлгірген. Шеуіктің ендігі ойы арттан келер көмекті күту.

Шонжы аттан құлаған тұста, Ғалданға да, Шонжыға да ең адал жас мыңбасы Шеуік, аламан соғыс басталған тұста Шонжының өлім хабарын жеткізу, әрі көмек сұрау қос міндет алған мықты он жігіт аттандырған. Жол жайына қанық оны жоңғар қоңтайшасы Ғалданға төте асулармен аса, күнді-түнге жалғай жүріп отырып Шонжының өлім хабарын жеткізді. Ғалдан бар жайды қатулана тыңдап, өзін аса бір қамқоры сияқты адамының майдан үстінде қаза тапқанына қатты ашынды. Орнына бір отырып, бір тұрып, шиыршық ата не айтарын білмей кетті. «Әттеген-ай, осы жолы жібермей-ақ орда жұмысына қалдырып, басқа біреуін жібермегенім, ендігі өмірін рақатпен өткізсем деген борышымды өтей алмағаным», - деп қатты ашынды: «Шонжыны жекпе-жекте өлтірген кім?!» - дегенде, хабаршы бастығы: «Қарқара қазағының бас қолбасысы Әлмерек деген жиырманың төрт-бесіндегі біреу», - дегенде, Ғалдан: «Әлмерек, Әлмерек деймісің?!» - деп, қатулана азу тістері бірін-бірі уатып кетердей, сықырлай-шиқылдай өңінен суық ызғар шашты. Енді Ғалдан соншалық

ысылған бас қолбасының жап-жас бір қазақтан өліп қалғанына қорланғандай, иығынан Қаратау басқандай сезінді. Ол осы бір ауыр ой иірімінен селт етіп:

– Ендігі ұрысқа кім ие болды? Сендерді кім жіберді? - дегенде ылғи да суырыла сөйлеп жауап беріп тұрған әлгі:

– Біз бұл жаққа аттанып кеткенше, ешкім белгіленбеген. Шонжы қолбасыда жекпе-жекте өлем деген қауіп жоқ еді. Басқалар да олай болады деп ойламаған сияқты. Ол кісі аттан құлай зор қосын аса бір азалы ашумен дүр көтеріліп, аламан соғысқа бірақ лап қояр тұста, бізді өз мыңбасымыз Шеуік соғысқа кіргізбей аттандырды, - деп мәлімет берді. Жасақ жаттығуымен түрлі қимылда қағілездігімен көзге түсіп жастай мыңбасылыққа көтерілген Шеуік ойына бірден оралды. Аса дарынды есептейтін Шонжының өзі ойлап үлгірмеген, талай ысылған қарт мыңбасылар қаперіне де келтіріп қоймаған істі соншама шұғыл жағдайда ойлап, өзіне хабаршы жібергеніне қатты риза болды.

Орда айналасындағы қорғаушы жасақтан екі мыңды тездеп жібермесе, жағдайдың қиынға соғарын мөлшерлеген Ғалдан келген хабаршыларды бір түн тынықтырып, ертесі аттарын алмастырып мінгізіп екі мың жасақпен жолға салды. Ендігі ұрысқа Шеуік бас қолбасылық міндет өтейтіндігі жайлы бұйрықта жазылып, мөрін басып қоса жіберді...

Әлмерек те сардарларының берген мәліметінен мыңға жуық арысының майданда өлгенін ұқты. «Егер таңертеңнен қоян-қолтыққа өтер болсақ, қиын-ақ болғандай екен», - деп бас шайқады. Ал жоңғар жағы төрт мың үстіндегі жасағын Шонжыны қолбасы ете «барсакелмес жолына» салғаны анық болды. Екі жаққа да оңай жоғалту емес. Әлмерек жоңғар қолы шегініп кеткен тұста, ай жарығымен сай аузын ақтара жүріп,

шейіт болған ет-бауырларын жарым түн ауғанша арулап үлгірді...

Бүгін түн жоңғар қолының қайта айналып соғарлық дәрменнен кеткенін межелеген Әлмерек, күзетке кезекпен тұруға адам орналастырып, қалған жасақты түгел тынығуға бұйырды. Ертесі үш мың үстіндегі жасақпен ұрыс салмақ боп бұрынғыдай жоңғар жағы келмеді. Соңынан түсе қуғындауға Әлмерек жібермеді. Ертеңгі шайдан соң барлық мыңбасы, жүзбасыларды Әлмерек өз шатырына шақырып, осы реткі жүргізілген ұрыстың артық-кемін салыстыра отырып, бұдан кейін жоңғарлармен қалай айқасудың ұтымды ойларын бөгелмей ортаға салуды тілек етті.

Кең иықты, орта бойлы, қызыл шырайлы, қалың қасты Әлмерекке қияқтай әдемі қойылған мұрты тіпті де жарастық беріп, соғыстан қалжырап шаршағандай емес, жанары жайнап, жүзінен күлкі есе нұрлана түскен.

Әлмерек алдымен бүгінгі жүрілген соғыстың жалпы барысы жайлы елбасылары мен саптастарының жүрек сөзін тыңдады. Бірінші болып, сөз алған Биеке батыр:

– Бір Алла өзі әділетті ұрысымызды қолдап, жоңғарлармен айқасқан неше жылдан бергі жеңісті жүргізілген, жоңғардың десі бір сынған соғыс болды.

Әсіресе Шонжының құлауы жоңғардың қорғаны құлағанымен тең болды. Әлінен асқан иттің ажал тілегендей Әлмеректің өзін шақырып тұрып алғанын демеймісің, - деп иығын қомдап ұшатын қаршығадай қопақтап барып тоқтады. Бәйсейіт батыр:

– Апыр-ай, әлгі айбалтасының басы үзіліп ұшқандай-ақ, бірге басын алса болар еді. Орайды жіберіп қойды-ау деп, шыдамым таусылып кетті емес пе, - десе Әлмеректің өз інісі Олжай:

– Жоқ, қапы қалғаным дегізбей тағы да қару сайла-

уына жол бергені дұрыс болды. Қолбасыларының әттегенсіз айқасып аттан құлағанын көрген жоңғар қолының құты қашып, үрейі ұшты емес пе, - деп Бәйсейіт ойына сабырлылық тілегендей, ыңғай танытты.

Бүгінгі кеңестің жуан ортасына Сүйіндік бимен бірге Сырымбет, Төлес сынды екі қарт батыр да үлгіріп жеткен. Бәрінің өңінен кәріліктен қажып-қалжырау емес, бұл жолғы жеңістен сардардың да, сарбаздың да жанарларынан ризалық мейірім төгіліп тұр. Сырымбет батыр сөз кезегінде:

– Қарақтарым, Алла қолдарыңа қуат берген, жаудың меселдесі сынған соғыс болды. Аллаға мың бір тәубе келтіремін. Жаратушы әмісе жолымызды оңғарып, елді жайлы ұясынан тоздырған жоңғарлықтар сазайын тартып, құтты мекенімізде манаурап жатар күн туса екен, - деп қарт тілеуін, ел жүрегін аңғарта барып тоқтады. Енді Төлес те қызына сөйлеп кетті,

– Бізге шынында да Алла жақ болды. Тауға тарта «тиіп-қаша» ұрыс салуда, ерекше өнер көрсеттіндер. Азаматтарымыз таудың тасында, мергендеріміз өткір жебесінде, сай аузына шыға бар қаруын қолға алып қолтықтарын соза отырып сермескен ұрыс болды. Бес мың айналасындағы жасақпен жаудың төрт мыңын жою шүкірлік етер шаруа. Біз үшін бақандай мың азаматымыздан айырылуда оңай емес. Бірақ, жау шығыны анандай болған тұста, ұрыс бар жерде өлім барды мойындауымыз керек. - деп тоқтағанда, екі қарт қолбасының осынау сұрапыл ұрыстан қорытындыдай сөйлеген сөзін ұйып тыңдап отырған Сүйіндік би, қызыр ұялағандай аппақ қаба сақалын етсіз салалы саусақтарымен тарамдай отырып, тағы да ақтарыла сөйлеп кетті:

– Е, Әлмерек, Биеке, Хангелді және барлық батыр ұлдарым мен арттарыңдағы қалың елің атынан, туып-

өскен жерің атынан сендерге, сендер арқылы барлық сардар, сарбазға алғыс айтам! Алла жандарыңа жамандық жолатпай, жоңғардан жерімізді түбегейлі тазаларлық қуат берсін! Мына Сырымбет, Төлес батырлар тұсынан кейінгі бір мезгіл ішінде, кеңсірігі көріне едірейген жоңғар тұмсығына келістіріп ұрылған соққы болды. Енді мен білсем ана кеткен жоңғар қолы үш мың үстіндегі жасағымен қайта тап бермеуі баяғыда! Жоңғар қоңтайшасы тағы да толықтырма күш жіберері бесенеден белгілі. Қарт бабаларыңның ақылы бойынша тауға тарта «тиіп-қаша» соғыс салуымыз қандай кезегі келген іс болған. Өз күшімізбен деңгейлес жау көзін жоя алдық. Егер жапалама қойып кетсек, жұмыртқаны тасқа ұрғандай қиындық әкелері анық еді. Осы жолғы ұрыс төрт-бес жылдан бергі жоңғармен үздік-создық жалғасқан ұрыстар ішіндегі ең көлемдісі, әрі оларға өзімізді танытып қойған ұрыс болды. Ылғи да осылай адам күшімізді әлсіретіп алмай, тау-тасымыздың құдай жаратқан қолайлы жақтарын орайы келгенде, ұмыттыра барып пайдаланып, олардың әлсіз тұстарын таба, ақыл-айланы ұштастыра соғыс салсақ, жоңғардың ата-мекенімізде жастық қойып, шолжиып жатуына жол бермес едік. Тауға тарта ұрыс салу жөні осы екен деп ылғи да тауға тұра қашсақ, оларда соңымыздан көзді жұмып қуа бермейді. Сондықтан жас қолбасылар жауды жаңылдырарлық жаңа әдіс айланы көп болып табуларың керек.

Сырымбет, Төлес үшеуіміз бүкіл елді қайта бір рет аралап өтуге тура келді. Төрт мың жасақпен жоңғардың алдын тосу өзімізді жау қолына ұстап бергендік. Мына Сүйіндік асып айтты демендер, қатарларыңа осы жолғы ұрыста шейіт болғандар санындай күш қосуға біз үш шал кепілдік етеміз, - деп тоқтады. Сүйіндік қарттың мына сөзіне Әлмерек шатырындағы бар қолбасы:

– Бәрежелді! Ойлаған ойымыздан асып түстіңіз, - деп ду етті. Енді Әлмерек бүгінгі бас қосудан қорытынды сөз айтты, - бүгін бар қолбасы ойларын бүкпесіз ақтарды. Әсіресе аса бір қиын сәттерде қарт қолбасы, билеріміз қасымыздан табылып таптырмайтын ақыл-кеңес айтты. Бір Аллаға сыйынған ердің жолы болады, әділдікке сыйынған елдің жолы болады. Біздің ел мен жерді қорғау жолындағы жоңғарға қарсы қантөгісіміз әділдікке жатады. Алла қаласа, жолымыз боп қалар. Уақтылы қиындыққа жасымайық. Өз жеңісімізге тасымайық. Елдің құты бірлікте, мен Үш жүздің баласы бас құрамай жоңғарды түгелімен жоюға дәрменіміздің жетпесін әлдеқашан түсінгем. Бірақ Үш жүздің ошақтың үш бұтындай бір шеңбер бойына күш құрап келуін күтіп жатсақ, жауды басындырып, халқымызды ашындырып аламыз. Күлтөбеде күнде жиын, ел басына күн туғанда бір ашылар. Ұлы жүзден Төле, Орта жүзден Қазыбек, Кіші жүзден Әйтеке деген «қара қылды қақ жарған» жас билер шығыпты деп естідім. Олар қазақ даласына тұс-тұстан лап қойған жоңғарға төтеу үшін Үш жүздің жұдырықтай жұмылуын Тәукенің құлағына құйып жатқандай. Осындай кеңесшіні жан-жағына жия алған Тәуке де мол үміт күтерлік хан боп тұр. Біз де Қарқара маңындағы ел жайын, ұрыс жайын білдіре жөні келсе, көмек сұрай хат жазып адам жіберсек деймін, - деп кідіргенде, үш қарт ел ағасы да, Биеке, Хангелді бастаған қолбасыларда қатты құптап кетті. Енді Әлмерек сөзін жалғап:

– Осы жолы мол жаумен қалай соғысуды үйрендік. Қадірлі қарттарымыздың айтқаны аумай келді. Басымызға күн туса, тауымыздың тасы да ес қатқандай. Әлгінде Сүйіндік бидің жасағымызды толықтыру жайлы қуанарлық сөзін естідік. Келген жас күштерді ерекше жаттықтырып, ат-көлік, қару-жарақ, ер-

тұрманға дейін жіңішке жөндеп, жаңа шабуылды күтуіміз керек. Жау енді жекпе-жекпен соғыс бастап, аламан соғысқа жалғайды. Қарт қолбасшылар не дейді? Маған бір ой келіп тұр. Жауды батылдығынан айыра есін алу үшін, бізге жаңа келіп қосылатын жасақтан сырт, екі мың шамалы жай бұқара аттарын мініп, сойыл-шоқпарын көтере екі жақ қатарымыздан келіп топ көбейтіп тұрса. Бұл бір мезгіл жекпе-жектің ұзарып, жас күштеріміздің ұрысқа, қару өнеріне көзі де, өзі де үйрене түсуіне қолайлы орай болар еді. Егер жау аламан соғысқа тап бере қалса, жаңағы екі мың майданға кірмей шетке сырғып кету керек, - деп Әлмерек сөзін аяқтады.

– Әлмерек мынауың болатын әдіс екен.

– Мынауың таптырмайтын ұрыс өнері екен.

– Болды шал-шауқанға дейін әкелсек те бұл іс қолдан келеді - десіп, бүгінгі кеңес аяқтай үш қарт шұғыл атқа қонды...

Үш мың қолмен майданнан қайтқан Шеуік ертесі майданға келуге батылдық ете алмай, түнделете суыт жүрген бойдан Үйсін тауының Өртегес тұсындағы күңгей бетіне аса қашты. Арттан қуғыншы түсіп жатағанда Үйсін тауы пана болуға келмесе, Тәңір тауына бекінуді де ойға алды. Бір сәткеде зорға жетіп, «енді қазақ артымыздан түсе бұл араға қуып келе қоймас», - деп бір ойлап, екі қарап бір шоқуды ұнататын сақ Шеуік жүз жасақты он-оннан бір шай қайнатымнан алмаса, күзетке тұруға орналастырды да, қалған жасақты түгел демалуға бұйырды. Үш күннен соң бұл арадан қазақ қолы басып қалатындай бір сезім байыздатпай, сар желіспен жүріп отырып, Суасудың аузына келіп, шатырларын тіктіріп, уәде бойынша Ғалдан жағынан жетіп келетін көмекші күштерді күтті. Осы араға дамылдағанның үшінші күні түс ауа өзі жіберген он хабаршы жол бастап, екі мың қол жетіп

үлгірді. Көмекші күштің дер кезінде жетіп келуінен сырт ерекше бір жай, Ғалдан Бошқтұ бас қолбасылыққа ордадан басқа біреуді белгілеп жіберер деп ойлаған еді. Дәл сол хан ордасынан Шеуіктің бас қолбасылық шенін бекітіп беріп жіберген бұйрықты көргенде, оның қуанышында шек болмады.

Жарым күншілік жолдарға дейін соңдарынан түскен жаудың бар-жоқтығын шолуға мықты жүз жасақты аттандырып, екі мың жасақтың аман жетіп келуімен бақандай жоңғар ханы бекіткен бас қолбасылық шенін тойлап, жасақтың азық-түлігі үшін ала жүрген жылқыдан төрт-бес ту биені жарғызып, бүкіл жасақ бойынша он-оннан бірлестіре қазан астырып, түгінді тұман қыла Суасудың аузын майға бөктірді. Бар жасақты қазы-қарта, жал-жая бастартқан жылқының жас етімен аямай тойғызды. Жүзбасы, мыңбасылармен Шеуік айырым отырып, Ғалданның: «Ендігі жеңістерінің шашуы болсын!» деп, арнайы тілекпен жіберген ерекше әркіден таң сазбергенше бұлықси мастана ішті-ау дейсің, қол астындағы айдарлыларды қос қуанышта дулата, ойнап күлге жол қойғанымен өзі ел көзіне көрсете біреп тостаған сіміре құшырын басқан соң «ішіндер, жеңдер!» деп, айнала жүріп, бәрінің көңілінде аулай, әрі қазақтың аяқастынан жетіп келер тап бермесі болып қала ма деп, айналаны шола жүріп таң атырды. Шолғыншылардың жарым күншіліктен жіберген хабаршылары бір ет асымда бір келіп, жуық арада таяп кеп тап бере қояр қатердің жоқтығынан мәлімет беріп тұрды. Күн шыққанда барып, екінші жүздікті кезек алмасуға аттандырып, неше күндік қантөгіс айқас, сарпалдаң жол азабынан келген жасақты да, атты да әбден демалдырып алғысы келген пысық жас қолбасы осы арада бір апта демалуға бұйрық жариялап барып, өзі де оңаша шатырына демалып қалды...

Әлмерек қосыны үш күн ішінде нақ мың жасак қосылып, бес мың болып қайта толықты. Мықты-мықты сардарлардың жүздік, мыңдықтарына он-жиырмадан бөлістіріп, күнді-түнге жалғай, жауға сілтенер қарудың бар түрінен қатаң жаттығу өткізіп жатты. Жоңғар жағын шолып келуге таулармен жасырын жіберілген барлаушылар: «Суасудың аузында қурай басы қатты желден салдырласа атына міне қашардай қалтыраған хал үстіндегі жоңғар жасағының үстіне, екі мың тың күштің Іле жақтан аса келіп қосылып, кеуделеріне қайта жан біте айбынданып, ұлан-асыр той жасап жатыр», - деп жеткізген. Аралықта тағы бір шолып келгендер: «Жау аттарды сайды өрлете сыпыра қоя беріп, қосшатыр, шөп күрке сияқты ылпа жасап бейғам жатыр», - деп күліп келді. Міне енді жетінші күнге жеткенде: «Жоңғар бері қарай бірақ қозғалып Орта мыстан өтті», - деп аттарын қара терге малшындыра, өздері де алқына, аптыға жетті.

Енді Әлмеректер Шонжы өлген, кейін оның атымен «Шонжы» аталып кеткен өңірде сар жамбас болып жатып алмай, орын жөткей Қарқараның шөл адырынан күтті. Жоңғар қай тұсқа келіп қалғанынан шолғыншылар хабар жеткізіп тұрды. Жаудың барған сайын жуықтап қалғаны мәлім боп жатты. Енді Әлмерек, Сүйіндік билермен келіскен соғыс салу жобасы бойынша, екі мың жай бұқараны бес мың жасақтың екі жағынан қанатын жайған самұрықша бір беткейді бірақ ала орналастырды. Қазақтың мына жер қайысарлық қалың қолына алдыңғы майданнан тірі кеткен жасақта, бас қолбасы Шеуікте қайран қалып: «Мына Қарқара жасағы қалай көбейіп кеткен? Аспаннан жауған ба, әлде жерден өніп шыққан ба?», - деп күбірледі ішінен. Мың басыларының біреуі: «Жеті-сегіз мың шамалы» десе, оған қарсы дау айтқан енді біреуі: «Он мың үстінде,

мыналар мен аламан соғыс салғылық қылмасын деші?», - деп өңдері қуқылданып тұрды.

Осы кезде екі жақ өкілдері майданға шыға кездесіп, жеті күн жекпе-жек салуға келісім жасасты. Әсіресе жоңғар өкілі қазақтың көптігінен қорқып, арттан тағы адам шақыртудан дәмесі бар ма, жекпе-жек ұрыс салу уақытының көбірек болуын дәріптеп тұрып алды. Қазақ жағы: «Жарайды, сөзіміз сөз. Кім уақыт толмай жекпе-жекті тастай аламан соғысқа өтер болса, онда ол қоян жүректік істеп, соғыста жеңілген есептеледі», - деп келісіп қайтты. Әлмерек өз кісілеріне:

– Уақыттың ұзара түсуі біз үшін де қолайлы, қарсы келмей әдіс жағына мән беріңдер, - деп мықтап табыстаған. Міне енді келісім бойынша жекпе-жек ұрысы басталмақ уақыт тақады. Бұл рет майданға Төлестің үлкен ұлы Бәйсейіт шықты. Дене тұлғасы Төлес сияқты еңсегей бойлы палуан тұлғалы, бет әлпеті шешесі Айтолымға тартқан келбетті келген отызды аралаған сар кідір жігіт қарсыласына өте екпінді келді. Аспай-саспай сілтеген қаруы текке кетпей, бірінші күні жоңғардың бес батырын аттан құлатты. Бәйсейіт кезіндегі әкесінің жолын ұстанып, екінші күні тіленіп жатып тағы шықты. Бірақ, мына қазақты әбден танып алған жоңғар жағы ереуілдей шулап, басқа адам шығаруды талап етіп тұрып алды. Әлден уақытта елшілік туын көтерген екі адамы майдан ортасына келіп тұрды. Бұнысы соғыс жайын қайта кеңесейік дегені еді. Қазақ жағынан де белгіленген екеуі шықты. Шай қайнатым керісе барып келісті. «Бір батыр қанша адамды құлатса да, тек бір күннен артық майданға шықпау. Ал жас талапкер бірме-бірден кейін екінші кезек шықпауына да болады», - деп келіскен. Сонымен осы келісім бойынша екінші күні Бәйсейіт майданнан қайтты.

Енді майданға «мен шығам, мен шығам!», -деп Хангелді, Олжай, Тағай үшеуі қатарынан шауып шықты. Үшеуіне көз сала қарап барып миықтаған Әлмерек, алдыңғы ретте Тағай батырға кезек тимей қалғанын ескеріп,

– Сен екеуің, сәл сабыр сақтандар. Бұл реткі кезекті Тағайға бермесек, байқаймын екеуің жабылсаң да өкпесін баса алмайсыңдар. Сендер алдыңғы ұрыста құмарларыңнан шықтыңдар, - деумен екеуі жай күліп жасақ қатарына беттеді де, қоңырбөрік руынан шыққан Тағай кара қызыл атының ер-тұрманын жөндеп найзасын мойнынан ұстап, иыққа сап майданға беттей берді. Бұл жолы жоңғар жағы да ерекше бір алыбын дайындаған екен. Дәу кара атпен төбедей біреу майданға беттеді. Тағай әрі мерген, қол қаруы ерек жаратылған жігіт. Шалманы ұрып жіберіп жалғыз қолмен сілки тартқанда, шу асау айғырдың өзі тыраң асып қалар еді. Анау екі жүз аттамдай жерге келгенде найзасын кезей кара қызыл атқа тақым қыса тұра ұмтылды. Ол ешкімге ұқсамаған қимыл мен найзасын мойнынан ұстай иыққа қойған бойдан қарсы шапты. Дәл арқан бойы аралық қалғанда, Тағай найзаны жебеше сыр еткізіп анаған кезей сермеп қалды. Ғажап шеберлік, қарсыласы қазаққа найза шаншып өтуден басқа, осылай алыс аралықтан найза атады деген ойына кіріп те шықпаған. Қандай қайратты қол десеңізші? Найза көзді ашып-жұмғандай тездікте дәудің жүрек тұсынан сауытты тесе қадала берді. Сол-ақ екен ат екпінмен найзаның сабы жерге тіреле, бір шөмеле шөпті айырмен шаныша лақтырғандай бір көрініс болып өтті. Қазақ жасағы да, жоңғар жағы да мына өнерге таңырқай орнынан дүр көтеріле барып қайта отырды. Осы күні Тағай басқа да соғыс өнерін қолдана жүріп, жоңғардың төрт батырын

құлатқанда майданнан қайту кернейі азалы жоқтаудай бір мұңмен сұңқылдады.

Үшінші кезекті адам алмасу жекпе-жегіне жоңғар жағы бұрынырақ шығып үлгірді. Қимыл-әрекеті ептілеу келген біреу найза ойнатып, «жекпе-жек!», - деп қазақ жасағы алдынан шауып өтті. Мынаған бітімі палуанша жас қазақ жігіті: «Мен шықсам, рұқсат беріңіз», - деп басқалардан бұрын Әлмеректің алдына шауып келді. Десін қайтарғысы келмеген Әлмерек: «Өз өнеріңе сеніп келген азамат боларсың», - деген оймен рұқсат берді. Бірақ, мынау өнеріне емес, өркөкірек кеудесіне сеніп, «әйтеуір майданға шыққан қазақ қарсыласын алмай тынбайды» деп ойласа керек. Көп алдында қызық көруі ұзаққа бармай, жоңғардың талайды көрген ыспор батыры найзамен сайып құлатып кетті. «Енді маған кезек беріңіз, маған», - деп қандастарына қаны карайған үш жігіт қатар келді. Мелжемді біріне Әлмерек тағы да кезек берді. Мынау алдыңғыдан гөрі қауқарлы сияқты, анаумен шай қайнатым айқасып қалды. Қимыл-әрекетіндегі олақайлығын тез аңғарған епті қарсыласы бұны да ат сауырына құлата қару сілтеп өтті. Осылай жоңғар жағынан шыққан мынау түске дейін қазақтан үшті алып жібергенде, түскі астың дабылы қағылды. Анау тобына барып түскенде, он нешесі алдынан жүгіре шығып көкке қарата қайта-қайта лақтыра тосып алып, қуанышты айғай-шу жоңғар тобынан көпке дейін басылмай тұрды.

Түскі ас ішіліп болумен Әлмеректің алдына келген Олжай:

– Үш бірдей жасты қыршынынан қиған мынаған мен шығайын, енді ысылмаған жастардан майданға жібермесеңіз? - деп тілек айтты. Әлмерек оған:

– Ойынды түсінем. Бірақ, ылғи танымал батырларды

шығара берсең жастар жекпе-жек солардікі деп батылдығынан айырылады. Олар да майданды көргені жақсы. Қару өнеріне қатаң жаттықпаса жаумен айқаста соңы не боларына көзі жетсін, - деп аз ойлана отырып барып, - сен шықсаң шық. Бірақ, бұл жолы әлгі ат ойыныңды қой, тіпті жирен қасқадан басқа атыңды мініп шық. Өйткені аналар қазақта мандыған батыр жоқ екен, бір шыққаны қайта-қайта шығады деген ой туады, - деді.

«Бұл сөзінің де жаны бар екен ғой» деп ойлаған Олжай ағасына басқа сөз айтуға бармай, түстен кейінгі майданға шығудың қамына өтті. Әлмеректің сөзі бойынша, тақым ымбауымен қалаған жағына ұршықша үйірілетін шапшаңда икемді буырыл атын ерттеп дайындалып жатқанда, түстің алдындағы жеңісіне едірейген жоңғар батыры,

– Жекпе-жек, жекпе-жек! Маған төтейтін жігіт қазақта бар ма?! - деп, көп алдына тепсіне басынғандай одағайлана айғайлап өтті.

Мынаның есірігін тез басып тастағысы келді ме Олжай бурылдың ат шауып жете алмас жорғасымен анау майдандасар жерге жеткенше ол да тақай берді. Байқады жас шамасы өзі құралпас көрінді. Ол мына қазақтың басын қылышпен алып жіберуге бекігендей. Қынаптан қылышын суыра тура атылды. Олжайда көз ілеспес тездікпен қылышын жалт еткізе қолға алып, қырымен от шаштыра қағып өтті. Бір-бірінен екпінді өтіп барып, кілт бұрыла қайта айқасты. Жоңғар батыры мына қазақтың бағанағылардан өзгешелеу екенін аңғарып үлгірді. Олжайда: «Мынаның қару жұмсауы бұрын майдандасқандардан бөлекшелеу екен, сірә осы жолғы екі мыңмен келген мықтысының бірі болса керек. Әлгі үш жас қыршын бірер сілтесуден түсіп қалғаны тегін емес екен», - деп ойлады. Ажал үйірген ақ алмастар

күшті тосудан тоқырай, найзағайша жарқ-жұрқ ете ашты шыңылдаған үн шығара шай қайнатым айқасып қалды.

Жоңғар жасақтары: «Шап, домалат! Үй залу¹, енді уақытты ұзартпа!», - деп шұрқырай жiнiге дем берiп айғайласады. Ал қазақ жағы да тегiн тұрған жоқ: «Иә, жаратқан Алла, өзiң жар бола гөр?!», - деп бiр тобы тiленсе, ендi бiр тобы: «Таубұзар, Таубұзар!», - деп ұрандай тау-тасты жаңғырықтырады. Олжай да ду көтеретiн бәйге атындай ендi қайта серпiлiп, мынаның қару жұмсасына қарай жаңа бiр әдiс ойлап үлгiрдi. Ендi ол осындайда ежелгi әдетiнше қос қаруды қолға алып, сүйкеп өтер тұсқа тақай, тiзгiндi ердiң қасына iле тастап, тақым ымбауымен атырыла шапты.

Көз iлеспес тездiкте ананың қылышын сол қолындағы айбалтамен тоса берiп, оң қолындағы қылышты кеуде тұсынан ұрып жiбергенде, ақ алмас жүрек тұсынан сағалай отырып, жауырын ортадан бiр кез шығып кеттi. Қайта суырып алуға үлгiрмей өткен Олжай кiлт бұрылып оралғанда, өнерлiде, ойнақы қару сiлтейтiн қарсыласы кеудеге енген қылыштың сабынан қос қолмен шеңбектеген бойдан жан үзiп кеткен екен. Менi өлтiрген қазақты көрiп қалайын дегендей қос жанары өзiне кәрлене қадалулы бойдан жатыр.

Шынында мынау Олжай межелегендей кейiнгi келген екi мың iшiндегi әйгiлi жасақ тәрбиешiсi едi. Ұстаздарын құлатқан қазақтан кек алмақ ашумен шауып шықпақ болған бiр тобын, шөл, адыр қапталын бiрақ алып тұрған қазақтан сескенген Шеуiк тежеп:

– Ұрыс тәртiбiн шыдамастыққа барып бұзам демей жекпе-жекке шығып ұстаздарыңның кегiн алыңдар! - деп бұйыра сөйледi.

Ендi елеуреген топтан бiрiнен соң бiрi суырыла

¹ Залу - жiгiт, азамат мағынасында.

төртеуі шықты. Бәрі де Олжайдың өте шапшаң жұмсалған қару өнерінде сүт пісірім айқасуға келмей қан құсып ол жер, бұл жерде қала берді. Осылай Олжай үш күндік жекпе-жекте жиырма жеті жоңғар батырын құлатып, үлкен жеңіспен қатарға аман оралды.

Кімде болсын ең мықтыларын алдымен шығаратыны сөзсіз. Олжайдан кейінгі кезекті Хангелдіге берді. Осылай рұқсат бермесіне Хангелді де қоймады. «Жаудың мықтылары кеми түссе әлі толық мәресіне жетіп жаттыға қоймаған жас батырлардың қару өнерінен көзайым боп жеңістік алуына да қолайлы болсын» деген ойға келген Әлмерек алдыңғы кезекті ысылған батырларына сыйлап тұрды.

Хангелді де танымалы боп қалған Ақтангерісін қалтырып, жарау бабындағы сұлу жиренін мініп Әлмерек алдына оралды.

– Қане, Әлмерек қолбасы, мына ініңіз Хангелдіге уыз батаңыздың бірін беруіңізді тілеймін?! Иллаһи әумин, - деп қол жайып тұра қалды. Аз кем ойланған Әлмерек:

– Хангелді батырым барып кел,
Жауыңа найза салып кел!
Алдыңнан шыққанды жайратып,
Еліңе жеңістік алып бер!
Әумин Аллауакбар! -

деп бата берді. Бұл Әлмеректің қолбасы болғаннан бері қоластындағы батырларының майданға аттанар шағында бірінші берген батасы еді.

Қазақ батырларынан жоңғар жағының жүрегі шайлығып қалған ба, бұрынғыдай «жекпе-жек!» деп шауып шыға келуден қалып, майданға шығатын қазақты бағып қалғандай пейіл танытты. Әліде толыса қоймаған

жас Хангелді бұл жолы да алыстан қалдауыштай көрініп қалғандай. Бір батыры ат үстінде айбаттана шалқақтай шыға келді. Хангелді шу деген жерден құлата салғысы келмей алғашқы кезекті оған беріп, ылғи тойтара тастап, бие сауым өнерін байқап көрді. Анау алғаш қылышын, одан найзасын, тіпті болмағанда айбалтасына дейін суыра тап-тап бере ұмтылып та, бәрін сала жұлқынып та көрді. Енді бұның еркіне ермек болып жүре берсе уақыттан ұттыратындай. Екі жақтан да жер қайыстырарлық дегідей қарап тұрған ел анау. Әуелі мына қылығымды өз жолдастарым ерлік емес, ездiк деп түсініп қалмасын деген ойға келе мынаған кеткен уақытына іші ауырғандай қынжылыстан соң, әлі де арсалақтай айқасып жүрген қарсыласын қаруына қарай ұстаған айбалтамен құлақ түптен отырғыза берді. Ұрыста ажал ұстараның жүзіндей тақау тұратын сияқты. Әлгінде ғана өзіне өлім арнағалы арпалысып жүрген әріптесі, ажал тұмшалай айналаға, жоңғар қолына «қош» деп бір қарауға да үлгірмей құлап қалды.

Осыдан кейін демалдырмай айқасып алып жібергісі келді ме құлап қалғанның өкпе сырылы басылмай тағы бір самдағайы жетіп үлгірді. Енді мынаны алдыңғыдай еркелеткісі келмеген Хангелді тура атыла кеп айқаса кеткен тұста-ақ найзамен шанши тік көтере, сұлу жиренді қос аяқтатқан бойдан жау тобына тастап қайтты. Міне, енді Хангелді осы күні артынан келген алты жоңғар батырын үдеме-жүдеме құлатқанда ұрыстан қайту кернейі сұңқылдай жөнелді.

Келісім бойынша жекпе-жек ұрыс сап майдандасудың үш-ақ күн уақыты қалғаны сардарға да, сарбазға да бармақпен басқандай санаулы. Енді үмітті жастар шоғырынан отызға жуығы Әлмерек алдына келіп, жекпе-жекке шығуға ентеледі. Әлмерек қайсы мыңдықтан кімді шығару жөнінде мыңбасылармен тоқ

ете он бес жасақты іріктеп алды. Әрі оларға: «Біреуің тек бір кезектен ғана майдандасасың. Қарсыласымды алдым деп екінші кезектегіні күтіп қалуыңа болмайды», - деп қадағалай отырып ұғындырды.

Қандай дәл басқан меже. Он бес жасақ үш күн ішінде толық майдан көріп үлгірді. Оны бірден жоңғар жасағын құлатты да, бесеуі қарсыласына қайраты мен қару өнері пар келмей қапы кетті. Осымен онбес күндік жекпе-жек аяқтамай майданнан қайту кернейі тартылды.

Он бесінші күнгі жекпе-жектен қайтып келе жатқан жол бойы Әлмерек пен қатарласқан Биеке батыр бір нәрсе айтатындай оңашалап ым қағып, жол шетіне тартты:

– Әлмерек, бұл жолғы жеті күндік жекпе-жегімізде иншалла тағы біздің жеңісімізге шешілді. Жоңғар жағынан отыз үстіндегі адам аттан құлады. Ал бізден сегіз. Олармен салыстырғанда парық оңай емес, - деп аз жерге үнсіз жүріп келіп:

– Маған құй сен, құй сенбе, енді жауың арамдық тәсілге барарын сезініп тұрмын. Сенің бұл жолғы жоңғарға жасағымызды зорайтып көрсеткен шеберлігіңе қол қоямын. Жау біздің көптігімізден сескенгендіктен, әрі жеті күн жекпе-жек ұрыс салуды өзі айтқандықтан амалы жоқ шыдап тұра алды. Меніңше, мына жаралы аюдай ышқынған жау ертең күн шыға «мен келдім» деп кернейін тартып, дабылын қағып, келмей түн жастана ұйқыда жатқан қазақты тарпа бас салу шабуылына өтуі мүмкін. Қапы қалмай алдын ойласуың үшін айтып келемін, - деп тоқтады. Биеке бетіне таңданулы қараған Әлмерек: «Мына көріпкелімнің айтқаны аумай келуші еді», - деген ойға келіп, - Қосқа жете мыңбасылар бір бас қосайықшы, - деді.

Қарқара жазығынан Лабасыға қарай ат басын

бұрған жоңғар қолы отын-суы мол тұйыққа шатырын тіге байыздап, жүзбасыдан өрге түгел шақырып, ақыл қорытты. Жас қолбасы Шеуік алдымен сөз бастап:

– Осы жолғы Қарқара ұрысы біз үшін оңай шығын әкелмеді. Ғалдан Бошқтұның даңқ-мәртебесін өсіріп тұрған мықты ақылшысы, қол бастаған батыры Шонжымен қоса бес жарым мың жасақтан айырылды. Мен есейгелі көрмеген сұмдық жоғалту болды. Мына он бес күндік жекпе-жекте таңдамалы батырдан тағы отыздан артығы құлады. Ханымыз Ғалдан бізге деген мол сенім мен бұл жолы тағы екі мың жасақ жіберіп отыр. Бұдан артық қолдау болмас. Егер қолымыздағы осы күшімізді аялай білмей, қазақтың додасына тастап қырғызып алсақ, енді бізге көмекке келер күш жоқ екені белгілі. Қарқарадағы қазаққа арналған он мың түгел майданға кіріп болды. Қалған бар күш Ертіс бойына бізден бұрын аттанып кеткенін бәрің білесің. Орданы қорғаған отыз мыңды қозғау жоңғар қоңтайшасын жауға ұстап бергенмен тең. Ал басқа шептегілер халі бізден де қиын, сондықтан жау ойлаған айланы бізде ойлана отырып, мына Қарқара қазағынан кек алу керек. Әйтпегенде хан алдына қайтып тіріміз деп сүмірейіп барамыз. Есемізді ала алмасақанау Байынқол, Нарынқол, тауларында жабайы аңға айналып кетейік! - деп мың басыларға айбарлана ызғар тастап тоқтады. Жағатси ақыл айтқан мыңбасылар бірінен соң бірі гуілдеп, тауды жаңғырқытқан ашу-ызаға толы кіжінген үндер ет пісірімге жалғасып барып, ақыры жасы елуге тақап қалған қолбасылардың ақылшысы іспетті Ердін атты мыңбасының сөзіне тоқтасты: «Біздің артымызға қайта қайырылмай Лабасыдан асып кеткенімізді көрген қазақ жеңісіне қатты мақтанулы, ілгері-кейін жеңісіне қанағаттанған қазақ бырдай боп кең көсіле бір ұйықтауы баяғыда. Мықты жігіттерден он нешесі

жарым түнге дейін олардың жатқан орнын шолып оралсын. Егер олар бейғам ұйқыда жатқан болса, таң қараңғысымен тыпыр еткізбей басып қалуымыз керек. Түнде бірімізді-біріміз танымай, жаңсақ қару жұмсап алмау үшін барлық жасақ түнгі жорыққа аттанғанда байланатын сары белбеулерін буынсын!» бәрі осыған мақұл боп түн жастана шолғыншы аттандырды.

«Жауымыз бейғам ұйқыда» деп мөлшерлеген жоңғар жігіттері қазақ қолы жатқан жерді нақтап көріп қайтуға асығып, қара жолмен салдыртып келеді. Жарым түннен ауғанда Қарқара өзені бойына қарай еңкейген он шақты адамның ат тұяғының дүрсілімен құлдырлаған құлаққа таныс үндерінен байқап қалған Олжай жігіттері, аттарынан түсіп бұта паналай жыраға тартып тоқтай берді. Әлмерек, Биеке болжалынан кейін мыңбасылармен ақыл қосып, жоңғар жоспарының аржағынан түсіп, Олжай бірнеше жігітті жансыздар жолын тостырған еді. Олардың тіліне қанық Олжай серігінің бірі: «Біз іздеген аңның өзі екен» деді. Ат тұяғының дүрсілінен сезік алып қояды деп әудем жерге бір жігіт қойып, бірінен бірі қара үзіп қалмай аралық тастап, сақтықпен ілесіп отыруды қайталай табыстады.

Жоңғар жақ жансыздары қазақ қолының күндегі мекеніне қанық. Салдырта жуықтап келіп, екі шақырымдай қалғанда қарауылбасы жанына екеуді таңдап ертіп, қалғандарға: «Осы арадан қозғалмай аттан түсіп тұрыңдар!», - деп бұйырды.

Қазақ қолына жарты шақырымдай қабақ үстінен басбағып біраз тұрды. Әр жерден жағылған оттар, от жарығында айнала жатқан адам, әредік-әредік тігілген шатыр, өзенді өрлей быртылдата шөпке бас қойған қалың ат. Бәрі-бәрі ешнәрседен сезік алар емес. «Мыналарға тап берер жау жер бетінде қалмағандай бейбіт күн орнаған екен. Бәлемдер көрермін, тәтті

ұйқыңның әуселесін!», - деп шарлаушы бастығы ызбарлана, ертеңгі жеңістен кейін алатын мол сыйлығы мен қораздана атқа қонды. Кейінгі күтіп қалған топты жолдан іліп алды да, «қалай, орнында ма?», - деп жанына тепендей жетіп жағатси жөн сұраған біреуге: «Жағаңа түкіре бер, ертеңгі жеңіс өзіміздікі. Менің алатын мол сыйлығыма қызыл көздік істеп таласпасаңдар. Бірақ, сендердің де өз тиесілерің бар», - деп қорсылдай күлді.

Олжай бастаған жігіттер бұлардың көңілді қайтқанын анда-мұнда естіліп қалған лепірмелі сөздерінен аңғарғанымен, дәп басар тіл ала алмай ұзақ ілесті. Тұйыққа тақай бере шолғыншының бірі: «Сендер жүре тұрындар мен дәретке отырам», - деп калың бұтаға тарта берді.

Атын жолдастарына қалдырған Олжай екі жігітті соңынан ертіп, сыбыс шығармаған бойдан шолақтонның етегін басынан асыра бүркей, шалбарын тұсамыстата аяғының басына сүйреткен бойдан қақпаннан алған аюдай нәжістен аулақтата бес-алты адым жерге сүйреп барып, жанындағы жолдасы тұтқынның өз тілімен - дыбыс шығарар болсаң, бірақ орамын! - деп қанжарын шұрқылтайына кезене тұрып, - шыныңды айт, бүгін қазақ жасағын бақылауға неге бардыңдар?! Егер жасырмай жауап берсең әзір қоя беремін. Қылдай өтірікке басар болсаң, жаныңды жаһаннамға жолдаймын! - деді. Титтей бұлтарса жанының мына қарулы қазақтан қыр ете түсерін сезген әлгі:

– Тақсыр, бір қасық қанымды қия көріңіз? Егер өтірік айтсам, мына қанжарыңызды жүрегіме ұрыңыз. Бізге қолбасының тапсырған міндеті қазақ жасағының түнгі мекенжайы мен жағдайын барлап келу. Егер бітті қазақ ұйқыда жатса, таң қараңғылығымен лап қойып бірақ басып қалу. Біз барумен сіздерге шабуылдап шықпақшы, - деді тірсегі дір-дір етіп.

Үшеуі біріне-бірі қарасып, мынаның айтқаны шындық дегендей бас изесті. - Бар, ешнәрсе көрмегендей жолдастарыңды қуып жет. Егер бізді көргенінді айтар болсан, өз мықтыларыңның өлім сыйларын ұғынарсың! - деді Олжай. Тұтқын екі қолын маңдайына қойып, тонқандап басын жерге ұра берді. Бұл тұста Олжай бастатқан топ аттарына мініп, асыға бастырып жүріп те кеткен еді.

Олжай батыр бастаған шарлаушылар бас қолбасы жатқан шатырға жоңғарлықтар жайынан мәлімет беруге кіргенде, Әлмерек әлі де ұйықтамаған екен,

– Ей, Олжаймысың? Бәрің аман келдіңдер ме, жағдай қалай?

– Иә, менмін, - деп Олжай бар жағдайды толығымен жеткізді.

Әлмерек, жүзбасы, мыңбасыларды қолма-қол шақырып орналастыру жасап үлгірді.

– Әр жерден оттар жағып, жым-жырт ұйқыда жатқан тыныштық бейнесін жасандар да, осы маңнан төрт-бес шақырым дыбыс алмас аралық тастап шегініңдер. Хангелді, сенің қолың батысқа сырғысын, Олжай, сендер шығысқа тарт. Бірақ, «құрметті қонақ» келер жолға көлденеңдеп, әдепсіздік істеп жүрмендер, - дегенде қолбасылар ду күлді. Биекенің мыңды терістік жақтағы жазыққа алыстанқырап барындар. Бәйсейіт мыңдығы мен қалғанымыз түгел оңтүстік тау баурайына өтейік. Жоңғар қолы біздің жұртты басып қалғанда, Олжай арнаулы адам қой, алау жағып белгі беру сенен. Бірінші жебе тарту кезегін Хангелді мыңдығы жарты ай пішінінде шеп жайып кеп, бұрынғы тәртіп бойынша бірден жебе тартып болумен алау жағып, белгі бере ізіңмен қайт. Екінші жебе тарту кезегі Олжай мыңдығында, үшінші кезек Биекенікі, төртінші де біз жақтағылар. Бәріңде жебе

тартып бола алау жағуды ұмытпандар. Төрт жақтан саулаған жебе жоңғар қолының суқанын алып ию-қию болған кезде, таң саз беріп, бірінді-бірің тану халіне жетерсіңдер. Мен сол кезде оңтүстік тау баурайынан дөңгелектендіре от жағып белгі бергізем. Жауға лап қоя қоршай шабуылға өтіп, Алла қаласа, жандарын жаһаннамға жіберудің қаруын сілтендер. Иә, Алла, ел тынышын алған жоңғарлықтарға зауалыңды жіберіп, елі мен жерін қорғау жолында қан төккен Бәйдібек ұрпағын дарғайында сақтағайсың?! Ал аттан!.. - деді.

Барлаушыларының «өз көзімізбен көрдік» деп жеткізген «сенімді хабары» бойынша қолбасы Шеуік кек қайтармақ, қазақ қолына ақырзаман салмақ болып, бар жайды көріп қайтқан пысықтарының жол бастауымен бес мың қол дабыл қақпай, қаруын салдырлатпай, межелі тұстың айналасын қоршай лап қойды. Сары шүпіректен байланған белбаулары түнде таңы жарқылдай қашқан аңдай қылаңдап барады. Мына шет, ана тұстан қарсыма-қарсы екпіндей шауып келгендер, шақ-шұқ қағысып барып, өз адамы екенін белгісінен тани қойып, қарулы қолдары сылқ етіп, ат мойнын бұра жөнеліп жатты. Кейбір әумесерлер «қорыққан бұрын жұдырықтайды» дегендей, құйындатқан бойдан кеп, ай-шайға қарамай, басын қия шауып домалатып жібергені өз адамы екенін танығанда, жүрегі су етіп, әлдебіреу көріп қалды ма дегендей жалтақтап, топтың екінші шетіне сып беріп, жымып жоғалып жатты...

Жоңғар қолбасылары түн ішінде сонша көп адам ішінен бірін-бірі тауып мына түс көргендей жайға болжам айтып, ақылға келіп болғанша, батыс бүйірден садақ тартқан Хангелді қолы бір жақ шетін дауыл ұрғандай жапырып кетті. Бәрі лап қойып, Хангелді мыңдығының соңынан түспек болуына, ту сырттан келіп суылдаған Олжай жебесі орман шетіне ілінген

құйындай төңкеріп арты жалаңаштанып қалды. Енді сол жақтан Биеке ол қайқая бере бір алау жалт етумен оң жақтан Бәйсейіт жебелері бөденеге шүйілген қырғидай тоз-тозын шығарды. Сардары қайсы, сарбазы қайсы бірін-бірі біліп болмайды. Жығылғанға жұдырық дегендей жас қолбасы Шеуік түнгі барлауға жіберген жасақ бастықтарын шақырып, басын алумен ашу-ызасын таратты.

Таң қызғылт бояу жұтқандай қанға шомыла саз берген тұста, қолбасы Шеуік мың үстіндегі жасағынан айырылып қалғанын аңғарды. Осы кезде оңтүстік төбе басынан дөңгелене от алауы көтерілді. Сол-сол екен жан-жақтан «Таубұзарлап», «Әлмеректеп» ұран салған қазақ қолы есі кетіп, ебі қашқан жоңғар тобын қоршауға ала тап берді. Әншейінде сай-салада кезіккен қазақты жүнше түтіп, қанын судай шашқан жыртқыштардың «қанды-қан жібермейді» дегендей өз істегендері өз бастарына келді...

Зулаған жебеден, қоршай шабуылдаған қанды қырғыннан Шеуік қолбасы үш мыңға жуық жасағының өлермендене қорғаштауымен бесін еңкейе Тәңір тауына қарай үдіре қашып, өзі айтқандай жабайы аңдарға қосылып кеткісі келді ме, әлде ордасынан көмек сұрай бірақ жосып кете ме деп, әйтеуір соңынан түскен ажалдан сейілгендей жан шақырды.

Қазақ даласына тыным бермей әлсін-әлсін аласұра тап берген үйірлі қасқырдай майлы сүбеге дәніккен сұмдарды, тау-таста қан тілеп ұлымастай етіп бірақ жоюға бекінген қазақ батырлары Саржазға еңкейгенше өкшелей қуып барғанда, Әлмерек қолбасы жіберген хабаршылар соғыстан шегіну бұйрығын жеткізіп кілт тоқтатты.

– Әттегені-ай, енді азғана уақыт берсе қалғанын мына Саржазда жатқызар едік! - деп қазақ сарбазы да, сардары да, сандарын соғып кейін қайтты.

Он мың қолмен Шығыс Жетісу өлкесін бірақ жалмамақ дәмемен айдаһардай ысқырына келген жоңғарлықтан үш мыңы аман кетті. Қазақ мыңбасыларымен әйгілі батырлары Әлмерекке қайта-қайта тілек айта кіріп: «Осылар асатын асулар мен жолдарға түгел тосқауыл қойып, көзін бірақ жоялық. Ғалдан Бошқтұға он мың қолдан бірде хабаршы жібермейік», - деп тілек етті. Аз кідіріс жасаған Әлмерек басын шайқап:

– Сабыр сақтандар, бауырларым. Асығыстық-шайтан ісі деген сөз бар. Бес қолды ауызға бірақ салсақ сыймайды. Бас-аяғы жеті мың жасақпен жаудың үш қайта күш толықтыра кірген он мыңнан жеті мыңға жуығын жойдық. Мынау Алланың бізді зор қолдауы. Меніңше қатер біраз сейілгендей. Жоңғар жағы да мына Қарқара қазағын бір таусап жұтып жібере алмасын мөлшерледі. Жеңісті көрген сайын жене береді екеміз деп аптыға обырлансақ болмайды. Біз өз жайымызды де шамалауымыз керек. Адамның бойына біткен әл-қуатының да мөлшері бар. Азаматтарымыз бұйрық берілумен түн ұйқысын төрт бөле тұрып, жаумен қиян-кескі айқасқа барды. Бәріміздің алқымымыздан шырт ұйқыда ала түсіп езіп, тұншықтырып кетпек болған жауымыз мақсатына жете алмай, біз майданнан ықсырдық. Енді тағы жасағымызға тыныстау орайын бермей түн жастана соғыс саламыз, қашқан жауды қуамыз десек, шаршап-шалдыққан ет бауырларымызға аяушылық етпеген, жан ашымастықпен бұйрыққа зорлаған боламыз. Бір сөтке ұйқы көрмей ұрыс салу оңай емес. Ұйқы үйездеткен бауырларымызды әйтеуір жауды алсақ болды деп ажал аузына итермелегендей жеңілдік істемейік. Бүгін түн келістіре отырып бір ұйықтап алсақ адам да, ат та тынығып қалған істі таң

намазынан кейін көрейік, - деп, темірді қызуында соғып жібермек боп ет қызуымен ентелеген сардар да, сарбаз да Әлмерек бұйрығына мақұл боп қазақ қолы Қарқараның Мыңжылқы шеніне қарай сырғып барып демалып қалды.

Жасақ жамбастай ұйқыға кеткенмен, Әлмерек ойында сан арпалыс сапырыла жүйткіп жатты. Қарқарадан сырғи жөнелген жаудың енді жуық арада қайта айнала келіп, тап бере алмасын түннің едәуір уағына дейін ойынан шығара алмай жатқан Әлмерек, мыңбасы, жүзбасылардың түнделете қуғындауын тосқанмен, үш мың жоңғар сол бойы кетсе тағы да күш құрап молая, толығып келе елге тынымдық бермейтіні қиялына тікен боп қадалды. Ертесі күн шыға бар қолбасыны шақыра кеңес құрып, ақырғы келген келісім, негізгі күш шығысты бетке ала баяу сырғып, алдыда кеткен жау жайын барлауға мықты жиырма жігіт Үйсін тауының төте жолдарымен тіке тартып, жоңғарды Суасу кезеңінен Ілеге қарай асырмай бір айқасу бекіміне келісті.

Жоңғар жағы Үйсін тауының оңтүстік күнгейін жағалай беті ашықпен тартты да, түн жастана тоқтамай суыт жүріп отырып, таң шыға баяғы өздері үйір Суасу аузына шатырын тіге тоқтады. Сексенбелден бастап әр жерге он-оннан жау көріне қалса, шартты белгімен хабар жеткізуге қарауыл қойып, қазақтың арт жақтан қуа соғыс салып келуінен қатты сақтанды. Таң атқаннан күн батқанға дейінгі барлауда: «Қауіп-қатер жоқ» дегеннен басқа алабөтен сөз болмай, жоңғар қолбасысы Шеуік мыңбасыларына:

– Жаукуыпкелеқоймас, қырық-елушақырымдаешнәрсе байқалмағанын қарауылшылар жеткізіп тұр. Адам да, ат та осы арада бір сөтке тынықсын. Қарауылшыларды

бір ет асымда бір алмастырып тұрындар. Олар бейғам ұйықтап кетсе біткеніміз қатал тексеруде жалғассын! - деп бұйрық бере, көзі жұмулы, көңілі ояу ойға кетті.

«Апыр-ау Ғалданның Қарқара жағындағы ендігі үміті мен болып, тіпті ордадағы сенімді кісілерінен бір түмен басы шақпағандай мені белгілеп жібергенде қарық қылғаным осы болғаны ма?! Мен – мына үш мың жасақты өлімнен аман қорғап қалдым деп, ордаға шулата бастап бармақпын ба? Менің ол қылығымнан майданда айқасып өлген Шонжыныкі он есе артық ерлік емес пе?! Жоқ, осы қалыппен сүмірейіп ордаға қайтуға болмайды. Қолда үш мың жасақ тұрғанда қайта айналып, Қарқара қазағымен айқасуым керек. Апырмай мына Әлмерек дегеннің біздің ішімізге кіргізіп қойған жансызы бар ма, қалай? Біздің түн жастана мың басы, жүзбасылармен ғана ақылдасып аттандырған шолғыншылар бастығы: «Өз көзімен көрдім, қазақ қолы әр жерден маздата оттар жағып қойып, айнала айқасып ұйықтап жатыр» деп бірінен-бірі өте төндіре сөйлемеп пе еді. Барлаушыдан бірі азғындық істеп, құпиялықты сатты ма десең бәрі түп-түгел. Тегі пәле қайдан?! Енді мыңбасылармен жүзбасыларды ой елегіне өткізе келіп «жоқ бәрі де мүмкін емес...», - деп, тағы бір аунап түсті. Енді зығырданы қайнады. «Ұйқыда жатқан қазақты басып қалу емес, қара басып шу дегенде өз жасағымыз бірін-бірі қылыштап, найзалап кеткенін демеймісің », - деп тістене жатып көзі ілініп кетті...

Әлмерек шолғыншылардан жоңғар қолының Сартаудың күнгеіін жағалап кеткенін естіген соң, қазақ жасағы көзге түспеу үшін Қасаңға іліне тау арасындағы жолмен шығысқа беттетті. Ал, Олжай бастаған жиырма жігіт Сартауды жалдай жау жайын шолуға аттанды. Қырық-елу шақырымда бір рет алған ошарды арнаулы бес жігіт Әлмеректерге жеткізіп тұрмақ. Осылай шолғыншы да, қазақ

жасағы да суыт ілгерілеп кетті. Қонақай аңғарынан өткенде жау қарасының көрінбейтіні, бірақ толассыз жосыған із шығысты бетке алып кеткені хабарланды. Осыдан жарым күн жол басып күн батуға таяғанда Олжайлар түгел кеп қосылды.

Жоңғар қолы, Ғалдан жіберген екі мың жасаққа Шеуіктің үш жарым мыңы қосылған «құтты қонысты» ырым еткендей жайлана шатырын тігіп жатқан нақ хабарын алып келді. Ол араға қазақ жасағының салып ұрып жетіп баруына жиырма шақырым ғана жер қалған. Әлмерек мыңбасыларға:

– Осы арада барлық жасақ аттарын шалдырып, өздері азық-түлігін жеп тынықсын! - деп бұйрық берді.

Енді қалай соғыс салу жайлы мыңбасылармен құрылған кеңесте Әлмерек толғана отырып барып:

– Ал азаматтар, міне жаудың төбесінен түсіппіз. Әлгінде Олжайдың айтуында жоңғар жағы бізді ізімізбен қуа келеді деп межелегендей. Өйткені сонау Сексен белден бастап жиырма-отыз шақырымда төрт-бестен атты жасақ тынымсыз шарлаумен арт жақты қатты бағып тұрғанын Жалқарағай арасымен нақ көріпті. Ал тау арасымен біз келеді деген мөлшер жоқ сияқты. Қалай айқасамыз ақыл қорытайық, - деп тоқтады. Бәрінен жасы үлкен Тағай мыңбасы:

– Түнделете соғыс салсақ, кеше жаудың зәре құттары ұша майданнан сырғи жөнелгенде басып қалсақ болар еді. Бірнешежейде артық тоздырғанды да ескермедіңдер. Енді түнделетіп қайтеміз, ертең біз келдік деп, батырларша кеуде керіп кернейімізді тартып, дабылымызды ұра соғыс салайық, - деп тоқтады. Кеше түнделетіп соғыс салайық та деп айтқан Тағай сөзінде, «үлкендігіме құрмет қып түнде соғыс салмадыңдар» деген өкпе жатқаны аңғарылғандай еді.

Осындайда бүкпелемей төтесінен кететін Биеке:

– Тағай аға, мынау ел басына күн туған соғыс кезі ғой. Төрге жасына қарай отырар бейбіт күн әлі амандық болса алда жалғасып жатар. Сізді, бәріміз төбедей ғып төрге отырғызып күтіп алайық. Ал, енді әділіне келсек кеше жауды түн жамыла қуа соғыс салмағанымыз дұрыс болды. Ашынған жау қарап өлгенше, жастығымды ала жатайын дері сөзсіз еді. Онда біздің ысылмаған жас жігіттеріміздің талайы обалды қырылып кетер еді. «Тура сөйлеген туғанға жақпайды» деген сөз бар, мен шынына көшсем, кешегі Әлмерек қолбасының орналастыруы тура болды. Енді оны ауызға алып отырмай мына бүгінгі жұмысқа ерекше ойланатын тұста тұрмыз, - деп тоқтады. Биеке сөзін іле жөнелген Хангелді:

– Меніңше таң қараңғысында дәп өздерінің біздің жұртымызға тап берген уағында шабуылға өтейік, - дегенде бәрі ду күліп кетті. Сөзін қайта жалғаған Хангелді,

– Оған дейін әрбір жасақ аттарының арқанын жамбастарына баса жатып, өздері де мызғап демалсын. Жол басып қарлығып келген аттары да тынығып тойынып алсын. Тағай аға, наз ғып отыр ғой. Жоңғар дабыл қаға, соғыссаң «бері кел» деген жаймен келмедік олар қашты, біз қудық. Егер ашық майдандасар болсақ беті ашықпен соңынан түспей, неге қиын тау асуларын таңдадық. Олжай бастаған шолғыншылар қаншама қиындықпен жота жолды басты. Ендеше қашқан жаумен қалқалана келіп, түн жастана соғыс салудың айыбы жоқ, -деп тоқтаумен отырған мыңбасылардың барлығы: «Хангелдінің сөзі жүйелі, бәріміздің ойымыздан шықты»деп дүр етті. Енді Әлмерек кідіріп отырмай:

– Болды бүгінгі кеңесте Хангелдінің айтқаны қорытынды болсын! Бүкіл жасақ тынықсын. Таң қараңғысында белгі берілумен атқа қонатындай мықты

дайындықтарында көріп алсын! - деді. Сөз бітті. Бүгін түн от жағуға тиым салынған. Бәрі де бір күнге ыстық ішпей шыдап, ала жүрген азықтарын жеп, шай орнына суық су ішіп, ертең соғыс қамына қажетті заттарын реттей бір шай қайнатым абыр-сабырдан кейін жасақ мыңдықтар, жүздіктер бойынша бұйрық берілумен қозғалып кетуге қолайлы болу үшін бөлек-бөлек демалып қалды...

Жоңғар шолғыншылары әлсін-әлі кеп: «Жуық арада төне қояр жау жоқ», - деп мәлімет бергенімен бас қолбасы Шеуік тып-тыныш, жым-жырттықтан сескенгендей жүрегі ала қыза берді. Ол кеште мыңбасыларға: «Жуық арада жау жоқ дегенге бейғам боп қалмаңдар. Мына Әлмерек бастаған қазақ қолы бір емес, бірнеше кезек жұдырығымызды тасқа ұрғыза қатты отырғызды. Олар бізді жіберіп қойып тыныш жатпайды. Аттар күндіз әбден тойынды, арқанын жамбастарына баса сақ жатсын! Өздерінде тондарыңды бастарыңа бүркемей сергек болыңдар!», -деп бұйырған. Қолбасының сақтық сөзі талайды сергітсе, талайын селтендетіп жарым түн ауғанша ұйқылары келмей, кекілік пен шілдің сыбдырынан да шошына қарғып тұрып, талайға дейін жүрек дүрсілін баса алмай жатушылар да болды. Жарым түн ауғаннан кейін ұйқы да қыстап, енді келе қояр пәле жоқ деген көңіл күйде үйездетіп, айналаны тыныштық қымтай бәрі де жым-жырт ұйқыға кетті.

Олжайдың жол бастауымен белгіленген уақытта атқа қонған қазақ жасағы жау тобына жарты шақырымнан да жуық тақай келіп,

– Бәйдібек, Бәйдібек!

– Таубұзар, Таубұзар!

– Әлмерек, Әлмерек! - деп ұрандай ат қойып, кіріп кетті.

Әбден үрейлерін алған қазақтың өктем үні

шырт ұйқыда жатқан жоңғар жасағын қойға қасқыр шапқаннан бетер қатты шошытты. Тіпті бас қолбасы Шеуіктің өзі оң аяғына киер етігін сол аяғына сұға есі кетіп, дегбірі қаша тыпыршыды. Әрбір мыңбасының аттарын атай: «Атқа қон! Айқас! Шапшаң қимылда!», - дей жүріп, атқосшыларының дайындаған атына зорға мініп үлгірді.

Аяқастынан тау-тасты жаңғырықтырған екпінді айғай бес мың адамның жер тітіреткен шабысынан мінезі жаман аттар жамбасқа басып жатқан арқанмен иесін көтере тастап, қырға қарай ойнап шыға келгені каншама? Кейбіреуінің аттары дүбірде ер салдырмай амалсыз жайдақ міне шапқандары да болды. Дегенмен, талай істі бастарынан өткерген, түн жастанған жаттығуда піскен басым көбі аттарын ерттеп, айқасқа өте берді. Ажалы жеткен талайы атына мініп үлгірмей қазақ қылышкерлерінің бір-бір сүйкеуінде-ақ шөгіп қалды. Шай қайнатым өте тірі қалған жоңғар жасағы түгел атүсті айқасқа араласты. Таң қараңғысында қазақ жағы бірін-бірі парықтау үшін оң білектеріне ақ шүперек байланды. Мына белгіден өздері ғана емес жоңғар жағы да жауларын аңғарып үлгірді.

Айқас сай аузына қарай ендеп кеңі түсті. Қазақтың саны бұл рет жоңғар жағынан басым, әрі тұйықсыз келгендіктен, Әлмерек қолы қарсы жақ қамданып болғанша мыңның үстіндегі жоңғарлыққа қырғын салып жіберді. Неше кезекті қазақ шабуылынан сужүрек болып қалған қорқақтары жаяу-жалпы, жайдақ аттармен сайды құлдай зеңіп бергені де болды.

Мынау қоян-қолтықта екі жақтың да оңтайлы деп ұстаған қаруы қылыш, айбалта, шоқпар. Бір жерде өз жасағына дем бере айғайлай жауын оңды-солды домалата Әлмерек жүрсе, енді бір жерде ақыра айбаттанып жауын арт-артынан шаң қаптырып, Биеке

жүр. Хангелдінің қылыш сүйкеуі тіпті ерек, жауын жан-жағына бауша түсіруде. Енді бір жерде епті де шапшаң Олжай шоқпары әлсін-әлі қарсыласының бірде қарағұсынан, бірде құлақ түбінен отыра ат сауырына құлап қап жатты. Тағайдың құшырлана қару сілтеуі өз даралығымен көзге түседі. Енді ол өз інілеріне өкпе-назын жауына түйілген кекті ашуға айырбастап алғандай. Қарсы келген тұсын қурайша жапырып жүр. Әлмеректен мүшел жас үлкен Төлестің Бәйсейітінің қару жұмсауымен қарсыласын алуы басқаларға ұқсамаған бір қырынан көрінеді. Ол кезіккенін онды-солды сүйкеп өтпей ішінен етті семізін талдаған қасапшыдай аспай-саспай ең шойтабандарын іздей жүріп айқасуда. Кейде сан сапырылыс, айқас үстіндегілерге қарап тұрып барып, өз бауырласына басым кеп бара жатқанға бастырта барып бір сілтеуден арылтпай көздегеннің басын қағып жіберді.

Осылай бар зейін-зердесі қарсы жағына ауған Бәйсейіт батыр өзінің ту сыртынан тістерін баса қадаулы жаудың сұмдық айла ойлап, өзіне тақай уға суғарылған жебені қадамақ боп кеп қалғанын аңғармаған еді. Жоңғар мергеннің Бәйсейітті қарауылға ала садақ адырнасына қондырған жебені кере тартқан қатерлі қалпын анандайда көзі шалған Биеке:

– Бәйсейіт аға!..Артыңызда жебе!.. - деп болғанша анау ысқырынта жіберіп қалды. Батырдың қару сілтеп жүрген оң қолының көтерілуіне тақыр қолтықтан көзеген жебе мықты сауытты тесе бойлап кетпегенмен денесін дүр еткізе қан сорғыш маса құсап, жармаса қалды. Бәйсейіт батыр басқалар көмекке жеткенше екі елідей кіріп кеткен жебені күшпен суырып тастады. Жоңғар мергені жіберіп қалуына жетіп үлгірген Биеке, оның басын алмас қылышпен қия шауып домалатып жібергенін, жебе шаншыла қадалғанда жалт қараған

Бәйсейіттің көзі шалып қалды. Қолындағы садағын арбаң еткізе аттан құлай берді. Енді басқаға бұрылмаған Биеке ентелей Бәйсейітке жетіп:

– Аға, жарақатыңыз ауыр ма? Қай жеріңізге дарыды? Еппен алатын нәрсені өзіңіз суырып тастағаныңыз не? - деп еді ешнәрсе болмағандай ақсия күлген Бәйсейіт,

– Ой, тәйір қойшы! Сол бір тікен үшін де елдің көмегі керек пе, құдай сақтасын, ешнәрсе етпес, - деді.

– Сәл қарауға болмайды аға. Жай жебе болса ғой өзіңіз айтқандай ешнәрсе етпес, егер басқадай сұмдығы болса қиын болады. Шетке тартыңыз әлгі емсекті тауып, жарақатыңызды тазарттырып ем-дом жасатайық, - деп еді Бәйсейіт,

– Ой шырағым, қойшы тышқан артын көріп жаралы болды дегендей, бір тал қурайдың сызып кеткеніне Бәйсейіт жараланыпты, емсек таңыпты, алай екен, балай екенді не қыламыз, - деп көңісі келмеп еді, Биеке тіпті ұнамай, былайырақ ертіп шыға емсекті де таптырып, жарасын жудырып тазалатып ем-дом жасатып таңғызды. Талайдан мұндай улы жебе зардабын көп көрген тәжірибелі емсек:

– Жебе ішке дарымаған, бірақ, ашығын айтпасам болмас. Мына сұмның жебесі уға суғарылған екен. Енді қатты қимылға келіп, соғысқа кіруге болмайды. Төрт-бес мықты жігіт қосып ауылға дереу қайту керек. Дәрі-дәрмекті аямай істеттім. Жұлдыз толғаннан өтсе аман калар, - деді.

Осындай істің талайын көрген Биекенің өңі қуқыл тартып, ағасына жалтақтай қарай берді. Мына сөз Бәйсейітке жебе тиген мезгілдегіден, тіпті өзі жебені суырып алып тастағаннан да ауыр тиіп жүрегін дүр еткізе шошындырды.

Жағдайдан хабар тапқан Әлмерек Биекенің өзін бас

етіп, үш-төрт жігітті арнаулы іріктеп алып, Бәйсейітті дереу ауылға қайтарды. Бесін еңкейе Сарбастауға ілінді. Бірақ, Бәйсейіт батыр атқа өбектеп жүруден қалды. Биеке жігіттерге екі сырғи кестіріп келіп, жуас екі атқа арса ағаш байлатып, арқанмен ортасын торлап сар шөптен салып алып жүрді. Ымырт үйіріле Қақпақ басындағы ауылға ілінгенде, Бәйсейіт ауылдағы үлкен-кіші, бала-шағасымен қинала отырып, бақылдасуға дәрмені зорға жетіп, емсек айтқандай жұлдыз тола жантәсілім болды. Айқасқанын алмай тынбайтын қайран ер елін, жерін қорғау айқасы үстінде небір жоңғар алыптарын жер жастандыра келіп, бетбе-беттен құламай, ту сыртынан жасырына келген жесір жебеден ажалы жетті.

Әкесі Төлес, анасы Әйтолым құлынымдап, Биеке ағалап, бауырымдап басып қалды. Артында қалған асыл жары, жап-жас балалары ботадай боздап, дүние қызығы бір күнгідей болмай шулап-шұрқырап қала берді. Тек өз жан ұясындағылар емес, Бәйсейіт қазасына айналадағы бар қазақтың естияр баласынан еңкейген кәрісіне дейін күйзелмеген, күңіренбегені жоқ...

Енді Төлес бәрінен бұрын боркемік босаудан өзін тез тоқтатты. Ол енді: «Ұрыста баласы өлген мен ғана ма? Мен егіле күйресем, кеше өзім тоқтау айтып өксігін басқан қаралы жандар не болмақ, не демек? Қашанда Алланың ақ өлімі бар ғой. Менен туған Бәйсейіттің қазақтың елі мен жерін қорғаған ұрыста шаһит болуы ұлы іс емес пе?», - деген бекімге келді. Бәйсейітке жармасқан анасы Айтолымды, інісі Биекені және келіні мен немерелеріне тоқтау ақылын айтып:

– Жылау, жоқтаудың да жөні бар. Енді Бәйсейіттің кеудесіне асыла көз жастарыңды көлдеткенді қойыңдар. Ана көз жастарың мәйітке аса ауыр келеді, - деп тоқтатып, Бәйсейіттің отауын оңашалап, өзі құралпы бірнешеуіне мейрам суын бергізіп, қазақтың өлім

ұзатудағы өтейтін бар жоралғысын тәптіштей отырып орналастырып шықты. Сүйекті шиға алып, шымылдықты түсіртіп қойғаннан кейін,

– Ал, енді әйелдер үйде отырып, ерлер сыртта таяқ ұстап жыландар, жылағанда құр айғай, құр ойбайынды қойыңдар. Бәйсейітімнің ерекшелігін жоқтауларыңа қосып отырып, ел рас-ау, осылай еді-ау дейтіндей, арысымның бар қылығын халқы егіле еске алатындай етіп жыландар. Жыла десе тоқтамай өкіре бер дегендік емес, ел-жұртың басу-тоқтау айтқанда көп құрметін ескеріп тоқтауың керек. Бұрын келмегендер дауыс шығарып келгенде, бір айтқанды қайталай бермей жоқтау шыңның айтылмаған қылықтарын дауысқа қоса зар-мұңды ағытыңдар. Осылай жоқтау әдетке айналсын. Мен өлгенде осылай жылайсыңдар, -деп тоқтады Төлес. Батыр қарттың мына әңгімесі албан сахарасында өлгенде жоқтаудың үлгісі сияқтанып, көрінген жердегі «көр ойбай, жер ойбайды» ретке түсіріп жібергендей болды...

Енді Төлес жан-жаққа өлім ұзататын уақытты нақтап ұқтырып хабаршы аттандырды. Айналадағы ел ғана емес, майданда ұрыс салып жатқан қазақтың қалың жасағына дейін хабаршы кетті. Төлестің Бәйсейітінің майданда қайтыс болған хабарын ұлы сәске шенінде естіген Сүйіндік би мен Сырымбет батыр бүкіл ауылының үлкен-кішісін бастап, бірақ келді. Жау табанында қалып қоймау үшін тау-таудың биік бастарымен берік шатқалдарын паналап ел жайын ұғысуға кеткен Сүйіндіктің ұлы Құдайназар бастаған топтан басқасы түгел жетті. Барынша қатал қайратқа басып алған Төлес екі замандасын көргенде, «құлыным дап» өзін ұстай алмай, қай-қайдағыны айтып өкірді. Бала-шағасына айтқан тоқтау, ақыл, булыққан өксік қысқанда әдіра қалып, жылаудың соңы талықсуға

соқты. Екі қарт қатарынан ұмтыла келіп Төлестің омырауын ағыттырып, су бүркіп есін жиған соң оңаша үйге тыныстатып, демалысы қалпына келген соң Сүйіндік би:

– Ой, Төлес батыр, Бәйсейіт бір сенің ғана ұлың емес, бәріміздің ұлымыз, тіпті Қарқара қазағының ардақтысы емес пе?! Халқын қорғау жолында қаза тапты, жан-тәнімен туған топырағын қорғады. Артына өшпес өнеге, мақтан етерлік із қалдырды. Сені қазақтың Төлес батыры,-дейді. Төлестің қаны кеудесінде тулаған ұлының майданда құрбан болуы даңқ қой. Елі мен жерін қорғау жолында қайсы қазақтың ұлы өлмей жатыр. Өзің қаншама әкемен шешеге тоқтау, ақылыңды айттың? Сондағы елге айтқаныңды өз басына күн туғанда ұмытасың ба? Сен әйтеуір алдыға келген астың алдын алуды ғана білетін шалдың бірі емессің ғой.

Қанаты бүтін сұңқар қайда,
Тұяғы бүтін тұлпар қайда?
Қара емес күні бітсе ханда өтеді,
Жазмышқа қарсы келер бар ма айла?!
Енді егілме, Төлесім қату болғын,
Қабырғасын сөгілтпе, қалың елдің.
Талайлардың көз жасын тыйған кеше.
Ақылыңның тұғырына қайта қонғын, -

деп тоқтағанда замандасының жоқтауымен тоқтауы әлгінде ғана дене салмағын көтере алмағандай қалт-қалт еткен буын-буынын бекітіп жібергендей болды. «Үһ!»деп, бір тыныстап кеудесін босатты да, енді қатты бекіп алды. Бар өксігі әлгінде екі замандасы келгенде, бірақ шығып кектенбе, енді таяқ ұстап жылаушылардан бөлектеу сүйек қойылған үй іргесіне тақай қойылған отырғышқа тізе бүгіп, ат қоя дауыс шығарып, көңіл айта

келгендерге бас шұлғи ықылас білдіргенмен, көзіне жас алмады. Қамыққан қайғысын қантардың шытқыл аязы, әлсін-әлі кең тына алған деміне түйдек-түйдек қып алыстарға әкетіп жатты.

Бесін еңкейген кезде майданнан Әлмерек бастаған жүзге жуығы бір шақырымнан ауылға ат қоя шапты. «Ой бауырымдаған», «асқар бел, айбынды батырым!», «қыршын кеткен арысым!», - деген үндер айналаны басына көтере, төбе құйқаны шымырлата жақындай түсті. Хангелді мен Олжай майдандағы ұрысты басқарып қалыпты да, қалған жасы үлкені бірақ келіпті. Ұлының қатарындағы азаматтар келіп құшақтай көріскенде, Төлес тағы да өзін тоқтата алмай өкіріп кетті. Бірақ, әлгінде Сүйіндік пен Сырымбетті көргендегідей өзін тастап құлап кетпеді. Барлығы сабыр сақтауға шақырып тоқтау айтқанда, өзін тоқтатып алды.

Енді Тәңір тауының батыс шетінен күн ұясына арқан бойы қалғанда бір көлемді топ көрінді. Бұлар бірден-бірге Бәйсейіт қазасын естіп жеткен Құдайназар тобы мен тау паналаған шет ауылдар шоғыры еді. Құдайназар Бәйсейіттің ел қорғау жолындағы қайтпас батырлығы, халқына камқор, жолдас-жорасына адалдығы, арманда жас кеткендігін жоқтауына қоса мол айтты... Бәйсейіттің жақын-жуығы ғана емес, Құдайназардың жоқтауына жыламаған, босамаған адам жоқ дерлік еді. Жылаулар тоқтаған әлден уақытта Сүйіндік би Төлес пен Сырымбетті, Әлмерек пен Биекені өз ұлы Құдайназарды айырым шақырып алып:

– Бәйсейітке дауыс айтылсын, дауыс айтуды жылына дейін жалғау керек. Құдайназар сен дауысты дайындайсың. Бүгін келетіндер кеш боп қалды, сиреп қалғандай. Күтіп алуға қалғандары да толық жетеді. Сен әзірден бастап, анау бір оңаша шет үйге барып дауыс жаз. Ауылдағы өлең сөзге реті бар қагілез қыз-

келіндер ана Бәйсейіттің келіншегімен бірге бүгін түн үйренсін. Ертең ел жиылғанша едәуір айту керек. Бәйсейіттың өмірін, ерлігін, ел қорғау жолында қаза тапқан жайын жақсылап қос. Қалған кемтамасын жүре-жүре толықтаймыз, -деп тоқтады.

Сүйіндіктің әңгімесін Төлес те, Сырымбет те разы бола құптады. Әлмерек бастаған жастар жағы да қатты құрметпен тыңдап, Құдайназардың ерекше күш шығаруына дем беріп: «Расында бүгін кеш алдымен оңашалай толғанып шағарып ал. Сүйіндік би айтқандай Бәйсейіт ерекшелігі толық қамтылсын. Сен дайындап болған соң бізде бір тыңдап одан соң есте сақтауы мықты айтқыштарды Бәйсейіттің әйеліне қоса ертіп келейік, -деді. Сөз бітті. Аз кідіре қалған Құдайназар:

– Бәйсейіттің ерекшелігін бірге ақылдассақ, Әлмерек сенде бірге болшы? - деумен жабыла қолдап кетті. Әлмерек пен Құдайназар оңаша шеттегі үйге тартты.

Салт бойынша таң шыға дауыс шығаруда, сырттағы жылғаулар тоқтай бере, жиырма неше шумақтан тұратын Бәйсейітті жоқтау даусы басталумен адам емес күллі тау-тас, апайтөс дала, сыңсыған қалың орман, арқыраған асау өзен тынып тыңдап қалғандай еді...

Елдің бас-аяғының толық жиналып келуін күте сүйек бір күн сақталып, екінші күні арулап жаназа намазын аяқтай мыңға жуық жамағат шығарып салды. Хабарды кешіге естіп жерлеуге үлгіре алмағандар, толассыз ат қойып бірінен соң бірі дауыс шығарып кеп жатты. Олардың жоқтауы, жылауы аяқтай, бес-алты жас әйел бірлікте аса бір мұңлы мақам мен күңіренге дауысты бастай жөнелді. Алыс-жуықтан келгендердің барлығы: «Ой шіркін, Бәйсейіттің әйелі бастап айтып отырған даусы-ай, батырдың бүкіл өмірі түгел елес беріп өтеді екен. Дауысты естіп отырсаң, Бәйсейіт

өлмеген жанында тірі жүргендей сезінеді екенсің», - десе, енді біреулері: «Шіркін дауысты қандай адам үйретті екен. Өлгеннің артында мынандай жоқтауды көрмеген екеміз», - деп әңгіме етісіп жүрді. Осылай Бәйсейітке айтылған дауыс барған сайын кемелдене, толықтырыла жыл уағына дейін жалғасты. Кейінде қайтыс болған әлдекімге дауыс шығару тура келсе, «Бәйсейіттің даусындай болсын» деп үлгі-өнеге етіліп жүрді. Осыдан кейін ел ардақтыларының өлімінде дауыс айту әдетке айналды.

Әлмерек бастаған топ Бәйсейітті жерлеуге қатысып қайтқаннан кейін майданға жауапты болып қалған қолбасылардан Хангелді, Олжай бастаған бір топ орнына келіп Құран оқып, көңіл айтып қайтты. Мына жақта жоңғармен соғыс жалғасып жатса, Бәйсейіттің орнына келе алмағандарда кезек пен кезек толассыз келіп-кетіп тұрды. Міне, осылай Бәйсейіт батырда ел қорғау жолында мезгілсіз дүниеден өтіп, артқы жұмысын көпті көрген ел ағалары ерекше қастерлеп өткізіп келесі жылдың қарашасында жылын беріп, туын жықты.

Шеуік – Суасу асып, жоңғар ордасына кетуге неше кезек ұмтылса да олай асатын жолдардың бәрін Әлмерек қолы тосып қалып, жол білетін қарт мыңбасы Ердіңнің бастауымен Көксудың басына өрлеп, мықты бекініс алып қыстап қалды. Қойша өрген таудың аңдарын азық етіп, жасақтары қыста жапан тауда қоршауда қалғандай емес, қара қоңырлана беттері жалтырап, аттары да қунақ мықты шықты. Қазақ қолы өрлей қуғындауға баяғы арқарлы басынан құлаған тас, қолайлы жаққа қарсыласы өткен соң енді өз бастарына жамырайтынын аңғарып, жау қашып құтылар сай аузы мен кезеңшелерде қылт еткенін жебемен домалатып, көктем жуықтағанша бұқтырып ұстады. Сойыстық мал тақа таусылып, басқа

жақтардан азық келетін жолдардың бәрі тосылып қалды. Арық аң етіне күні қараған жоңғар жасағының көбі іш өту ауруынан қырылып кетті. Қар толық кетіп, тау жолы ашылғанда қазақ қоршауынан іріктелген аттары мықты бес жүз жасақпен Шеуік шығысты бетке ала өліп-талып жүріп қоршаудан қашып құтылды. Жұлдызға жете солтүстікке ойыса күнді-түнге жалғап тоқтаусыз жол басып, қазақ қуғынынан құтылды-ау дегенде ат пен адам жайына қарап, демала-демала сырғыды. Мықты жол бастаушылардың көмегімен азық-түлік үшін кейде ел шетін соға талайды шырылдата тонаушылыққа барып, азық-түлігін тартып ала елсізбен ұзақ-ұзақ жолдар басты. Елірген ашумен жабайы аңдарға қосыла аң боп кету қайда, тіпті аңдардың қалжаурап әлі кеткенінен басқа қондысы суылдаған жебемен өздеріне аранын ашқан адамзаттан шошына, жыртылып айырылатын қонысынан безініп, бел асып кете барды. Тағы да сол дәнiккен әдетін қайталап жол-жөнекей кезiккеннiң аузындағысына жармаса, өлмес тiк бiрдеме көн қоржындарына түсе, ендi бiреудiң бүйiрден соға домалатып кетуiнен шошынған бұралқы итше зеңiп кетедi. Адамы да, мiнiс аттары да әбден қалжыраған қашқын топ, мандытып ұзақ жол баса алмай әдетте бiр күн басатын жолды үш күн, тiптi таулы адырда бiр апта сарпалдаң бола жүрiп, жолдасының көбi жол бойы қырылып, сүлдесiн сүйреткен Шеуiк елiнiң шетiне iлiндi.

Әлмерек жоңғардың пысық қолбасысы Шеуік шептен тайған соң, қазақ қолының жүзбасыдан жоғары қолбасыларын түгел шақырды. Сүйіндік би және Сырымбет пен Төлес сынды қарт батырларды ішке алған ерекше кеңес өтті.

Бүгін алғашқы сөзді Әлмерек алып:

– Барлық ел ағалары, сардар батырларым, Шонжы

қол бастап кірген кейінгі екі жылдық ұрыста, жоңғардың тоғыз жарым мың жасағының көзін жойдық. Бізде екі мың азаматымыздан айырылды. Жандары жаннатта болмай. Жау шығынымен салыстырғанда, Аллаға шүкірлік етер іс. Әділетті соғысымызды Алла қолдады. Жауды майданнан тайдырдық. Шеуік бастаған біруыс қашқын топ, тау айналған тасаланумен бір ай жол басып қоңтайшасы Ғалданның алдына наурыздың аяғында ілінеді. Көктемнің лайсаңында қайтарма шабуылға өтетін Ғалдан ақымақ емес. Жаздың ыстығы басылып күзде, тіпті бірер жыл өткенде, ұмыттыра барып мол дайындықпен өш алуы ғажап емес. Ондағы қайта тап беру бұрынғыдан неше есе басым болады.

Қазақ атаулыны жою үшін жоңғар қоңтайшасы Ғалдан асыл заттарын артынып, үйір-үйір жылқысын айдап алдына барса Ресей тастай салмақ көне зеңбіректерін топ-тобымен беруі анық. Біздің ендігі соғысқа дайындалуда соған төтеп беру жағы да ескерілу керек.

Біздің жасақтарымыздың толассыз соғысқа қатысқанына алдына жеті жыл, артына екі жыл болды. Оңай алысу емес. Биеке екеуміз он сегізіміз де жасаққа қатысқан едік, жеті жылдық жастық көктемді артқа тастап, жиырма беске шықтық. Бәрінде өздерінді ойлаңдаршы? Ұрыс басталғанның үшінші жылы он алты жасында келіп қосылған Хангелді жиырмадағы «келсең-келдің» батыры, айтулы қолбасымыздың бірі болды. Жоңғарлықтар екі мыңға жуық жастың жанын, тірі қалғанымыздың шіркін-ай, жастық шығымызды жалмады. Бірақ, аққан қан төккен тер бекер кетпеді. Жоңғардың десін бір қайтардық.

Енді жау жайын болжағанда бір мезгіл тыныстау болмақ. Осы кезде жасағымыз да үйін, ата-анасын, бала-шағасын көріп, белін жазып, жыртығын бүтіндеп

тыныстасын. Бірақ, бір мыңдық бір айдан ел шетін күзетеді. Осы орайда жасақты жастармен толықтыру және жаттықтыруды барынша мықты игеру керек. Егер жау қайта күш жиып шұғыл тап бере қалса, барлық мыңдық жасағын жиып Хангелдінің басшылығында жаңа шайқасты күту керек, - деп тоқтағанда, “өзің қайда барасың” дегендей аңыра қалды. Сұраулы жанарлардың жауабы ретінде сөзін қайта сабақтаған Әлмерек бас қолбасы бәрін айнала шолып өтіп:

– Бүгінгі ақылдасар істің ең келелісі ұзақтан бері Сүйіндік би мен маған албанның атқа мінер азаматтарының тынбай айтып келе жатқан бір тілегі бар. Ол – соғыстың ұзағырақ толастау сәтінде қазақтың хан ордасына елбасы, қолбасылардан бірнешеуің жол алып, Төле биге, реті түсіп жатса Тәуке ханға жолығып, Шығыс Жетісудағы ел жайын, жоңғармен соғыс жайын өз ауыздарыңмен айтып, ортақ жауға бүкіл қазақ бірігіп қарсы тұрсақ дейтін өз тілегіңді жеткізсеңдер дей беретін. Осы бір ұлы да ұлағатты істің реті енді келгендей, - деп тоқтағанда, Сүйіндік би, Сырымбет пен Төлес, Биеке мен Хангелді, басқада жүзбасы, мың басылар дүр етіп қолдап кетті.

Осы кезде жас Хангелді суырыла сөйлеп:

– Әлмерек қолбасы, айтқандарыңыз жүйелі, қазақтың ертеңгі тағдырына қатысты орналастыру болды. Артқы істен алаңсыз болыңыздар. Шығыс Жетісу қазағының тау-тасты аңша паналаған қиын халін жеткізіндер.

Енді көп ұзамай жолға шығу керек. Меніңше, Сүйіндік би, Биеке батыр үшеуіңіз баруға лайықты. Мыңдықтар ішінен жол жайына қанық жүз жігітті біз дайындаймыз, - деп тоқтағанда, барлығы Хангелді ойын селкеусіз құп көрді. Осымен соңғы кім бардыға Хангелді сөзі тиянақ болып, әзірлік басталып та кетті.

Артқы жұмысқа Хангелді жауапты болып, Сырымбет пен Төлес ел басқару жұмыстарына ие болды. Ал жоңғардың атпен сүйрете жүріп ататын зеңбіректері келе қалғандай болса, көзін жоятын мың жасақты тәрбиелеуге Олжай жауапты болды.

Жоңғардың майданнан қашып, қазақтың соғыстан әредік тыныстау сәтінде Сүйіндік пен Әлмерек және Биекенің Қарқара маңындағы қазақтың хал-жайын таныстырып, Тәуке хан мен Төле бидің қасына баратын хабар әр ауылға жеткенде, жұрт ерекше құптап бұның өзін мақтаныш сезінді. Десе де бес қол бірдей емес деген сол шығар, енді біреулер “қазақты да басқаратын хан бар екен-ау”, - деп ғажаптанса, тағы біреулер «ол хан мына Қарқара қазағын біле ме екен?», - деп тамсанды.

Артқы жұмыс алаңсыз орналастырылып, енді сапарға шығатындар жұмысы барынша ойластырылды. Қорғау міндетін үстіне алатын жүз жігіт қару өнеріндегі шеберлігімен бірге көшіп қонудағы самдағайлығы, тағы басқа да ерекшелігіне қарай талдап алынды. Мінер ат, жүк артар көлікке дейін жол-жөнекей қиындық көрместей сұрыпталды. Тіпті Сүйіндік би жаттық жолда мінетін күймені арнаулы шебер алдыра отырып жасатты. Қажетті кезде құрастыра салатын, ал таулы, адырлы жолы жайсыз жерге келгенде, жинастырып жіберіп, бір атқа ғана артып жүріп кетердей аса қолайлы болды. Жүз елуге жуық ат-көлікті бірнеше кезек тағалауға жететін таға-шеге, ат тағалайтын ұсталарға дейін “керуеншілер” қатарынан орын алды. Ел шетінен ұзап шыға сауда керуенінше жабдынып жол жүруге жалпы жағдайды ыңғайлады. Ұзақ сапарға аттанар мезгіл тұрақтана, бір жағы жоңғарды туған жер топырағынан бір рет тазалап шыққан жеңісті құттықтап, енді бір жағынан ұзақ сапарға аттанушыларға ақ жол тілеп Сүйіндік ауылының үстінде құдай жолына арнап

мал сойылып, ас берілді. Барлар біреу ірі қарасын әкеп сойса, енді біреулер қойын әкеп сойып жатыр. Бауырсақ, шелпектерін дастарқанына салып, бір ауыл енді бір ауылдың дастарқанынан ас ауыз тиіп, аруақтарға құран бағыштаулар тынбай жалғасты. Енді бір тобы кедей-кепшік, жетім-жесірге жылқы, сиыр, қой қатарлы малдардан құдайы садақа таратып, ықылас батасын алып жатты. Қолында жоқтар бата-дұғаның ішінде болып көп қуанышы, көп тілеуімен ортақтасты. Халық бүгін ерекше көңілді. Бір-біріне құтты болсын айта майрағайда-тайрағай. Жол жүрушілерге амандық ақ жол тілескен лепірулі көңіл күйде той күнгідей сапырылысты.

II. Сәті түскен сапар

Наурызда Қарқара атырабында жол бойлары жай бусанғанымен бүкіл дала ақ көрпесін қымтанып, қыс бейнесін қиғысы келмей жатыр. Бұл кезде Сөгеті, Шелектен әрі ауа райы өзгеше көктем лебі есіп бірте-бірте күн жылынып кетері анық. «Қарқарадан көк шыға аттанамыз деп мамырды күтіп жата берсек, ыстыққа ұрынып жол жүру қиын болады», - деп ойласқан үлкендер ұсынысы бойынша, Әлмерек пен Биеке де осы наурызда-ақ жолға шықпаққа бекісті. Қарақыстақтан өткенше аттарды аштан бұралттырмай туыс-туған, жегжат-жұрағатты жағалай бөліне қонып жүріп отырды. Сауда керуенінше жасанған жүзден артық Қарқара қазағын әйгілі Алатау Шынтақ асуына¹ дейін қатардағы жүйріктей қос аяқтай жарыса ұзатып кеп, «енді сенің сапарласың анау» дегендей иек көтеріп, өзі Балқашқа қарай жатағандай кілт бұрылып, қол бұлғай артта қалды. Жанасалай сүйкеп кеп қосылған қырғыз Алатауы көкжиекті көмкере сағым ойнап бірде алыстап, бірде жақындап жарысып келеді. Басып өткен өзен, асып өткен кезең, тау-дала беттерінің бәрінде бабаларымыздың елі мен жерін қорғап жаумен қанды қырғын салған іздері жосылып жатыр.

Әулиеатаның батысына өте сонау Қызылордаға дейін көсіліп жатқан Қаратауға ілінді. Әлмисақтан бері бірде қазақ, бірде қалмаққа кеудесін төсеген

¹ Шынтақ асу - Кейін Қордай асуы атанған өңір.

жатағандау Қаратау қойнауларында бабаларымыз жоңғарлықтармен жұлқысып жатқандай бір сезім Әлмерек көз алдынан елес беріп өткенде: «Қаншаның қанымен шөлінді басып, алда не хикметті күндерді күтіп жатыр екенсің», - деді ішінен күбірлеп. Талайды еліртіп, талайды шырылдатқан, небір есілдерді етегімен қымтаған Қаратау бүгін түк көрмегендей, жотасынан жан басып өтпегендей жылмиып жатыр.

«Ғаламат-ақ, біз бабаларымызбен мақтансақ мақтанғандай екенбіз. Жосылған жол соқпақтарынан ата-баба ерлігі, тұлпарларының тұяқ іздері мен мұндалайды. Осынау ұлан-ғайыр шексізде-шетсіз таудала, мол құнарлы өлкені талай-талай тап берген аш арыстанның аузынан аман сақтап ұрпағына мұра етіп қалтыру үшін қаншама қантөгіс тер болып өтті бұл арада. Неткен сәуегейлік, неткен білгірлік. Елімізді, жерімізді қорғау жолында жоңғармен соңғы жеңіске жеткенше айқасуды бабаларымыз осынау таудала беттеріне жазып, бір табан жеріңнен де айырылма!», - деп аманаттап кеткендей сезінді Әлмерек. Ол тағы ой кешіп: «Жоңғар қоңтайшылары қазақты жаулап алу үшін, қазақ хандығын жою түсінен де шықпаған болар. Жоңғарлықтар күні ертең хан ордасына тағы тап бере қалса, сен Қаратау қанды соғыс майданы болмасыңа кім кепіл?» - деп бір тоқтады...

Әлмерек бастаған Жетісу өкілдері наурыздың басында жолға шығып, айға жуық шөл-дала, адыр таулардан асып, дайындықтың ересен молдығынан сәуірдің оны шенінде аман-есен Ташкент аумағына ілінді. Жол бастаушы жігіттер алдыңғы жақты жарты күншіліктен шолып әзірге қатерден аман. Бұрын сауда керуенімен неше рет келіп жол жайына қанық азаматтар алдын ала жер шолып барлаумен келеді. Сарыла күткен сәтте жетті. «Сонау бұлдырап көрінген Ташкент

қаласы», - деп айтумен ай бойы атүсті жорықтан арып-шаршап қажыған топтың шаң басқан жүздеріне күлкі жүгіріп қуанысып кетті. Бұл дәл бесін шені еді. Әлмерек жол бастаушысына, - Ал жігітім, «жолдың жайын жортқан білер» дегендей, мына жердің жайын өзің білесің. Жолдан шеткері отын-суы мол, жанға сая болар жерге тарт. Сол арада шатыр тігілсін. Ат та, адам да тынығып, жуынып-шайынып ес жиялық. Мына шаң басқан қалпымызбен Ташкентке кіріп барсақ жараспас. Сүйіндік биді де екі - үш күн сергітейік. Жастар ешнәрсе білмегенмен, ол кісіге оңай тимеді. Тынығып алған соң Тәуке ханды да, Төле биді де таза, ретті қалпымызда кезіктірейік. Мына тұрқымызға көлденең кезіккен көк атты да: «Қарқараның қазағы алай екен, былай екен», - деген сыпсың қосар, - дегенде, бар жігіт жадырай маз боп, жабыла қостап кетті. Алдында қоныс шалуға бөлінген бірнешеуі: «Сіздер баяу қалыптарыңызбен ілгерілей беріңіздер. Біз Әлмерек батыр айтқандай жайлы қоныс шалып, алдарыңыздан шығамыз», - деп шоқырта жөнелісті.

Қарқарадай емес, мына араға көктем ерте шығатыны мен мұндалайды. Сәуірдің ортасында айнала гүл жамылып, изен, жусанның басқа да алуан шөптің жағымды иісі ат үстінде мұрынға ұрылады. Енді ұзақ сарыла жосуды аяқтап, жақын маңға ат басын іркер болдық деген сезімге келген жігіттер жол шеттеріне тартып аттарының ауыздығын алып, гүл жамылған дала төсіне мұрындарын тыға құшырлана иіскеп аунай берді. Қажыған жануарлардың бетеге мен сарбас жоңышқаны күркілдете орған шөп жесіне мейірлері қанып, шай қайнатым кідіріс болғанда, қоныс шолып кеткендерде жарыса шауып қайта оралды. Әлгі жол бастаушы жігіт:

– Әлмерек қолбасы, екі-үш күн еру боламыз

деген сөзіңіз бойынша, тау сағасындағы тасбұлақтың бойынан қоныс көріп келдік. Саялы жер, ағашы да мол. Аттарымыз да тынығып жырғап қалатындай шұрайлы екен, - деп өздерінің тауып келген қонысына бірақ барып тынығуға асықтырды. Әлмерек:

– Жарайды, солай бет алайық. Биеке отын жайын білетін төрт-бес жігіт аттандыр. Жол бастауға мыналардың біреуі ғана қалсын. Қалғандар біз жеткенше қоналқылық жерге отын дайындасын. Бара сап ас-су ішіп шатыр тігеміз, - деді.

Шынында жігіттердің көріп келген жері мақтаса мақтағандай. Таудан мөлдірей құлап жатқан тасбұлақтың басы қайың мен тал, ну қарағаймен көмкерілген. Жігіттер алдымен Сүйіндік биге арналған шатыр тігіп болғанша Биеке жіберген жігіттер шөмеле-шөмеле қу бұтақтарды жалпақ талдардың үстіне бақшалап байлап тақымдай сүйреп кеп жатты. Қазан-ошаққа ебдейлі үш-төрт ас дайындауға қалды да, қалғандар түгел шатыр тігуге кірісті. Шатыр тігіліп болумен шаршап, шөлдеп келген жүргіншілер даладағыдай емес тамақтарын сүйсіне ішіп, шөлдерін басып, саялы жайда аунап рақаттанып қалды. Кейбіреулер бұлақ жағалап, орман аралап, мына жердің табиғатын өз мекендеріне салыстыра екі-үштен гүлдесе әңгімелесуде. Мынау жаңа қоналқыда Сүйіндік бимен бір шатырда отырған Әлмерек пен Биеке жер түзілісі мен ауа райын сөз етісіп отыр.

– Сәуірде мынандай шілдеде қайтпек, - деді Сүйіндік, Ішкен шай мен самай-самайынан жоси жөнелген терін ақ жібек орамалмен сүрте мырс етіп күлген Әлмерек:

– Мыңжылқы мен Шалкөденің самалы аймалай жөнелсе қандай сүйсінер едіңіз, - деді өз ағасының қалжырауын қалжыңмен сергітпек болып.

– Әркімнің жүрген жері Мысыр шәрі деген осы. Бұл жердің адамдары біздің жайлауларға барса ертендікеш дірдектеп тағы бір қонуға келмей қашар еді, - деп күлді Биеке жаны жадырай түскен Сүйіндік би:

– Рас, рас бәрі де үйреністен ғой. Жігіттерге айтыңдар, мынау бір таптырмайтын жер екен, жуыныпшайынсын. Ауа райына лайықтап киімдерін жеңілдесін. Мынандай ыстықта ақ, бозғылт киімдер жақсы болады, күн өтпейді. Айтпақшы, Биеке, атқа мықты болыңдар. Күндіз-түні төрт-бестен жігіт ат жанынан үзілмесін. Сыртымыздан басбаққан біреу алыстан келе жатқан жолаушы екенімізді біліп, көліктерімізді сыпыра көз жаздырып кетсе, кімнен ат сұрап мінеміз. Бұрын әкелі-балалы екеу біз сияқты ұзаққа жолаушы жүріп аттары болдырып, өздері арып-шаршап келе жатып осындай бір шұрайлы мекенге кездеседі. Екеуі ақылдаса келіп, бір түнеп, ат тынықтырмаққа келіседі. Әкесі баласына: «Мына жердің оты күшті сөлді жер екен. Ат аяғымен жайылмайды аузымен жайылады. Атыңды мықтап бекітіп қой», - десе, баласы жалқаулау болса керек, «өз атыңызды мықтылап алыңыз, менің атым кетпейді», - деп әкесінің атын да жөндеспей, өз атын сыпырып қоя бере салады.

Ертесі қария арқандап қойған атын әкеп ерттей бастайды. Арқанмен тұрса да аттың бүйірі шыға тойынып, кешегі болдыруын ұмытып оскырынып қалғанын байқайды. Әкесі атын ерттеп болғанша, баласы қанша айналдырғанымен атын ұстай алмайды. Сөзін сөз демеген ұлының бойкүйез қылығына ренжіген әке «жалқаулықтың дәмін татып, есінен кетпестей болсын», - деген ойға келеді де, бірауыз сөз қатпай, баласының атын қайырыспаған бойдан жолға түсіп желіп жүріп кетеді. Әкесі ұзап кеткен соң құрғақ мырза ақ тер, қара тер болып әрі жүгіреді, бері жүгіреді.

Өкпесі күйіп, сілелеп атының ұстатпасына көзі жетеді. Сонда ызакор жалқау ұл, мылтығын жұлып алып, қашаған атын атып тастайды. Өлгі жігіт той-томалақта үйтіп-бүйтіп кереге жағалап өлең айтатын «ақын» сымақ сияқты. Терлеп-тепшіп ер тоқымын арқалап келе жатып жол шетінде дем ала отырып, ойына мынадай өлең жолдары оралыпты:

«Өзінде жоқ болғанда, әкенде жат,
Енді кубас көрінсе арқандап бак», -

деп ыңылдап отырғанда, қой қайырған бір жігіт ту сыртынан келіп өлеңін тыңдап, жақындай жанына кеп жөн сұрайды. Ер-тоқымын арқалаған мырза мұңын шаға қиналысын айтса керек. Сонда әлгі қойшы шоқ-шоқ дегендей: «Баста ми істемесе, екі аяққа күш түседі деген осы», - деп қойын қайыра жүре беріпті. Сол сияқты ат көлікке сылбырлық істеп көре салды боп жүрмесін. Атты аңдыған қарақшы сыпырып жаяу қалсақ, ашта ақыл, жаяуда қайрат болмайды. Тәуке ханға жолығу емес маңын көре алмай елге жету мұң болады, - деп Сүйіндік би тәмсіл әңгімесін аяқтай Биеке:

— Ол жағын ойыңыздағыдай орналастырдым би аға, алаңсыз болыңыз. Жалқау жігітше емес, мал десе жар құлағы жастыққа тимес пысық жігіттер қойылды. Дегенмен, мына араңыз әзірге жау көрмеген бейбіт көрінеді. Біздің жерде болса «мына топты адам тегін емес», - деп шолғыншы әлдеқашан бір соғып қайтар еді. Өз айналасы тыныш болған сонда, Шығыс Жетісу жеріндегі қырғынды ханымыз бит шаққан құрлы көрмей жатқан жоқ па осы? - деп мырс етті.

Ауызды ашып жұмғандай Биекенің жерден тілегені көктен түсті ме дерсің, қолдарына шашақты найза ұстаған бес-алты жасауыл Сүйіндік шатырының алдына

атүсті көлденеңдей тоқтап, - Ассалаумағалайкүм, - деп алдыңғы біреуі сәлем берді. Кісі елі, кісі жерінде есік алдына келген қарулы жасаққа «мен албанның Сүйіндік биі едім», - деп төрінде шіреніп жату жараса ма?

– Уағалайкүмассалам, түсіндер балаларым, аттарын ұстаңдар, - деп Сүйіндік би аса таяғына сүйене тысқа шықты. Өң-тұрқы, берген сәлемі қазақ екенін мен мұндалатып тұр. Сауыт-сайман, шашақты найзасына қарағанда, мал қайырып, жоқ іздеп жүрген жай қазақ жігіттері емес.

– Біз Төле бидің сарбазымыз, әлгінде шолғыншылар осы араға бейтаныс бір топ керуеншінің шатыр тігіп қонғалы жатқанын биімізге мәлімдепті. «Кімде болса жайын ұғып керуенбасыны мұнда ертіп кел», - деп бізді Төле би жіберіп отыр, - демесі бар ма.

– Апырау жолы болар жігіттің аңсағаны алдынан шығар, - дегендей, біздің іздеп келе жатқанымыздың өзі де сендерді жіберген Төле би еді. Біз керуенші емеспіз. Төле биге, тіпті Тәуке ханның өзіне жолығуға келе жатқан Шығыс Жетісу қазағының өкіліміз. Табаны күректей бір ай жол басып, ат басын іркіп отырғанымызда әзір ғана. Арып-шаршап тұрмыз, бидің алдына ертең өзіміз-ақ баралық. Біздің кім екенімізді биге хабарлап айтып тұрсаңдар, - деді Сүйіндік би өздерін таныстыра.

– Қадірлі ақсақал, біз бұйрық атқарушымыз. Барлық адамыңыздың қотарыла Төле бидің алдына баруының қажеті жоқ. Қостарыңыз, қол астыңыздағы басқа адамдарыңыз осы арадан қозғалмасын. Мына арадағы шолғыншыларымызға сырттан қорғап тұруды бізде табыстаймыз. Күймеңізде бар екен, бір-екі жолдасыңызды жаныңызға алып жүрмесеңіз, біз Төле бидің бұйрығын атқармаған боламыз, - деді.

Шатырға қайта кіріп, Сүйіндік би, Әлмерек, Биеке

үшеуі тоқ етті де Сүйіндік би мен Әлмерек үш жігіт ертіп Төле биге аттану қамына өтті. Биеке батыр артқы жұмысқа жауапты боп қоста қалды. Күймемен аттанған Сүйіндік билер мидай жазықта әудем жер болып көрінген Ташкент қаласы бұлдырай сағымдана сырғып ет пісірім уақыт жол басып зорға ілінді. Жасақтың екеуі күймеге жол бастап қалды да қалғаны желе шоқырақ пен қалаға кіріп кетті.

Ташкент қаласының көркем көшелеріне қызықтай бір көшеден бір көшеге өте сырғып келеді. Ала тақия киген өзбектер ол тұстан бұл тұстан жаяу жалпы ағылуда. Жұқа торкөз бетперде жамылған әйелдер де көшеде иін тіреседі. Анда-мұнда «арпа ішінде бір бидай» дегендей ақ қалпақ, кестелі тақия киген қазақтарда көзге шалынады. Жол жағалай тігілген неше түрлі ағаштармен қала көркі көз тартып, сәулеттене түскен. Әлмерек: «Апырау, мына өзбектер де мәдениетті ел екен-ғой. Аппақ шағаладай үйлер анау, ретті де салтанатты көшелері мынау. Қала байларының кілем-кілше жауып қоңыраулаған күймесінің қасында біздікі анау хадік арбаға ұқсаңқырап кетеді екен ғой. Мыналарың тау жағалап, орман паналап, алдындағы төрт түлігін шу-шулеп өткен біздің қазақтан әлдеқашан озып кеткен екен. Біздің төрт түлігі лықсыған деген байымыз, анау жаймашы өзбектің киінуіне жете алмай ма, қалай?» екі жасауылдың бастауымен зырлап келеді. Бірде алуан тамақ иісі мұрынды қытықтаған аспазшылар, самсаханалар, жау бүйрекшілер тұсынан өтсең енді бірде неше түрлі жеміс-жидек сатушылар қатары кезігеді. Енді алуан кездемелер, кілем-кілше сатушы дүкендер тізбектеле сырғып жатты. Сонша көп сатушы, сауда бұйымдары рет-ретімен тізілген. Әлмерек тағы ойға кетті «неткен молшылық. Біздің қазақтың қора-қора малының бір тобын қыстың жұты сыпырып,

қалғанының қабырғасы тыржындап тұрған мына көктемде өзбектердің малы дүкен сөрелерінде шірене өкіріп тұрғандай. Қазақтың түгел қотарыла көшіп тау-тасты паналауы тиылмаса, жоңғардың андыз-андыз әлсіз тұсынан киліге кетіп аңша тоздыруы да тиылмас-ау. Кезінде Шыңғыс ханның Отырар қаласын қиратуы қазақты қанша заман етектен тартар екен. Егер сол маңдайға басар асылы аман болса, мына Ташкенттен өтіп кетуі баяғыда еді ғой. Қазірге дейін қазақ қаншама мол жаңа қалалар салып, қанша мыңдаған отбасылар мына өзбектерше орнығып қалар еді» Осы кезде жол бастап келе жатқан екі жасауыл ат басын іркіп,

– Төле би сарайы мына тұрған жолдың оң жақ шетіне тартып кідіре тұрасыздар, - деді де біреуі Сүйіндік би күймесінің қасында қалып, енді бірі карауыл қойылған үлкен қақпадан ішкері еніп кетті.

Төле бидің мына тұрағы Сүйіндік бидің ойында бір толқытып өтті: «Мына Төленің сыртқы салтанатының өзі-ақ көз сүріндіріп, адамды иландыратын айбат танытып тұр ғой. Апыр-ау біздің тау-таста көшіп, қона жүріп, бір төбенің басына жиыла сап билік айтуымыз, Төле бидің қасында иығын қысып күні ертең атсыз-атақсыз кеткендей-ақ іс екен ғой» деген бір қиял қылт етіп, ойына Төленің бала кезіндегі мына әңгімесі орала кетті. Төленің әкесі Әлібектің алдына екі жігіт дауласа келген бір күні жас Төле қасында болған екен. Дауды бастаған жігіт: «Бір жылы түйем бошалап кетіп іздеп жүріп, зорға тапсам ботасын біреу алып кетіпті. Түйем тау баурайында боздап әрлі-берлі кезіп жүр екен. Ботасын қасқыр жесе де, шала туса да бір орнынан кетпес еді, ботадан бір белгі қалар еді, түйемнің ізденісінен ботаның кісіқолды болғанын білдім. Содан бері түйелі жүргіншіге көз сап жүруші едім. Мына саудагер керуенінен атан болғанында танып тұрмын.

Нақ мен жоғалтқан бота», - десе, саудагер: «Би еке, мынанікі басы ашық жала, тура сөзіңізді айтыңыз. Іштегі ботаны атан түйе болғанда таныдым дегенге адам сене ме, мынау нақ өз түйемнің тұқымы, - дейді. Екеуінің сөзіне еліте қарап тұрған он беске енді келген Төле: «Әке осы дауыңыздың билігін маған беріңізші?», - деп қалмасы бар ма. Талай істе баласына шыншылдықпен қарап үлкен үміт артып жүрген Әлібек баласына бір, даугерлерге бір қарап:

– Ал балам, екеуі де риза боп қайтардай шешім айт, - дейді. Сонда билік айтуға оқталып бір аттап алдыға шаққан Төле, алдымен бота жоғалттым деген даугерге:

– Мына таныдым деген атанның енесі бар ма? - дейді.

– Бар, - дейді әлгі жігіт.

– Онда осы араға әзір енесін әкелдір.

– Е, саудагер, енесі бар ма мынаның?

– Туған енесі бар, - дейді ол да.

– Онда сен де енесін алдыр, - дейді Төле бұйыра сөйлеп. Дауласқан екеу бесті атанның енесі деп бір-бір түйесін келтіреді. Дау шешімін қызықтап тұрған топ ішінен екі жігітті аттан түсіріп:

– Атанды тіздендер де тақымына қылды бұрау салындар,-дейді Төле. Екеуі бесті атанды тіздеп, тақымына қыл шылбырды салып, шыңғырта бұрағанда таныған жігіттің түйесінің көзінен жас парлап, мұрындығын жұла бақырып, қыл бұрауда шыңғырып жатқан атанның үстінен түседі. Ал саудагердің түйесі бүлік етпей күйсеп тұра береді. Сонда екі даугерге бір, көпке бір сындарлы көз тастаған Төле,

– Ау, халайық, көріп тұрсыздар. Мына жануар шын анасы екен, не дейсіздер? - деп көпті отты жанармен шолып өткенде, ризамыз, - деп жұрт ду ете түсті. Төле саудагерге бұрылып:

– Мынау хайуанда болса, әділетін халықтың алдында көрсетті. Атанның кімдікі екендігіне, халықтың да көзі жетті. Кінәні мойынға алған жеңіл, енді шыныңды айт!?! - дейді. Саудагер енді қиқаққа басса жайының қиын боларына көзі жетіп:

– Уа жұртым, шынымды айтпасыма мына бала қоймады. Бес жыл бұрын жапан түзде боталаған түйенің үстінен түстім. Пендешілігім ұстап қарап тұрған ешкім болмаған, сонда алып кеттім. Кейін бір түйе болып шыға келді. Кешсеңдер де, бас кессеңдер де өздерің біліндер, - деп мойындады.

Елаузында жыр болып таралған Төле би әңгімелерін мол естіген Сүйіндік, әлгінде ғана қылт еткен жадағай ойынан қайта лоқыды. «Төленің өрелі ойымен жорғадай тайпалған шешен тілі алғаш “бала би” атандырса, толыса келе “дана би” атанып Үш жүздің баласына ұйтқы боп, әділ жүйріктігі мен Тәуке ханға да танылып отыр ғой. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпардай дара туған Төлеге “тең-теңімен, тезек қабымен” дегендей мына жасаған ортасы лайық-ақ. Біз бұған айлап, жылдап емес, апта тұра алмаспыз. “Әркімнің үйренген жері Мысыр шәрі.” Біздің анау Қарқара жайлауына тігілген ақ ордамыз өзімізге лайық емес пе?» деген ой үстінде отырғанда, ішкі жаққа хабарлауға кірген жігіт алдын да кеткен жасауыл басы мен жиырманың мол ішіндегі қалаша киінген тағы біреуді ертіп қайта оралды. Жеңіл амандасудан кейін ылпылдаған бейтанис:

– Қане ,жүріңіздер ордаға кірелік, әзір Төле би қарбалас еді. Алыстан келіп кезек күтіп жатқанына үш күн болған ірі бір тайпаның басшылары мен кеңес үстінде. Мені алдарыңыздан шығуға бидің өзі жіберді. Алла бұйырса, ертеңге дейін менің қарауымда боласыздар, - деп әзілдей күліп, қақпа ішіне бастай жөнелді.

Қимыл-әрекетінен би ордасына келген талай қонақтың алдынан шығып, кісі күтуге әбден жаттыққандай. Сүйіндік би мен Әлмеректі бір бөлмеге, жастау үш жігітті бір бөлмеге орналастырды. Үй төбесі неше түрлі ою-өрнектермен безендірілген. Қабырғалары аппақ бормен ағартылған. Қызыл күрең сыр берген еден тақтайы үстіне Иран кілемі төселіп, қазақи төркөрпе, екіден төрт құс жастық қойылған. Үйдің көлеміне сай жасалған терезе шынылары да мөп-мөлдір тазартылып, жап-жарық күн нұры жұқа ақ перделерден өте төгіліп тұр. Сүйіндік пен Әлмерек сырт киімдерін киім ілгіштерге қыстырып, көсіле жайғасып болған шақта қонағуар жігіт:

– Қане, ағалар, сонау шалғайдан арып-шаршап келдіңіздер, ас дайын болғанша аздап уақыт бар, жуынып-шайынып алыңыздар, шаршауларыңызды ұмытып сергіп қаласыздар. Алдымен сіз екеуіңіз, одан кейін анау жас жігіттер. Мен жуыну саймандарын көрсетіп қояйын, - деп қолды-аяққа тұрмай асықтыра бастай жөнелді.

– Мынасы жақсы болды ғой. Бағанағы жігіттер желпілдетіп сақал-мұрт басуға да үлгіртпей ала жөнеліп еді, - деді Сүйіндік риза бола. Жылы су, иісті сабындармен рақаттана тазарып, дөңгелек шарайна алдында сақал-мұрттарын баса ретке келіп, жол жүріп шаң басып келгендей емес, жадырап шыға келді.

Қазекеннің қайда барса да мол дастарқан жайып, қызыл қасқа шайы жымия күліп, басқа астан бұрын алдарынан шығатыны бір керемет-ақ. Бесеуі ас бөлмеде сусындары қанып, Ташкент қаласы жайлы әр кім өздерін ерек түйсіндірген тұстарын әңгіме етіп, бір қауым уақыт өткенде, үйтіп пісірілген қызыл сары қойдың басы шоқысына қондырылған дәу астау етті бір жігітке көтерткен қонақжай күтуші. – Иллаһи, әумин, -деп бата сұрап тұра қалды.

Көтерсең әумин деп білегінді,
Бір Алла қабыл қылсын тілегінді.
Шалғайдан аңсап-шөлдеп келдік мұнда,
Кезіктір ертең дәмде Төле биді.
Әумин, Аллауакбар, -

деп Сүйіндік би бетін сипады. Әлгі күтуші жігіт:

– Бір оқпен екі қоян түсіргендей бата бердіңіз, тілегіңізді биге жеткізейік, - деп мырс етті. Табақты ортаға қойып. - Қане, асықпай тамақ алыңыздар, - деп есікке беттеді. Сүйіндіктің: «Жігіттер ас иесімен тәтті, бірге желік», - дегеніне қарамай қонақ иелері сырғып жөнеле берді. «Мүмкін өзбектерден сіңген әдеті болар», - деп ой түйді Сүйіндік. Бесеуі дастарқан жиыла өзді-өзінің бөлмелеріне жайғасты. Сүйіндік пен Әлмерек екеуі ертең Төле биге айтар әңгімелері жайлы ұзақ сырласып жатып, түннің жартысын аудары барып ұйқыға кетті.

Ұзақ жолдан шаршап келген қонақтар жым-жырт бөлмеде рақаттана ұйықтап, күндегі әдеттері бойынша таң намазында бірақ оянды. Дәрет алып, намаз оқып, бау-бақты сейілдей айналып келіп, ертеңгі шайға отырды.

Кеше алдында кеткен жасауыл басы Төле биге кіріп, жүз шақты жолаушының сауда керуеншілері емес, бидің өзіне тіпті Тәуке ханға жолықпақ болып келген Жетісудағы албан елбасылары Сүйіндік би мен Әлмерек батыр екенін хабарлап үлгірген. Ұлы жүздің сонау шалғай шетінде жатқан аға баласының айға жуық жол басып келген Сүйіндік сынды елбасысын, Әлмерек сынды қолбасысын алдыма келсін деп шіренбей, «қонақтар тұрып, шайға отырды» деген хабарды естіген соң бір сәт аялдап барып Төле би өзі кірді.

– Ассалаумағалайкүм, - деп орта бойлы, ат жақты

әдемі кара мұрт қойған сұлу қараторы жігіт кіріп келді. Жас шамасы отызға еркін жетпегендей көрінеді. Бұл кезде Сүйіндіктер ертеңгі шайды аяқтап қалған тұс еді.

– Уағалайкүмассалам, - деп Сүйіндік мынау нұр жүзді жігіттің бас-аяғына сыншыл көзбен барлай қарап, «жас шамаңда, түр- түрқыңда естіген жорамалға келіп тұр. Біз іздеп келген Төле би сен болдың», - деген топшылаумен орнынан тұра берді. Бұл кезде Әлмерек бастаған жігіттерде «соның өзі» дегендей түгелге кобырай көтеріліп сәлем берісті. Төле би:

– Отырыңыз ағасы, отырыңыз, - деп қос қолын ала ұшып құшақтай төс тиістіріп. - Сүйіндік би, сіз боларсыз? Қане, отырыңыз,-деп, оң жағында тік тұрған Әлмерекпен де жаңағы қалыпта қауышып өтті. Қалған үшеуімен де қолдаса амандасып шығып, «отырыңыз, отырыңыздар», -деп бірін-бірі орын нұсқап, Сүйіндіктің оң жақ жанынан Төле би жайғасты.

– Е, қарағым «түсі жылыдан түңілме» дегендей, өңің кісі жүрегін жылытатын жігіт екенсің, атымды да атай кірдің рақмет, көсегең көгерсін! Өзің кім боласың? - деді Сүйіндік оң жағына сәл мойын толғап.

– Әлібектің баласы Төле деген – мен ағасы. Естуімде Жетісудағы бауырларым албан ауылының жұмысымен келген сияқтысыздар, қалай ел-жұрт аман ба?

Е, шырағым Төле,
Күнмен тең нұр бар,
Мыңмен тең бір бар.
Жоңғар іргеден төніп,
Өзіңе айтар сыр бар.
Жауға бірге барысады,
Ойнатып найза салысады.
Кеткен есе-кегімізді,
Қан құстырып алысады, -

деп келдік.

Елдің ұрғыны аман. Десе де жоңғар қоңтайшысы Ғалдан Бошқтұның қалың қолы ел ішіне қойға тиген үйірлі қасқырдай оқтын-оқтын төніп, ел тынымын алғалы жеті жылдың жүзі болып барады. Бауырларыңның халі мүшкіл, алғаш жүздеп, мыңдап келгенін ел ішінен жасақ жиып тойтарып келдік. Екі жылдан асты артынан он мың қолмен кіріп, жан алып, жан берген айқаспен талай қыршындарымызды бере жүріп зорға тойтардық. Соғыста Шонжы, Доржы сынды әйгілі екі қолбасысы, тоғыз мыңнан артық жоңғар қолы жойылып, қалғаны соғыстан тайып тұрды. Ғалдан Бошқтұ енді жер қайысқан қалың қолмен жан-жақты дайындала келіп тап беру алдында тұр. Ет бауырларың әбден тозып тау-тасты паналап кетті. Соғыстың осы бір тыныстау тұсынан пайдаланып, өзінді іздеп келдік. Тіпті Тәуке ханға дейін бізді бастап жолықтыр. Ел-жұрт жайын айтайық. Бір тайпа ел жоңғар табанында қырылмайық. Сөзімнің тоқ етері:

Бір өзінді пана болар деп келдік,
Ел шұбырған қиын күндерді өткердік.
Тәуке ханнан ақыл, қайрат, күш алып,
Бұйрық берсе, жауға шабайық деп келдік. -

деп тоқтады.

Жасы сексеннің ішіндегі Сүйіндік қарттың халық мұңын арқалап, айлық жол басып кеп кейде егіле, кейде төгіле ара-арасында тақпақтай жөнеліп тұрған сүйкеме сөзіне Төле би ризалықтан тебіреніп кетті.

– Жарайды ақсақал, жарайды. Бар сөзіңіз орынды. Жасыңыз мына тұсқа келгенде, сонау Қарқарадан халқыңыздың халін айтып, жоғын жоқтап, қазақтың ханы Тәукені іздеп кепсіз, әмісе сіздей елінің қамын жейтін елбасы молыға берсін.

Жаңбыр жаумаса жер жетім,
Басшысы болмаса ел жетім,
Ұқпаса айтқан сөз жетім,
Көре алмаған көз жетім.

Бүгінгі сөзіңіз жетесіне жетті. Халқыңыздың халін қалдырмай айттыңыз, әңгімеңіз есте қалғыдай,

Шешендіктен не пайда,
Артында сөз қалмаса?
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса?
Хандықтан не пайда,
Қарашасын білмесе.

деп шұбырта барып, Тәуке ханға да ертіп кіремін. Жоңғарға қалай төтеудің ортақ кеңесінде құрамыз, - деп жан-жағына шола бір көз тастап, енді сөз желісін Әлмерекке бұрғысы келді ме,

– Сонда Әлмерек батыр сіз бе? - деп Әлмерекке күлімсіреп қарады.

– Батыр дегідей емес, менмін.

– Жарайды «елдің атын ер шығарар, ердің атын ел шығарар», деп бекер айтпаған ғой.

Атадан: ұл тұмақ керек, ата жолын кумақ керек. Үш жүзге мәлім Таубұзар бабанның аруағы риза болар іс істеп жатқаныңды естіп жатырмын. Жіберген елшілеріңнен бір реткі хатыңды алдым. Хаттағы мына сөзің есімде қалып қойыпты: «Қазақтың үш баласы ошақтың үш бұтындай бір дөңгелекте тұтасып тұр емес пе? Сондықтан қазақты топқа, жікке бөлуге болмайды. Ошақтың бір бұты кетсе, үстіндегі қазан төңкеріледі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл, жұдырықтай жұмылған күш бәрін жеңеді» деген сөз қандай тауып айтылған.

Замандас іні десем артық кетпес, ойың менің Тәуке ханға ұсынған жобаммен бір арнаға құйып тұр. «Үш жүздің баласы ошақтың үш бұтындай бірігіп, шабуылға өткенде ғана жоңғарды түбегейлі жоюға болады дейтін көзқарас, бір ғана менің ойым емес. Көріңіз мына Қарқара қазағының тілегін», - деп сенің хатыңды оқып бердім. Хат кеңесіндегі Орта жүздің бас биі Қазыбек, Кіші жүздің бас биі Айтекелерде бұрыннан Үш жүздің жауға бірге аттануын құптап келген. Тәуке хан да қатты жақтырды.

Жоңғар қоңтайшасы Ғалдан Бошкту қазақ даласын жаулап алуға барын салып, қарманған бір кезең сырғып өткендей. 1683 жылы Ертіс бойына жер қайысқан жиырма мың қолмен бірақ лап қойды. Осы тұста Жетісу албандарына тыным бермей жүздеп, мыңдап жасақ аттандыруы сендерді айналдыра тұрып, Ертіс бойына көмекке өтулеріңнің алдын тосу еді. Аз-аздан жіберген күшінің төтеп бере алмағанын естіп, он мың жасақпен Шонжыны бас қолбасы ете албан тайпасын бірақ басып калу бекіміне келген еді.

Ертіс бойында аса қиян-кескі соғыс болды. Ұлы жүзбен Кіші жүзден болып он мың қол көмекке барды. Сендердің өзіндік жүктерің болған соң адам шақыртпадық. Ғалдан Бошктуның қазақ даласына бағыттаған қолы талайға дейін ес жия алмас дәрежеде тоз-тозы шыға жеңілді. Талай айтулы қолбасыларының көзі жойылып, кейбіреуі ордадан жансауға іздей қашты. Әлгі Ертіс бойына Ресейден мол мал дүниесін төгіп жүріп, әкелген ескі зеңбіректерін, қазақтың мықты жігіттері әр сайда аузын аңырайтып жарақсыз темірге айналдырды.

Сендер жіберген әлгі хаттан Шығыс Жетісу халқының да жүгінің ауырлығын ұқтық. Көмек жіберуге қысқа жіп күрмеуге келмегендей жай болды. Қазақтың

есі кетіп жатқанда қазақ жерінен олжа алып қалмақ боп, батыстан башқұрттар, түстіктен казак орыстар, оң бүйірден іргелес Қоқан «жау жағадан алғанда, бөрі етектен» дегендей іс қылды.

Көмек бере алмағанымызға Жетісудағы бауырларымыздан кешіксе де, сіздер арқылы кешірім сұраймыз. Сіздердің он мың үстіндегі Шонжы қолын қолбасымен жойғандықтарыңызды бірден-бірге жалғасқан ұзын құлақтардан естігенде қуанышымызда шек болмады. Әлмерек атыңды, батырлық даңқынды жазған хатыңнан ғана емес, жауды жер жастандырған жеңісіңнен де естіп жаттық.

Ғалдан Бошкту екі-үш жыл ішінде тап берер қайратынан айырылды. Бірақ, жоңғардың ұмыттырып барып қазақ даласына шабуылға өтуі тайға таңға басқандай анық. Енді халық тау-тасты паналағанды қойып, мекендеріне оралсын. Аз уақыт болса да өз қолдарымен жасаған бейбіт күннің рақатын көруі, әрі ел шетіне үзбей шолғыншы қойып, ендігі басталар соғысқа дайындалу керек. Бұл жақтағы істерді жата-жастана ақылдасамыз, әлі айтылар әңгіме мол. Айға жуық жол басып келдіңіздер, адамдарыңызбен ат-көліктеріңізді жайлы жерге орналастырайық, жақсылап тынығыңыздар. Мен Тәуке ханның оңаша орайын келтіре отырып, сіздерді жолықтырам. Жеті су албанының жайын әбден ұғынсын. Қазақ елінің болашақтық бірлік-берекесі жайлы ойларыңызды іркілмей айтыңыздар. Кең көсіле отырып, жоңғардың ес жия қайта тап беруінің алдын алар, Үш Жүздің баласы жауға бірге шабар, ошақтың үш бұтындай ұштасып, жүк көтерер кеңес құрайық.

Төле бидің қоныс жөткеп шаһарға кіру жайлы ұсынысын ақылдаса келіп, жаз айында топты атты қала ішінде бағу, даладағы еркін жайылысқа жетпейді. Сондықтан қосты

жылы орнынан қозғамай ат-көліктерді тыңайтып алуға қонақ иелері келістік берді. Төле бидің жүз кісіге сойыстық мал, азық-түлік, тамақ жасайтын шеберлерге дейін орналастыруын қабылдамауға болмайды. Жігіттерді зеріктірмей кезекпен шаһарды сейілдетіп қайтатын қызметкерлер де қойылды. Сүйіндік би, Әлмерек, Биеке үшеуі Ташкентте Төле би алғаш түсірген қонақжайды негізгі тұрақ етіп, баратын, көретін жерлерді айналумен болды.

Төле орда кеңесінен қалт еткен бос уақыты шықса өзі іздеп кеп, ұдайы сырласып тұрды. Тәуке ханға Қарқарадағы ел жайын толық жеткізгенін, оңтайлы бір күні ханның қабылдамақ болған қуанышты хабарды да жеткізді. Ең ерек есте қаларлығы Сүйіндік бастаған үш қонағын Орта жүздің Қазыбек биі, Кіші жүздің Айтеке билерімен дастарқандас боп сырласу орайына ие етті. Дулат, шапырашты елдерінің әйгілі қолбасы, батырларына кісі жіберіп шақыртып алып, Сүйіндік би және Әлмерек пен Биекені таныстырып, бірлік-ынтымақ жасап, жоңғар жойқын күшпен тап бере қалса, тізе қоса шабуылға өтудің, жасақ тәрбиешілерін алмастырып жауды жою өнерінде ортақ тіл табуға келісті. Бұл рет Сүйіндік серіктері соғыс тек Қарқара маңында ғана емес, қазақ елімен жеріне жан-жақтан төнулі екенін аңғарды.

Ташкентке келгендеріне он неше күн болған кезде, ертеңгі шайдан кейін Сүйіндік би, Әлмерек пен Биеке батыр өз елінің болашақ істер жайында әңгімемен отырғанда Төле би кіріп, ертең сәрсенбінің сәтінде Тәуке ханның қабылдамақ болған қуанышты хабарын жеткізді. Бәрі де қобырасып өз хандарының дидарын көретін болғандықтарына көңілдері толқып, Үш жүздің бас биі Төленің алымдылығы мен білгірлігіне қатты риза болды. Төле би, хан алдындағы ұстамдылық, айтар сөзді ұтқыр тілмен тоқ етерінен қысқа-қысқа жеткізу

жайлы кеңес беріп біраз отырды да, асығыстығын айтып қайтып кетті...

Бүгін Әлмеректер ертеңгі шайын күндегіденде бұрын ішіп, шақырушының келуін күтіп отырған тұста, әлгі пысықша қызметкер кіріп:

– Сіздерді, Тәуке хан қабылдамақ, Төле би маған бастап кіруді тапсырды. Қане, жүріңіздер, - деп асықтыра түсті. Кешегі Төлениң айтуы бойынша, киімдерін киіп реттеліп отырған кісілер, - Қане, жүрсек жүрдік, - деп орнынан қозғала берді. Есік алдында хан ордасының сәулетті күймесі де дайын тұрған екен. Бәрі отырып бола қоңыраулатып тартып кетті. Не бары бірнеше көше айнала бергенде күтуші жігіт:

– Жеттік, енді күймеден түсе жаяулаңыздар, - деді де алдыға түсе ордаға бастай берді. Екі-үш қақпадан кезіккен жасауылдар бас ие құрмет білдіріп, бір қырынан тұра жол беріп, «ілгері өтіңіздер» деп тұрды. Ең соңғы әшекейлі есік тұсына келгенде, - ал ағалар, енді хан ордасына кіресіздер, ордадағы тәртіпті Төле би айтқан болар, - деп екі жағына шалқая ашылатын есікті ашты да,

– Жолдарыңыз болғай! - деп өзі кейін қалып қойды. Хан табалдырығынан үш адым аттай, төрде жағалай отырған қазақтың пірі іспетті кісілерге көзі түскен Сүйіндік «жасым үлкен болғанмен, қазақ ханының, хан ордасының құрметі үшін» деп өзі бастай,

– Ассалаумағалайкүм, - деп оң қолдарын кеуделеріне қоя, сәл иіле құрмет көрсетті. Бәрінің назары орданың төр ортасына қойылған әсем тақта отырған қазақ ханына ауады. Басында қиюын қазақи өрнектермен кестелеген айыр қалпақ, үстіне кең мол оқалы шекпен киген, сақал-шашы буырыл тартып, алпысты алқымдаған иман жүзді Тәуке хан. – Уағалайкүмассалам, - деп бас изеді. Бұл тұста екі жағына бөліне отырған хан кеңесшілері

орындарынан көтеріліп, мұсылмандық әрі қазақ ханы ордасына ізет құрметіндік сипатпен берілген сәлемді жамырай қабылдады.

– Қане, отырыңыздар, - деді Тәуке хан. Орда қызметшілері хан тағына тұспа-тұс қойылған отырғыштарға қонақтарды отырғыза бастап.

– Міне былай, мынаған отырыңыздар, - деп қонағуарлық ілтипат көрсетіп, барлығы түгел жайғасты. Осы кезде Тәукехан:

– Е, қарқаралық бауырларым, мен жалпы жайларыңды Төле биден естідім. Айтарларыңды біліп болдым деп сендерді Орда сыртынан қайтарсам менікі де әділдік болмас. Орда жұмысы қанша қарбалас болса да Шығыс жетісулық бауырларымыңның өкілдерін қабылдау қажет деп таптым. Сіздермен дидарласқан бүгінгі сәттерім есімнен кетпек емес. Сіздер үшін де, біз үшін де уақыт қымбат. Әңгіме айта отырайық.

Мен өзімді таныстырмасам да біліп отырсыздар. Мына екі жақтағылар түгел хан кеңесшілері. Бұлардың ішінде Үш жүздің өкілдері дерлік бар, - деп бір тоқтады. Сүйіндік пен Әлмерек, Биекелер өздерімен бір апта бұрын Төленің орналастыруында дастарқандас болған билерді салмай таныды. Ханның оң жағында көздерінен көктем шуағындай жылылық төгіле Төле би, сол жағында Қазыбек би, оның қатарынан Айтеке би орын алған. Бейтаныстарынан тағы бірнешеуі бар. Тәуке хан тағы сөз жалғап:

– Қой бастаған көсем серкедей сонау қиыр шеттегі албан жерінен атойлаған ерлерді бастап, еліңнің жүгін арқалап жеткен Сүйіндік би сіз боларсыз? - деп қарт биге қарады.

– Солай, ханеке, менмін, - деді Сүйіндік орнынан көтеріліп.

– Әлмерек батыр қайсының?

– Менмін тақсыр, - деп Әлмерек орнынан тұрып, кеудесіне қолын қойып құрмет жасады.

– Бәрекелді азаматым, бәрекелді! Еліңнің атын шығаратындай ерліктеріңе ризамын. Әмісе Алла жолыңды оңдағай, алған бетіңнен қайтпа! Ойыңда жақсы екен, жазған хатыңда елге тұлға болардай сөз тастапсың. Өзің сияқты ер-азаматты қасына ертіп жүрген Сүйіндік биге де рақмет. «Жігітті қасындағы жолдасынан таны» дейді емес пе біздің қазақ. Сүйіндік би қарт тартыпты. Сендер жай атқосшы болмай бидің қалта-қалта алтынынан алып қалыңдар, - деп ордадағыларды ду күлдірді. Аса таяғын тықылдата бір сәт ойланған хан, - бұл жолғы сапарларың оң сапар болыпты. Мені сендер көрсеңдер, сендерді мен көрдім. Өздеріңде осы жолы талай елбасы, қолбасылармен кездескен сияқтысыңдар. «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» деген сөз осындай араласуларға қаратылған. Бармасаң келмесең қалай танысасың. Бір-біріңмен араласу, сырласу болмаса қайтіп, береке-бірлік болады. Әлгі хатыңда: «Жоңғарға төтеуде Үш жүздің баласы ошақтың үш бұтындай сәйкесе жүк көтеру керек», - деп өзің айтқан ақ тілекті жүзеге асыру үшін ана шеті Орта жүз елбасы, қолбасылары, мына шеті Кіші жүз және басқалармен де қою араласу керек. Іргелес көршілерің Қарасай батыр ұрпақтарымен барыс-келісті жиілете, бірінді-бірін тонның ішкі бауындай жете түсінулерің керек, - деп бір тоқтап, - Ана жігітші? - деп Биекені нұсқады. Биекеде өзін қысқа таныстырып өтті.

– Жарайды-жарайды. Сүйіндік пен Әлмерек қатарында сенде тегін жүрмеген боларсың, - деп мыйықтады. Тәуке хан тағыда ыңылдап отырып:

– Негізгі ойларыңды мына Төле би толық жеткізді. Жоңғарға Үш жүздің баласы жұдырықтай жұмыла отырып

аттану жайлы ұсыныстарыңды қатты жақтырам. Сыңар езулік істеп, ауыздық тістеп ала қашып жүргендерде жоқ емес. Түбінде бірлік болмай, қазақ елінде тірлік болмайды. Бір-біріне қорымасаң елінде, жерінде көрінгеннің бөктеріншегінде кетеді. Сүйіндік би бір талай сөз айттым. Қалып қойғаны Төле би арқылы жетіп жатар. Әлмерек батырдың айтарында, ойында жазған хатынан ұғындым. Мына ордада сізде бірауыз лебіз білдіріңіз? - деді.

Томағасын тартқан бүркіттей қомданған сүйкеме сөзді Сүйіндік би тақпақтап бірақ айтты:

Елге бақыт, тыныш күн, іздеп келдік,
Өз Тәуке, ұйтқымыз сіз, деп келдік.
Таудай сөзде тарыдай бірақ түйін,
Жұдырықтай жұмылу – нағыз елдік.
Ертеңгі ісін қазақтың ақылдассақ,
Жауға шапсақ бәріміз, бірге аттансақ.
Бірін-бірі жат санап үдіреймей,
Баласы бір кісінің жақындассақ.
Бозторғай қой үстіне ерулесе,
Алды-алдына би, сұлтан бөлінбесе?
Жазатайым үш бөлек кетсе қазақ,
Жат қолында кетпекші ертең есе.
Айтарым да, тілерім де осы ғана, -

деп тоқтағанда, орда іші дабырласып бас шұлғысты.

– Бәрекелді, қартың тауып айтты,

– Барлық билер мен елбасылар осылай ойласа?

– Бірлік болмай, қазақта тірлік болмайды, - деп ханның оң-солында отырғандар бірінен-бірі өте гуілдесіп кетті. Тәуке хан миықтауынан ризалық лебіз төгіліп тұрғандай еді. Төле би жанарынан ерек құп алған жылылық танылды. Бірақ сөз қатпады. Осы кезде Қазыбек би:

– Жарайсың қартым, анау қарқарадағы албанның, тіпті Ұлы жүздің ғана жөн білер қарты емес, бітті қазақтың ақылшы ағасы болуға лайық сөз айттың. Сүйіндіктей ағаларың бар, Әлмерек пен Биеке батыр тәлейлерің бар екен.

Үй жанында биік төбең болса,
Ол ерттеулі аттан кем емес.
Отбасында білгір қартың болса,
Ол жазылған хаттан кем емес.

Ауылыңа жоңғар оқтын-оқтын төніп, тіпті Ғалдан Бошқтұның атақты батыры Шонжы он мың қолмен кеп жеңіліс табуы, Әлмерек бастаған бір топ батырдың, сендер ұйыстырған қазақ қолының кейінгі ұрпаққа ұран боп аты қалар, жыр болып айта жүрер іс. Алла осы бір берекелеріңнен, айбынды жігерлеріңнен айырмасын. Жеңістеріңнің енді бір жағы кезінде ел бірлігіне қорған болған Шоған Абыз әулиенің береке қасиеті елінде әлі бар екен. Қадірлі Абыздың алдын көрген Сүйіндік бидің елді айрандай ұйыпқан шешен тілі жеңістеріңнің тағы бір кепілі. Бірлік – береке, бірлік – жауыңның құтын қашырып, азаматтардың десін асыратын қару, - деп тоқтады.

Осы кезде Әлмеректің ойына Қазыбектің бала кезінде тұңғыш билік айтуы жайлы ел аузында аңыз болған бір әңгіме орала қалды. Жоңғар ханына қазақ елшілері барымта дауымен барып, қазақтың бас биі екі ауыз сөзге келмей, қалмақтың сөзмар ханы жағынан тосылып қалады. Сол жылы ат бақташылыққа ертіп алған он төрт жасар Қазыбек елдің ең аяқ жағында қанына біткен әдеті бойынша екі жақтың айтысын тыңдағысы келіп кіріп отырған екен. Қазақ биінің намысқа тиер қылығына шыдамай орнынан атып тұрып:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге

соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке кашпасын деп, жеріміздің шетін жау шаппасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз, атадан ұл туса құл боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

Берсең жөндеп бітімді айт,
Бермесен дірілдемей жөніңді айт,
Не тұрысатын жеріңді айт!? -

деп тоқтағанда, жоңғардың ханы сасқалақтап не айтарын білмеген,

– Өзің жөн білетін бала екенсің, қалай төмен отырып қалғансың жоғары шық, - деп қалады. Сонда Қазыбек тағы да қолма-қол:

– Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөз сөйлей береді. Өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғанмен бірдей, - деп тоқтағанда, жас Қазыбектің сөзінен жеңілген жоңғар ханы мал-жанын түгелге қайтарып, айып-анжысына да жығылған екен.

Бір кезде шешендігі ел аузында ұмтылмас жыр боп тараған бала Қазыбектің енді Үш жүздің данасы болғанда, Төле бидің дастарқанынан да дәмдес болуға, Тәуке ханның қасынан дидар ғайыпқа жаратушы Алла нәсіп етіп, шешен тілмен саңқылдаған қаз дауысын есту орайына ие болдық, бұған да шүкірлік», - деп ой түйді Әлмерек.

Шығыс Жетісу өкілдерін Тәуке ханның қабылдауы осындай ықшам аяқтасты. Төрелік сөзді Тәуке хан айтып, ел тілегін Сүйіндік би жеткізді. Әкесімен жағаласқандай молықтырған, толықтырған сөзге

Әлмерек те бармады. Қорытынды Қазыбек бидің сөзі болды. Алдында солай ақыл қосып алған ба, әлде бас-басына сөз жарыстырып билік айтқысы келмеді ме, Төле би мен Әйтеке би екеуі ләм деп сөз айтпай, миықтай күлімсіреп құптайтындықтарын білдіре бас шұлғып отырды.

Тәуке ханның қабылдауынан кейінде Төле, Қазыбек, Айтеке билер албан елбасыларын тағы бір апта жібермей мол істерді ақылдасты. Кейде әйгілі үш бидің үйінде болса, көп уақытта Төле бидің қонақ жайында елдің болашақ істері жайлы мол кеңестері, сырласулар болды. Жуық маңдағы елдің елбасы, қолбасы марқасқаларымен әңгіме түйіні - Үш жүз бір тұлға боп жұмылмай, әркім өз тұсына келген жаумен айқас салып, ол сырғи берсе, ат басын іркіп қалса, түбегейлі жеңіске жете алмайтындық мол сөз болды. Үш жүздің сұлпандары ылғида осы бір айналасының ғана амандығынан әріге бармау әдетін жоймаса, береке-бірлік ыдырап түбінде Үш жүз үш бөлек кетуге апарып соқтыратындығы, жаңадан қылтиып өсіп келе жатқан бұл жайды ертерек тізгіндеуді үш би де, Әлмерек сынды әр елдің атқа мінер азаматы да мол айтты.

Қарқара бас билерінің есінде қалар бір жай Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи, Арыстан баб және Бала Бөгендегі Бәйдібек баба мен Домалақ ананың кесенелері басына барып тәу етуі дер едік. де Иасауи кесенесінің зәулім ғимаратын ерекше таңырқай да, таңдай қаға да аралап, екінші Мекке атанған Түркістандағы әулие, ғұламаның ұлан-ғайыр казак даласына шам-шырақтай сәуле сепкен пәк рухына мінажат етті. Ғұлама шәкірттерінің жанына екі-үш күн түнеп, мол хикаяттар естіді. Бала Бөгенде жатқан Бәйдібек баба мен Домалақ ана зираттарын арнаулы іздеп барып топырақ алып, қадірлі бабамен қасиетті ана аруағына дұға бағыштап, ол арада нәзір-шырақ өткізді.

Әрі сол бір ұлы кісілерден тараған ұрпақ болғандықтары үшін Аллаға тәубе келтірді.

Әулие өткен Бәйдібек баба мен Домалақ ана жайлы таңға айтса таусылмаған мол-мол әңгіменің таңғажайып мына тұстары Әлмеректің де, жанындағы жолдастарының да естерінен кетпестей өз өрнегін сап, кейінгі ұрпақтарының аузында шежірелік жыр-дастан боп қалып қойды.

Негізгі айтарымыз Бәйдібек бабаның ұрпақтары жайында болғанымен, әулие өткен бабамызбен қасиетті анамыздың хикаяттарына, аңыз-ертегідей ауыздан-ауызға таралып, көп ұрпағы бүгінге дейін пір тұта сыйынып келе жатқан кереметтерінің бірнеше үзіктері тұсына ат шалдырғандай тізе бүгіп өтелік.

Шежірелік байымдаудың бір нұсқасында қазіргі жыл санауымыздың 1356 – 1419 жылдары өмір сүрген Бәйдібек бабамыз қазақтың әйгілі биі, батыр қолбасы болыпты. Заманындағы бимен де, биігімен де тең тұрып артынан ерген елінің терезесін басқалармен теңей білген.

Бәйдібек әке-шешеден жас қалады. Жастайынан байдың жылқысын баға жүріп ат үсті сайыстың неше түріне жаттығады. Бір күні жап-жас Бәйдібек бағып жүрген жылқыдан үш қысырақтың үйірі аякастынан жоғалады. Барады-ау деген жердің бәрін шолып таба алмайды. «Жылқыдан айырылдым» деп бай алдына мүсәпірсіп баруды намыс көрген ол өзінің жоқ қарап кеткен жайын байға айтып жібереді де, із шала қысырақтың үйірін іздеп ұзай түседі.

Аштық пен шөл бұрлықтырып, түннің суығы бір жағынан қабаттаса, әбден мұздаған бір кеште, құмды далада сексеуілді мол үйе маздата жағып, ыстық іше бойы жылынып мызғып кетеді, түсінде ақ киімді, ақ сақалды қария: «Балам тарықпа, батысқа беталып жүре

берсең, Шу өзені бойынан жылқыңды табасың. Ал жолың болсын! Әумин», - дейді. Бәйдібек те «Әумин!» деп қолын жоғары көтере беріп оянып кетеді, қараса түсі, таң саз беріп қалған.

Атына міне меңзеген бағытқа қарай шаба жөнеледі. Қанша жүргені белгісіз ұзақ жол басқан соң Шу бойындағы қалың қамыс арасынан бар жылқысын тауып қайтады. Жылқысы да, дерексіз кеткен жылқышы да аман оралғанына бай ерек қуанады. Жас бала бойындағы қасиетке көзі жеткен бай да оған ерекше назар аударады. Барған сайын Бәйдібекті ішке тартады.

Осыдан екі жыл кейін қыс қатты боп, мал жұтай бастайды. Бәйдібектің енді он беске келген кезі. Қатал қыста жайылыстың шұрайына жылқысын өрістетіп, басқа отардағылар жұтау халіне өткенде оның жылқысы жонды тұрғанын байдың көзі шалады. Барлық қолбасыларға Бәйдібекті қоса шақырып: «Әлі үш ай қыс бар, мыңғырған жылқыдан бірақ айрылып құрық ұстап қалмайық. Қыстың сұры жаманға айналып барады не ақылдарың бар?», - дегенде мықты қос басының бірі бар жылқыны базарға шығарып сатып көктемде орнына жылқы алуды, енде бірі, елге бөліп беріп, көктемде жиып алуды айтады...

Бәрінен жас Бәйдібек бөлекше ой айтады: - Маған сенсеңіз, жылқыңызды Мойынқұмға қыстатып, аман-есен алып шығар едім. Қырық қысырақты іздеп жүріп, Мойынқұмның изені мен жусаны, жыңғылы мен сексеуіл шеңгеліне қанша мал жайылса да ортаймайтынына көзім түскен еді, - дейді.

Толғанған бай кексе қосбасылардың ақылынан көрі Бәйдібектің әдісін артық көреді. Баласынбай қос басы етіп, бар жылқысын жөткейді. Жеріне қалың жылқының аяқастынан келгенін естіген Арыстан би қос басыны шақыртқанда Бәйдібек өзі келеді. Қос

басы делінген ересек біреу емес, жап-жас бала екенін көргенде, іштей таңырқағанымен сыр бермей, бір топ ересек жылқышыларды басқарып келген сен балада бір керемет болса керек деген ойға кеп басынан-аяғына дейін шаншыла сынай барлап өтіп, тұлғасынан әлдеқайдан кезіктіргені белгісіз таныс бейне жылтын аңғарады. Олай да, былай да ойлап есіне түсіріп көрмек болғанымен, дәп баса алмайды. Ақыры аман-сәлемнен кейін бір сәт жалғасқан үнсіздікті оятқан Арыстан би:

– Қай ауылдың баласысың? Жылқы кімдікі балам? - дейді.

– Үйсін Қараша бидің баласымын. Әке-шешем жас кезімде дүниеден өтіпті. Мына жылқы жеріміздегі бір байдікі. Мен оның қосбастығымын. Биыл жерімізде қыс қатты болып, мал қысылғандықтан жер шола осы араға паналауды мен айтып едім, - дейді Бәйдібек.

– О, қарағым-ай, Қараша бидің баласы екенсің ғой. Әкеңнен аумады екенсің. Әкеңді әбден білемін. Қолынан талай дәм де татқамын. Небір ақыл-кеңесінде тыңдағамын. Пай-пай дүние-ай, бұл дүние әлі бізден де өтер, сен қосбасы болсаң, бір қыстап шығуыңа тарлық етермен емес. Жылқыңды емін-еркін өрістетіп баға бер, - дейді.

«Би қабыл көрмей қайтыңдар десе қайтемін?! Мына қыс көзі қырау, әлемді қар қымтаған ақырған аязда қалың жылқыны қайда жеткіземіз?!» деген бала күдігі сейіліп, көңілі жадырай өңінен қуаныштың күлкісі есті. «Әкең өлсе өлсін, әкеңді көрген өлмесіннің» өзі. «Балам бүгін менің қонағым бол», - деп қолқалады би. Көңілі жай тапқан Бәйдібек, қарт бидің тілегін екі етпей қонып қалды. Өзін баласынбай өткен күндер жайлы көсіле айтқан әңгімесін кішкентайынан өрелі-ойлы тартымды сөзге құмар боп өскен Бәйдібек ынтышынтымен ықыластана ұйып тыңдады. Үй ішіндегі

басқа жандарға тіпті қарап та қоймай, бар зейіні ақ сақалды қарт биге ауған. Ел жатар уақыт болғанда ақ кимешекті бес биенің сабасындай бидің бәйбішесі шай құйып отырған қызына бұрылып:

– Қонақ балаға төргі үйге төсек салып кел, кешке дейін суықта жылқы соңында жүріп шаршаған шығар ұйықтасын, - деді. Бидің сонау өз әкесінің басынан өткен күндерден көсілте айтқан әңгімесі өзі көрмеген хикметті күндерді елестетіп өткені сонша, бағанадан өздеріне бір тізерленіп отырып шай құйған сұлу қызды байқамағанына Бәйдібек таңғалды. Екі көзі ботадай жайнаған қызыл сары қыз не ғажабы барын тұңғыш рет өзін баурап әкетті. Бағанадан бір көз тастауға дәрмені жетпеген балаң жігітке көрсеткен назды өкпесі ме, әлде шеше бұйрығын екі етпей атқарғысы келді ме қайта бір рет жанар тоғыстыруға мойында бұрмай, сыпайы көтеріліп ішкі үйге сырғи берді...

Бәйдібек осы қыс жиі-жиі Арыстан би ауылына келгіштеп жүрді. Қызыл сары қызға деген махаббат құштарлығы тұтанып, екеуінің бірін-бірі ұнатып қалған жайын жеңгелері арқылы әке-шешесі де сезді. Бір күні Арыстан би:

– Балам ата жолдастығым ба? Саған ықыласым түсті. Мына сар қызымды саған берейін, еліңде құда түсіп сөйлесер кісің бар ма? - дейді. Азырақ толғанған Бәйдібек: – Әке-шешемнің жоқ екенін бұрын айтқамын. Жетім болғанмен ел-жұртым бар, ауылға барайын, сырлас-мұндас ағайындарыммен ақылдасайын, - деді.

Бәйдібек жылқысын баққан бай дүниеқор көтеу жандардан басқаша еді. Бәйдібек қылығына риза болған ол «сыйға сый, сыраға бал» дегендей жүз жылқы қалыңын айдап, Арыстан бидің сар қызын Бәйдібекке алып береді. Сары үйсін осы сар бәйбішеден тарайтыны белгілі.

Қиындық қинауында ысылып, ақылды да тапқыр боп өскен жас жігіт, жалшылық пен жоқшылық тұмылдырығын сыпырып, ел көзіне ерте ілінеді. Бәйдібектің әр істегі әділдігіне, халқына деген мейрімділігіне сүйінген елі бір реткі кеңесте би етіп сайлайды. Бәйдібектің екінші әйелі сұлу Зерептен – Шапырашты, Ысты, Ошақты тарайтыны жұртқа мәлім.

Бәйдібек өз тұсының біліктісімен де, биігімен де, ұдайы дастарқандас болып, елдің келелі істерін кеңеске салып, өзіне тиеселі міндетті бөлісіп алып отырған. Әлемге аты кеткен Ақсақ Темірмен де сырлас, істес болған жақтары бар. Ақсақ Темірдің әмірі бойынша Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи бейітінің басына зәулім сағана мешіт салдырып, өлмес ескерткіш тұрғызуда Бәйдібек би өзіне қарасты елін тұтас жұмылдырып, ерекше үлес қосады. Құрылыс шеберлері мен жұмыскерлер үшін демалып дамылдайтын үйлер тіктіріп, желі-желі бие, келе-келе түйе саудырып, қымыз-шұбатпен сусындатады. Жұмыс біткенше ұдайы құрлысшылардың хал-жайын өзі кеп ұғысып, сауыншылар мен қымыз-шұбат ұстайтын бапкерлерді, байланған биелермен түйелерді үстемелей толықтырып отырған. Соншама көп адамды ақпен ғана қамдап қалмай, көжеқатықтыққа да кепілдік етеді. Қора-қора қойды, үйір-үйір ту бие, семіз сиырларды жұмыскерлерге сойысқа айдатып, тіпті балшыққа араластыратын жүнге дейін Бәйдібек қамдаған. Жұма намаз сайын мешітке келіп дұға оқып, жетім-жесірлерге құдайы садақа, мал-мүлік, киім-кешек үлестіріп тұратын болған.

Қожа Ахмет Ясауидің жиені боп келетін мешіттің бас шырақшы сопысы Мақтым ағзам Бәйдібектің асқақ ойлы адамгершілік бейнесін танып жетіп, екеуі дос болады. Бірін-бірі қатты сыйлап жүреді. Осы Мақтым

ағзамның туған ұлы Әлі Сыман, Уайыс ханның әпкесімен үйленіп, одан Нұрила(болашақ Домалақ ана) туылады.

Әлі Сыман батыр, Ақсақ Темір ханмен бірлікте Алтын Ордаға шабуыл жасаған жолы соғыста мерт болады. Әйелін жылан шағып өлтіреді. Жастай жетім қалған немересі Нұриланы Мақтым Ағзам ерекше тәрбиелеп өсіреді. Мешіт, медреседе оқытады.

Бір күні Мақтым Ағзам сопы түс көреді. Түсінде Қожа Ахмет Ясауи бабасы аян беріп: «Жалғыз немере қызыңа әулиелік дарып бақ қонады. Оның білегін кім ұстаса, сол адамға некесін қиып қос. Өберелі-шөберелі бақытты болады.» дейді. Ояна кетсе түсі екен. «Иә, құдай, осы түсімді Қызыр жорып, Нұрила қызымды бақытты қыла гөр, Әумин?!» деп дұға қылады.

Бұл кезде Нұрила сегіз жаста мешітте сабақ оқып жүреді. Жылдар өте Нұриланың жасы он төртке толғанда, мынандай оқиға болады. Қол-аяғы жеңіл жас қыз су алып келе қоямын деп құдықтан су алып жатып, байқаусызда шығыр ағытылып кетіп, қауғамен бірге суға түсіп кетеді. Көріп қалған балалар ауылға хабарлайды. Елден бұрын Бәйдібек жүгіріп жетіп, құдық түбіне қараса, қыз қауғадан ұстаған бойдан су бетінде қалқып тұрған. «Нұрила қауғадан мықтап ұста, мен тартып шығарайын», - деп айғайлайды да, шығырды бұрайды, қыз құдық аузына жеткенде оның білегінен ұстап суырып алады. Ертесі Түркістанға кеткен Мақтым атасы бұл істен хабар тапқан соң,

– Шырағым, Бәйдібек батыр құдықтан сені қайтып алып шықты? - деп сұрайды. Болған істі қаз қалпында атасына баяндайды. Қожа Ахмет Ясауидің түсінде берген аянын екі етпеген Мақтым ағзам немере қызы Нұрила бой жеткенде, той жасап, Бәйдібекке ұзатып береді.

Нұрила әуелі сарбәйбішенің қолына түседі. «Қыз күнінде қыздардың бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығардың» бұл да бір бұтағы болар, адуын, тік мінезді сарбәйбіше алғашқы кезде Нұриланы оған-бұған жұмсап, кейіндеп түрткілеп, күндей бастайды...

Бәйдібек көбінде сыртқы жұмыста, ел басқару істерінде жортуылмен болып, ауылына анда-мұнда бір келгендіктен, Сарбәйбіше мен Нұрила арасындағы істерді аңғаруға мұрсаты жетпейді. Сабырлылық мінезінің басты ерекшелігі болған Нұрила оңаша тұстарында, бәйбіше сырын Бәйдібекке шағынбай кешірімділік істейді. Осылай уақыт оза береді.

Нұриланың ақылды да, алымдылығына сарбәйбішенің іштарлығы қоза түсіп, Бәйдібекті, тіпті ауылды меңгеріп кете ме деген күндестік пен Бәйдібек бидің алыс жорыққа кеткен орайында, жайлауға көшкенде жаман лашықпен жұртына тастап кетеді.

Ел ұйтқысының ауылда жоқ орайын пайдаланған Қара Қайдар деген түрікпен батыры, ауылдың бар жылқысынтігергетұяққоймай, шауып қайтқан жолында, лашық қосқа кездесіп, сусын сұрайды. Осындай істің боларын алдын болжап кемпір боп жасанған Нұрила, барлығын сусынға қандырып, қоламтаға көміп пісірген күлшелерін алдына қойып күтіп алады. Жылқы қуып келе жатқандар аттанбақ болғанда, Нұрила Қара Қайдардың алдына келіп:

– Батыр, мол жылқы алып қайтыпсың олжа беріп кет, - дейді. Қонақжайлық пейіліне ризашылық пен жалғыз үй қалған «кемпір» халіне жаны ашыған Қара Қайдар:

– Қалағаныңды көрсет, жылқышылар ұстап беріп кетсін, - дегенде Нұрила:

– Болды шаршап келе жатқан жылқышыларды әурелемей-ақ қояйын, - деп жүген құрық тимеген

қаражал сары айғырдың жанына жетіп барғанда, әлгі жануар селт етпей басын жерге салып тұрып берген екен. Басына ораған күндесін¹ шешіп жіберіп айғырды мойнынан байлап келіп, қосының босағасына іліп қояды. Қара Қайдар бастаған жортуылшылар мына кереметке таңырқаса жылқыларын айдап жолға түседі... Жылқы шабындыға кеткеніне бір күн болғанда ауылына оралған Бәйдібек, сарбәйбішеден туған тоғыз ұлын жанына ерте жылқы соңына түскен қуғында, Нұриланың бұрынғы жұрттыңда отырған лашығы үстінен түседі. Іргесінде сар айғыр байлаулы тұрған.«Жау шапты» суық хабарының албырттығы байыз таптырмай, ой-қиялын ала қашып «Нұрила қайда?» дегенге келтірмеген еді.

Бәйдібек бірнеше жолдасымен кіші әйелінің қосына ат басын бұрғанда, тоғыз ұлы жұртта қалған шешелерінің қара қосына көз салмаған бойдан, шашақты найзаларын шошаңдата шауып өте шықты. Нұрила ел көшкенде жұртта қалған бар жайын Бәйдібекке баяндап келіп: «Анау ұлдарыңды шақыр, жылқыңды алып бара жатқан мен танысам оңай жау емес, мерт қып кетеді. Бесін шенінде мына жылқыңның басы сарайғыр кісінеумен жылқы қайта тартып, күн ұясына кіре ауыл табады», - дейді.

Жолдастарымен бірге балаларының артынан шапқан Бәйдібек жете алмай көп жол басады. Қуғыншы тоғыз ұлының да, жылқы алушының да қараларын көре алмай ізге түскен бойы қуа береді. Нұриланың қосынан жарты күншілік ұзағанда, тау шатқалының арасынан тоғыз баласының өлігін кездестіреді.

Сарбәйбішеден тәкаппарлық қандарына сіңген тоғыз Домалақ енені көзге ілмеген күл күндестігі жүректерін тепкілеп, шыдамдарын тауысқан-ды. Жылқы

¹ Күндесін - Ұлы жүзде қарт аналар кимешек сыртынан басына орап алатын орамалдың бір түрі.

шоғырын көре, артта қалған әкені де, алдан төнер қатерді де ұмытып, Тарқысаң қақпасынан ене берді. Әр айналма мұрыншадан тосқан дойыр шокпарлар қарағұстарына отыра, бір-бір сілтемнен аса алмай жан тапсырған еді.

Бәйдібек балаларының сұмдық өлімінің үстінен түсіп қайтерін білмей дағдарған мезгілде, Домалақ ене қолын маңдайына қоя күн салып қарады. Уақыт бесін шамасы, сарайғыр ышқына бірнеше кісінеп жіберді.

Күншілік жолдан талып жеткен айғырдың үніне елең еткен жылқының алдыңғы тобы мен бірге ой үстінде келе жатқан басын жұлып алды.

Бар жылқы алдыңғы жақтан үйірлі қасқыр көргендей оскырынып, шиыршық ата толқып барып, таудан атылған қар көшкініндей бұрқ етіп жүйткі жөнелді. Алғашқы сасқалақта Қара Қайдар: «Қайтар, тос!», - деп айғайлап жібергенін өзінде сезбей қалды. Тоспақ болған бірнешеуі қалың жылқының астында домалап, әлгінде ғана тоғызына тиген шокпар өз бастарына тигендей хал кешті. Қайдар енді есін жиыды. Шу асау сарайғырды ұстап қалған аласа бойлы домаланған әйел затына таңданыспен қарап, «сенде бір керемет бар-ау» деп жүріп кеткені енді есіне келді.

– Па, әлгі әйел әулие ана екен ғой. Тоспа! Тоспа! Тосу қолыңнан келмейді. Сарайғыр осы жылқының түп қазығы екен. Ол әлгі Домалақ ана алдында бекер жуаси қалмапты. Қоламтаға пісірілген күлшеден адамзат емшек сүтінің дәмін сезіп едім. Оған қарсы келуге болмайды. Ол шын әулие ана екен, ол біздің де анамызға айналды, - деп жылқыны тосып жүрген жігіттерін айғайлап жүріп, зорға жиып алды. Бұл кезде онға жуық жігіт жылқы тұяғымен жан үзіп те кеткен еді. Қайдар мына кереметтен кейін: «Қанды-қан жібермейді екен-ау» деп күбірледі ішінен.

Бәйдібектің мыңнан астам қалың жылқысы дала бетінде айдаһардай ирелеңдеп шұбатылған шаң қалдырып, келген ізімен тоқтаусыз дүркіреп барады. Тасқын селдей буырқана атылып бөгеу бермеген жылқы күн ұясына кіре Домалақ ененің қосын тапты. Өткен-кеткен малшы-қосшы ертесі Бәйдібек ауылына сүйіншілей келіп: «Жау әкеткен жылқы сол беті қайта оралып, бұрынғы сар жұртта Нұриланың қара қосын айнала жусап жатыр», - деп мәлімдеп жатты. Бірақ, бұл кезде Бәйдібек ауылға әлі де жете алмаған еді.

Бәйдібек ауылына оралып, тоғыз ұлының сүйегін жерлеп болған соң жер таяна орнынан тұрып, қасқағымда дерлік уақытта болып өткен хикметті көзалдына шұбырта келіп: «Иә, Алла, астамшылық, тәкаппарлыққа сайған істерімді кешіре гөр?!», - деп күбірледі. Көп ұзамай Нұриланың ұлы нағашысы Қожа Ахмет Ясауидің мазарына барып нәзір беріп, тәу қып Құран оқып, ауыл іргесінен шалыққан күпіршіліктерді кешіруін өтіне отырып, құдайға мінажат етті.

Бәйдібек осы бір естен кетпес оқиғадан кейін, Нұриланың әулиелігіне шын көз жеткізді. Ақ томағадай үйді арнап тігіп, өзі алдына барып көшіріп әкелді. Сарбәйбіше, Бәйдібекке жұмған аузын аша алмай, бұрынғыдай беті ашық Нұриланы басынудан іш тартты...

ОсыоқиғаданбіржылкейінНұрилатұңғышұрпағына ауыр аяқ болды. Босанатын күні көптен күндестігі тұншығып қалған сарбәйбіше, шыр етіп жерге түскен ұл баланың даусын тани қойып: «Сенімен Бәйдібек тұқымын көбейтпей-ақ қояйын!» деген бақталастығы түрткілеп, әйелдердің абыр-сабыр қарбаластығында, бала кіндігін кесушілерге көмектескен болып, ұмсына кіріп кетті. Іңгәлаған нәрестенің былқылдап тұрған

шүйдесіне көре алмас күншілдік пен сумаң қаққан өткір шеңгелін батыра бір мытыды да аңқау көздерге ұрлана бір қарап, сусып шыға жөнелді...

Таңға шырылы басылмай барып-келіп қиын жағдайда жатқан баланы Нұрила қолынан алып аудармалап көрген Бәйдібек, істің сыры ана күмәніндей екенін тани қойды. Сол күні-ақ қос ат жіберіп, сол тұстың мықты шипагерін алдырды.

Шебер емсек нәрестенің паршаланып езілген бас сүйегін теріп алып, орнына тасбақаның қабыршақ сүйегін қиюластырып орналастырды. Бір сөтке көз ілмей ем-дом жасаған емсек «енді ажалдан құтылды» деп ертесі атына қонды.

Ажалдан аман қалған бала басындағы тыртық, азан шақырып қойылған алғашқы атын ұмыттырып, Жарықшақ атанып кетті. Бапкер ана Нұрила Жарықшақты ерекше тәрбиелеп өсірді. Оқу жасына ілінгенде, туған нағашы ағасы Уайыс ханды іздеп барып, баласы Жарықшақты нағашысымен таныстырады. Уайыс хан жиенінің зеректігін шу деп мектепке түскеннен аңғарып, сол дәуірдің ең жоғарғы оқу орнын Жарықшақтың зейінділігіне қарай талдай оқытып, үлкен білім алуға көмектеседі. Дарынды алғыр жиенін алғаш Ташкент әмірлігіне қояды. Кейін бүкіл Жетісу өлкесінің ұлыс бектігіне дейін көтеріп, ұзақ жыл ел билейді. Уайыс хан қайтыс болғаннан кейін орнына отырған Есенбұға хан Жарықшақтың ел басқару қабілетіне сеніп, бас уәзірлікке дейін көтереді.

Осы Жарықшақтан - албан, суан, дулат сынды Ұлы жүздің үш тайпа елі тарайтыны жұртқа белгілі. Албаннан - Шыбыл, Сары екі ұл. Шыбылдан - Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Құртқа, Мамай төртеу болып айтылады. Албанның екінші ұлы Сарыдан - Сүйеркұл мен Сүйменді туады.

Сүйерқұлдан: Досәлі, Шоған, Қоджбанбет, Жарты тараса, екінші ұлы Сүйменді, дамыл таппаған жаугершілік тұсында, ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алған алпарысты жылдарда, алысқанын алмай тынбайтын ерлігіне сүйсінген елі «Таубұзар» деп атап кеткен екен. Осы Таубұзардан: Айт пен Бозым және Қарашаш деген қыз туады.

Әкесі Таубұзар дүниеден өткенде, Айт – үйлі-ошақты жігіт, Қарашаш – бойжеткен қыз, Бозым он үштегі бір мүшелге келген бала екен. Әкесінің бар байлығына, іні-қарындасына да Айт ие боп билік жүргізеді. Күндердің күнінде Айт ауылына саудамен келіп-кетіп жүріп үйірлескен Мұқаметәлі деген бай саудагердің, бойжетіп отырған қызы, сұлу Қарашашқа көзі түседі. Қызбен тіке сөйлесудің ретін келтіре алмаған жолаушы оның інісі Бозымды бауырына тартып, қайда барса да жанынан тастамай үйірсектете жүріп, ақыры қызға жуықтаудың ретін келтіреді. Уақыт сырғып қарындасының ауыр аяқ боп қалғанын аңғарған Айт, Мұқаметәліден қалағанынша қалыңын алып, Қарашаштың тойын жасайды. Туылған баланың аты алғаш Жиенқұл қойылып, кейіндеп қысылып жүргенде көрген бала деп «Жиенқұл» аты қалып, Қыстық атанып кетеді. Үлкендердің “Қыстық – Бозымға еншілес болып осында қалсын” деген тілектеріне қыз-күйеу де мақұл боп, Қыстық нағашы елінде қалып қояды.

Мұқаметәлі Қарашаш пен той жасап болған соң «есің барда, елінді тап» дегендей еліне қайтпақ болғанда, әбден бауыр басып кеткен Бозым «менде бірге кетем» деп шырқырап қалмай қояды. Жас баланың қылығына жүректері елжіреген жездесі мен әпкесі: «Бір мезгіл мауқы басылғанша, бізбен бірге болсын, кейін жеткізіп қоямыз», - деп ағасы Айтқа өтініш етіп мақұлдығын алған соң, Бозымды бірге ала кетеді.

Жылға жуықтап Бозымды әне жеткіземіз, міне жеткіземіз деп жүргенде, Мұқаметәлі еліне бүйідей тиген оба кеселі ілініп, осы аурудан Қарашаш қайтыс болады. Көп ұзамай Мұқаметәлі де қатты ауырады. Мына дерттің сығымынан өзінің де шыға алмасын сезген ол бәйбішесін шақырып: «Бозымның ақылдылығы мен адалдығы елден ерек. Қайта жеткізбек уәдем бар еді, мұрсатым жетер емес. Бауырыңа тартып бала қып ал. Реті келсе түбін табуға қол ұшын берерсің. Оған жеті қоймандағы қазына мүлкінді көрсет, аз-аздап сауда жолына төселсін», - деп аз тыныстап өзінің қимас досының бой жетіп келе жатқан қызын алып беруді де табыс етіп, көп ұзамай дүние салады.

Бозым кем сөзді, іске тындырымды, орнықты азамат болып өсті. Мұқаметәлінің бәйбішесі де күйеуінің бақылдасу үстінде айтып кеткен өсиетін бұлжытпай орындады. Бозым тумаса да туғандай болған ана тілегін адал орындаушы боп, жездесінің сауда-саттық істерін қамшыдай іле жөнеліп, көзге түсе бастады.

Бозымның әйелі бір жылдан соң ұл табады. Оның әр ісіне ерек ризалықтан туындаған жанашырлықпен Мұқаметәлінің өсиетін ескерген бәйбіше ататегін ұмытып кетпесін деп: «аталарыңның біреуінің атын ата, балаға сол атты қоялық дейді. Бозымның аузына ұлы әкесі “Сарының” аты түседі де, жаңа туылған шілдеханаға “Сары” деп ат қояды.

Жыл өткен сайын Бозым да толыса түседі. Атақты бай саудагер жездесінің ісіне шын мұрагер боп, жеті қамбадағы мүлкінің ортаймай толыса түскеніне іштерінің тарлығы ұстаған Мұқаметәлінің жақын-жуықтары: «Туысымыздың қазынасындағы алтын-күміс, жамбыны қаңғырып келген Бозым басып қалып, біз далада қалатын болдық, Бозымды жасырын өлтіріп, қазынадағы дүниені өзіміз бөліп алайық», деген кеңес құрады. Бозымның

қолынан жақсылықтың дәмін татқан бір дос-жары ту сыртынан қадалғалы тұрған жасырын жебенің хабарын алдын ала жеткізіп, құрылған қастандық торынан Бозым аман қалады. Осыдан бастап қатты сақтанып, Мұқаметәлінің бәйбішесі де Бозымның жанынан адам үзбейді.

Уақыт сырғып өтіп жатыр, Мұқаметәлі қайтыс болғалы да жеті жылдың жүзі болды. Бозымда жиырмаға шығып, жан-жақты толыса түсті. Бір күні Бозым өз қарамағындағы сауда-саттық орындарын айналып жүргенде, өң-тұрқы, сөз реті бұқардағылардан басқаша, алпыстар шамасындағы орта бойлы шоқша сақал, қызыл шырайлы адам келіп, сауда сатушыларға өзінің Жетісу жақтан келген керуенбасы екенін, киім-кешек, әртүрлі кездеме, шай-қант қатарлы заттардан молырақ алатынын айтқанда, сатушының бірі:

– Ана жігітпен сөйлесіңіз, - деп өзін нұсқап жібереді. Өзінен көз алмай барлай қараған әлгі кісіге Бозым,

– Ақсақал, бүгін кеш боп қалды. Ондай көбірек сауда алғыдай болсаңыз, ертең осы араға ерте келіңіз, мыналармаған бастап барады. Қамбадан қалағаныңызды алуыңызға болады. Әрі мына арадан арзан тұрады, - деп саудаға қатысты жөн-жосықты ұғындырды. Қалай екені бейтаныс адам өзіне қарағыштауын бір үзбеді.

Ертесі келіскені бойынша әлгі қарт бір топ адамын бастап келіп, қамбадан отыз түйелік жүкті дағарлар, тайлап дайындады. Бозымның да қарияға ерек ықыласы ауып, «кеште қонақ болыңыз» деп, қоярда қоймай үйіне бастап келді. Қарбалас тамақ қамы мен жүрген әйелі екі-үштегі жылаған баланы меңзеп күйеуіне, - Бозым, ана Сарыны жұбата салшы, - демесі бар ма? Қарт қонақ ерекше елең етті. «Апыр-ау мына жігіттің көз жанарынан шырамытуым, құдай оңдап шынға шықса

екен. Мынаның өз аты Бозым, баласының аты Сары койылуы тегін емес», - деп ішінен күбірледі. Шыдамы таусылған керуенбасы да дастарқанға отыра беріп:

– Қарағым, қазаққа жөн сұрау айып емес. Аты-жөніңді таныстыра отыр, - деді. Бозым ататегін арыдан бұтарлауға шорқақтық істегенмен өз әкесі Ұлы жүзден шыққан Албанның немересі Сүйменді екенін айта келіп, «атым Бозым» дегенде, қолындағы асын тастай ұмтылған құдайы қонақ Бозымды бас салып қай-қайдағыны айтып көріспесі бар ма. Бозымның әйелі де, Мұқаметәлінің бәйбішесі де аң-таң болды.

Бозымның бейтаныс қонағы сарының үлкені Сүйеркұлдың ұлы Шоған еді. Ал мына алтынның сынығындай Алатауды алты айналғандай боп әрең тауып отырған Бозым, Сарының екінші ұлы Сүймендінің сүт кенжесі. Шоғанның сөзінің дуалығы, албанға ұйтқы болған қасиеттілігімен бүкіл алаш “Шоған абыз” атап кеткен. Шоғанның көрегендігі албанның ғана емес, күллі қазақтың алтын мұнарасы сияқтанады. Албан ішінде алжанның шежірелік тегі әркім әртүрлі хикаятпен келтіретін керемет жай. Әйтеуір еліне төнген бір қатерден қашып азып-тозған Мәмбет, Үмбет атты екі бала Шоғанға кезігеді. Бұл кезде Шоған балалы болмаған тұс. Екеуінің жанарынан ертеңгі жақсылықтың нышанын таныған көріпкел, ат шаптырып той жасап, бала ғып алады. Оқытады, қайда барса да жанынан тастамай ертіп жүріп, аңғарлы азаматтар етіп тәрбиелейді. Осыдан кейін Шоған өзі де бірнеше бала сүйген екен...

Мәмбет, Үмбет екеуі де ерек ақылдылығымен Шоғанды баурап өз аттарын атаудың орнына «Алжаным, Алжаным» деп еркелетіп жүріп, Шоғанды құрметтейтін бүкіл Албан ұрпағы Алжан атап кетеді. Міне осы Алжан атанған үлкені Мәмбеттен: Сырымбет,

Шағыр, Аламан, Қиғылық төртеуі. Кішісі Үмбетген: Шажә; Сөзімізге тиек болған Сырымбет жастайынан жоңғармен жағаласып өткен батыр. Ал одан әлемге аты кеткен Хангелді.

Шоған абыздың Бозыммен көрісуі көпке жалғасып барып толастаумен үй иелеріне бейтаныс қонақ өз жайын, ел жайын, неше жылдардан бері туған-туыстың Бозымды іздеу жайын сөйлеп өтті.

Кейде өркештеп, кейде бәсендеп тұрған жоңғармен жағалас жылдарда кіші әкесі Таубұзарға ілесіп, жорықта болған Шоған немере інісі Бозымды төрт-бес жасында бір көрген. Таубұзар батыр дүниеден өткен соң көтерген жүгі тіпті де ауырлап, талай жыл ауыл бетін көре алмай соғыс саябыр тартқан тұста келсе, Сүймендінің кенжесі Бозым көрінбейді. Мән-жайды ұғысқанда: «Әкпесі Қарашаштан қалмай қойды, бір мезгіл мауқы басылған соң өздері әкеп тастамақ» деген сөзге алғаш Шоған да бопты деген. Уақыт ұзарған сайын Шоған байыздай алмады. Бозымның туған ағасы Айтқа бірнеше жолдас қосып іздетеді. Бірақ, Айт неше күн іздеп дерегін таба алмай оралады. Артынан талай пысық жігіттер аттандырса да бәрі құры қол қайтты. Қарашаштың күйеуі Мұқаметәлінің атын білгенмен, ешкім мекені Бұқар қаласын ескеріп, есте сақтап қалмаған. Ақыры сауда-саттық пен айналысатын керуенбасы боп өзі жолға шығып, көп қалаларға барғанымен дерегін біле алмаған. Міне, бүгін құдай оңдап жолының болғаны сонша, інісі Бозымның үстінен түсіп отыр.

Ертесі жолға шығатын Шоған абыздың керуені аптаға жуық аялдап қалды. Шоған Бозымды ертіп, Бұқара қаласын айнала сейілдей жүріп, мол сырласты. Ақыры тоқ етерге көшіп: «Әкпе-жездең де қайтыс болыпты. Мұқаметәлінің бәйбішесіне де рақмет, сені өз ұлындай қадірлей біліпті. Бірақ, мынау жат ел, жат

жер. Басың ауырып, балтырың сыздаса, байлық деген колдың кірі ғана екенін сонда білесің. Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол, бізбен бірге қайт. Алтын басыңның амандығынан артық байлық жоқ. Көре алмас күншілдер Мұқаметәлінің қазынасын қаңғырған біреу басып қалды деп сыртыңнан қастық сайламасына кім кепіл» дегенде, ағасының ықыласы Бозымды баурап әкетті. «Тіпті біреулердің маған жасаған қастандығын айтқызбай болжауы қалай?» деді ішінен.

Тумаса да туған анасындай боп кеткен Мұқаметәлінің бәйбішесі де Шоғанның Бозымды жан күйер іздеушісі екеніне көзі шын жетті. Бәрі дастарқан үсті көңілді отырғанда, Шоған інісі Бозымды елге алып қайту тілегін бірақ айтты. Алғаш жеп отырған тамағы кеңірдегіне тұрып қалғандай, суықтер бұрқетіп, бір сәт үнсіз қалған бәйбіше қайта ақылы арнасына түсіп, күйеуінің қызыл көз туыстарының Бозыммен бақталастықтан жауласқан сұрқиялыққа өткен жайын ескеріп: «Неше жыл баламдай болып өстің, өлім басты боп есім кеткенде ес болдың. Мен саған сендім, сен де қылдай қиянатқа бармадың, жезденнің ақтық тілегін шамамның жетісін ше менде өтедім. Талай істің жөнін білдің, шамаң келсе артыңа бұрыла жүрерсің, ағаңнан қалмай еліңді табуыңа қосылдым», - деді.

Мұқаметәлінің бәйбішесі ел-жұртын шақырып, Бозымды еліне аттандыру тойын өткізіп, ықылас-батасын беріп, жолға шығарында Бозымға арнап жеті түйеге асыл заттар артып, Шоғанның керуеніне қосып шығарып салды.

Бозымның ауыр аяқ әйелі жол-жөнекей екінші ұлын табады. Жолда жаншылып келе жатқанда туылды деп атын Жаншық қояды. Ал Жаншықтан Әлмерек және Олжай екі ұл екені көпке анық.

Айға жуық Ташкент, Түркістан, Шымкент маңында Төле билер қасында болған Сүйіндік би мен Әлмеректер мамырдың ортасында елге қайтты. Орда жасақтары Төле бидің тапсыруы бойынша Шу мен Таласқа дейін шығарып қайтты. Шапырашты Қарасай батырдың ұлы Түрікпен бастап, ауылдан шығардағы өздерінің жобасы әрі Төле бидің тілегі бойынша, жол бойы талай-талай Ұлы жүз елбасыларының ауылында еру боп, қолбасы сардарлармен жүздесті. Ел-жұрт амандығынан кейін әңгіменің тиянағы жоңғарға бірге төтеудің берекелі дастарқанынан дәм татып, ынтымақ-бірліктің ақсарбастары айтып сойылды. Ең соңында Қарасай батырдың ауылына келіп еру болды.

Маужыраған мамырда Ұзынағаш атырабы тотыдай түрленіп, тіршілік атаулы шабыт шақырып мәре-сәре. Аралар гүлден-гүлге өте бал іздейді. Торғайлар да жұп-жұбымен қатар ұшып, қатар қонып, өмірге нәр құйған көктем күдіретін аңғарғандай. Көбелек-екеш көбелектің де екі-екіден тіршілік дүниесінің куәгеріндей татулығы қиялыңды қытықтайды. Ормандағы бұлбұл, сан алуан жыршы құстар қос дауысты әншідей парлана неше алуан әуенге сап бебеу қағады. «Иә, жаратқан, осы бір сәнінді соқыр құйын тұрып, бұза көрмесе екен», - деп тілек етеді адамдар. Сүйіндік би мен Әлмеректер осы бір тұста Қарасай батырдың ауылында аптаға жуық аялдап қалды. Қазақ басына, Қарқара атырабына бір мезгіл орнамақ жылылық, Әлмерек батырдың жүрегінде бүлк етпей келген махаббат жалынын оятып үлгірді.

Ертеңгі шайдан соң Қарасай батырдың ұрпағы Дәулеттің үйінен қонақтарға қымыз ішуге ұсыныс етілді. Гажап-ақ, Әлмеректің қымыз құйып отырған осы үйдің

Зәуре атты бойжеткеніне көзі түсумен жүрегін шым еткізгендей ерекше іңкәрлік сезімін жетелей жөнелді. Керіле тартылған қиғаш қас астындағы ботаның қос жанарындай мөлдірей біткен қарақат көзі, әдемі қырлы мұрын, оймақ аузы бәрі-бәрі аққұба жүзіне жарасымды біткен. Бүкіл тұлғасымен қимыл әрекетіне, биязылық пен ибалылық, имандылық нұры төгіліп, сымбатты денесінен бір мін тапқысыз.

Қалай екен Әлмеректің талай жылдан бері небір қыздарды көрседе көз салмайтын қатал мінезі, тау басындағы қалың қар шілдеде жылбырай ери жөнелгендей, екі көзін мына ақ сұлу қыздан ала алмай әлсін-әлі қымыз ішіп отырған қос саптыаяқ жиегінен сығалауын үзе алмай қалды. «Апыр-ау, маған не болды, мына қыз неге менің жанарымды баурай береді. Ауылда дос-жарандарым талай қыздың мақтауын аспандатып ала ғой дегенде, менің әзір қыз айттырып, шымылдықты желпілдетіп жатар мезгілім емес деп қайтарып тастаған едім. Мына қызды жол-жөнекей бір көре сап, жан дүниеммен тәнті боп қалғаным не керемет? Түндегі түсімнің қас пен көздің арасында шынға айналып кетіп бара жатқаны ма?», - дейді Әлмерек ішінен.

Осы кезде қыз да баспалағандай, көп көзіне байқатпай көзінің астымен ұрлана өзін шолып, асаудай жалт берген тұстарын байқап қалды. Ауыздық тістеп ала қашқан шолғыншы жанарлар тұңғыш тоғысып өткенде, ғажап бір жалын жалт еткендей екеуінің де жүрегін дір еткізді. Қыз реңі қызғылт тарта алаулап шыға берді де, талайға дейін от жанарлы жігіттің әлпетіне қарамасқа тырысқандай, ернін қымти қымызды сапырғыштап өзін алдаусыратты.

Бірінші рет жанарынан шағылысқан жалт еткен ұшқыннан екеуінің жүрегінде бір жалын тұтанғандай.

Енді Әлмеректің көз алдына күндіз-түні осы бір нұрлы жүзді әлсін-әлсін елестетіп есін алды. Ойына келді көргісі кеп байыздап отыра алмай, бой жазып далаға шыққыштауы жиілей түсті. Бұрын болашақ ел қамы, соғыс жайында айтылған сөзден басқа назарына кірмейтін Әлмерек, енді дастарқандас кісілер осы бір іс жайлы әңгіме айтып отырса, өзі кеңес үстінде әңгімеде отырғанымен қиял дүниесі Зәуремен бірге шалықтап, бірге шарықтап жүргендей, сезім жетегінде бүкілдей ұзап кеткенін кейде білмей қап жүрді.

Далаға шықты болды екі көзі Түрікпенмен іргелес отырған немере ағасының ақ томағадай үйіне алдымен түседі. Әйтеуір Әлмерекке осы үй сүйкімдене көрініп, кіріп барудың сылтауын таппай, қарағыштаумен алағызды. Әлмеректің атақ-даңқын сырттай әбден естіген Зәурені де желпуіш көтерген қауырсындай бір серпін үйінде байыздатпай, тігіп отырған кестесін ірге жаққа ысыра сап, далаға ытқи жөнелетінді тапты. Уәделескендей тысқа қатар шығып қалған тұстарда, жақындап келіп, тіл қатуға ұят шыжымы жібермей, алыстан көз мейірлерін қандырғандай әредік сәттен соң, Зәуре әлдекімнің көзіне түсіп қалмайын дегендей орманға сүңгіген еліктің лағынша, үйіне сып беріп жөнелді.

Жалт етіп бір қарағандағы қыз көзіндегі нұрлы жымыиыс сұлулық келбетін тіпті де ажарландыра, Әлмеректің іңкәрлік шыжымын жетелей, Зәуреден көзін ала алмай сұқтанады. Зипа бойына жарасты желбір етек көйлек, үкілеген зерлі тақия, тірсегін соққан қолаң шашы тал бойында бір мін жоқ дегідей жарасып тұр. Бұрын мұндай тұлғаны ешкімнен көрмегендей есін алды. Басқа ауылдарда бір күн еру бола «енді аттанайық, жата берсек болмас» дейтін Әлмерек «аттар

тыныға түссін», «әлгі осы ауылдан жолықпақ болған пәлен ауылдың ел басыларын бірер күн күтейік» , - дегенді сылтауратып уақытты соза түсті.

Түрікпеннің немере ағасының қызы Зәуреге де, талай-талай бай-манаптың сал-сері ұлдары үлдемен бұлдеге оранып келіп, пысқырып қарауына да ие бола алмай жолына түскен. «Әттең жай біреудің қызы болғанда, баяғыда ат көтіне зорлықпен мінгестіріп жөнелер едік. Мынаның Қарасай ауылының қызы болып қалғаны», - деп бетпе-бет айта алмай, сыртынан күңкілдеп әттеген-ай мен кеткені қаншама?

Зәуренің неше күннен бері ауыз екі сөйлеспегенімен байқап барлауында, Әлмеректің батырға біткен ажарлы тұлғасы, сөз алымдылығы мен ұстамдылығы, бұрын Әлмерек жайлы ел аузынан естіген аңызға айналған әңгімелерді анықтай, дәлелдей түскендей. Қызда өз ықыласының мына жігітке ауғанын шын сезді. Бірақ, қыздың жолы жіңішке дегендей «мен бұл жігітті құлай сүйгеніммен, ол мені жақтыра ма? Тіпті батыр атағымен көпке аты кеткен Әлмеректің үйінде бір сүйер жары бар шығар. Басқа сүйгені де болар. Мүмкін атақ-даңқы биік жас жігіт уақтылы қолжаулық етпек бе кім білсін?» деген көлденең ой-қиял дүниесінен қылт еткенде денесі дір етіп, қайта толғаныстан соң «жоқ, жоқ үйленсе, үйленген шығар, бірақ, мен кісі танысам Әлмерек ондай нәпсіқұмар, әдепсіз жігіт емес» , - деп өзі қолма-қол ақтап алды.

Әлмерекке деген іңкәрлік күн санап өрттей лаулағанын аңғарған Зәуре «апырым-ай әлгі күйдім-сүйдім, ғашық дегені осы болғаны ма? Елдегі не-не шіренген мықтының мырзалары өліп-өшкенде пысқырып қарамаған едім, мына Әлмеректің не кереметі бар? Құдай тегін жаратпаған пендесі сияқты. Мені де оған ентелетіп қойған жаратушының күші

болар. Оның да мені құлай сүйгені алдамшылық емес шын берілу болса, сөз салар, ең болмағанда үлкендерге кісі кіргізер, я болмаса еліне барып қайта оралар. Оған дейін жеңгелеріме де сыбыс білдірмей сабыр сақтайын. Сабырсыздық қалдырар ұятқа. Ештеңенің қарасы жоқ, жеңгелеріме айтқан құпиям ағаларымның құлағына шалынып, жолаушы жайымен кетіп, қадір-қымбатымды түсіріп алмайын. Екеуміздің бас құрауымыз Мақпызда¹ жазылған болса, оң реті келер. Егер бұйрық болмаса оған не шара...», - деп тағатсызданған жүрегіне тоқтау, сабырлылық ұялата берді.

Әлмеректің Зәуреке деген ықыласын алғаш Биеке аңғарды. Бір бұтаққа қатар қона алмай алыстан көз сүзе телмірген жұп торғайдай іңкәрлік бейнелерін бірден танып, екеуі жуықтай, жақындай түскенше үркітіп алмайын дегендей білмеген, сезбеген қалыпқа өтіп бірекі күнді өткізді. Байқайды, енді қыз жайы жөнінде Әлмерек те сырласар, сынатар кісі іздегендей қалып байқатты. Ұлы сәске мезгілі Әлмеректің алақызып далаға жөнелмек болуына Биеке бірге шықты. Екеуі ауыл сыртына ұзаққырай шыққан кезде Биеке:

– Е, Әлеке, ауылда жүргенде небір қыздарды айтсақ, оскырына қарғып кетуші едіңіз, Аллаға шүкір, жоңғармен арадағы соғыс үзілісі сіздің жүрегіңіздегі қыздарға деген сызды жұмсартып, неке ғайып мына менің нағашы жұртым Қарасай ауылынан бұйырғалы тұр ма қалай? - деп мырс етті.

– Ой пәле, оны қайдан білдің? Әлде кісілерің құлағыңа сыбырлап жүрме? Пай-пай ішің кемештеу ғой. Өзімнің де сенімен оңашалай сырласқым келіп жүр еді. Сүйіндік би үйдегі кісілермен әңгіме-дүкен құра тұрсын, анау су бойындағы қос қайың түбіне

¹ Мақпыз - діни ұғымда туғанда болашақтық істер маңдайға жазылып қоятын сияқты.

барып қайтайықшы, - деп Әлмерек жасы құрбы Биекені жетелей, жотасынан қағып жағаға тартты.

Мамырда жағасы жасыл жапырақпен көмкеріліп, алуан гүл шоқтарынан шолпы тағынған жас арудай сыңғырлы мөлдір бұлақты аз өрлей қос қайыңның саясына келіп, жамбастай кетісті. Кілемнің түріндей көк құраққа керіле-созыла бір аунап алған Әлмерек:

– Биеке, ойымдағыны қиырдағыны шалатын қырағы көзің қалай таныған, әлде байқалмаған көріпкелдігіңмен аңғардың ба? Әлгіндегі айтқаныңда шындықтың шындығы бар. Жоңғарды жерімнен аршып, елімнің басына бейбіт күн орнаған тұста, бұйырған бір қыз бар деуші едім.

Төле бидің болжалында біздің жоңғарды түбегейлі аластау үшін әлі жетпіс жылдан артық уақыт бардай. Ол кезді күтсем тірі болсам да айдаладағы бір түп қураған терекке ұқсайтындаймын. Осы ауылға келіп қонған түні түсімде Таубұзар бабам көрінді. Аппақ сақалын салалай маған жымия қарап отырып:

– Балам, Әлмерек, қаншаға келдің? - дейді.

– Жиырманың бесіне іліндім ғой баба, - деймін мен.

– О, балам жастықтың қызығын көрер талай майда жасты таусыпсың ғой онда, - деп қарқылдай күледі. Мен қасиетті бабам неге күлді, не демек? деген оймен аңыра қарап қаптым.

– Е, құлыным, әзір деген ұрпақ сүйер жастасың, жоңғармен атам заманнан бері жалғасқан қанды қырғын қазақ ұрпағын сақтап қалу емес пе?

– Білем баба, білем, - деп бас шұлғимын.

– Білсең, онда жиырма беске келгенше, неге үйленбей жүрсің?! - деп өңін суыта қарайды маған.

– Жоңғардың көзі жойылып, ел басына бейбіт күн орнаған соң, - деймін мен мықты сөз тапқан кісімсініп.

Бабам қарқылдай, мені ажуалағандай екі иығы селкілдей, көзінен жас шыққанша күліп алып:

– Қарағым-ау, оған дейін жүзге келмейсің бе, қой ол ойыңды мына Шапырашты ауылынан саған неке ғайып түсіп тұр, бұрында қыз алысқан сар сүйек жегжатпыз. Енді сояудай болып жалғыз өтуді тоқтат! - дейді. Ояна кетсем түсім. Ғажап-ақ, осы түсті көрген күні ертеңгі қымызға Түрікпен батырдың немере ағасының үйіне кірдік. Анау Зәуре атты қызына көзім үйірсектеніп, көрмесем тұра алмайтын бір мастық сезім алып ұшып тұратын жай пайда болды. Ал, Биеке замандассың ғой. Аға баласы екендігінді ойласам, жолыңның үлкендігі де бар. Осында көрген түсімді де, нағашың Қарасай батыр ауылының қызына ғашық болған ісімді де ақтардым саған. Ендігі жүректің дауасын сен тап, - деп қасындағы Биекенің жамбасына жалпақ алақанымен бір салып қарқылдай күлді. Биеке Алатау шыңдарына көз жүгірте ыңылдай отырып:

– Әлмерек батыр, түсінді “Жақып жорысын, Жақып жорыса, жақын жорысын” дегендей ісің оңына басқалы тұр екен. Біз саған талай-талай қыздарды айтып, көндіре алмаған едік. Сен, Алланың шын сүйген құлы екенсің. Егер құданың құдіретімен Таубұзар бабаң түсінде аян бермеген болса, тағы бізге көнбегенің бойынша өмірі үйленбей кетермедің кім біледі? - деп әзілдей бір күліп тастап:

– Мына Тәуке хан мен Төле биге жолығар сапарымыз оң сапар болды. Ел ісінде, ер ісінде бітіретін болдық. Таубұзар бабаң: «Шапырашты ауылынан неке ғайып саған түсіп тұр» деп, жұмбақтамай ашық аян беріпті ғой. «Бұйырған кетпейді, жүгірген жетпейді», - деген осы. Саған біз де, ауылдағы жолдас-жораң да «біз көрсеткен қызды алмады» деп өкпе артпаймыз. Мүмкін нағашым Қарасай батырдың мына немере

қызына талайдың қолы жетпей қайтты ма кім білсін? Мен кісі танысам менің нағашы қарындасым Әлмерек атыңды әлемге жаяр ұрпақтарыңның анасы болғыдай келбетті жан екен. Мен Сүйіндік биге оңашалап бар жайды жеткізем. Тыныш жатқанша Қарасай батырдың ауылында құда боп шолжиып, құйрық-бауыр асап жатайық, - деп мәз бола күліп орнынан атып тұрмақ болуына Әлмерек етектен тартып:

– Ей, құдай тілеуінді бергірім, мен Сүйіндікті бір құдалық сөйлесуге жастық етеді деп тұрғам жоқ. Әуелі әлгі қыздың көмейін байқайық. Ертең қыздың әке-шешесі, бауырлары «албанның Сүйіндік биі саған құдалық сөйлесіп отыр, анау Әлмерек деген жігітті ұнатасың ба?» дегенде, «түйе бойына сеніп, көпірде таяқ жепті» дегендей, «әрі өткен бері өткен жолаушының етегінен ұстап кете беретін қызың мен емес» десе, Сүйіндік бидің өзі-ақ: «Бірінді су шайқалтпас жорға, бірінді батыр десем, жоңғардан қорықпаған екеуің қызға бірауыз сөз айтуға батылдарың жетпей сыртынан қырындаған іс екен ғой», - десе ұят қой. Адамата бабамыз, Хауана анамызға алдымен барып, сөз салған-ғой, - деп күлді.

Әлмеректің ойында бұрын ел арасына жалпыласа қоймаған жаңа бастама жатқанын енді аңғарды Биеке. Жаңа ғана «қызға сөз салып жүрмей-ақ, Әлмеректей батырға, албанның сүйкеме сөзді Сүйіндік биі құдалық сөйлесіп барса, теріс кете қоймас» деген ойы томпақ көрінді. «Ежелден қызбен жігіт күбір-сыбыр болмай-ақ, қызым не дейді екен демей-ақ, үлкендер іс бітіріп, өрбіп келе жатқан қазақпыз ғой» деген сөз көмейіне келсе де іркіп қалды.

Енді Биеке бір қарпуы кем киіздің ендігі білектеуіне өзі сыбанып орнынан тұрды. Бүгін Әлмерек пен жанындағы жиен ағасы екеуінің үйге бір кіріп, бір

шығып өзіне жолығар ретін таппай жүргенін сезген Зәуре де орайды ұтып, сәйкестік тапқысы келіп жүр. Ақыры жиендігіне арқаланған Биеке ақылын тапты. Зәуренің үйіне тіке барып:

– Күннің аңызқтығыма ана екі үйдегі билер шөлдеп қалғандай айтып қоймаққа мені жіберді, - деп сөз соңын ишаралай сырғи жөнелді. Қыз шешесі де, жеңгесі де сезік алмады. «Айран сұрай кеп шелегін жасырған» жиен ағасының асығыстау бұйымтайын Зәуренің іші біле қойды. Бір шара қымызды жеңгесіне, бір шара қымызды өзі көтеріп, қонақтарға арнайы тігілген үйлерге жақындай бергенде Биеке қылт етіп, қымыздың көбірегін ана билер отырған үйге, - деп тағы да құлаққағыс жасады.

– Жеңеше, сіз, ана үлкендер отырған үйге апарып құйып беріңіз, - деп нұсқап жіберді де, өзі Әлмеректер отырған үйге тартты.

Бір-бір қос саптыаяқ қымызды екі жігітке құйып ұсына беріп:

– Күн қапырық ыстық боп тұр, сусаған боларсыздар жиен аға, өзіңіз құйып асықпай қанып ішіңіздер, - деп жүре бермек болған қызға:

– Асығыс болмасаң, Зәуре, қымызды өзің құйып берсеңші? - деді Биеке. Жиен ағасынан ұялды ма өңіне қызыл бояу жүгіре

– Болады, құйып берейін, сіздер тартынбай әңгімелесіп ішсін деп кетейін дегенім ғой, - деп қыз шарадағы қымыз тұсына қайта жақындап, төрге төселген гүлді сырмақ шетіне тізе бүкті. Биеке Әлмерекке қарап сөйле дегендей ым қақты. Әлмеректің аузына сөз түспей, сырлы қос саптыаяқтың ернеуін сипалап отырып қалды. «Мына екеуі менен қорынып қалмасын, неде болса оңашаға өздерін қалдырайын» деген ойға келген Биеке:

– Е, Әлмерек батыр әлгінде шөлден қаталап барамын деп едің, енді тояттап қалдың ба? Қымыз іш, айып көрмесеңіз тысқа шығып келейін, - деп өзіне құйылған қымызды тоқтатпай көтеріп жіберіп, дәретке отырмақ адамдай қыр асып кете барды.

Енді кешіксе бөтен ауыл жігіті осы елдің әспетті бойжеткен қызымен ұзаққа отырса, жорға ауыздардың сыпсыңына ілінері анық. Мына қыз «ал кеттім» деп жүре берсе етегінен алу батырлық емес. Бұл үйге қымыз көтере кіруі, Биекенің әлгіндегі бұйымтайының шешімі еді. Бізді шын сусап қапты десе, ана жеңгесін жібере салса да мына бір шара қымыз бұл үйге кіреді-ғой көңілдің сырын көзден танығандай әдейі кеп отыр. Тапайдың тал түсінде ешкім құманданбастай нық басып өзінің келуі, талайдың қолынан келмес батылдық та, ақылдылық. Сөзімді ет құлағымен естімек. Көңілі толмаса, ақылы нанбас істер болса ауызекі ұғынбақ. Қызға біткен батылдыққа мен неге бара алмаймын. Биекенің мен үшін жаратқан орайын қолдан бермей екі ауыз сөз айтуым керек. Мына қыздан бірауыз сөз ала алмай қалсам, жаңағы Биеке-ақ, құрбы-құрдастар арасында сан құбылтып қалжың додасына салар. Қызға жүрек тоқтатып сөз айта алмағанымды ертең Сүйіндік би естісе не демек. Ойлаған сайын денесінен тер бұрқ етті. Тер шыға жүгіретін жүйріктей серпілген Әлмерек,

– Атыңды Зәуре деп шақырсам тура шығар? - деп алғашқы сөзін бастады.

– Мыңның түсін танығанша, бірдің атын білейін деген екенсіз солай, атым Зәуре, - деп миықтады қыз.

– Зәуре, мына оңаша үйде екеуміздің ұзақ отырып сөйлесуіміз қиындау. «Қыздың жолы жіңішке» деген сөз бар. Мен ауылыңыздың құрметті қонағымын. Өзіңіздей бойжеткенін оңаша ұстау, үлкендерге ерсілеу тиер. Ал жөпелдемеде төтесінен кету, таудан тас құлағандай

естілуі де мүмкін. Айыпқа бұйырмасаңыз, мен сізді ұнатып қалғандаймын. Елінен қыз таппай маған сөз сап отыр ма демегейсіз. Ел басына күн туып, етікпен су кешкендей неше жылымыз жылжып кеткенінде сезбептік. Мен әліге үйленбеген жігітпін, - дегенде Зәуре сенбегендей Әлмеректің бетіне жалт етіп бір қарап, өзінің оқыс қылығына қымсынғандай, өңі ду етіп қайта төмен қарап кетті.

– Егер менің сізді сүйген жүрегімді сіз де сүйер болсаңыз ертең-ақ, әке-шеше, бауырларыңа кісі саламын. Жақсылыққа асыққандай ақтарылған ойымды жеңілтектікке санама. Алдымен танысайын, бой үйір болған соң айтсам да кеш емес қой дейтін ауыл аралас, қой қоралас емес. Бір жолда мінгестіріп кетпек бе деме, сөз бекісе келу жиілей түспек. Сөз піспей бөтен елдің жігітінің ауылдың қызымен судың қасы, тастың басында күбір-сыбырын көзі шалған кімде болса түсінбестік болжалын жасар. Сол көздер мен сөздерден өзіңді аяп, айтарымды бірақ ақтардым, ал не дейсің? - деп Әлмерек кідіргенде, Зәуре өңі бір қызарып, бір бозарып қамзолының төменгі түймесін бір ағытып, бір салып отырып барып:

– Бізді құдай жат жұрттыққа жаратқан екен, тас түссе тәлейіме, көп мақтаған жігітті қыз жақтаған дегендей өмірлік бір-біріміздің қадірімізді біліп өтсек болды. Ата-анама кісі кіргізуді өзіңіз біліңіз, енді отырсам ұят, - деп орнынан көтеріле бергенде:

– Мырза қыз-ау, барсың ба? Қайталық, биенің сауымы боп кетті. Қонақтар қымызын ішіп болған соң ыдыстарды балалар алар, - деді жеңгесі үй сыртынан. Жүруге дайындалып тұрған Зәуре де далаға шығып жүре берді. Бұл кезде қырдан маң-маң басып Биеке де бері бет алған екен...

Биеке табалдырықтан аттай:

– Қалай батыреке, жағдайың, апырым менің нағашы қарындасымның десі басым келді ме қалай? Әлгінде тұншығып отырып қалғаныңды деймін шынымды айтайын Шонжыдан қиын келді мына қыз саған. Сасқанда қызға айтар сөзін менен тартынып айта алмай отыр ма деп дөң аса жөнелмедім бе. Дегенмен «аңшының кешіккенінен сүйін» дегендей алыстан шоламын жүгіре жөнелген қыз көрінбейді. Иә, сәт деймін ішімнен. Сендердің отыруларың ұзаған сайын тағы да тағатым таусылды. Ауылдағы қырағы көздің біреуі шалып, «мына қонағың тапайдың тал түсінде қызымызды қайырып алды. Бұл қай басынғаны!», - деп жүре ме деп қыпылдаймын. Әйтеуір қыз жеңгесі ана билер отырған үйде көбірек аялдағаны абырой болды. Ал енді тоқ етерінді айтшы жауап ала алдың ба? Мырс етіп күлген Әлмерек:

– Пай-пай Биеке, сен осылай қыртады-ақ деп ойлап едім. Сөйлемесем қызға батылы жетпеді десең, сөйлесем тапайдың тал түсінде біреудің қызымен ұзақ отырдың десең, саған жағу қиын болды ғой?

– Ой, шыдамым таусылып барады не болды, айтшы?

– Мақұл болды. Үлкендеріне сөйлесуімізге бас изеді.

– Жарайсың! Алтай қызыл түлкісін бүркіт боп іліп түскен екенсің. Егер Зәуреден жауап ала алмасаң, қалжыңның қанат-құйрығын жетілдіре түсіп, ауылдағы тең тұстарыңның көздерінен жас аққанша күлетіндей әңгіме айтып барар едім. Болды енді, құдай абиыр бергенде аузыма қақпақ салып, жалғыз қара боп бәйгеден келдің, - деп қарқылдай күлді. Биеке, енді қырта бергенінді қой. Әлгінде сөзімнен бір мін тауып сылтың шығара ма деп сен пәледен-ақ сескеніп аузыма

сөз түспеді. Енді мен қырға шықтым. Жүк сенің иығыңда қалды, - деді Әлмерек.

– Алаңсыз бол, Сүйіндік биге сүйіншілеп өзім жетем. Ол кісіні көп ұзамай құдаға аттандырып та салармын, - деп Биеке орнынан тұра берді.

Бұл кезде билерде бой жазып тысқа шыққан екен. Әлгінде ғана ішкен қымыздары қуықтарына жүгірді ме, үйлерден ұзай жамырай жөнелді. Биеке, Сүйіндік би дәретке отырып, қайта оралысында алдын тосып,

– Би ата, кішкене мойын бұрыңыз, өзіңізге айтар қуанышты жұмыс бар, - деп шетке тартып, - сүйінші беріңіз, келінді болатын болдыңыз. Әлмерек батырыңыз Түрікпеннің немере ағасы Дәулеттің қызын ұнатып қапты, - деумен өңінен шуақты күлкі ескен Сүйіндік би.

– Ой, бәрекелді! Азаматтарым, Әлмерегім кісі таниды екен. Өнеугүні қымызға барғанда, менің де назарым ауған еді. Сирек кезігетін иман жүзді қыз. Әлмерекке айтпақ болып, ауылдағыдай «қоя тұрыңыз» деп жүре ме, оның үстіне «аттың жалы түйенің қомында» дегендей асығыстық боп қала ма деп іркіліп едім. Болады, болады құдайым ұзағынан сүйіндірсін. Қалай, қыздан бірер ауыз сөз ала алдыңдар ма?

– Ой, би ата, мен бекерге сүйінші сұрап келмеймін-ғой қыз-жігітке тән сөз бітті. Енді сіздің мына Қарасай ауылымен сөйлесуіңіз қалды. Әуелі сөзге айналдырып, сүйіншімді ұмыттырып барасыз ғой.

– Ал, ала ғой шүйіншіңді. Әзір алсаң қоржыннан бір тай тұяқ ұстатам, болмаса ауылға барғанда Сүйіндіктің бес жүз жылқысынан таңдап бір ат мін.

– Рақмет, рақмет, би аға! Мен шүйінші алғандай-ақ болайын, сіздің берген шүйіншіңіз осы ауылдан атқа мінбей тұрып, Түрікпен батырмен оның немере ағасына құдалық сөйлесіңіз. Құдайға шүкір, айдап жүрген үйір-үйір малымыз болмаса да, әлгі қоржыныңыздағы тай

тұяқтардан үкі тағып, күйрық-бауыр асап «үй үстіне үй тіксе жылы болар» дегендей құда үстіне құда боп аттаныңыз мына менің нағашымның ауылына, - деп Биеке мырс етті.

– Әй, қу бала, «қорыққан бұрын жұдырықтайды», - деп менің қоржыныма асылуын, алдыңғы тоғызды Әлмерек үшін сен дайындайсың, - деп қарқылдай күлді.

– Жарайды би аға, алдыңғы тоғыз менікі-ақ болсын. Әрі замандас досым, әрі талай жылғы үзеңгі жолдасым. Ауыл арасы осындай жақында құдаға жол алыңыз, әзіргі салмақ сізде тұр, - деп еркелік әзілін тағы жалғай тоқтады.

– Жастар жағындағы іске өздерің мықты болсаңдар, мен Сүйіндік бір құдалық сөйлесерлік қауқарым бар ғой, - деп екеуі үйге қарай аяндай берді...

Сүйіндік би осы бір оң сапарында, ауылға олжалы қайтарынан қатты тебіреніс ой туды. «Төле биге, тіпті Тәуке ханға дейін Ұлы жүз албан ұлысының бар жайын жеткіздік. Ел шетінде, жау өтінде жоңғармен айқасып тау-тасты паналап жүрген халқының халінен ханда хабар тапты. Әсіресе хан кеңесшісі Төле би біздің жолымызда жүрегін жұлып берердей ықыласта болды. Ташкент, Түркістан, маңындағы әйгілі елбасы, қолбасылармен танысып, елді көркейту мен жауға тізе қоса төтеудің аңғарлы жолын көп жақтан танып, көз аямыз кеңі түсті. Енді міне Қарасай батыр ауылымен біздің Қарқара елінің Төле би алдында төс соғыстырған достығы нығая түсіп, Алла қаласа екі ауыл арасындағы қыз алысу құдандалығы жаңғырып, қою қатынасқа жалғасқалы отыр. Мына құдалық жай қыз алып, қыз беру емес, екі елдің ынтымақ берекесіне жауына тізе қоса шабуылға өтудегі берік қамалға айналмақ. Әлмеректің үйленуін ауыздан түсірмейтін ел тілегі де қабыл болмақ. Түрікпен батыр мен ағасы Дәулет теріс

кетпес, тіке өзім сөйлесейін», - деген бекімге келді Сүйіндік.

Сүйіндік би түске таяу бой жаза тысқа шығуда, Түрікпенмен қатарласа алдыға таман ұзай беріп:

– Түрікпен батыр, ана қарияның үйіне ылғида ертеңгі қымызға бастай бермей, бүгін түсте жеңгеннің сар самауырынанда бір шай ішпейміз бе? - деп Түрікпеннің немере ағасы Дәулеттің үйін меңзеді.

– Ойпыр-ау, ақсақал шай біздің үйде де бар ғой. Ауылыңыздан шыққалы талай бопты «бұқаның өзі кәртейсе де мұрны кәртеймейді» деп, менің жуан жеңгеме көз сүзгелі жүрген жоқсыз ба? Жарайды-жарайды, «тең-теңімен, тезек қабымен» дегендей, айтайын шайын жақсылап қайнатсын, әзілдесіп отырып шайқұмарыңыздан бір шығыңыз, - деп қарқылдай күлді. Сүйіндікте селкілдей қосыла күліп алып:

– Әй, Түрікпен батыр-ау, «қасқырдан хал кеткенде ешкіні апа депті» дегендей жеңгене мұрын сүйір ер халден кеттік қой. Ағаң мен жеңгеңе айтар шаруам бар, кеңесер келелі іс бар. Өзіңнен тілерім әйтеуір біздің атымыздың басын тарта гөр. Бүгінгі шайды оңашалап бір ішкізші? Алла қаласа, соңы думанды іске айналып қалар.

– Апыр-ау, Сүке, сөзіңіз тереңдеп барады ғой. Сізден жеңгемді қызғанып жүрсем, шеңгелді арыраққа созғалы жүрсіз бе қалай? Болды-болды, албанның Сүйіндігіне бір шайды ауырсынбай береді ғой біздің қария, қане замандасыңыздың үйіне тартайық. Әлгіндегі емеурініңізде айтарыңыз әзірше құпия ғана көрінеді, онда жанымызға ешкімді де ертпей жүрейік, - деп, Дәулеттің үйіне құлаққағыста жасамай тіке тартты.

Сүйіндік би мен ағасы Түрікпеннің осы үйге тіке бет алып келе жатқанын байқаған Зәуренің іші қып етіп біле қойды да, үйге кіре шешесіне:

– Сүйіндік би мен батыр ағам келе жатыр, - деп төрдің алдын реттеп, көрпе салып үлгірді.

Сүйіндік би жасы үлкен болсада, үйге сәлем беріп кіретін қазақ салты бойынша табалдырықтан аттай:

– Ассалаумағалайкүм, - деп даусын соза кіріп келді.

– Уағалайкүмассалам, - деп Дәулет Сүйіндіктің саламын да алып, жасы кіші болған соң сәлем де беріп үлгіріп:

– Қане, биеке, төрлетіңіз, - деп сырлы қайқы бас төсегінен көтеріле, қарт қонағымен ықыластана қолдасып амандасты. Дәулеттің жуан бәйбішесі де, - қане, жоғары шығыңыздар, - деп ілтипат көрсетті. Кісілер төрге жайғасып отыра, шешесі қызына бұрылып, - Зәуре, әлгі жеңгенді шақыршы, кісілерге шай қойсын, - деді. Зәуре босаға жақта тұрған сары самаурынды көтере кетті де қайта оралмады. Енді келіні есіктен сәлем жасай кіріп, шай дайындау қамына өткенде Түрікпен батыр:

– Жеңеше, мына Сүйіндік бидің аузына біздің үйдің шайы татымай, сіздің сары самаурыныңыздан бір шай ішуге аңсары ауыпты. Шайыңызды жөндеп қайнаттырыңыз. «Әлгі ақ құйрық ашмөшке» деп атақтап алдыратын шайларыңыздың төресінен берекелі қолыңызбен өзіңіз салыңыз шәйнекке. Мен би ағаның шайқұмарлығын осы үйден бір қандырып алып қайтатын болайын, - деп күле тоқтады.

– Ой, шырағым, өзің бастап кірген албанның мықты биінің бір шайлығы болармыз. Дегенмен айтып қойғаның жақсы болды. Биекенді түске жуықтағанда осылай қарап есінеп тұратындай етіп қайтарайын, - деу мен үйдің іші көтеріле күліп кетті.

Үйдегі жамыраған күлкі толастаған тұста Сүйіндік:

– Иә, құдай, жолымды ондағайсың, мына берекелі құдағидың әзіргідей ықыласынан мәңгі айыра көрме,

көзім жұмылғанша шайыңызға құмар боп қалайын, - дегенде үй іші тағы да ду күлкі көтерді. «Мына шалдың пәлесін, сексенге келгенде апамнан дәмесі бар ма қалай?» деп келіндер далаға шыға ішек-сілесі қатып жүр.

Айтқандай қаймақталған қызыл қасқа шай да келді. Батыр інісі Түрікпен өзі бастап келген албан биіне бауырсақ, ежігей, қант-мәмпәси әйтеуір Дәулеттің құрметтісіне қойылар бәрі-бәрі дастарқанға қоян жонданып, иін тіресіп үлгірді. Шайқұмарлық сылтаумен оңашасын келтіре білген Сүйіндік би әдейге төрт-бес шыны ішкенше, әзіл-қалжыңын сырғытып, үй ішін қайта-қайта күлдіріп отырды. Әлден уақытта сексеннің шанағыда шайға «болды дегенге» барғандай. Айтар әзіл күлдіргісі де бүгінгі шегіне жеткендей тұста Сүйіндік би:

– Дәулет, құдағи, Алла ауылдарыңның осы дәмін несіп еткендіктен, інің Түрікпеннің бастауымен ауылдарыңа келгелі де үш-төрт күн болып қалды. Кей ауылдарға бір қонып қана аттанып кеткен едік. Сендердің тұздарың ауырма, әлде Алла бір жақсылыққа жалғастырмақ па, әйтеуір жатсақ жата бергіміз келіп маужырай үйездеп қалдық.

– Ол не дегеніңіз Сүйіндік би, екі торының бөтендігі жоқ бәріміз Бәйдібектің құлынымыз, оның үстіне замандасың Төлеске бір емес екі қыз берген құдандалығымыз тағы бар, сіздер үшін есігіміз ашық айналайындар. Мына құдағиыңның шайына құмартсаң жиі-жиі келіп ішіп тұр, - деп Дәулет шын пейілінде, әзілқой қонағына еліктеген қалжыңында айтып тоқтады. Сүйіндік би тағы да:

– Рақмет, пейілдеріңе қандым. Менің шай құмарлығымда шамалы еді. Сенсеңіздер, торғайдың жемсауындай азық қабылдайтын шама қалды ғой бізде.

Ниеттеріңе болайын, әзілмен шын жағаласып бірекі шыны шайды зорлықпен ішіп жіберген жайымды да жасырмайын. Берекелі құдағымның кең-мол дастарқанын көрген сонда «обырыңа қызырым» дегендей маған бір тояттау пайда болып отыр, - деумен дастарқан басындағылар тағы ду күлді.

– Биеке, шайқұмарлығыңызды жер-суға сыйғызбай келгенде, екі-үш шыныда тоқтап қалсаңыз, менің мына жеңгем «қоянның өзін көріп, қалжасынан түңіл деп жүрмесін» деп Түрікпен батыр күлкіге күлкі қосып, Сүйіндіктің қолымен басқанына қоймай шынысын алып үлгірді. Енді Сүйіндік қалжың ұзарса дәмінен айырылар деді ме, шын бұйымтайға ойысты.

– Е, Дәулет мырза, шайға да, пейілдеріңе де мейірім қанды. Бірінші міндетті орындадым. Енді екінші бұйымтайым бар. Түрікпен батырға да «бүгінгі шайды оңашалап бір ішкізші? Кеңесер келелі іс бар.», - деп едім, енді айыпқа бұйырмасаңыздар соған көшсем деп отырмын, - дегенде:

– Айтыңыз биеке, - деді Дәулет үлкендік әрі үй иесі салауатымен. Түрікпен сезді ме жай миықтап әр сөзін құптағандай күлімсірей бас изеді. Бұл тұста қыз шешесі әлдебір нәрседен хабар тауып қалған ба, жоқ шалымен жарысуды әбес көрді ме сөз қатпады.

– Дәулет екінші бұйымтайым бұрында жегжатпыз. «Алтынды көрген жерден қаз» деген сөз бар. Қойманда ардақтап сақтаған алтының бар екен, сол алтыныңды елімнің егей ері Әлмерегім ұнатып қалыпты. Жолаушы жүріп «Аттың жалы түйенің қомында» деп сөкпе, мынау заман солай бір тұсқа кез боп тұр. Құп алсаңдар құда үстіне құда боп аттанам. Зәурең Әлмерегіме сай туылған қыз екен. Дорбаласаң да, жорғаласаң да бар жұмысына мен ие, - деп тоқтады.

Үйге бір сәт үнсіздік ұялады. Түрікпен, Дәулет

пен жеңгесіне барлай көз тоқтатты. Қызын шалғайға қимастықта, Әлмеректей күйеу, Сүйіндіктей құда басыға сыйластықта көз жанарларынан жарыса көрінді. Тыныштықты қыз әкесі Дәулет бұзды:

– Сүйіндік би, айтқаның түгел ата салтымыз көлеміндегі іс. Бірінші бұйымтайыңды өтеген болайық. «Ат берсең ауылыңмен» дегендей, екінші бұйымтайыңның жауабын ертеңге қалдырайық. Қыз не дейді, анау жуан бәйбіше не дейді, мына аға-бауырлары қандай ойда. Біздің кемпірдің қымызына қанағат қылмай, шайына ауыз салдыңыз, ертең осы уақытта мына шайдыңқұмары тағы ұстар, - деп үй иесі барлығын ду күлкіге бір тоғытып, мақұлға жуықтау жауаппен Сүйіндікті аттандырды. Ертесі түске таяу Дәулеттің үлкен ұлы Сүйіндіктің алдына шақыра кірді.

– Біздің қария сіздерді «бүгін түстен кейін үйге келсін. Кешегі айтқан бұйымтайыңа мақұл болдық. Енді жалғыз аяқтамай жолдас-жорасымен құда сияқтанып бір тобын ертіп келіп, ауылдан дәм ауыз тисін», - дейді. Ал мен қайттым, ертерек барыңыздар, - деп орнынан тұрды.

– Бәрекелді, бәрекелді. Текті атаның баласы деген осы. Дәулет пен Түрікпен батырға Алланың рақметі жаусын! Болады біз де алды-артымызды жиып ұзамай барамыз, - деп Сүйіндік би жас жігітті өзі ұзатып салды. Сүйіндік би қолма-қол Биекені шақырып алып:

– Е, қу бала, сүйіншіге қарық болатын болдың, ана замандасың Әлмеректен де сүйіншінді ал. Құда болу тілегімізге Дәулет пен Түрікпен қосылыпты. Бүгін бірнешеуімізді дәмге шақырып отыр. Жүз жігітпен бірақ барсақ сөлекеттеу, жасы үлкен әр атаның баласынан жиырма жігітті Әлмерек екеуің ақылдасып әзір ұқтыр. Реттеліп бізбен бірге жүруге әзірленсін. Осы жұмысты бітіріп бола қайта орал, нендей дайындықпен кіруді

Әлмерек үшеуіміз ақылдасайық, - деді. Жас балаша мәз болған Биеке қуанышты хабарды жеткізбек болып Әлмеректің жанына кіре:

- Батыреке, шолжиып жатқаныңды қой. Мына ауылға күйеу бала болып қалдың. Алдымен сүйіншімді бер, одан кейін Сүйіндік би тапсырған шұғыл шаруа бар, - деп есіктен кіре аңқылдады.

- Апыр-ай епті жігіт бір қойдан екі төстік шығарады деуші еді. Нақ сен болатын болдың ғой пәлем. Кеше Сүйіндік биден бір ат мінген екенсің, ауылға барған соң менен де таңдаған бір атыңды мін, - деп әзілдей күлді Әлмерек. Жарайды қалыңдық сүйетін жігіттің жомарттығын істедің. Ал жұмыс былай, қайын атаң үлкен ұлын Сүйіндікке жіберіп кешегі тілегіне қосылдым. Бір топ жолдасымен бүгін қонақ келді уақытта құда сияқты келсін депті. Менің нағашыларым қандай білімді адамдар. Сенде пәле екенсің осындай жерден қайын-жұрт тапқан, - деп қалжың шынын араластыра тоқтады.

Әлмерек пен Биеке жиырма жігітті тұрақтандырып жөнделіп жетіп келуді ұқтырды да, Сүйіндік бидің жанына келді. Жанары жайраңдаған қос жігіт есіктен кіре Сүйіндік

- Е, Әніш құс құтты болсын! - деді.

- Айтсын ағасы, өзіңіздің де құда құтты болсын! - деп жымыды Әлмерек.

- Әмісе Алла жолымызды оңғарғай. Ауылға қос қуанышпен қайтар болдық. Бірінші құдайдың, екінші ақжолтай ағамыз өзіңіздің арқаңызда деді Әлмерек.

Дәулет түс ауа келуді айтыпты. Әлгі жиырма жігітке ұқтырылды ма? - дегенше, бағанағы Дәулеттің үлкен ұлы қайта келіп:

- Біздің шал мен Түрікпен аға, аттары мен қосына ғана қарайтын адам қалдырып қалғаны түгел

келсін, кейін келе алатыны бар, келе алмайтыны бар ауылымыздан дәм татсын дейді, - деп жүре берді.

– Міне білгірлік, «қатын алма қайын ал» деген осындайға қаратылған ғой. Ой тәлейлім, - деп Биеке Әлмеректің иығынан қақты.

– Рас-рас, мынаусы білгірлік болды. «Кемеге шыққанның жаны бір» деп оларды жас дегенмен тілеуіміз бір ғой, Әлмеректің үйленетін болғанына қандай қуанады деші. Мына жақсылықтың ішінде болмаса, елге барған соң солайдан-солай бопты деп естідік, бірақ ішінде бола алмадық десе біртүрлі томпақ келер еді. Біз қонақ болған сонда қотарыла келуді ерсі көріп жаңағы жиырманы белгілеген едім. Бұл түйінді айтқызбай өздері шешіп кетті, рақмет жөн білерлігіне. Жасында, жолында ойластырып іріктеген шығарсындар, олар бізбен бірге болсын, қалғандарын ыңғайына қарай өздері орналастырар, - деді Сүйіндік би. Биеке пысық бір жігітті жол-жоралғы дайындығына жауапты етті.

Күн бесінге қарай аунаған тұста Сүйіндік бастаған жиырмасы Дәулеттің үйіне жуықтай алдынан ақ самайлы әжелер құлаштай шашуын шаша қарсы алды. Басқа үйлерге түскен жігіттерде осындай салтанатпен қабылданды.

Әлмерек пен Биеке бастаған жастар жағы отау үйге кірді. Бір шай ішіп бола Сүйіндік отырған үйден көк қасқа тай мен ақсарбас қойды көлденең тартып қонақтардан бата сұрады. Сүйіндік би:

Иә, Алла тілегімді бере гөр,
Періштелер әумин деп келе гөр?!
Ынтымақтай ұйытқыдан айырмай,
Бақ-береке босағадан ене гөр?!
Екі жасқа ғасырлық мол ғұмыр бер,

Көбейсе екен Әлмерекпіз дейтіндер.
Жаратушы жалғыз Алла жақ болып,
Ұрпағына бабасының құтын бер?!
Әумин, Аллауакбар,

деумен Сүйіндікке қосыла үйдегі-түздегі бар адам ықыластана бата жасады.

– Айтқаның келсін айналайын Сүйіндік би, айтқаның періштенің құлағына шалынсын! - деп үлкендер жағы ықыластана дүрілдесіп кетті. Сүйіндік би бір шай ішіп болған соң дәретін алып намаз оқу дайындығымен тысқа шыққанда, ауылдың түстік шетінде ауыл ақсақалдарынан тағы бір ту бие мен екі-үш қойға бата сұралып жатқанын көзі шалды. Құмғанын көтерген бойдан қарап қалған Сүйіндік «мына Қарасай ұрпағы шын пейілденген екен, қолда бар болған соң қарынбайлық не керек. Бүгін ақ түйенің қарыны жарылғандай дерлік қазанда май, шөміште май болады екен ғой. Иллайім осы берекең мен бейбіт күнінді баянды қыла гөр Алла», - деп ішінен күбірледі.

Дәулеттің өз үйіндегі үлкендерге әнші-күйші, киссагер жігіттер кіргізіліп, құдалардың көзі ұйқыға барғанша ентелетіп, тамсандыра күй шертіп, ән шырқап киссалар айтылды. Бұл үйдегі ойын-тамашаға бейім жасалаң құдалар бірден-екіден дыр-думанды жастар тамашасына сырғыған тұста Сүйіндік би сауыққой жігіттерге алғыс-батасын беріп, енді жастар жағындағы тамашаны қыздыруын өтінді. Осы бір үзілістен соң Сүйіндік би мен осы ауылдың ел ағалары тарихи хикаяттарға ойысты. Әңгіменің жүлгесі сай-сайдан құлаған бұлақтар үлкен арнаға келіп тоғысқандай көлемденіп, Есім ханның тұсындағы жоңғармен айқасқа құлай берді. Осы ауылдың әйгілі шежірешісі, әрі жас кезінде Қарасай батырдың қол астында жүзбасы,

мыңбасылық міндет өтеген, әзір сексеннің алтысына келген Барлыбай қарт ендігі сөз кезегінің тізгінін алды.

– Есім хан мен ханмын деп алыстан нұсқаушылық етіп қарап тұрмай, қылышын жарқылдата ойнатып майданға кіріп кететін. Қазақтың ханы жайлы тағынан сырғып елім, жерім деп өлім мен өмір аралығы ұстараның жүзіндей шұғыл сәтте басын бәй тігіп тұрғанда, қараша халық неден аянсын, майданға барында, жанында салды дерлік. Есім ханда өзіндік соғыс өнерімен күш қайратына сенетін еді. Алмас қылышын оң-солды бірдей сілтеп, қол құрышын қандыра жауын баудай түсіріп кететін. Қалың топ ішінде мен мұндалағандай басқалардан иығы көтеріңкі жүретін. Сондықтанда жұрт: «Еңсегей бойлы ер есім» атап кеткен-ді. Есім ханның сөзінен толғанысы көп кісі еді. Айтса жұртты шұлғыта, иландыра отырып айтатын. Әрі айтқанын орындатпай тынбайтын. Есім хан жолға қойған жора-жосын қазаққа ел болудың көп жүлгесін көрсетті. Есім хан айтқандай дейтін сөздер күні бүгінде үлгі-өнеге болып елінің есінде сақтаулы.

Есім ханның «еңсегей бойлы ер есім» атануы өзіндік мыңда бірде ғана кезігер дара бітімінен сырт, айналасына әр атадан шыққан қазақтың батыр ұлдарын баурап ұйыстыра білгендігінде болса керек. Біздің шапыраштыдан шыққан Қарасай бас батырының бірі еді. Арғын Ағынтай батыр, қоңырат Алатау батыр, алшын Жиёмбет батыр, дулат Жақсығұл, сендердің албаннан Таубұзардың қарт тартқан тұсы еді. Менің он сегіздегі кезімде ол кісіні алпысты аралап кеткендей көрдім. Әсілі аты Сүйменді ғой деймін. Осы жоңғармен болған ұрыстағы өзінің де, ол бастаған қолдың да тау соғардай екпін-қайраты, жаудың қай тұсынан кірсе сол жеріне ойран сап, күйретіп жіберетін алымдылығына қарай Таубұзар атанып кеткені бар. Таубұзар жекпе-

жекке шыққанда майданға ешкім шыға алмайтын, Таубұзар қолы келе жатыр дегенде жауы сытыла қаша жөнелетін әдетке айналған екен. Албанда біз қарайлас жастағылардан Сырымбет, бізге күйеу Төлес деген мыңбасылармен көп істес болдық. Батырың қайсы десе, майдан жекпе-жегіне ат ойнатып қылышын жалт-жұлт еткізіп ысқырынта шыға келер еді. Қайран ерлер бірінен-бірі өтетін. Неше түрлі әдіс-айла қолдана қарсы жақтың төбедей батырларын шаң қаптырғанын көзіммен көрдім. Естуімде замандасымның екеуі де бар сияқты ғой? - деп Сүйіндікке сұраулы көз тастады. Тұрғыласының әңгімесін ынты-шынтымен беріле тыңдап отырған Сүйіндік би томағасын тартқан бүркіттей орнынан көтеріле, қомдана отырып,

– Бар, екеуі де бар. Албанның егей арыстары-ғой олар. Ел қорғау, жер қорғау шайқасына бүкіл өмірін арнаған десек артық емес. Жетісудың шығысында жетпістің ернеуін басып тұрып, жауға шабар кейінгі өркенді бейне алмас қылыштың суын тапқан ұстадай қайтпас, қайсар етіп тәрбиеледі ғой. Шонжының он мыңдығын жоюға қатысқан батырлардың ол екеуінің алдын көрмегені жоқ.

Ауылдарыңызға күйеу болғалы жатқан Әлмерек екі досыңыздың өз қолдарымен жетілдірген төл шәкірті. Албан жасағының әзіргі бас қолбасысы. Оның жанындағы Төлестің ұлы өз жиендеріңіз Биеке батыр. Ол да Әлмеректен кейінгі қолбасының бірі. Ауылда Сырымбеттің ұлы Хангелді артқы жұмыстарға жауапты болып қалған. Түбінде албан жасағының иесі сол болмақ. Барлеке, «баласы атқа шапса, үйде отырып шешесі тақымын қысыпты» дегендей ауылымыздың батырларын сөз еткеніңізде менің де айызым қана мақтаныңқырап сөзіңізді бөліп кеткендей болдым. Енді сіздің де, біздің де әкеміздің құры боп келетін Қарасай

батыр жайындағы хикаяңызды қозғасаңыз, ел аузында ертегідей боп кеткен мол ерлігін естиміз, енді әңгіме төркінін солай бұрсаңыз? - деп тілек етті Сүйіндік би.

– Солай де, мен Есім хан жайлы біраз есіп кеткім кеп еді, Сүйіндік би ендігі сөзді Қарасайға бұр дедің ғой, - деп Барлыбай қарт ыңылдап бір сәт отырып барып:

– Жарайды-жарайды, кейін өз әкесін ғана мақтауды білетін сол алжыған шалды қой деп жүрмесін мына басқалар, - деп езу тартты. өңінен күлкі сиреген Сүйіндік би.

– Олай деп кім айта алады, Қарасай ерлігін кім жоққа шығармақ?! - деді. Жөткірініп алған Барлыбай қарт алдындағы қымыздан бір жұтып:

– Халықсыз, халықтың ұйтқысы хансыз батырды да даралап айту қиын. Бәріде бір-бірімен қолтықтасып, қойындасып келетін дүние екен. Біздің Қарасай батыр, «еңсегей бойлы ер есім» тұсында жасаған әрі оның бас батыры болған кісі ғой. Сондықтан мен айтпак Қарасай батырлығы тағыда ханмен, айналасындағы батырлармен байланысып жатқан тұстарын айып етпессіндер.

Қарасаймен тұстас батырлардан көрген ерліктерді таңға айтсақ таусылмайды. Арғын Ағынтай батыр мен албан Таубұзардың Қарасай батырмен бірге жорытқан күндерінен кейбір есімде қалған елестерді бүгін кеш ермек етейік. 1640 жылға жеткенде жоңғардан шыққан аса айралы Батұр қоңтайша, уытын басына жиған жыландай қазаққа қайта тап берудің қазанын аса бастаған еді. Бір реткі соғыста Есім ханның ұлы Жәңгірдің майданда бар екенін естіген Батұр, бір жүздігіне арнаулы міндет беріп жабылып байлап әкетеді. Оның мақсаты Есім ханды алдына келтіріп бас игізу еді. Оның алдына Есім хан келмей, елші жіберіп баласын босатуды талап етеді. Батұр оған көнбейді.

Ханзаданы қараша сияқты қинамай қашып кетпеу үшін аяғына кісен салып, ішпек-жемектен тартпай өз ордасының жанында оңаша бағады. Қазақтың абыройын ойлаған Есім хан өз аяғымен Батұрдың алдына бармай баласын босатуды талап етіп, бірнеше рет кісі салады. Көк айылдыққа басқан Батұр, Жәңгірді босатпай соза түсті. Осылай бір жыл Жәңгір жоңғарлар қолында қалды. Бұл кезде Есім хан науқас еді. Так мұрагері баласының жау қолында қалуы екінің бірінде ойына оралып, науқасы ауырлай түсті. Есім ханның қатты күйзелгенін аңғарған Қарасай батыр арнаулы жансыздар жібере жүріп, Жәңгірдің қай жерде қолды болып отырғанын әбден білгеннен кейін, жанына епті де айлалы, он неше кісіге алдырмас қайратты Ағынтай батырды ертіп, ешкімге сыбыс бермей, Батұр қонтайша ордасын тіккен манды әбден байқақтап, аттарын орман ішіндегі жынысқа көзге түспестей етіп бекітіп, сауыт-сайман кимей самдағайлана жеңіл киініп, түнделетіп келеді. Ауыл іргесіне жуықтау келіп басбағып отырса, біреу ат суғармақ болып өте береді. Ағынтай батыр «ау» дегенге келтірмей басып қалады. Екі батыр, Жәңгірдің қайсы үйде қамаулы жатқаны, қойылған күзетшіге дейін әбден ұғынып болған соң әлгінің аяқ-қолын мықтап байлап, аузын тығындап су басында қалтырып межелі үйге баспалап жетеді. Алдымен есік алдындағы жасауылды үн шығара алмас халге келтіріп, былайырақ апарып тастап, енді екеуі босағаның екі жағынан үйге кіруге оңтайланып тұрғанда, үйден тағы біреу шыға келеді. Епті де, қайратты Қарасай әлгіні дыбыс шығаруға келтірмей, өлмес жерінен қаға талдырып тастайды. Киіз үй есігінен күмәнданған қос батыр, үйдің артқы керегесін көтеріп жіберіп, Ағынтай батыр дайындап келген аша бас аласа тіреуді қадай қойғанда, Қарасай өзі кіріп алып шығып Жәңгірді судың басына

дейін арқалап барады. Қарасай, Ағынтайға: «Мынаның аяғындағы кісенді салдырлатпай бұрап үз», - деп бұрылса, Ағынтайдың да кіседей бірдемені көтеріп алғанын көреді. Сөйтсе дәу серке тұлыппен бір тұлып қымыз екен. Ағынтай, Қарасайдың бұйрығы бойынша кісеннің аралық шынжырын бұрап бытырлата үзе салады. Жәңгірдің аяғындағы кісен білезігі елге жеткенше аяғында келеді. Жәңгірдің айтуында әлгі үйден шыққан Батұрдың өзі екен. Әр күні ел жатарда бір кіріп тексеріп шығу әдетіне айналған екен. Жәңгірді жанына ертіп байлаулы қалғанды Ағынтайға қаратып қойып, аттарды әкелуге Қарасай өзі кетеді. Қайта келсе Ағынтай жоқ. «Қайда кетті?» деп әлгіден сұраса, аузында орамал, сөйлеуге дәрмені жоқ ауыл жақты нұсқайды. Қарасай ширыға күтіп тұрғанда, төбедей боп Ағынтай тағы бірдеме көтеріп келе жатқан. Қарасай,

– Ей, таң атып кететін болды бұның не? - десе, Ағынтай:

– Мына ханның қызын ала кетейін деп барған едім, - дейді. Кейін ұқса ол ханның қызы емес, Батұрдың жуықта алған жас тоқалы болып шығады. Батұрдың үйге кірмей кешіккенінен алаңдап сыртқа шыққан жерінен Ағынтай батыр қағып алып жүре берген. Қазақ жағы жансыздарының айтуында қоңтайша ертесі түсте ес жияды. Осы жолғы істен Батұр оталып қопаға түседі. Есім ханды алдыма бір келтіріп, жалындырып барып баласын берем деген дәмемен жүргенде, өзі сокқыға былай жығылып, Жәңгірмен қоса жас тоқалдан былай айырылу, оқ тиген жаралы аюдай аласұрта қазаққа тұйықсыз тап берген бір жай болды.

1643 жылы Батұр елу мың қол құрап, қазаққа шабуылға өтті. Тездеп ұрыс қозғауының бір жағы кекті ашудың тасқыны болса, енді бір жағы өздерінің қыр-сырын бір жыл қолдарында тұрып әбден ұғынған

Жәңгірдің таққа отыруы қатты састырды. Жәңгірдің арланға айналмаған тәжірибесіз балаң тұсында тұншықтырып жібергісі келді. Ұрыстың мұндай тез басталып кетерін Жәңгір де межелемеген. Орда қорғанысындағы он мыңға жетпейтін жасақпен ғана қарсы шабуылға өте алды. Дегенмен, «Әке көрген оқ жонар» дегендей қол астындағы Қарасай мен Таубұзардай қарт сардарлар ақылы бойынша, өздерінен елу-алпыс есе басым Батұр қолына бұрынғыдай жекпе-жек деп шеп жайып жүрмей басқаша ұрыс тәсілін қолданды. Бір бөлім күшпен Жиёмбет, Жақсығұл екеуін тау ішіндегі жау келеді деген жолдың екі жақ жалындағы тас арасына қалдырды да, бос тастан аямай үйіп алуды тапсырды. Қарасай жас батырларды өзі ертіп, жаудың желке тұсынан түсуге дайындалды. Алаңсыз келе жатқан Батұрдың қалың қолы екі жағы шаншылма тік тар шатқалына кіріп болғанда алды-артынан жебе саулап, қапталдан қалың қаратас күркірей лап берді. Сай ішінде араша құжынаған Батұр қолы бірін-бірі біліп болмайды. Қай жағына шабуылдауын, тіпті мына ажал анталауынан қалай қашып құтыларында білмей, әлгінде ғана қазақ хан ордасын ат тұяғында жаншып өтпек нән кеуделеріне қаратас тиіп мол шығынға ұшырайды. Ұрыс таң қараңғысында басталған, түс қиғанда қазақ қолының өздерімен салыстырғанда тым мардымсыз екенін аңғарған Батұр қайта ес жиып, қазақты бір талдан теріп жүріп, басын алмаққа бел буғанда, Жәңгірдің алдын жіберген хабаршысының шақыруы бойынша көмекке жеткен алшын Жалаңтөс батырдың жиырма үш мың қолы келіп араласып, алдында-ақ десі қайтып, жүрегі өлген Батұрдың қарақорым қолын тау ішінде шылша тоздырды. Осы жолы қарсы жақтан жиырма мыңнан артық адам майданда өліп, тірі қалғаны тау-тасты паналай тоз-тозы шығады.

Мына бір тұрпаты бөлек айта қалсын ұрыста Қарасай батырдан басқа ерекше көзге түскендер - дулат Жақсығұл, албан Сырымбет пен Төлес, арғын Қомпай, суан Елтінді, батырлар жаңа таққа отырған жас Жәңгірдің абыройын аспандатып-ақ жіберді. Дегенмен, Жәңгірдің қолдағы алтынның қадірін біліп, олардың озық ұрыс өнерін пайдалана білуі де оңай кісінің қолынан келмейді. Апыр-ау мен тағыда Сүйіндік би талабынан алқып ханды мақтауға өтіп барам ба, - деп аз кідіре алдындағы қымыздың қалғанын бірақ көтеріп жіберіп:

– Айта берсең ,Қарасай батырдың ерлігі таусылмайды ғой. Қазақтың ұшан-теңіз даласына жоңғардың жорық жасап бармаған жері жоқ дерлік еді. Жауымен жағалас айқаста Қарасай атының тұяғы тимеген жер жоқ десек болады. Енді түннің де молы кетіп азы қалғандай. Қарасайдың енді бір ерлігін айтып әңгімені доғарайық, - деп Барлыбай қарт бір сәт Дәулеттің алты қанат ақ боз үйінің маңдайшасына көз тіккендей отырып барып:

– Жаңылмасам, Батұрдың елу мың қолмен келіп Жәңгірдің он мың айналасындағы қолынан жеңіліп қайтқанынан кейінде Батұр қоңтайша қазақ даласына жасаған шабуылын толастатқаны жоқ. Үлкен-кішілі сан ұрыстар болып өтті. Жәңгір таққа отырғаннан кейінгі он бірде он екі жыл өткеннен кейінгі бір үлкен соғыстағы іс әлі есімде. Бұрынғы әдет бойынша апталаған жекпе-жектен соң қанды қырғын дода басталып кетті. Осы айқаста Қарасай батыр, Батұр қоңтайшаның сан қорғаушысын бір шетінен түре қынадай қыра жапырып барып, Батұрға қылышын сілтеп қалғанда, Батұрдың оң қолын шауып түсірген екен. Екінші қайта қару жұмсауға келтірмей ханның қорғаушы жояндары қаптап кетіп, Батұрды арашалай майданнан ала жөнеледі де, енді бір

тобы Батұрдың кегін алмақ боп Қарасайға жабылады. Бірақ олар да төтей алмай майданнан қашпақ болған сәтте ұрыстан қайтудың кешкі дабылы ұрылып дода аяқтайды.

Осы жарақаттан Батұр қоңтайша жақсы бола алмай көз жұмарда балаларын шақырып: «Менің кегімді алып, Қарасайды өлтірмесендер тумай туа шөгіндер!», - деп тістеніп жатып жан үзген екен. Батұр қоңтайша өлгеннен бірнеше жыл кейін, бір реткі үлкен ұрыста Ғалдан деген ұлы Жәңгірдің өзін жекпе-жекке шақырып тұрып алды. Ғалдан қару өнеріне мықты, айлалы ку еді. Әкесінің хандық тағына отырған үлкен қатынынан туған Сенгадан тақты тартып алу арам ойын жүзеге асыру үшін, ойраттар ортасында биік абырой тіктеуі керек. Орда нояндарының бәріне әйгілі Қарасайды өлтіріп, әке өсиетін орындауға әлі жетпесін межелеп, тәжі-тағы бар, орны одан биік қазақ ханын жекпе-жекте ала алсам, ордадағы нояндар да мені қолдайды деген уытты ішіне жиған еді.

Бұл кезде Жәңгір елу жылдан артық хандық тақта отырып, жасы жетпістен асқан еді. Батырлардың шықпаңыз дегеніне қарамай, намысын жібергісі келмеген Жәңгір хан майданға өзі шықты. Сәскеден бесінге дейін жалғасқан ұрыста, жасы ұлғайған Жәңгір хан 17 жасар Ғалданға төтеп бере алмай ауыр жараланып аттан құлайды. Умен суғарылған найзадан дарыған жарақаттан бір жыл сал болып жатып, қайтыс болды.

Жәңгір елу екі жыл қазақтың хандық тағында отырды. Әкесіне мұрагер болып, жоңғарлардың сан реткі шабуылын тойтарды. Қазақтың ардагер батыр ұлдарының ел қорғаудағы ершімді еңбектерін құрметтеп, айналасына топтастыра білді. Топан су тобығынан келмейді дейтіндей оңай-оспаққа

желпінбейтін мінезі мен киім киюдегі ретіне қарады ма жұрт «салқам Жәңгір» атап кетті. Ақыры елін қорғау жолында ерлікпен дүние салды. 1680 жылы Жәңгірдің орнына ұлы Тәуке хандық таққа отырды.

Осы реткі соғыста Жәңгір жекпе-жекте жеңілгенімен, ашулы арыстандай қазақ жасағы қарсыласын қансырата жеңді. Ал жоңғар ордасында бірлік кетіп, ордадағы нояндар жақ-жақ бола бөлініп біреуі ана қатыннан туған ханзаданы қолдаса, біреуі мына қатыннан туған ханзаданы қолдап әке тағына отырған Сенғаға да астыртын қастықтар құрылып жатқан-ды...

Бұрынғылар: «қартайғанда батырлығыңды айтпа, кедей болғанда байлығыңды айтпа» деген тәмсілді қалай айтқан деуші едік жас кезімізде, енді басқа келді. Мен Қарасай батырдың қол астындағы жүзбасы, мың басының бірі едім десем, жастар сене қоя ма? Уақыт шіркін адамды тоздырады екен ғой. Жаңағы айтқан Жәңгірдің жас кезі болса бір Ғалдан емес, он Ғалданға тояр ма еді. Қарасай батыр да дәл Жәңгір сияқты жасқа келгенде қарсы жақтың ноян батыры қазақ тобының алдына келіп айғайлап, «Қарасай жігіт болсаң, жекпе-жекке өзің шық!» деп дебейленген қылығына шыдамай, жас батырлардың «біз шығамыз, сіз бармаңыз» деген тілегін қайыра тастап өзі шықты. Қалай қапы қалғанын, қара саннан найза тиіп, ауыр жараланды. Бірақ, намысын жібермеген қас батыр, қарсыласын қайта айналым қару жұмсауға келтірмей, кеудеден ұрған найзасы жауырын ортадан бірақ шығып, жер қаптыра мүрдем кетірді. Осы жарақатын қанша емсек-тәуіптер барын салып емдесе де асқына берді. Ақыры жеті жылдан кейін жетпіс үш жасында дүниеден өтті, - деп Барлыбай қарт тоқтағанда торғай шырылдап қалды. - Ал, қонақтарым, сексенді алқымдаған Барлыбайдың айтары да аяқталды, өзі де шаршады, - деп күлімсереді. Ұйып тыңдаған бар

кісі «мына таңның тез атып кеткені-ай» дегендей орындарынан тамсана тұрысты.

Қызық қуған жастар жағы да өз ішінен іріктеліп, үш жерге бөлініп кетті. Бір орында қыз-жігіттер өлеңмен дүрілдетсе, енді анау қос қайың түбінде алтыбақан, ауылдың аяғындағы мидай жазықта ақ сүйекшілер әлсін-әлсін даланы бастарына көтере думандата ойын сап жатты.

Әлмерек пен Биеке отырған отау үйге Зәуремен төрт-бес қыз жолдасы қосылып, жас жеңгелерінің күтімінде сыбағаларын жеп, анда-мұнда балдыздары Әлмеректің кейде Биекенің ыдысын аспен еселеп жіберіп, кейде қылықты қалжыңдарын маздатып, үйден қоңыраулаған күлкі еседі. Бұлар отырған үй сыпайыгерлік сіз-бізбен нәзік, сыңғырлы үндермен жарасым тапқан. Үйдегі ұяң маужырауды сыртқы жұмыстан кешеуілдеп кірген Зәуренің тете жеңгесі Қазизаның қышқылтым қалжыңы серпілтіп жібергендей болды. Ол сөзді орағыта күйеу қосшыдан бастап:

– Жиенжан, шай ішіп отырыңыз, немене бүгін сыздықтатып қалғансыз. Кеше түске жуық ішкен бір шара қымыз шөл қарығыңызды басып кеткен бе? - деп сыңғырлай күлді. Мұндайды іздеп таппай отырған Биеке қарап отырсын ба, іліп алып:

– Айналайын, нағашы жеңеше, әзіл-қалжыңсыз кеңірдегімнен ас өтпеуші еді. Бағанадан қылғынып отырғаным, өзіңіздің тәтті ықыласыңызға зәру боп отырғанымнан болар. Құдайға шүкір, сөз дарбазасына салынған құлпыны алтын кілтпен өзіңіз аштыңыз, енді шай ішкеннің көкесін көрсетермін. Менің шайшылдығыма шыдамай қалып жүрмеңіз.

– Апырай, шайқұмарлық ауылдарыңыздың әдеті құшамай ма? Кеше Сүйіндік би апамның шайына елітіп, батыр ағаны алдыға сап үлкен үйге барған

еді, енді сіз, «шай ішкеннің көкесін менен көр» деп отырсыз, елдеріңізден шыққан бір жарым айдан бері шөлде қалған өгіздей әбден қатқаксыған екенсіздер, -деп Қазиза сыңқ етумен қыздар жағы сөз тапқыш жеңгесінің жағына шығып, түн тыныштығын үркіте ду күлді. Есеңді жіберме дегендей, Әлмерек Биекеге ойлы көз тастап өтті.

– Биеке іліп ала жөнеліп:

– Әлмеректей батырымызға сыңар болар Зәуредей асылымыз туған ауыл шайына біздің шөлдегеніміз шөлдеген ғой. Әйтеуір шөліркеуіміз жаман ырым емес сияқты. Бір сусын басумен жалғасты бір асылдарыңа қол іліктірсек арман не? Шөлде қалған өгіз болсақ болайық, әйтеуір осы сусынды ауылдан айырмасын. Жерлеріңізден бе, суларыңыздан ба қыздарың қандай сұлу! Шөліккеп жүріп нағашы жұртымнан Зәуренің бір сіңлісін сүйіп, Әлмерекпен бажа болу қандай бақыт шіркін! - деумен күлешектер булыға, әлгінде жеңгесінің әзілі тұсында көтеріле желпінген қыздар енді біріне-бірі бұғып:

– Сені айтып отыр.

– Мені емей-ақ сені, - деп бірін-бірі түртіп, сыбырлай сыңқылдады. Ауылдың тағы бір қызынан дәмеккен Биекеге шамы келді ме, әлде өзіне сыбыс білдірмей Әлмерекке мақұлдық берген Зәурені қағытып өткеніме кім білсін, Қазиза:

– Жиен бала, өзің «жиен ел болмайды, желке ас болмайдының» әуеніне басып қыздарымызды бөдене ше бірден іліп кететін кезкүйрық қылығын істемекпісің? Асатқан сайын құлдық дей беретін жай жоқ енді, - деп қалды. Биеке іле жауап қатып:

– Ойпыр-ау, нағашы жеңеше, шынымен шошындыңыз ғой. Сіздің іштарлығыңызды да ұстатпайың, қыздарыңызда бүріспей еркін отырсын.

Зәуре айналамда бір сінлім жүрсін десе, кейінгі істі кейін көреміз. Күшімді бытыратпай өзіңмен-ақ қызқуарға шығып тұрайын. Біздің елде бір ақын жігіт.

Әзілмен ішіскен ас батымды,
Мұқалмаған әр іске жас батымды.
Қалжың айтып әзілдеп отыруға,
Жақсы көрем, қызыңнан жас қатынды», -

деген екен.

Сол айтпақшы, қабак шытпай қалжың айтып отырайық, - дегенде үй ішіндегілер тағы да ду күлді.

Биекені қалжыңнан ала алмасына Қазизаның көзі жетті ме, әлде дарақыланып кеттім бе деген ой келді ме жеңістікті күйеу жолдасқа бергендей,

– Жиен бала, екеуміз көкпар тартқандай сілкілесіп кете бермейік, шай ішіндер. Күйеу бала шыныңды әкеле ғой, шай іш айналайын! «Ауылыңмен шайқұмар» деген көңіліңе келмесін, ол бір қалжың қыздырмасында ауызға түскен сөз ғой. Жоқ, өзіңнің де кешегі мырза қыз қолынан ішкен қымызбен шөл қарығың басылып қалған ба? Шайдың жөні бөлек. Әйтеуір шөл басумен жеңістік алатын болғандарыңа таңым бар, - деп тағыда сылқылдай күліп алды Қазиза. Әлмеректе енді жауапсыз қалуға болмады, - өмірде ең қайырлы жұмыс сусағанға сусын беріп, шөл қарығын басу ғой жеңеше. Рақмет сізге!

– Ойпырай, ойпырай «әкпеме жездем сай» деп, бір момын қыз айтыпты демекші, менің ана шалдар отырған үйге бір шара қымызды көтере жөнеліп, сол жерде жалпы отырғанымда сөзді бітіріп болғандарыңды демеймісің. Араларыңда жеңгелік қызметімді атқара алмай қалғаныма өкінемін. Әуелдесең мен Сүйіндік би құдалық әңгімесін айтқанда аузым аңқиып

бірақ білмедім бе. «Құланда арамза мерген де...» деуші ме еді. Қызда, күйеуде қиуадан сырлы боп табысқан екенсіңдер. Құдайым ұзағынан сүйіндірсін. Білдірсендер де, білдірмесендер де әйтеуір мен тілеулес тете жеңгелеріңмін айналайындар, - деп қыз жеңгесі әзілінде, өкпелі арызында айтып тоқтады.

Зәуре күлімсірей төмен қараған бойдан сөз қатпады. Әлмерек:

– Айналайын жеңеше, Зәуре екеуміздің сырласымыз да, сыйласымыз да өзіңсің. «Аттың жалы, түйенің қомында» дегендей сапар үсті балымыз жарасып қалды. Біздің ісімізге тілеулес болар өзіндей жеңге алдында өтелмеген борышымызды қайынсіңліңізде, мен де орындаймыз. Өзіңізбен ендігі өмірде сырласып өтерімізге кәміл сеніңіз, - деді.

Қыз жеңгесі – қайынсіңлісін қимастықтан бір сәт томпыып отырып барып, қайта жібіп толқып кетті,

– Айналайын, мырза қыз, әзіргі айтқан назымды көңіліңе ала көрме? Осы есікке келгелі екеуміз ара қыл өтпестей сыйластықтан, өзінді өмірде қимастықтан бұрқ еткен аңқау жеңгеннің албырт көңілі ғой, -деп көзінен ыршып кеткен бір тізбек жасты орамалының ұшымен сүрте берді.

– Апырау, нағашы жеңге, жаңа басталғалы отырған екі жастың қуанышында қуанғанның орнына көзіңе жас алғаның не? Құдай оның бетін әрі қылсын. Жаңағы әдемі қалжындарыңнан айтшы, онанда, жоқ жеңге тайым азайып қалатын болды деп отырмысың. Жеңге тайдың жолын тойға келгенде асылдардан қоржынға аямай салдырайын шешелеріме. Онанда мына менің көңілімді таба білгенің жөн, - деп жүкке сүйене қарқылдай күлді. Орай күткен Қазизаның ойына бір қалжың оралып үлгірді.

– Ойпырай, бағана апамдар «өңкей сояудай еркек

жасап келген қоржындары әйелден артық, іштерінде осындай жұмысқа пысық біреуі бар» деп жатыр еді. Енді «жеңгетай жолын келтірсем» деп қалдыңыз, әйел заты жұмысына жүріп тұрған әлгі қатынбасша жігіт өзің емессің бе осы? - деп қалды.

Әлгіндегі Биеке өлендетекелтіріп кеткен қалжыңның қарымжысы енді қайтқандай. Үй ішіндегілер ду ете бір күліп тастады. Құлақ түбіне дейін қызарған Биеке жауап қайтарып үлгіргенше, есікті айқара ашқан той басқарушы:

– Бағанағы тілектеріңіз бойынша, әнші-күйші өнерпаздарымыз да жетіп үлгірді, көңіл көтеріп отырыңыздар, - деумен төрт-бес жігіт есіктен кіре берді.

Лезде отау үй шертілген күй мен айтылған әннен желпініп жаңа бір құлпырыс әуез тапты. Кейде қоңырлап, кейде шымырлап, бірде сұлуда сырлы ән әуеніне жалғасып, Әлмерек пен Зәуренің жүрек лүпілін бейнелегендей толқытып әкетті. Анда-мұнда отты жанарлар түйісе жалт беріп, мына әннің анау жолдары бізді айтып тұрған жоқ па дегендей жымиыс танытады. Екеуі қалған әңгімесін осыбір сырлы да сазды ән-күймен ақтарып отырғандай. Зәуре: «Тілегіңе қосылдым, бердім уәдемді, енді сенде сертіңнен тайма. Сенің Әлмерек атыңды аспандатуға барым арналады. Менің туған жер, өскен ел, ата-анамды алыста қалдырып, сенімен қос аққу боп айдынымнан көтеріліп бара жатқанымды ұмытпассың», - дейтіндей жанар танытады.

Енді Әлмеректе: «Сөзім-сөз, мен үшін барлық қымбаттыңды қалдырып барыңды бағыштаған екенсің, сенің қадір-қасиетіңе менде жетемін, алаңсыз бол Зәуре», - дегендей серттен берік ұшқындар жанарынан көрінді. Қыз жеңгесі Қазиза сырларыңның ішінде болмадым деп томпиғанмен, бар әңгіме кешегі ат шалдырғандай қымыз үстіндегі екі ауыз тоқ ету ғана

екені Аллаға анық. Әлмерек пен Зәуре дәл соны қанағат тұтқандай. Бүгін үй толы қыз-жігіттер алдында жақ кірісін ашпай жүрек сырларын жанарларында жазылған алтын әріптерден аңғарып, уәделерін бекіте түскендей сәттер сырғып өтті...

Осы кезде түн жарымынан әлдеқашан ауып кеткен. Әнші-күйші жігіттер де барын ақтарып, дауыстары қарлыға, қолдары салдырай бастаған еді. Осы сәтті білгендей той төрешісі жігіт есіктен кіріп:

– Отыра беріп тізелерінде ұйып қалған шығар. Ана қос қайындағы алтыбақан қызып кетті. Қол аяқтарыңды әрекеттендіріп айналып көріңдер. Ол жердегі жастар: «Қыз бен күйеу және жиеніміз Биеке бізбен бірге болсын», - деп тілек етіп жатыр. Қаласаңдар, қане жүріңдер, - деумен үй ішіндегілер дүр көтеріліп алтыбақанға тартты. Қыз-күйеу тобы қос қайындағы алтыбақан ойнаған жастар шетіне іліне, күніне Әлмерекпен бірге жүргендей-ақ ауылдың қыз-жігіттері қақ жарыла жол беріп:

– Қане, Әлмерек батырға жол беріңдер,

– Қыз-күйеу парымен алтыбақанға шықсын.

– Бізді бүгін асыр салдырған осы екеуінің арқасы ғой, - деген қошамет, құрмет жан-жақтан гулеп кетті. Ақыры екеуін алтыбақан ырғағына қаумалай шығарды да, екі жағынан екі жігіт қос ақ қайыңнан қиғаш керілген арқанды құлаштай қозғап жіберді. Жоғары биіктеп барып қайта құйыла төмендеп, әрлі-берлі ырғақта тұрған қыз-күйеудің құрметіне енді бір ән де басталды. Ғашықтарға арналған тамаша бір халық әні. Бұл әнді Зәуре де тебірене шырқады. Ән аяқтай алтыбақан ырғағы да баяулап, екеуі түсе берді. Басқарушы жігіттер:

– Ендігі кезек жиеніміздікі, қане Биеке мен қайсы қыз шығасың келіңдер, - деді.

– Жиен баламен мен шығам. «Қыздан жақсы

көремін жас қатынды» деп маған берген уәдесі бар, - деп елді ду күлдіріп, Биеке мен ырғаққа Қазиза отыра берді. Екеуі мәз күлкімен тербеле жөнелгенде, тағы бір ән аспандай қанат қақты...

«Әлмерек пен Зәуре құрметіне бүгін бір ойнап алайық», - деп атақтап бірінен соң бірі алтыбақан ырғағына шығып, таң аппақ атқанша жастар тамашасы жалғасты.

Сүйіндік би Қарасай ауылына жай жолаушылай келіп еру болудан, құдай жалғап әңгіме желісі ел қамынан ер қамына ойысып, Әлмерекке қыз айттырып, үкі тағып мол сый-сияпатпен аттанды. Жоңғар біресе оң бүйірден, біресе сол бүйірден килігіп, ел басына күн туған алмағайып мына заманда, қыз беруді ұзатпай, маусымның орта шенінде той жасауға жөн білер Түрікпен батыр мақұлдық берді. Әлмерек бұл ауылды, бұл ауыл Әлмеректі қимастай бір сезім қонақты да, қонақ иелерін де билеп алғандай. Қадірлі кісінің қарасы үзілгенше, шымылдықтана үлбіреген сағым соңынан қуғындаған қос жанар әлсін-әлсін қарағыштай ұзатып салды...

II. Алыптар арманы

Сүйіндік пен Әлмерек бастаған керуен Ташкент сапарынан қағанағы қарық, сағанағы сарық қос қуаныш арқалай үш ай дегенде елге оралды. Айтарға үш ай бірақ ауыз сөз болғанымен, сарыла күткен жандарға қаншама ұзақ десеңізші? Әлмеректер келе жатыр деген хабарды алдында жіберген адамнан естіп, Шелектен алдарынан шыққан Хангелді, Құдайназар, Олжай бастаған топ, сағыныш сарықтарын баса алмай, Сүйіндік биден соң Әлмеректі, Биекені, қатардағы жігіттерді қайта-қайта құшақтай қауыша амандасты.

Сүйіндік бастаған жолаушылардың ауыл-аймақ, үй-іші, бала-шаға, ел-жұрт амандығын мол сұрасуы аяқтай Хангелді батыр:

– Қалайсыз, Сүйіндік әке? Ұзақ жол қажытып-ақ қойған болар? Жасыңыз сексеннен асқанда еліңіз үшін ерледіңіз. Албан елінің үнін Тәуке ханға, Төле биге, хан ордасындағы қазы-төрелерге жеткізе алдыңыз ба? - деген сұрағы, арнайы тігілген алты қанат ақ ордада иін тіресе отырған бар кісіні шыбын ұшса естілердей тыныштық құшағына орап бәрінің Сүйіндік биге ықыласы ауды. Малға бата жасалып, ас әзірлігіне өтуден, тамақ алдыға келгенше Тәуке хан мен Төле алдындағы әңгіме аяқталмай соңы кейінге қалдырылды. Қолға су құйылар алдында Сүйіндік би:

– Хангелді батыр, өздеріңе қуанышты бір жайды

жеткізбекпін, сүйінші? Мына Әлмерекке, шапырашты Қарасай батырдың немере қызына үкі тағып, құда түсіп қайттық. Енді қамданыңдар, той жасап алып келулерің қалды, - деумен барлығы:

– Ой бәрекелді, құда құтты болғай? - деп ду етіп, кейбіреуі «шын ба өтірік пе?» дегендей Әлмерекке қарап иек көтерді. Әлмеректе «солай» дегендей миықтай күліп бас изеді. Хангелді жадырай күліп:

– Әлмерек батыр, ауыл айналасындағы қыздардың мақтауын жеткізе шұқита айтсақ та көнбеуші едіңіз, Алла неке қайыпты Шапырашты ауылынан бұйырып тұрған болды ғой. Құтты болсын, көсегеңіз көгерсін! - деді.

– Қос қуаныш арқалап қайтыпсыздар. Қуанышымыз баянды болсын! «Жоңғардан жерімізді тазартқан соң, жоңғар жойылған соң» деп жүріп, аға үйленбей қартайып кетеме деуші едік, бұл жолғы қадамдарыңыз сәтті сапар болған екен, - деп Әлмеректің інісі Олжайда еркелік қуаныш лепесін танытты.

– Ой бәлем, Әлмерек аға үйленсе маған да жол ашылады, шарықты оң жаққа тастаймын, - деп тұр екенсің де, - деп әзілге араласты бір құрбысы. Бірінен соң бірі іліп ала жөнелген әзілдер жалғаса мәз күлкімен аста желініп болды.

Шаршап келген Сүйіндік би тынықсын деп ертелеп төсек салды. Сүйіндік, Әлмерек, Биекелер мен әңгімелесіп жатсын деп Хангелді, Құдайназар, Олжайда осы үйге жайғасты. Бірден ұйықтап кету қайда, хан сарайына сапардың жалғасы тағыда басталды. Ташкенттегі билер кеңесін Сүйіндік айтса, Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесінің хикметін Әлмерек баяндап, кесенені салудағы Бәйдібек бабамыздың ершімді еңбегін Биеке қыстырып, жарым түнді аудары барып мызғасты. Тәуке хан мен Төле би айналасындағы әңгіме елге жеткен соң да мол айтылды.

Көп заман бұл әңгімелер дастарқандағы тойшыдан тау басындағы қойшыға дейін жыр болып айтылып жүрді...

Ертеңгі шай үстінде Биеке батыр әлдебір жері ауырып тұрғандай, жайшылықтағы сүйкеп өтер қалжыңы да жоқ, кірбең қабақты көрінді. Биеке дидарына аз-кем көз тоқтатқан Әлмерек, - батыр немене? Бір жерің ауырып тұр ма, қалай? Қабағың бұлттанып тұр ғой, - деуіне Биеке:

– Ешбір жерім ауырмады, аманмын. Түсім жайсыздау, әкем аман ба екен? Тезірек атқа мінейікші?! - деп көңілсіздігінің жайында, өтінішін де айтып тоқтап, одан әрі шайда ішпей шынының бетін басты. Биеке көріпкелдігін дерлік білетін тең тұстар жағы ләм деп жауап қайтармай оған ілесе шай ішуді тоқтата берді. Тұйықтай бөгелген су құлағын ашқандай Сүйіндік би:

– Е, Биеке шырағым, жолдастарыңды абдыратып қойдың ғой, шайларын қанып ішсе болар еді. Бұрын туған бұрын өлсе, ендігі жол біздікі қабаржым, Төлес екеуміз өлсек асарымызды асадық, жасарымызды жасадық, Алла риза болса, ел риза болардай шамаша істедік. Елімізбен жеріміз үшін ат ауыздықпен су ішіп, өзіміз етікпен су кешер күндерді де өткердік. Құдайдың бұнысына да шүкір, артымызда өздеріңдей өркен бар, енді неден қамығамыз. Түбелікті шын тұрақ Алланың алдына біздің аттануымыз жолды. Біз қисая кетсек, жолдас-жораларыңа той жасап, ұзатып салындар, - деп тоқтағанда талай тең тұстары жамырай күле әзіл де айтып үлгірді. Әлгінде Биеке қабағына іліне қалған кірбең мұнары сейіле бұлт арасынан жылт еткен күндей өңіне миықтай сәл күлкі жүгірді де басқа сөз айтпады.

Әлмеректің иек көтеруімен Олжай бастаған бірнешеуі аттарды әкеліп, жүруге дайындалмақ боп шыға берді. Керуен көшіне әбден дағдыланған Әлмерек ат қосшылары, Олжайлар үйді жығып болғанша, атқа

мінуге дайын екендіктерін білдіріп үлгірді. Буыншақтаңылшақтаған аз жүкпен бір бөлім жігіт артта қалып, салт атты кісілер суыт жүріп кетті. Аласаның асуынан аса бере астындағы аттары ақ тер, қара тер болған екі жігіт жол бойықиғаш өтіп барып, - Хангелді аға, мойныңызды бұрыңызшы? - деп кідіре берді. Оларға бір қараған Биекенің өңі жауар күндей сұрланып кеткен еді.

Екі жігіт шынында өздерін іздей шыққан хабаршы екен. Қарт Төлес аяқастынан күннің кешкі қызылы бата жығылып, таң намазы шенінде жантәсілім болғанын айта тоқтады. Ауылдың қай қоныста екенін сұрап ұғынған Хангелді: «Біз анау мұрыншаны айналғанша суыт жолаушы сияқты жүріп кетіндер. Одан соң басқа жақпен ауылға тартарсыңдар, Биекеге ауылға тақай бірақ естіртелік», - деумен екеуі суыт қозғалып кетті.

Хангелді жүрісті Күреңтөбелін бастыра, Сүйіндік бимен қатар келе жатқан Әлмерек екеуіне тоқ етті де, жай жолаушыдай көппен алға ілгерілей берді. «Әлгілер...?» дегендей иек көтерген Биекеге:

- Жоқ іздеген жігіттер екен, - деп елеусіз ғана жауап беріп, басқа бір әңгімелер бастап кетті. Бірақ, Хангелдінің ендігі айтқандары Биеке көкейіне қонбай, күдікпен үзбей қарағыштап келеді.

Қарқараның Кеген жақ шетіне ілесе, жол жағасына Хангелді ат басын бұра, дәрет сындырмақ ыңғай танытып кідіріп қалды. Жанынан жанай өте тізгін іріккен Сүйіндік пен Әлмерекке:

- Ауылға тақап қалдық. Енді естіртпесек болмас, жол бойы танитындар кезігіп көңіл айтып жүрсе ыңғайсыз. Сүйіндік би өзіңіз бір нәрсе дейсіз ғой енді, - деді. Әлмерек те дұрыс дегендей бас шұлғыды...

Аттарын жеңіл бастыра Биеке қатарына алдымен Сүйіндік би өтті. Одан екі шеттен Әлмерек пен Хангелді жанасалады. Сүйіндік би ол-пұл біраз әңгімелерді

алыстан орағыта айтып, енді Жиреншеге Қарашаштың өлімін естіретін тұсқа сырғи бергенде-ақ Биекенің іші қып ете түсті. «Оһ, түсімдегі азу тістен айырылуым тегін болмады. Қайран әкемнен айырылған екем» дегенді ойлап болғанша Сүйіндік би төтесіне бірақ өтіп:

- Бір биік сырғып кетіпті,
Төлестей ер дүниеден өтіпті.
Орнында бар толысар,
Шын тұрағына әкең кетіпті, -

деуіне ауыл төбесі де көрініп қалған. Биеке ауыздықты басып жұлынып келе жатқан көк шұнақтың тізгінін ағыта: Ойбай әкем, ойбай мекем, ойбай қормалым, айырылдым қорғаным.., - деп шұбырта озандай аттың басын қоя берді. Оң жағынан Әлмерек кеп қолтығынан сүйеп, сол жағынан Хангелді Көкшұнақтың шаужайынан қымти ұстап, қосыла дауыс шығарып баяу қос аяқпен шоқытып келді. Егер Көкшұнақты еркіне жіберсе, ет қызуымен ауылға тоқтамай ауыздық тістеп өте шығары екі серігіне де белгілі. Қалған топ Биекенің алдына өтпей «бауырымдап», «мекемдеп» келеді. Бауырымдаған үн Сүйіндік бидікі еді. Ал енді басым көп дауыс Қарқара жазығын мұңлана күңіретіп мекемдеп келеді...

Таякқа тұрғанның өзі жүз шамалы. Бауырларымен көрістіріп бола, өксігін баса алмай өкірген Биекені де қатарға сүйемелдеп келіп тұрғыза берді. Таякқа тұрғандар ішінде ел қорғау жолында дүние салған Төлестің ержүрек ұлдары - Бәйсейіт пен Бәйменнің орнын албан ұрпағы неше еселеп толтырып жібергендей еді. Әзіргі бар үш ұлы - Биеке, Құсық, Есенаман ғана емес, бүкіл албанның атқа мінері таякқа тұрып жоқтап тұрды. Көрісушілер ол шетінен бұл шетіне жете алмай

сілелеуде. Әлмерек пен Хангелді де сүйек шыққанша Биекенің жанында тұрып, албанның Төлестей бір туар алып қариясының елі, жерін қорғау жолындағы ұмтылмас еңбегі мен ерлігін тақпақтай қиыстырған жоқтауларына қосып, елдің сай сүйегін сырқырата, Төлестің аты өшпестей биік мұнара тұрғызды дерлік. Жүздеп, мындап келушілердің кейбір сұңғылалары сол жердің өзінде-ақ Төлеске арналған тартымды жоқтауларды қайталап жатқа айтып жатты.

Ат қойып келушілер соңынан жол жорғасын тайпалта Сүйіндік би келіп түсті. Барлық таяқта тұрғандарды түгендеп жүрмей, Төлестің өз тумаларымен көрісіп өтіп, замандасын бүйірін таяна жоқтауын көп жылаулар тоқтай беріп, жиылған жұрт тыңдап қалды. Сүйіндік жоқтауынан ел есінде сақталған сарқыт былай еді:

- Өрелі ойлы алыбым,
Әр істің айтқан анығын.
Қамшыгерлік жағында,
Қарасай да көрген дарынын.
Жетім мен жесір жылаған,
Өзіңнен теңдік сұраған.
Жөнтөксіген бейбастар,
Дырауыңнан сұлаған.
Жоңғарға талай тап бердің,
Еліңнің кегін ап бердің.
Сан жасақты баулыған,
Төке, еңбегіңді нақ көрдім.
Алмастан қылыш соқтырдың,
Жауыңа жебе боп кірдің.
Жоңғарды жояр бар құрал,
Ер Төлес қолынан кеп тұрды.

Төлестей ердің өткені,
Ажалдың қуып жеткені,
Жаннаттан жаның орын-ап,
Бүрленсін артқы көктемің.

– Бәрекелді! Сүйкеме сөзді Сүйіндік би, замандасына шын тебірене баға берген екен. Мына жоқтауында Төлестің бүкіл өмірі жатыр ғой. Әсіресе жас шағындағы басынан өткендері, есейіп-ержете келе әділдіктің жаршысы болуы, өзімшіл дүниеқорлардың талай әлсізге зәбір көрсеткендерін табанда дүрелетіп, құдай тәубесын аузына түсіру сынды бәрі-бәрі айтылған екен, - деп кейбір қағілездер сол жерде-ақ жаттап алысты.

Көп сыншыл ғой, дәм-татусыз көп жылауды, қай-қайдағы әсіре баттама, бос мақтау, жаттамалы жоқтауды емес, дәмділерін тере тыңдап ойға түйіп жүр. Әлгіндегі Сүйіндік жоқтауынан кейін Әлмеректің қарт ұстазына арналған мол жоқтауы көпті жалт қаратты. Одан мына бір шумақ ел жадында қалып қойыпты:

«Әрбір сөзің әділет еді қормалым,
Қиын күнде ақылшым болған қорғаным.
Шонжының көзін ақ тамағыңмен мен жойып,
Жау тайды шептен, рақымы түсіп Алланың.

– Әлмеректің мына жоқтауы әрі Төлес өмірін бағаласа, әрі өзінің бас қолбасы болып жетілуінде бірінші Алланың, екінші қарт сардарлардың еңбегін қандай әділдікпен таразылай білген. Өмірлі болсын Әлмерек! Әзір жиырманьың бесінде ел ісінің құлағын ұстады. Кемеліне келгенде бүкіл албанға тұлға болар азамат қой, - деп төбе басы, ол жер-бұл жерде жиылған топ мадақ айтысты.

Енді бір қаншасы Хангелдінің жоқтауын ауызға алып, жатқа алып алғандар мына тұстарын қайталады:

«Төлес әке, айдынды шалқар көл едің,
Елің үшін жүрегін суырар ер едің.
Биекедей ұлыңыздан кейінгі,
Өзіңе тартқан қормалдықты көремін.»

– Апыр-ай мына Хангелдің де бос емес екен. Төлесті де, бар баласының ұйтқысы Биекені де бағалап, әке үшін ел үмітін арқалатып отыр ғой, - десті.

Төлестің кешкі қонағасына албанның ғана емес Бәйдібек ұрпағы дулат, суан, шапырашты, ысты, ошақтының атқа мінер ақсақалдары, аралас өскен Орта жүздің беделді қарттары, төсекте бас, төскейде малы қосылған қырғыздың мықтыларына арнап, бөлек-бөлек үйлер тігіліп, кермелер тартылып, епті де пысық жігіттерден даяшы қойылып, жорғалармен табақ тартылып, ой-қырдан үсті-үстіне, тұмсығы мен жер сыза қара күреңдене ыс жұтқан серкенің қос тұлыбындағы Қарқара қымызы, Қарагердің белін қайқайта Төлес құрметіне, сыйласып өткен Төлес ұрпағының ықыласына айтылған алғыстай, білдірілген ниеттей болып келіп жатты.

Төлес ұрпақтары маңдай терлерін сыпыра жүріп тапқан мал-дүниесі, әкесін жоқтай келген ел-жұртын күтіп алу жолында сарқылып кетсе де дастарқаннан аянар емес. Барлығыда, байлығы да, еліне деген құрметі де әйгілене ту биелер, құнан қойлар әр атаның ақсақалына бата сұрай арт-артынан сойылуда, ауылдың бауырсақ, ежегейлеріне Ташкент жақтан ала келген алуан түрлі құрғатылған жеміс-жидек, мәмпәси, қант-науаттары дастарқанға араластыра қоян жондана төгіліп, Сүйіндік айтқандай: «Өлім ұзату емес, той күнгідей»

қонақта, қонақ иесі де тоқсанға таяған Төлес батырдың артын молшылық пейілімен өткізді. Елдің атқа мінер бай-манаптары ғана емес, Төлес достасып өткен кедей-кепшікте, жоқ-жітік, жетім-жесірде, қонай-түней жатып Төлеске жайылған дастарқаннан дәм татты. Әрбір үйде Төлестің балалық шағы, жоңғармен айқастағы ерлігі бірінен соң бірі сөз болды. Төлес жайлы әңгіменің қыздырмасында Сүйіндік би мына бір жайды баяндап өтті. Сүйерқұлдың үлкен ұлы Досәліден Бірімбет, одан Құлсадық, Жансадық екеуі. Құлсадықтың бірінші әйелінен: Шаха, Төлес. Екінші әйелінен: Сәлбен, Әлбен. Шаханың сұлу әйелі Айтолымға қызыққан, Жансадықтың Тоқпан деген әйелінен туған тоғызы, Шаханы Шыршықтың суына тастап өлтіріп, ауылға бауырымдап келгенде, тоғызының ниетін біле қойған Айтолым, байы өлген қатынша бетін-алып салып дауыс шығармай, сазарған бойдан отырады. Тоғыздың даладағы жасанды жылауы аяқтап, үйге кіріп көңіл айтпақ болуына: «Шаха, қайсыбір ажалынан кетті дейсің, сендер қолды болған іс. Оны өлтіргендеріңмен мұраттарыңа жете алмайсың! Шаха өлсе бағыма, Төлесім бар тағы да, маңыма жоламай шығыңдар үйден!» деп керегеде тұрған бақанды жұлып алып, айдап шыққан екен.

Тоқпанның тоғызы емексіп араға кісі сап тынышын кетіре берген соң Айтолым бауыры Қарасай батырдың жанына көшіп кетеді. Тоғыз бауыры ұрып-соғып, мал соңына сап күн бермеген соң, жылға жуық уақыт өткенде, Төлес жеңгесі Айтолымның артынан іздеп барып, Қарасай батырдың ауылында бір мезгіл тұрып қалады. Той-томалақта көкпар, балуанға шығу сияқты жастар тамашасында жамбасы жерге тимей, көкпарды ешкім тақымынан ала алмай жас Төлестің даңқы Қарасай батырдың құлағына шалынып қалады.

Бір күні Қарасай батыр балаң жігітті қасына ертіп, ел аралап, қымыз ішіп келе жатып, Төлестің қол қайратын сынағысы келіп, алты өрім қамшысын қолына беріп, анандайда жатқан бұқаны «бар қайратыңмен тартып өтші», - дейді. Төлес атүсті желдірте келіп, қарғып тұрып кетпек болған бұқаны қапталдата тартып өткенде, сол орында ұзынынан кетіп, аяқ серпімеген бойдан пышаққа ілінеді. Сойып көргенде бір жақ қапталын қабырға сүйегіне дейін бөліп тастап, қамшыгерлігі бүкіл елге тарайды.

Қарасай батыр: «Шырағым Төлес дұшпаныңнан таяқ жемейтін болыпсың, енді еліне қайт», - деп Айтолымды Төлеске қосады. Екеуі, «аға өлсе іні мұра» дегендей бас құрағаннан кейінде үйірлескен ауыл жігіттерінің қонақ жай пейілінен аттап кете алмай, бүгін мына үйде болса, ертең ана үйде дегендей айдан артық тұрып қалады. Бір ретінде Айтолым ағасы Қарасайға: «Мен төркіндеп қайтам, Төлестің қарызынан құтылам. Төркіндеу жолыма сіңлім Бөкекті бер», - деп тілегін айтады. Қызды ренжітпей қайтару қазақ салты бойынша, Қарасай үлкен той өткізіп, Бөкекті Төлеске ұзатып береді.

Төлес елге оралғаннан кейінде, барлық пен жоқтық, көптік пен аздық егер боп, біріне-бірі тізе батырып өтуді мақтан тұтқан кез. Атақты бір ауыл той жасап, тойға келетін әйгілі адамдармен әр атаның ел билеушілеріне арнап айырым-айырым үй тігіледі. Шеткері тігілген ақбоз үйдің бірі кезінде өзіне тізе батырып, талай қамшының астына алып, елден қашуға мәжбүр еткен бай туыстары Тоқпанның тоғызына арналғанын ұғып әдейі сол үйге түсіп алады. Атақты тоғызы келіп, өздеріне тігілген үйге түсіп жатып: «Мына мама ағаштағы ат кімдікі?» деп қалады. Күтушілер: «Ол Төлестікі, айтқанымызға көнбей түсіп алды», - дейді.

Тоғызы: «Ой жалғыздың бізбен тайталасуын кара!», - деп үйден айдап шықпақ боп, бастыра кіріп келгенде, Төлес қамшымен бір-бір салып үшеуін түсіргенде, кейінгілер ағаларын арашалап қалуға жарамай аттарына міне қашып құтылады. Міне осыдан кейін Төлесті көптігіне сүйенген кеудемсоқ туыстары да, былайғы зорлықшыл күштер де, ат кеудесіне алып басына алмайтын айыбын бітеді. Адамгершіліктің қадір қымбатын білетін достар табады. Қамшым жуан деп бейуаз момынды басынған кісі емес. Басқадан зорлық көріп жатқан әлсіздер, мәуелі бәйтерек сияқты Төлесті паналап өткендері де молшылық. Алла ниетіне қарай дәулетті де берді. Бүгінгі шолпып отырған мол дастарқан Төлес берекесінің ұрпағына ұласуы десек болар. Жаңағы атақты Айтолымнан Бәйсейіт туылады. Ал Айтолым өзі төркіндеу жолымен қалап алып берген сіңлісі Бөкектен: Бәймен, Биеке, Құсық, Есенаман, төртеу. Барлығыда үйлі-ошақты, бала-шағалы. Төлес бағыр бес баласынан да шөбере сүйіп дүние салып отыр, - деп бір тоқтады.

Сүйіндіктен кейінде шешен, шежірелер арысы Албанды, берісі Сарының екі баласын бір талай жерге бұтарлап апарып тастады. Қонақтар жарым түн ауа барып мызғап кетті...

Төлестің жаназа намазы алдында Сүйіндік би мұсылманшылық, адамгершілік жайында мол тоқтала келіп, сөзінің соңында қортындыдай үйіре екшей,

– А, құдай, бұныға да шүкір. Биекенің әкесі Төлес үшін жанындағы қос серігі Әлмерек пен Хангелдінің егіле де, төгіле де жылауы, былайғы албанның азаматының түгел таяқ ұстап тұруы, айрандай ұйыған ынтымақтың белгісі ғой. Ынтымақ бар жерде ырыс бар. Ынтымақ бар жерде әрқандай жау бізді ала алмайды. Алладан шын тілегім елді осы береке-бірлігінен айыра

көрме?! Бұрын туғанды бала-шаға, ұрпағының алдында бұрын ала бер, Құдай өркенімізді өсіріп, өндіріп, көктете гөр?

Мына Төлестікі өлім емес той болды ғой. Жақсының өлімі де жақсы деген осы болар. Мына өлім ұзату жастарға, кейінгі ұрпаққа естен кетпестей өнеге болды. Біріміздің қайғымызға біріміз ортақ болған, біріміз жыласақ, біріміз жұбатқан мынандай ақ өлімді бізге де бере гөр? Ошақтың үш бұтындай албанға тұтқа, тұлға болған Әлмерек, Хангелді, Биеке сынды аңғарлы ұрпақты, елдің атын шығаратын ерлерді аман қыл Алла? Бірінің ізін бірі басып елге ұйтқы, қорған болар ұрпақты үзіліссіз бере гөр Алла? - деп барып дұға жасады. Әрбір ой толғанысында жұрт әумин деп дүркіреп тұрды. Сүйіндік бидің көп қауымға айтқан өсиеті үлкенді де кішіні де тебірендіре жанарларынан ризалық алқау жамырап тұрды.

Төлестің сүйегі батыр ұлдары Бәйсейіт пен Бәйменнің ортасынан орын алды. Қабыр басында әкелі-балалылардың ел қорғау жолындағы ерен еңбектері мол әңгіме болды. Олар өлгендей емес, пәк рухтары жұрт көңілінде қанат қағып биіктеп бара жатқандай еді...

* * *

Төлестің қырқы өте Сүйіндік би ауыл үлкендерін шақырып алып «Төлестің соңы тойға жалғассын! Енді кешіктірмей Әлмеректің той қамына кірісейік», - деп арнаулы кеңес құрды. Төлес қазасы тұсында, Дәулет, Түрікпен бастаған жиырма шақты кісі, Төлестің бұрынғы күйеулігінде, жаңарып-жаңғыру үстінде тұрған ендігі құдандалықты да ойлап намазына үлгіріп келіп қайтқан. Түрікпен, Сүйіндікпен қоштасарда «күйеу келсе қыз дайын» ыңғайында таныта атқа мінген.

Әлмеректің әкесі Жаншық ертерек дүние салды. Жаншықтың ағасы Сары ел ара сөздің кісісі емес. Ауыл ара бір жұмыс болды “сіз бітіріп келіңіз” деп , Сүйіндікке итере тастап, ел әңгімесінен аулақ тұратын. Бірақ, мал табуға, бірді екі жасап, бағып-қағуға мықты кісі. Әкесі Бозымға Тоқтар Қожаның бәйбішесі берген жеті түйелік асыл кездеме, дүн-дүниені мына сахараға келгенде,сауда көзін тапқан Бозым қалпын құратпай тай-тайынша, қой-қозыға айырбастап, қорасына үш жүзге жуық қой, жүз тұяқ жылқы, елу шамалы сиыр және көшіп-қонғанда жүк артарлық түйе жасап алған. Тіршілігінде Бозым бір жағынан сауда алып, енді бір жағынан шешесіндей қамқор болған әрі бүгінгі тіршілік-қарекетінің негізін салып берген Тоқтар Қожаның бәйбішесін екі-үш кезек іздеп те барған. Қамшының сабындай қысқа өмір Бозым дүние салған соң бар дүниеге Сары ие болып, әзір деген арқалы байлардың бірі. Әлмерек пен Олжайдың ендігі бар ісіне Сары жауапты болды.

Сары сөзге тұйықтау, елге араласуы сирек болғанымен өзім десе өзегін суырған бауырмалдығы да мықты кісі еді. Әлмерек он сегізге ілінгенде-ақ: «Енді бас құрағын жан екеу болмай, мал екеу болмайды. Сен үйленсең, інің Олжайды да кешіктірмей үйлеймін. Әкеңнің көзі жұмылар алдында маған көптеп табыстап кеткен аманаты екеуіңнің кейінгі істерің еді», - деп көп қайталағаны бар. Бірақ, жоңғармен айқасқа араласып кеткен соң, Әлмерек тек үлкен әкесі Сарыға ғана емес, албанның Сүйіндіктей биіне де: «Қоя тұрыңыз, қоя тұрыңызбен жеті жылды өткізіп алғанын, өзінің үйленер жасқа жеткенін, тек Қарасай ауылына келіп қонған күннің ертесі Дәулеттің үйіне қымыз іше кіріп Зәурені көрген соң аңғарғандай еді. Енді кешіге берсе

үйленер жастан өтіп кетерін білгендей сезімге де осы кезде келді.

Сүйіндік би Ташкенттен оралған соң көп кешікпей Төлес ауылынан келе жатқан жол бойы, Сарыны оңашалай ел соңына ірке: «Қарасай батырдың баласы Дәулеттің қызына Әлмерегіңе үкі таға келдік, келінді болатын болдың сүйінші бер», - дегенде Сары, атынан қарғып түсіп: «Сүйіндік аға, шын айтасыз ба? Жақтырсаңыз мына жирен жорға атты мініңіз, жақтырмасаңыз жылқыдан қалаған атыңызды көрсетіңіз ұстап беремін», - деген еді. Сонда Сүйіндік Сарының қылығына ерек риза бола:

«Сары мына ықыласына рақмет! Жаншық өлмепті тірі екен. Мына пейіліңе, ниетіңе, қуанышыңа риза болдым. Бір ат емес қос ат мінгенге тән болдым. Маған ат мінгізгенің сол енді кешікпей той жасатамыз дайындығыңды көр», - деген еді. Міне содан бері Сары үйде байыздап жата алмады. Бозым тұсынан әке жолдастай ұрпақтан-ұрпаққа араласып өткен сенімді саудагерлерге табыстай жүріп, келінге арнап сырттық асыл киімдер мен жібек кездемелер, құдаларға киіттік асыл бұлдар алдырып, дайындығы да бір жерге барып қалған.

Аралық шалғай болғандықтан, Дәулет пен Түрікпен Сүйіндік жіберген кісіге тойды да жасап, қызды да шығаруға мақұлдық берген. Сондықтан Сүйіндік би Сары мен келісті де әрі құдаға аттанудың бір шәугім шайы, әрі жыртыс той жоралғысы болсын деп, Сарының бір ту бие, екі-үш қойын сойғызып, айналадағы ел-жұртты тегіс шақыртты. Ағайын-туыс, жегжат-жұрағат, Әлмеректің жолдас-жорасының өзі-ақ бір-бір ірі қарасын жетелей келді. Іргедегі ағайын: «Әлмерекке құдайдың берген беделі ғой бұл. Ағасы

Сары бір тұяқ шығармаса да, шапыраштыға айдалар қалың екі еселене кеп болды», - десті.

Дәулет пен Түрікпен мынаны бересің демей, Сүйіндік пен Сары не аласың демеді. Албанның Сүйіндік биі шапырашты Қарасай ауылымен құда болды делінген сонда, «дорба алысу» емес, «жорға алысу» дайындығымен мал екі күн бұрын айдалып кетті. Сүйіндік «Су шайқалтпас» дейтін қоңыр жорғасымен бас құда боп атқа қонып, Сарыны қасына алды. «Әкем Төлестің көзі енді жұмыла ел аралап жүруім ерсі» деп, Биеке баруға көнбеді де, оның орнына Әлмерекке күйеу жолдас боп Хангелді ерді. Басқада құда, құдағи болып жиырманың үстіндегі кісі Ұзынағаш қайдасың деп жол алды.

Сүйіндік бастаған топ баяу сырғи ауылдан шыққан күні Шелектің Таусүгір маңындағы қыз алып, қыз берген көне жегжаттарының ауылына бір қонып, ертесі бесін еңкейе Ұзынағаштың басындағы Қарақыстақ ауылында отырған Дәулет ауылына жуықтай түсті. Келетін құдалар хабарын білетін ауыл, ересек тартып қалған балалардан бір тобын құдалар қарасы көрінсе ауылға хабарландар деп жолды шолуға орналастырған еді. Сүйіндіктер қозы көш жерге іліне күн батыс жақ қабақшада жайдақ тай-құнан мінген балалар Қарақыстақ қайдасың деп жарыс сап ала жөнелді.

– Біздің хабарымыз Қарақыстаққа кетті. Ана бәйге тобының тайы жүйрік бір мықтысы алдымен жеткізуге асығып бара жатқан шығар, - деп езу тартты Сүйіндік би. Екі ауылдың арасын білетін Әлмерек, - ана жарыспен әлі талайының тайы Қарақыстаққа жеткенше іші кеуіп жолда қалар, - деп сөз қыстырды. Әлмеректен жеті-сегіз жас кіші болғанымен, ылғида қалжың айтып үйренген Хангелді:

– Апыр-ай тайы болдырған балдыздарыңыз

тентектеу болса, жездеміздің атын мінеміз деп сізді жаяу сілелетпесе болды ғой, - деп қатарда келе жатқандарды ду күлдірді.

– Күйеуге тықыр таяса, күйеуқосшы да тегін кетпес. Аналар екеумізді жаяу жарысқа салып, жоңғармен айқастан құтылып алакөбең болып қалғанда, басы-көзден суды сорғалатпаса болды ғой, - деп Әлмерек күлкіге күлкі қосты. Ел дабыры басыла Хангелді:

– Атыңызды берсеңіз, өзіңіз беріңіз, мен әйтеуір аттан түспеймін. Шаужайыма жармаспақ тентекті бәлем екінші жоламас қылатын әдісім бар, - деуіне, шын көріп қалған Сары:

– Ей, қарағым Хангелді өйте гөр ме?! Ұятқа қаламыз. Ана шапыраштың мына Сүйіндік екеуімізді сөзге сындырып кетеді. Бір шай қайнатым да өте шығатын казекеннің қызықтары ғой ол, шыдай салындар, - демесі бар ма. Келе жатқан барлығы Сары қарияның момындығына тағы бір күлісіп алды.

Әлмеректің айтқаны нақ келді. Қаракестекке жеткенше талай бала, іші кеуіп желуге келмей қалған тайларын жетелеп, құдалардан ұялғанынан, алысыраққа қарай озып, боғын тастатып жүргені көзге шалынды. Ду күлкі, қалжың. Жас жігіттер, «ой бері кел мінгесіп ал» деп айғайлап қояды. Жолау қайда, тіпті тайларын артаман жетелеп қашқалақтайды. Осылай әзілден-әзіл жалғасып, ауыл төбесі де көрініп қалды.

Жетуге бір шақырымдай жер қалғанда, жиырмаотыз қыз-келіншек ауылдан бері қарай жаяу бет алды. Қонақтарда жақындай түсті. Желбір етек, үкілі тақия, қызыл-жасыл желекті топ су бетінде қалқып келе жатқан бір шоқ гүлдей баяу сырғып келеді. Іргеден аралықтарының бірте-бірте алыстағанына қарап берілеп келеді демесе жүріп келеді дегідей емес. Енді міне әудем жер қалғанда, шоғырлы қыз-келіншектер

тобы Әлмерек пен Хангелдіні қаумажалап қалды да, құда, құдағилар шоғыры сырғып алдыға өте берді...

Қазақ салты бойынша балдыздары мен жеңгелер құрметі үшін Әлмерек пен Хангелді аттарынан түсті. Мына топтың басшысы Қазиза екенін Әлмерек бірден таныды. Бірінші кездесуде болған екі-үш қыз тағы бар. Әлмерек кішілікпен:

– Қалай сәлеметсіздер ме? Жақсы тұрдыңыз ба? Жан жеңеше? - деп алдымен Қазизаға, одан жанындағы қыздарға бұрылып,

– Бойжеткендер, сіздер қалайсыздар? - деп амандық сұрасты.

– Жақсы, жақсымыз күйеужан. Еркемде әйбат, балдыздарыңда бәрі-бәрі өзіңді сағынулы. Өз денсаулығың жақсы ма? Ел-жұртың аман ба? Апырау тым сағындырып келдіңдер ғой, жолына қарай-қарай еркемде әбден зарықты мына сұрыңда жұмысың бітсе біз жаққа бұрыласың ба, жоқ? - деп сыңғырлай күлген Қазиза, Хангелдіге бір қарап қойып,

– Әлгі біздің жиен көрінбейді ғой? Саған бажа боп мына қайынсіңлілерімнің біреуін іліп кетем деп күшеп еді, жүрегі ол батылдыққа шыдамаған-ау сірә. Жігіт адам байқаңқырап шіренбесе болмайды, - деп Биенені уәдеге жетпеген мінді кісі ғып тоқтады. Сөзін толық тыңдаған Әлмерек:

– Жеңеше, біздің ел-жұрт тегіс аманшылық. Құдайға шүкір, өз денсаулығымда жаман емес. Кешіккенімізде біраз жағдай болды. Ұмытқан сияқтысыз, ауылдарыңыздан біз жаққа барып қайтқан үлкендерден құлағыңызда шалған болар. Жиендеріңіздің әкесі, жезделеріңіз Төлес батыр қайтыс боп, ол кісінің қырқы өтуін күте кешеуілдеп қалған жайымыз бар. Өзіңізді анау қыздардан да жақсы көремін деп, ойыңызда ұмтылмай қалып қойған Биеке

батыр міне осы жайдан келе алмады. Биеке келмеді деп кабаржымаңыз, жанымдағы жолдасым Биекенің орнын өгейсіте қоймайтын Хангелді батыр, - деп тоқтады.

– Ойбой ұяттағы әуелі жездеміздің қайтыс болғаны есімнен шығып, әлгі кушікеш жиеннің қылықтары есіме түсіп, қалжыңға сырқыратып бара жатыппын-ғой. Әкелеріңнің иманы жолдас болып, артқы қайыр-берекесін берсін?! «Батпайтын күн жоқ, солмайтын гүл жоқ», - деп, бәріміз баратын жер ғой ол кісінің барған жері. Дегенмен сексеннің жуан ішін аралап кеткен жездемізде арман жоқ екен. Соңы мына тойға жалғасып жатқан сонда, әкем өлді деп ол жиен үйде сүміреймей-ақ, жарқылдап келсе болғыдай екен, - деп Биекеге бұртиғаннан тағы айыға алмады.

Енді мына тақылдақ келіншектің өзін Биекенің орнына күйеу қосшылыққа алымсынбағандай сөздерін үнсіз жібергісі келмей:

– Менде айтып едім, тоқсанға тақап қайтқан әке өлімі той. Нағашы жұртың саған әкесі өле сап ел аралап жүр деп айып етпейді. Өзің-ақ бар деп едім, бір көгайылданса ауыздық тістеп ала қашатын атша, алған бетінен қайтпайтын жігіт өзі, ұнамай-ақ қойғаны. Әбден сағынған болдыңыздар ғой жиендеріңізді, - деп сыйпай қамшылап шырпытып өтті Хангелді.

– Ойбай-ау, әуелі кушікеш жиеннің келмегенін айтамыз деп Әлмерек күйеудің жан жолдасы, жаңа қонақты томпитып ала сақтаған жоқпыз ба осы? Ол жиеннің «ел болмайтын» қыршаңқы қылығы бар. «Осы жолы келсе бәлемді» деп жүр едім. Әлгі жездеміздің өле қап құтылып кеткенін қарашы. Құда бала, шырағым, көңіліңе келмесін. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар», - деп көкетайым өзінді де сағынатындай етіп қайтарамыз, - деп Қазиза қыздар жағын ду күлдірді.

– Кезінде Төлес әкеміз бір жолда бір емес екі

әпкелеріңізді алып қайтқан екен. Әлмерек батырға да неке ғайып осы ауылдан бұйырды. Биекенің де көңіліне бүгіп қайтқан біреуі бар шығар, мына қыздардың ішінде. Бүгін келмесе, ол ертең келеді. Өз сыбағасы өзінде. Қыз жеңгесінің ықыласы жақсы екен, Құдай берекесін берсін, бірер қызбен ауылдарыңыздың қыздары азайып кететін түрі жоқ, тәп-тәуір қыздың төбесі көрінеді, - деп Хангелді батыр көп қызды күлдіре, Биеке келгенде бірге болған бір-екеуін тұншықтыра тоқтады.

Енді Қазиза бірдеме дей бермек болып еді, жайдақ одағайлана шапқан он екі-он үштердегі екі бала қыз-келіншектердің бір шетін қағып кете жаздап, тайларынан ыршып-ыршып түсіп:– Жездемнің атын мен мінем! - десе, енді бірі,

– Иә, саған, сен мінбейсің мен мінем! - деп таласа едіреңдеп, тайларының шылбырын шұбата тастап, Әлмерек пен Хангелдінің аттарына бас-көз жоқ ұмтыла берді. Екі баланың алдын тосқан Қазиза,

– Ей, сендер қайтпексіңдер?! «Әкенің жақсылығы жездедей» деген ұлы сөз бар. Қазақ жездені әкеге бекер теңеп отырған жоқ. «Күйеудің атымен күл тасы» қылмақсыңдар?! Қайдан шыққан пәтуа ол өзі. Күйеуді жау санаған әлдебір жаманның шығарғанын екінші бір надан ырым етіп, парықсыздықтан ел арасына лаң боп жайылып кеткен нәрсе ол. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген. Тайларыңа мініп жолдарыңа түс. Сендерді еліртіп жіберген, шешелеріңе үлкен үйдегі Қазиза жеңгем осылай істеді деп, айтып барыңдар. Екінші осы ырымды тоқтатыңдар! - деп тыйып тастады. Әлгі екі кішкентай есірік салпиған бойдан қабақтары түсе, тайларына міне жолына түсті.

Мына жап-жас келіншектің талайдың істеуге батылы бара алмас іске, талай еркегіңнің өзі ойына келгенімен тектей алмаған, қазаққа салтқа айналып «жездесімен

балдызының ойыны ғой» деп елеусіз қаралып, тидаусыз кеткен, күйеудің атын жаудан түсіргендей дағдыны шапырашты ауылының бір келіні тыйып тастағанына, Хангелді таңғалды да сүйінді. Әлгінде Биекені көп айтқыштап, өзін бойға тоғытпағандай сезінген бар сөзі «бір күнгі жолдасқа, қырық күн сәлем» дегендей, опалылығын паш етіп тұрғандай болып көрінді. Егер әлгі балалар келген беті тектеусіз атқа ұмтылар болса, екінші күйеу атына жоламастай бір қызықты ойлап қойған. Қазақтың ақылды бір келіні дарақылау бір қылықты тыйып, айта жүрер бір қызық көрілмей қалды...

Сүйіндік бастаған құда, құдағилар ауылға жақындай жас жігіттер келіп, аттарын кермеге әкетті де, ер-әйел аралас бір тобы үй іргесінен елу қадамдай басып кеп алдарынан түсіп алды. Қайратты екі саркідір әйел құрт-ірімшік, бауырсақ, қант-мәмпәси, өрік-жиде толтырылған қайың тегенені екі жағынан көтере, сексенге жуықтаған, басына күндік ораған әже, құда-құдағилар алдынан: «Тәңір жарылқасын!» «Алла жар болсын!», «ұрпақтарымды көгертіп, көктете гөр?!», «иә, құдай, осындай берекеңнен айырма?!», «иә, жаратқан ұрпаққа тыныштық бере гөр?!»...деп шашуын үсті-үстіне құлаштай сермейді. Әр сермеуде бір тілек...

Құдалармен құдағилар «иллаһи әумин?», «Алла, мына қарт әженің айтқанын қабыл қыла гөр?!», «періште әумин десін?!» -деп тілей, шашудан бірер талды ырым ете ауыздарына сала ілгерілеп келеді. Берекелі әженің қос уысымен оңды-солды сермелген неше түрлі тіл үйіретін жемектіктер, шілденің аяқ шені шөп селдір тартқан тұста жер бетін ат көпір жауып кетті дерлік. Қонақтар сый-құрмет үшін бірер тал алғаны болмаса, қалғанына ауылдағы кемпір-кешек, бала-шаға қарқ. Қашанда ел тілеуін, ұрпақ тілеуін тілеп өткен қарттар

жағы: «Иә, құдай, осындайға жеткізе гөр?!», өзінің ұл-қыздарының атын атай «сол жаман немелеріме осындай жақсылығыңнан нәсіп қыла гөр?!» «Иә, құдай, осы мәре-сәреңнен айыра көрме?!», - деп құлаштай сермегенде, төбесінен топырлай төгіліп жатқан шашуды теріп мәз. Жай ғана теріп жүрген жоқ күбірлей ырым етіп, мол-мол теріп алады.

Сүйіндік би ауылға маң-маң басып келе жатып, қасындағы Сарыға, - мына Қарасай ұрпағы осы реткі тойды ерекше өткізуге бекіген екен, - деді. Қарақыстак бұлағының күн шығыс тепсеңінде қатарлай тігілген он шақты үйді көзімен бір шолып өткен Сары:

– Біз келмей жатып тіккен үй мынау болса, нақ той басталғанда екі-үш еселеп кетер әлі, - деп Сүйіндікке жымия қарады. Қанағаттанғандық әлпет танытқан қарт би:

«Алла, пендеңнің осы пейіл-берекесінен айыра көрме?! Алла, ел берекесін кетіретін жыртқыштардың көмейіне құм құйып жұртқа тыныштық бере гөр?!», - деп күбірлеп келеді.

– Сіздер былай қарай мына үйге, - деп меңзеді Түрікпен. Сүйіндік пен Сары бастартқан құда-құдағиларды Дәулеттің арнайы тігілген алты қанат ақ боз үйіне бастады. Түрікпен:

– Жастар айырым отырсын, үлкендер алдында қысылып қымтырылып қалмасын, - деп бас құдаларға іргелес қолтықтаса тігілген үйге жас құда-құдағи, құдашаларын кіргізді.

Құда-құдағилар толық жайғасып, шай құйыларман дайындық алдында, сыртта бар жұмысты реттеп жүрген Түрікпеннің:

– Е, жігіттер, құда-құдағилардан енді алаңсыз болыңдар. Қалған істер өз арнасымен жүре береді. Енді екі жағымызды да осы мәре-сәреге жеткізген ана

жастар жағы ұмыт қалмасын. Күйеулеріңізді өздеріне белгіленген үйге бастаңдар, - деді. Мына сөзді нақ естіп отырған екі үйдегілерде біріне-бірі қарап жымыңдасты. Дегенмен, бұл ауылдың күйеуге деген ықылас-пейіліне үлкен де кіші де разы болғыдай дерлік еді. Ауыл шетінде қыз-келіншектер күйеу жігіттер алдына шығып іркіп қалғанына сүт пісірім уақыт өткенде, бір жігіт тор жорғамен ағызған бойдан кеп Қазизаға:

– Күйеулерді үйге бастасын дейді, - деп қайта атының басын кілт бұра сырғи жөнелді. Бір сәт тізе бүккен қыз-келіншектер шолпы-моншағын сыңғырата дүр көтерілгенде, Қазиза:

– Ал ендеше күйеужан, құда бала, азырақ ауыл сыртында кідіріп қалдыңдар, айыпетпендер. Енді ауылға тартайық, - деумен бар топ Әлмерек пен Хангелдіні ортаға ала ауылға беттеп келеді. Енді әлгіндегі шашу шашқыш әжелердің орнын саркідір келіншектер басқан. Мол-мол уыстаған шашуын құлаштай келіп құлақ түптен топырлатты-ау дейсің. Жастық кездерін сағына еске түсіргісі келе ме, осы орайда күйеу, күйеу қосшымен қалжыңдасып қалғысы барма, кейбір сықпа құрттар дәлдегендей құлақ түптен, шекеден келіп, шым еткізеді. Езулері құлағына жеткен жеңешелердің мына сыйына көнбеске шара жоқ. Әлмерек пен Хангелді қалпақтарын баса киіп, топыр-топыр ірімшік-құрт, қант-мәмпәси, өрік-жаңғақтың төпештеуі астында сырғып келеді. Енді күйеу кірер отау үйге де жетті.

Әлмеректің бір жағында өзіне үйреншікті жеңгесі Қазиза, енді бір жағында тағы бір жылпос жеңге қолтықтай үйге бастады. Табалдырыққа тақау келгенде Қазиза: «Оң аяғыңмен атта!», - деп сыпайы бұйырды. Әлмерек айтқанын орындады. Енді әлгі жаңа таныс жеңге: «Бұрынғы соңғының жолы екен, күйеужан ерке

қыз екеуің оттай ыстық болындар кәне оң қолыңмен мына майды отқа құйып жібер», - деп қолына бір қасық қой майын ұстата берді. Әлмерек бұған келгенде: «Апырай, бұл ырымды біздің қазақ қайдан тауып алды екен», - деп бір ойлады да, үйдің ішін қой майының қоңырсық иісіне толтыра құйып жіберді. «Енді былай тартыңыз», - деп тұскиіз, шымылдық құрылған оң жақ шетпен өрлетте төрдің қиыс шетінен орын нұсқады. Әлмерек артына бір қарап енді Хангелді, - Батыреке, мына жеңгелерің сені жаңа қаз тұрған балаша тәйтәйлап жүргені қалай? - деп сықылықтай күлді.

– Дәл осы ауылдан басыңа келсін! - деп мырсе етті Әлмерек. Хангелдіге күйеудің өр жағынан орын нұсқады. Екеуі де үй ішіне жайылған кілем-кілшенің төр жағына тасталған жаңа құрақ көрпеге орныға берді...

Осыдан көп ұзамай сыртқы жақта тағы да қыз-келіншектердің «болды ештеңе жоқ, бәрімізде сен сияқты қыз болғанбыз, күйеудің жанына жеңгелеріміз осылай бастап келген», - деген сөздер естіліп қалды. Әлмерек ішінен Зәурені бастап келгенін аңғарды. Хангелді де: «Күйеужан қалыңдығың келді» дегендей иек көтеріп жымыды. Енді міне күміс жүзік-білезік, шолпылары сылдырап қыз-келіншектер Зәурені ерте есікке тақады. Есіктен аттаған бірінші, екінші қыздарды көргенде, Хангелді Зәуренің қыз жолдасы боларсың деп ойлады. Тартынбай кеуделерін кере басып, Хангелді шетінен төрлей берді. Үшінші қыз кіргенде, үй ішіне жарқ етіп сәуле төгілгендей жандана, жадырап кетті. Сұлу келбет, кескіні бөлектеу көрінді. «Біздің батырды тәнті қылған Зәуре сен боларсың», - деген ой түйді Хангелді. Айтқанындай сол боп шықты. Ішкі жақта жөн нұсқап тұрған Қазиза:

– Еркем, күйеу баланың жанына төрле, - деді. Төмен карап қорғалағанына келтірмей артындағы қыздар, Әлмерекке тақауырақ әкеліп, тізе бүктіре берді.

Төрдің дәл төбесінде Хангелді, қиыс оң жағында Әлмерек, одан Зәуре, әрі қарай жастарына қарай қыздар қатары. Ал Хангелдінің сол жағында алдымен кірген батырлау екі қыз, одан әрі қарай бойжеткен, бойжетуден дәмелі қыздар. Бірінен соң бірі ретті тізіліспен орын алды. Әрбір қыз қозғалысы, күлкісі, тіпті жөтелуіде шолпыларымен қоңыраулап сыңғырлап тұр. Әзірге жігіттерде, қыздарда өздерін тежеп ұстап, бас баққандай бір сәт сырғып өтті. Далада Қазизаның, «шай дайын болды, су құйыңдар», - деп бұйыра сөйлеген сөздері естіліп тұр. Көп кешікпеді он бес-он алтылардағы бір кішкене қыз қолшәугім, кірші көтере келіп, қолға су құйып болумен, дайын тұрған күтуші қыз-келіншектер неше түрлі жемектіктер мен қоян жонданған дастарқан жайып үлгірді. Екі жігіт үлкен самаурынды кіргізіп кетті. Әлгінде Әлмеректің бір қолтығынан демесе, үйге енгізген пысықша келіншек шай құюға отырды да қыздардан екеуі шыны алды.

Шілденің соңғы күндерінде күздің майға тартқан қою сүті мен маңызына тоғытылған Ташкенттің ақ құйрық шайы, қызыл күрең түске еніп, баттасқан қалың қаймақтыда емес, балық көздене жылт-жылт етіп, шебер мәнермен құйыла бастады. Ұзақ жолдан қатқақсып келген Әлмерек пен Хангелді қаншалық өздерін тежейін десе де, шөл қаталатып, әрі дәмі тіл үйіретін шайды баурай, қыздар бір шыны ішкенше екі-үш шыныны жіберіп алғанда, көздерінің етегімен кеңсіріктерінің үсті шыпылдай бусанып шыға келді. Енді анда-мұнда сораптап, бір ұрттап қойып, жібек бет орамалдармен тершіген тұстарды жеңіл баса құрғақтай

қыздарға байқатқысы келмеді. Шай құйып отырған келіншек:

– Ойбай-ау, күйеужан, құда бала шай ішіңіздер? Мына аңызак күнде ұзақ жол шөлдедіндер ғой. Кешке дейін салқын үйде отырған қыздардың сыздыктата шай ұрттауына еліктемендер. Ей қыздар, жезделеріңнің шынысын алыңдар, - деп жедемелдетіп еді, Хангелдінің аржағындағы екінші сар қыз:

–Ұйбай-и қызықсыз ғой, күйеулеріңіз шөлден қаталап келсе, қыздардың шай ішуін көлденендетпей-ақ күте берсеңізші. Оларды мұрындығынан алып, біз жібермей отыр дейсіз бе? - деп сыңқ етті. Мына сөзге үй толы қыз күлкіні қойып кеп бермесі бар ма. «Биеке болса, бір аттатпас еді, мына Хангелді сөз тауып айта ала ма, жоқ па?» деген ой келген Әлмерек, Хангелдіге ойлы көз тастап өтті. Шай құюшы келіншек мына қыздың қырсықты сөзіне бірдеме дегісі кеп барып, қайта өзін тежеп, өңі бір қызарып, бір қуарып қайта-қайта қарады. «Бір көрме, бір көрмеге сыр берме дегендей, әзілді айтсам келістіріп айтуым керек. Ондай болғанда Зәуренің жақын достарын ренжітіп алармын бір жолға өтсін» деген ойға келген Хангелді мына сөзге сәл ғана миықтап жауап қайтармады. Жігіттер жағынан сөз шыға қоймағанына еліре түскен екінші қыз:

– Ей, сенің мына сөзің менің ойыма бір қызық әңгімені елестетіп отыр, - деп сөзінің жалғасын Айтбай сыңқ етіп өзі күліп алды. Алғаш сөз алған қыз тағы:

– Немене бүркемелейсің, «аузыңа келген түкірік, қайта жұтса мәкрұқ» деген бүркемелемей айта алсаң мен сияқты айт, - деп сетік танауын көтере еліре қалды. Бергі қыз ажуа шырайға ауысып:

– Бір кедей байғұстың бұт артар жалғыз өгізі судан қаталап, өзенді көргенде иесін мұрындығымен сүйрей

кеп, басы-көзі бусана бас алмай жұтып жатып, аяқ астынан судың аржағынан ненің иісін алғанын, басын суға қоймай аңырып қалса керек. Ашуы келген иесі сені жұтқалы тұрған бірдеме барма екен ол жақта деп, су ішпеген өгізін сабапты-ай келіп. Таяқ тиген өгіз шиыршық ата айналып жүріп, қайтыста су ала қайтам деп ала келген қос қапақты басып сындырып кетеді. Сорлы кедейге ол да оңай шығын ба? Сынған қапақ ашуына шыдамай өгізін ұрып, өлтіріп алыпты. Шөлдің осындай пәлесі бар, - деп екі қыз қосыла сықылықтап алды.

Енді тоқталуға болмады. «Зәуренің кимас достары болса, келмей жатып мына ыржаққа бармас еді. Екеуінің есіктен аттай тиісуі тегін емес. Бізді мұқату арқылы Зәурені де түсірмек бір кекесіні бары анық болды. Қыз жеңгесі де әлгінде бекер ала көзденген жоқ. Енді үндемеу мондыбастыққа жатады деген ойға келген Хангелді:

– Құдашалар, әңгімелеріңіздің жүлгесі тура болғанымен, сәл алмастырып алған жері бар, - деп тоқтауына, өзіне жуық отырған қыз:

– Құда бала, ондай білгір болсаңыз, алмасқан жерін орнына келтіріп қиюына түсіріңіз, - деп әдеті бойынша сыңқ етті.

– Апырау үлкен бар, кіші бар мына жерде айтуымның сәл ыңғайсыз болып отырғаны, - деп Хангелді күмілжіп еді,

– «Оқталма, оқталған соң тоқталма» дегендей тоқталмай-ақ қойыңыз, - деді өзіне тақау отырған қара пұшық қыз тіпті өжеттене.

Ойбай-ау құда бала, екі қыз бүркітіңізге қызыл көрсетіп «келсең-кел» деп отырғанда, қалайша томағаңызды тартпай отырсыз. Осы ауыл «Күйеу қосшысы келмей жатып, ерсі қалжың айтты» десе пәлесін

мен-ақ үстіме алайын, енді қыраныңызды қоя беріңіз, - деп сөз қыстыра қалды шай құюшы.

Сәл жымия екі қызға кезек қараған Хангелді:

– Бір кісінің осы өздеріңіз сияқты үйелмелі-сүйелмелі бойжеткен екі қызы, жалғыз құнажын сиыры болған екен. Ауыз сулары өздеріңіз айтқандай алыс сияқты. Үлкен қызы құнажынды жетелеп, сіңлісі су тасып ішетін екі қапақты әкпіш ағашқа іле сап суға бірге бару күндегі әдеті екен. Күндердің бірінде құнажын аласұрып, жетелеген үлкен қыздың алды-артын ораса керек. «Мынау бүгін шөлден қаталап тұр екен-ау», - деп қойыпты әкпесі. «Кім біледі неғып қағынып кеткенін, әйтеуір бүгін басқашалау ғой?», - депті сіңлісі. Суға жетумен көмейлей екі-үш жұтып жіберіп, аржаққа аныра қарап, мөңіреп-мөңіреп алып, солай сүйрей жөнелмек болып шиыршық атады. Әкпесі: «Мынау әлгінде ғана судан өлгідей болып келе жатыр еді, енді нені көріп аныра қалды», - деп бұйдасының ұшымен бір-екі салып сілкі қатуланыпты. Сонда сіңлісі: «Ойбай кеп қалды, кеп қалды, кейін қашайық», - деп сасқалақтапты. Әлі көре қоймаған әкпесі: «Ей, не кеп қалды, қасқыр ма?», - деп сасып қалыпты. Сіңлісі: «Жоға, ана ауылдың бұқасы, әне судан бері өтетін болды», - дегенде, «сонша шошытқаныңды бұқа көрмегендей, жеп қояды дейсің бе, ал мынаның аласұрғаны тегін емес екен ғой», - деп көңілі жай тауыпты мына кісі сияқты үлкенінің. Ай-пұй дегенше екі мақұлық екеуіңіз сияқты әкпелі-сіңлілі екі қыздан да ұялмай, су басын әлем-тапырық жасапты. Әкпесі ұстап тұрған бұйдадан да айырылыпты. Сөйтсе аржағыңыздағы сияқты кіші қыз неге екенін су алуға келген екі қапағын жіңішке мойнынан ұстай сақылдата ұрмасы бар ма. Тіпті оның қайтыста су әктер ыдысы екенін де естен шығарғандай. Кіші қыздың желпінген көңіл-күймен соққан қол қайраты да оңай емес сияқты,

екпініне шыдамай екі қапақтың быт-шыты шығады. Міне, желөкпеліктің пайдасы әлден уақытта екі мақұлық жайына кетеді де, қолдағы қапақтың пәре-пәресі шыққанын сіңілісі сонда біліпті. «Енді суды немен әкетеміз», -деп үлкені кішісіне әкпішті ала ұмтылышты. Ауылға бұйдасын шуата кетіп бара жатқан құнажын түйсігінде иесінің бір-екі қаққаны қалып қойса керек. Әкпішті ала бірін-бірі қуып келе жатқан екеу мені ұрғалы келе ме деп, құйрығын көтере ауылға зеңіп беріпті. Үшеуі бірін-бірі қуа, арсы-күрсі ауылға жеткенде, «қойындар, не болды» деп әкесі шығыпты. Екі қыз әншейінде қанша шешен болғанмен, іс жөнін әке алдында түсіндіріп, айта алмай ашулары да тарапты, - деп тоқтады. Шай құйған келіншек «жарайсың!» дегендей өңі құлпырып шыға келді. Қыздарда бағанағы күлу қайда, үй іші шыбын ұшса естілердей жым-жырт. Сөзмарлыққа салынған екі қыз қып-қызыл боп үн жоқ басы-көзі шыпылдай терлерін сүртіп әуреге түсе әзілде, әңгімеде жоқ тып-тыныш шай ішіліп, бірінші дастарқан жиыла екі қыз сырғи жөнеледі...

Шай құйған келіншектің бір оңашада айтуында екі қыз мықты ауылдың қос бойжеткені екен. Байлығына шіренген ағасы, Зәуреге сөз салғанда мақұл болмайды. Бүгін «ағамызды жақтырмай кеткендегі жігітін көрейік» деп сынамаққа келген келісі екен...

Сүйіндік билер түскен үйге бір шай құйылып болумен, Түрікпен өзі үйге кіріп:

- Сүйіндік би, бұдан өтсе кеште боп қалғыдай рұқсат етсеңіз, малға бата жасап берсеңіздер? - деді. Екі күндік ат соғуда Сүйіндік биге оңай түскені жоқ, шын ниетімен, - Түрікпен батыр пейіліңе рақмет. Біз ертең аттанып кететін кісілер емеспіз ғой, шалың қатты қалжырады. Ертең бие емес, түйе сойсаң да мақұлдық

берейік, айналайын, - деп еді бұл тілекке көну қайда,
Түрікпен батыр:

– Би аға, бата жасауға шамаңыз келер, тамақ жеуге қалыңыз келмесе рұқсат берем, ұйықтап жата беріңіз. Бізге қасқыр қырды ат керек. Қарасай ауылы Сүйіндік бастартқан құдаларын аш жатқызыпты деген былайғы ағайынның әңгімесі бізге ауыр келеді ғой. Сүйіндік би мен табақтас бола алмасақ та, сыбағасынан ауыз тиелік деп қаншама адам дәмелі келерін қайдан білесіз? әзіргі келгеннің өзі-ақ бір ту биелік, - деумен,

– Әй, Түрікпен батыр, сенің сөзің менің шаршауымнан арыға түсті. Болды бата жасасақ жасайық, - деп орнынан көтеріліп отырды.

– Иллаһи Әумин?! - деп Түрікпен өзі қол жаюмен көкқасқа биімен қос ақсарбас есік алдына көлденеңдей берді. Ұшатын бүркіттей қомдана қол жайған қарт би:

- Көк қасқаны келдің жетелеп,
Ақсарбасыңды тағы еселеп.
Мыңжылдық құда-құдағи,
Жамбас пен жая жесе деп,
Құдалар барып-кеп тұрсын,
Сыйласумен бізді өткізсін.
Мол ғұмыр, көп ұрпақты боп,
Екі жасты Алла мұратына жеткізсін!
Аллауакбар, -

деумен жұрттың бәрі дұға қып бола түрікпен:

– Әй, би аға, шаршаған шалдай емес, бабына келген бәйге атындай аяқ тастайды ғой батаңыз, - деді. Көпте қостай дуылдасып кетті. Бірінен соң бірі:

– Айтқаныңыз келсін Сүйіндік би?!

– Періште әумин десін!

– Сүйіндік бидің батасының жақсысы-ай!, - деп Қарасай ауылының үлкен-кішісі алқай дуылдасып кетті.

Отау үйде Сүйіндік батасын жастар жағы да ұйып тыңдай қалған. Ықылас ішінде болайық, - деп Хангелді қол жаюмен Әлмеректе «Иллаһи әумин» деп қос қолын көтерді. Бұл кезде қыздарда түгел қол жайып қалған еді. Соңғы екі жолға келгенде Зәуренің бетіне нарттай қызыл бояу жүгіріп, жымия төмен қарап кетті. Бәріде Әлмерек пен Хангелдіге ілесіп, беттерін сипап өтті.

Қасиетіннен айналайын, сүйкеме сөзді Сүйіндік биім періште әумин деп айтқаның келгей, Әлмерек пен Зәуре аппақ құдай шал, кемпір болып, өберешөберелерінің ол шетінен бұл шетіне жете алмай жүрсе екен?! - деді Хангелді үй ішіндегі тыныштық тұңлігін әзіл-күлкімен ашпақ боп. Екінші кезекті шайды өзі құйған Қазиза:

– Апырау күйеу қосшы жігіт әлі босағасынан аттамаған еркемді ұялтпасаңызшы? - деп қалды.

– Ой ақылды жеңге, «еркемді ұялтпаңыз?» деп қалдыңыз, қызық екенсіз. Бүкіл ауылыңыз мадақ айтқан көп алқауына бөленген бата ғой ол. Әлгінде басқа емес, Зәуренің өз апасы да ағынан ақтарыла: «Осы Сүйіндік бидің батасының жақсысы-ай», - дегенін бәрімізде естідік қой. Біздің Сүйіндік биді құдай бекер жаратпаған дуалы ауыз кісі. Айтқаны келсін деп сіз де тілек етіңіз. Әлмерек «Иллаһи Әумин?» деп қол жайғанда, Зәуренің: «Айтқаныңыз келсін, айтқаныңыз келсін?!» деп күбірлегенін ет құлағыммен естіп қалдым, - деуімен үй іші ду күлді. Зәуренің құлағына дейін ду етіп, төмен қараған бойдан қамзолының етегін шұқылай берді. Қазиза қарсы дау айтудың орнына, «әй сізге амал жоқ екен, енді дауласпай-ақ қойдым. Болды осы әзіл-қалжыңнан алар бәйгені күйеу қосшыларға-ақ бердім. Мені сыртта шақырып жатыр, - деп шыға берді. Бұл кезде бәрі шай ішуді тоқтатқан. Дастарқан жию абыр-сабырынан кейін, - сыртқа шығып, біраз бой

жазып келейік, - деді Әлмерек. Бұл тілекті Хангелді де құптай екеуі жеңіл көтеріліп, сыртқа шыға берді...

Әлмерек пен Хангелді Қарақыстақтың биік төсіне жаяулай көтеріліп, айналаға тоймастық бір сезіммен сыдырта көз тікті. Алатаудың батыс түстікке қарай ойысқан Шынтақ асуы мөлшерінен от шарындай түске еніп, батуға таяған күннің кешкі шапағы енді-енді күз бейнесін жамыла бастаған атырапты алтын бояуына малындыра көз тартарлық бір керемет көркемдікпен түрлендіріп тұр екен. Алатау басындағы селдір-селдір қарлар ақ зермен тігілген оқалы шапанның жағасындай өрнектеле көзге түседі. Осы кең шалғайлы шапанның етегіне жамбастай екеуі шығысқа қарай көз тастады. Салмау-салмау сан-санақсыз қырқалар кейде қанатын жайып, кейде жиып, тотыдай түрлене сағым ойнайды. Одан бергі бел-белегір жақындаған сайын іріленіп, жондана, бадырайып айқын көрініп тұр. Жуықтағы жота-жондарға көз тоқтатпаған екеу солтүстік шығыстан батысқа қарай сыдырта шолып өтті. Іленің аржақ кенересі Мағай тауы, Алтын Емел сағымдана көрінер-көрінбес елестей бұлдырайды. Көзбен емес көңілмен танығандай Балқаш тұсына бір сәт кідіре батысқа қарай ойысқан сайын, бетбақ дала шаңыт мұнар боп, құс ұшып, құлан жорытпас дүние елес беріп өтті. Енді қос батыр көзжетпесті көңілмен долбарлағанды қойып, өздері тұрған биіктен тік аяққа қарады. Көк даланың сағым ойнаған жалпақ жондары бәрі-бәрі табанының астында тұрғандай шымылдықтана үлбірейді. Осыдан сонау батысқа қарай шола қарағанда алтын кілегей жапқан теңіз бетінде қисапсыз қалықтаған желкендей қырка, жон-жоталар от кеткен дүниедей лапылдап, балбұлдап тұтасып кетті. Лезде күнде батты. Әлгіндегі ғаламат сұлулықты батыс көкжиек сыпыра жұтып жібергендей айналаны күңгірттік бүркеді. Дүниенің

қызығы осындай-ақ деп ұғындырмақ па, қас-қағым сәтте бар сұлулық зым-зия.

Әлмерек пен Хангелді талай қызықты әңгімемен хикмет көріністі лезде ұзатып, айнала бей уақ құшағына еніп бара жатқанда, енді кетейік дегендей бір-біріне қарасты. Бұлардың көңіл-күйін аңғарғандай балаңдау жігіт:

– Сіздерді қараңғы боп қалды үйге кірсін дейді, - деп шақыра келді. Бір сәт табиғат келбетін көңілге кестелеген екеу орындарынан тұра ауылға аяңдады.

Әлмерек пен Хангелді үйге оралумен қыздар дүр көтеріле алдарынан жол берді. Үй ішіне білтелі май шам өзіндік әлсіз сәулесін сыйлаған. Зер сала қарамаса сырттан кірген кісі үй ішіндегілерді бірден тани қоймайтындай еді. Әлгіндегі сіркіреген өткіншідей әзіл-қалжың сиреп, қыздар өзімен-өзі күбір-сыбыр, андамұнда күлісіп шүңкілдесіп отырды. Бастан-аяқ осы үйдің күтіміне ие болған Қазиза мен көмекші келіншек көбінде сыртқы қарекет күйбеңімен болып, андамұнда үйге кіргенінде, - әңгімелесіп отырындар, - деп бір кетсе, тағы бір келуінде, - қыздар бірінді-бірің бүгін көргендей пыш-пыштарыңды қойып, ана жезделерің мен құда балаға әңгіме айтқызып отырмайсындар ма, - деп қойып, тағы да сыртқы жұмысқа шыға жөнеледі. Кешкі қонақ асы қамында қарбалас болып жүргені байқалады.

Қарасай ауылының қонағуар жігіттері мен онан салса мұнан шығатын іскер әйелдері мұндай құда-жегжаттың талайын күтіп, аттандырып әбден төселіп алғаны әр қимылынан мен мұндалайды. Қонақтардың қой-қойына көнбей барлық үйде тағы бір шай құйылып тастап, аз аялдан соң көкқасқамен ақсарбастың еті де пісіп үлгіріп, енді табақ тартудың абыр-сабыры басталды. Барлығын Түрікпен батырдың

басқарып жүргені сыртқы жақтағы жігіттерді бұйыра дауыстауынан айқын байқалып тұр.

– Алдағы бес табақты ана Сүйіндік билер отырған үйге, - деп бір бұйырып өтсе, енді үдеме-жүдеме,

– Алдағы төрт табақты ана жас құда, құдағилар отырған үйге ретімен қойып шығындар, - дегені естіледі. Енді міне,

– Ей, жігіттер, алдағы алты табақты мына жақтағы көне құда-жегжаттарға айту бойынша қойып шығындар.

– Ана төрт табақты әр ауылдан келген үлкендерге.

– Енді мына үш табақты өзіміздің кемпір-шалдарға, - деп бір сәт кідіріс соңынан, басқа бір жігіттің:

– Мына бес табак қыз-күйеулердікі екен, - деумен Түрікпеннің даусы қайта пайда бола қалды,

– Е, дайын болған екен-ғой. Әлгі Қазиза қайда, шақыр, - деумен осында қолға су құйғызып, шыға берген Қазиза:

– Жәке, мен мұнда, біз дайынбыз, - деп елпектеп, қагілездікпен жауап қайырды.

– Ал онда жөн-реті бойынша өзің қойып шыға ғой, - деп Түрікпен енді басқаларға орналастыру жасап ұзай берді. Осылай Әлмеректер отырған үйге де соңғы кезектің бірінде табак кіріп үлгірді. «Реттеріңмен», - деп күңк еткен Қазиза табак көтерушілерден бұрын үйге кіре:

– Күйеужан, құда бала, еркем, Шолпан төртеуіне қой алдағыны, одан кейін мына төрт қызға,..енді ана төрт қызға... - деп өзі табақты бір-бірлеп орналастырып шықты.

Хангелділерге келген табакта - жамбас та, асықты жілік те, қазы-қарта да, күйеу мен қызға төс те бар екен. Әлмерек:

– Мынау сенің жолың екен, құда бала қане алғын, - деді жамбасты Хангелдінің алдына туралап. Осылай ал-

алмен табақтарға қол салынды. Қыздармен бірге тамақ жеу қандай нәзік деші. Хангелді қайталап-қайталап айтса да қыздарды табаққа қол салдыра алсашы. Күйеудің қайындай келгенде жанына бәкі салмайтын әдеті тағы бар. Әлмерек пен Зәуренің және оның Шолпан атты қыз жолдасына жылы-жұмсақтап қиялай кесіп те тастап, өзі де алып жан-жағындағы қыздарға жақсылап алуды айтып та отырды.

Әлден уақытта барлық үйде тамақ желініп болғаны, қайтқан табақтарды көтерген, су құюға әзірленген қимылдардан байқалып тұрды. Бұл тұста Әлмеректер отырған үйде міндетті өтеп болған. Қарасай ауылының жігіт-желең, саргідір келіншектері аяқастынан далада гулдесіп жатты. Бағанағы мүләйім да сыпайы сөз әуендерін енді күшке басардай қоразданған нығыз дауыстар басқан.

– Бұрынғы-соңғының жолы, алдыңғы ретте келе алмаған құда-құдағилар бар, құйрық-бауыр асатамыз. Құда сүйрейміз, - десе біреуі:

– Төс қақтау, теңге ілдіру, етек тігу тағы бар, - деп елеурей оқырана күлген желікті сөздер айқын-айқын естіліп тұрды.

Алдымен Сүйіндік би отырған үйден құйрық-бауыр асатылып жатқан хабар бір келген. Жас құдалар отырған үйге өткенде ду күлкі көтерілген, енді екпіндеп қыза түсті. Құда сүйреуде тағы осы үйден басталды. Екі жақ жігіттерінде кәдімгідей намысқа тырысқан жұлқысулар болып өтті. Құдаларды сүйрейміз деп кірген келіншектер, ұстаған жігітін алып шығу емес, өздері олардың құшағында қалып қойып, ауылдың намысқой жігіттері баса-көктей алты-жетісі бірақ кіріп; «күшті құдаларды алып шығындар, асау бұқаға екіден теңдейміз», - деп елеурей қол салуда, төр алды әлем тапырық болып, үй қирап кетудің аз алдында

еді. Түрікпен ауылының елірген жігіттерін өзі кіріп: «Тоқтат! әдепсіздікке бармай тоқтат!», - деп жүріп баспағанда, мұндағы жас құдаларды басқа бір үйге алмастыру баяғыда еді. Далаға алқына шыққан біреуі:

– Қап, Түрікпен аға болмаса, далаға алып шығып асау бұқаға теңдеп қызығын бір көрер едік, - деп арманда қалғанын айтса, оның сөзін естіген, жасы баршындап қалған бір әйел:

– Асау бұқаң құрсын мөңкіп, тепкілеп құданың біреуін өлтіріп алсақ масқара сонда болмай ма? Ойын емес оның. Онан да ана толтырып алған көлшіктеріңе бір тоғытып алсаңдар со да жетпей ме, - деуіне жаңадан басу айтпаққа келген Дәулеттің кемпірі:

– Не деп тұрсың ей, ант ұрған, көлшігің не айтып тұрған. Бала-шағаға қой деудің орнына ақылының қисындысын, - деуіне әлгі әйел ішегі қата топ ішіне сып берді. Қарт ана:

– Ей, қарақтарым, құда-жегжат сыйдың адамы. Ондай дөрекі ойынға бармаңдар. «Ойын білмес жеңгесін к...шұқып ойнайды», - деп асау бұқаң не, көлшігің не? Тәйт әрі! Тексіз ауылдың қылығын істеме! Әуелі үйді қиратып кете сақтады дейді ғой, не сұмдық ол, - деумен тағыда құданы қырына алмақ болған дәме ойлы тентектер тиылып қалды...

Бір апта той дайындығымен өтті. Тігілген үйдің өзі отызға ілінді. Ас-тамаққа арналған үйлер, желібаулар, ат байлар кермелер кісі түсер үйден әудем жыраққа түсті. Әр іске пысық жігіттермен саргідір келіншектер ие болды. Еске алған бар елге шақырушы жіберілді. Ұлы жүздің ат жетер жердегі бар ауылына түгел айтылумен Орта жүз бен Кіші жүздің іргелес қонған тұстарына, тіпті мына жағы қырғызға да Қарасай батырдың ұлы Дәулеттің қызының тойы деп атап отырып, айтып қайтты.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей аптаға жалғасқан абыр-сабыр той дайындығы да өз мәресіне жетіп, тойда басталып кетті. Мал союдан бір күн бұрын-ақ, көңіл жетер ағайын-туыс, жегжат-жұрат топ-топ боп ағылып кеп, түсе бастады. Той салтанатын өлшеусіз дерлік еді. Тойшы қауым ауылға тақағанда, боз жорғалы қос бозжігіт алдарынан шығып кермеге бастап кеп, ат байлаушыларға аттарын алдырып, енді үй іргесінде сақадай сайланған жаяу даяшыларға:

– Мына кісілерді дулат ауылына тігілген үйге бастандар,

– Мына кісілерді найман еліне арнап тігілген үйге...

– Мына кісілерді керейге арнайы тігілген үйге, - деп дауыстайды да, артта келетін топ алдына жөнөйді. Қос бозжігіттің бұйыруымен үйге кісі кіргізуге қойылған жігіттер аман-сәлемнен кейін,

– Қане, бері тартыңыздар, былай, мына үйге кіресіздер, - деп ала жөнелді. Әр үйге су құюшы, шыны алып беруші жігіттер, шай құятын келіншектерге дейін қозғалмас етіп орналастырған. Қайсы үйге кісі басталу хабары жетті болды, сол үйдің күтушілері дайын. Қымыз, шай, табақ рет-ретімен келіп жатқан, қалыпты ырғаққа түскен қимыл. «Ана үйдегі кісілерді қайтеміз?», «мынау үйге шай құйылды ма?», «эне, тағы кісі келе жатыр», «қонақтардың алдынан шығатындар қайда?», - деп той басқарушыларда асып-сасқан қарбаластық жоқ. Қос бозжігіт: «Қане, Суан атадан қонақ келді», - десе, сол үйдің ғана күтушілері алдарынан шығып ие боп үйге кіргізіп жатқан. Алдымен барлық үйде қонақтардың алыс жолдан сусап келгендігі ескеріліп қымыз құйылып жатты. Қымыз сіңді-ау деген тұста, қос жігіттеп көтерген самаурындар қонақ келсе, біз дайын дегендей, бұрқ-сарқ екі иығынан демала келіп орналасып жатты.

Мал сойылған күні келген кісіні сырттан қараған адам есептеп жеткізгісіз еді табақ тасушылардың астында бірінен-бірі өткен су төгілмес жорғалар. Он жорғамен төгілте кеп, алдарынан шыққан жігіттерге қолдарындағы табақты ұстата беріп, ендігі табақ тартар адам межесін ала ет жасаған жаққа ағыза жөнеледі. Бүгін қанша келіп қайтқанын, табақ тасушылар өздері де ұмытты.

«Бір төл артық туса, бір шөп айыр шығады» дегендей, қарақұрым боп тойға төгіліп келе жатқан елдің өз несібесі өзінде дерлік. Мына шапырашты елі Қарасай аруағын сыйласа да, әлде Дәулет пен Түрікпен жөніндегі бұрыннан алыс-беріс сый-құрметі болса да, қолда бары бір-бір ірі қарасын жетелей келсе, талайы бір-бір қой-қозысын өңгере кеп түсіп жатқанын көресің. Мына келіс Дәулет пен Түрікпеннің еліне деген ықыласына қайтарған жауабы сияқты. Ағынан ақтарылған шын пейілдері екені келушілердің жарқылдаған жанарынан мен мұндалайды. Бие байлағаны бір күнгі қымызын арнағаны, айырым бір көлікке арта жетелеген тұмсығы жер сызғыдай серкеш тұлыптармен кеп жатқан...

Ертесі түске таяу той басқарушы айғайлай:

– Халайық, енді сонау жуан төбе түбіне тартыңыздар. Ендігі бар тамаша сонда болмақ, - деумен халық дүр ете, кермедегі аттарына мініп, тасқындай иін-тіресе солай жөңкіле жөнелді.

Алғаш бірнеше кезек қызқуар болып өтті. «Жас құда, құдағилар да шықсын» деген ұсыныс бойынша жастардан бірнешеуі шығып келді. Атүсті сайыс тұсы да қызықты өтті. Әр ауылдың жұлынған жас азаматтары бірін-бірі атүстінде білектен, белбеуден ала жұлқысып, кейде қапсыра құшақтай қайраттысы қарсыласын аттан аударып түсіріп, тіпті лақша өңгеріп кетіп жатқан. Күші тең түскен азаматтар бірінің жағасын бірі суырып

кетіп жатқаны да болды. Жеңіп алушыларға той басқарушылар шапан жауып жол беріп жатты.

– Енді палуан, палуан, - деп айғайлады той басқарушы. Қырғыз жағынан апта бұрын арнаулы алып келген бұқа палуанды сегіз жігіт қалы кілемге отырғызып майданға айбатын асыра алып шықты. Бұтында тақыр шалбар, жалаңаш етіне жамылған желбегей жұқа қызыл шекпен. Кілемде әрлі-берлі алшандай басып, кейде көк шөпті қос қолдай жұлып артына атып айбар көрсетеді. Мынаған ешкім шықпай біраз бөгеліс болған сайын әлгі жер тарпып өкіріп қояды. «Палуанымызға қазақтан шығатын жігіт болмаса, енді жолымызды бер» - деп, қырғыз билері де өте берді. «Қазақ күреспей, жол беріпті» деген намыс та бар.

Енді тамаша басқарушы мен Түрікпен батыр тоқ етіп, Сүйіндік биге келіп, кішкене тізе бүгіп Хангелдіні шақырды. Жиырмаға енді ілінген Хангелді он үш-он төрт жасынан бастап той-тамашада өз теңдестерімен күресуді әдетіне айналдырған. Міне содан бері жауырыны жерге тимеген жайы бар. Жоңғар батырымен болған жекпе-жекте де Хангелді қол қаруына қарсыласы шыдап, ұзаққа тіресіп көрген емес. Ел құлағы елу дегендей, Хангелді батырдың бұл жақтағы өнері Түрікпен құлағына да шалынғандай. Түрікпен батыр:

– Шырағым Хангелді, намыс бір шапыраштыныкі емес, бәріміздікі. Мен шықсам алып жіберуім баяғыда. Бірақ, жасым бір жерге барды. Анау менен көп кіші. Әрі өз қызымның тойында майданға шығуымды, қырғыздың бұқа палуанын жықсам да жұрт шыдамастық деп қарайды. Біздің жігіттердің қалай екені ананың шөп жұла мөңіреуінен қаймықты ма батылдары бармай тұр. Осыған намысты жібермей шықсаң, - деді. Хангелді Сүйіндік биге қарап еді, - ой шырағым, тартынба! - деген бірақ ауыз сөз айтты.

Хангелді, Шапырашты ауылының палуанға арнап тіктірген жұмсақ аяқкімін, тау ешкі терісінен тақыр шалбар, желеткені киіп, қайыс белбеуді буынып болғанда, Түрікпен батыр бір атты көлденең тартып, - мынаны мініп барып, қаңтара тастап қойсаң, сен күресіп болғанша қозғалмай тұрады. Қайтарда мініп келесің, - деді. Хангелді күрең жорғамен майданға шыға берді. Сүйіндіктен бастап бәрі «а, құдайлап» ата-бабаның аруағын атай Хангелдінің тілеуін тіледі. Бәрі-бәрі тіпті әйелдерге дейін орындарынан тік тұрып кетті. Тіпті де еліре көкті жұла айбарланған бұқа балуанға жуықтай кеп аттан түсіп жай басып жақындауына, Хангелдіні көзіне ілмеген ол:

– Ей, сен кімсің?! Менімен белдесуге қалай батылың барды. «Ысқырып атқан аңның обалы жоқ» деп айтып қояйын өте жас екенсің, сені сайтан түртіп ажал айдап тұрма қалай?! Ең кемінде өмірлік кемтар боп қаласың. Осындай амаңыңда атыңа мініп жөніңе түссең қайтеді, - демесі бар ма.

– Хангелді деген – мен. Шамаң келсе, аямасынды менде білемін. Мені сайтан айдап тұр ма?! Әлде сені сайтан еліртіп тұр ма?! Ол жағын көре жатармыз, ал аянба, - деуіне бұқа палуан иығындағы қызыл шекпенін кейінге серпе тастап, бұтында тізесінен келетін тақыр шалбар, жалаңаш кеуде ұмтыла берді, белінде ұстар белбауда жоқ. Иық, білек бұлшық еттері бураның санындай бөлек-бөлек бұлт-бұлт етеді. Жүнді кеудесі төңкерген екі тегенедей. Бір уақ тамағына бір қойдың етін бірақ жейді екен дегенді естіген, қарны егіз бала табатын қатындай көрінді Хангелдіге. «Өз обалың өзіңе!» деп қояды тағы. Хангелдіні жерге қарағай жаратын соққыдай жұлып ап ұрып жібермек оймен қол салған бірінші ұмтылысы текке кетті. Енді екінші әдіске басып оң жамбасқа ала қайырмаққа Хангелді

келмеді. Өзімен салыстырғанда дене тұрқы үштен біріндей келетін мына жас жігіттен іш жиып қалды. Енді жаңылдыра бұлт етіп, сол жамбасқа ала қоймақ болды бірақ, оданда түк шығара алмады. Ендігі кезек менікі дегендей Хангелді бұқа палуанның тақыр шалбарының бір қолы кіндік тұсынан бұрау салғандай шап бере ұстап, енді бір қолы ашадан ала бұқа десе бұқа дегідей алып мақұлықты тарбита тік көтере айналдыра жерге бұрқ еткізіп ұрып жібергенде, күрт еткен бір дыбыспен бұқаша жер тарпудан айырыла, ойбайлаған жан даусы қатты шыға аяғын бір серпіп барып, сұлық қалды. Енді Хангелді оның басын сүйеп отырмады. Әлгіндегі намысын қытықтаған сөздері үшін басынан елікше қарғып аттап өтті де, әлгіндегі күресті қызықтап тұрғандай өзіне қарап оқыранған қоңыр жорғаны төселткен бойдан тобына қайтты. Бұл кезде бұқа палуанды көтеріп келгендер, майданға қайта жүгірген. Хангелді бұқа палуанды екпіндей ұрып жібергенде, жамбасы үзілген еді. «Ырымы жаман ит қорықтайды» дегендей сап-сау адамды кілемге көтеріп келген сегізі ес-түссіз қалған палуанын, сол кілеміне сап қайта көтеріп кетті...

Хангелдінің алдына Сүйіндік, Дәулет, Түрікпен үшеуі қатар шықты. Үшеуі де бетінен сүйіп, бауырына басты. Әлмерек те қатты бір құшақтай қысып: «Жарайсың, Хангелді батырым!» деп тебіреніп кетті. Палуан жолына арнаған оқалы шекпенді той басқарушы Хангелдіге әкеліп жауып, түйе бастаған бір тоғызды көлденең тартты. Хангелді сол майданда оқалы шекпенді Сүйіндік би иығына жауып, «түйе бастаған бір тоғызды әр атаның ақсақалдарына үлестіріп жіберіңіздер, менің ұсынған жолым, баталарын берсе болды», - деді. Сүйіндік пен Түрікпен Хангелді тілегі

бойынша ірісін ұсақтай көп адамға жол беріп алқауын алды.

Қыз қуар, теңге ілу, қырғызша көкпар, жамбы ату сынды ойынның ең қызық түрлерін той басқарушылар соңына іріккендей. Қарақорым боп қапталды жағалай биіктен көз тіккен жұрт барлық тамашаны шашау шықпай отырып көрді. Әратаның небіратпалазаматтары Дәулет пен Түрікпеннің аяулы қыздары Зәуре тойында өз өнерлерін көрсетті-ақ. Жүлдегерлердің кейбіреуі Хангелдішілеп жомарттықта танытып жатты. Тамаша соңы жапалама көкпарға жалғасты.

Той тараған күні кеште онға жуық үйдің туырлығын түре тастап, қыздар мен келіншектер ішкі жақта, жігіттер кереге сыртында өлең басталды. Шу дегенде тұс-тұстан ию-кию айтылған өлең бірте-бірте дәмді, тәтті гүлге араның құжынағанындай ретке түсе берді. Әйтеуір мән-мағынасыз ақау-игигай жайынша қалып, кейбір айтушында тыңдарман қатарына өтіп, екі-үш үйде сөз қуа айтқан ұтқыр жекпе-жек тұстарына шоғырланып қалды. Бұл кезде кешкі тамақ та дайын болған, өлең айтушысында, тыңдарманында үйді-үйге бөліп отырғызып, тамақ жеп болған соң әлгінде іріктеліп қалған әріптестер қайта жалғады. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», - дегендей Сүйіндіктің Әлмерек қарайлас ұлы Құдайназар ерек көзге түсті. Құдай тағалаң сөз маржанын Сүйіндік кіндігінен осы ұлына сыйлағандай. Зәуренің қыз жолдасы, Шапырашты ауылының алдына жан салмаған ақыны Шолпан мен болған айтыс басқа үйлердегі талай тыңдарманды өзіне ентелетіп, өлең таң саз бергенде барып тарасты.

Қыз шешесі де жас кезінде сан айтысқа түскен жез таңдай ақынның бірі еді. Қызы бой жете бастағанда, өз өнері осы Шолпанға даритынын аңғаратын. Қызын

сынай, өлеңнен қалмай тыңдап та көргені бар. Өлеңді олай емес былай айтады деп оңаша тұстарында өткір ыңғыру мен мінегендей, қызының өлеңін даңғыл жолға сап қойған тұстары мол. Бірақ, Шолпан әріптестеріне дәл бүгінге дейін көңілі толмай, өз тұсындағы кейбір ақындарды есіне келтіре шіркін-ай-лайтын.

Өзіме тартып туды дейтін ақын қызының әріптесі енді кездескендей. Құдайназар шу деп өлең бастағаннан-ақ ұмсына тыңдаған қыз шешесі: «Осылай айту керек қой, міне өлең деген осы. Сөзге қарай сөз айтпаса, сөздің әкесі өледі. Шешесі отыр екен демей, сөз қуып айта бер. Бірақ, тексіз бәдір-батбақтық ақындық емес», - деп отырды.

Түн жарымынан ауған шақта ақын ана «қызыма тең келер әріптестің кезігуі тұңғыш. Бес-алты жас үлкендеу көрінеді о да не тұр. Жеңсе де, жеңілсе де осы жігітке келістіре тоғыз бергізейін», - деген ой тиянағымен өз ұлын шақырып құлағына сыбырлады: «Әкеңнің жуықта Ташкент саудагерінен алған қыл қарадан тоқылып, қала үлгісінде тігілген шекпенді қалтасымен әкел. Дүние құрғыр қолдың кірі табылады. Әпкеңнің тоғыз жолына беремін. Мен киетін едім деп ішің ауырмасын, екі ат деген не, саған әлі одан жақсысын алдырып беремін», - деді. Баласы екі сөзге келмей жөней берді. Бір шай қайнатым уақыт өтер-өтпес аралықта шешесінің бұйырған затын қолына табыс етті.

Міне таңда саз берді. Құдайназар салт бойынша өлең соңында тоғыз сұрай бірнеше шумақ құнды өлеңді құлпырта айтып өтті. Тіпті қыздың ақын шешесінде, таң шыққанша өздерінің өлеңін ықылас қоя тыңдап, кей жерінде шабыт берген, жай ғана емес мыңда бірде кездесер ардақты ана пейіліне жоғары мадақ сыйлады. Шолпан да жан-жағындағыны шіркін-ай-латып жауап өлеңін айтып болған тұста, қыз шешесі орнынан тұрып:

– Өленіңе де өзіңе де рақмет! Мынау тоғыз жолың әрі мына менің сыйым, өзің киіп жүрші? - деп асыл шекпенді иығына жапты... «бәрекелді, өлең деп осыны айт!» «Шолпанның шешесі де өнер қадіріне жеткен, дара жаратылған аяулы ана ғой», - деген сөздер дүбірей тараған елмен бірге бел асып кетіп бара жатты...

Бүгін кеш Зәуренің бастаңғы тойы. Зәуре жеңгесі Қазиза екеуі ақылдаса келіп, ұл-қызы боп атын атап отырып, алпыс адамды лайықтап, соған қарай мал сойылып, қазан асылмақ. Тұс-тұсқа жас жігіттерден шақырушы аттанды. Бастаңғы той деп қазақ шіркін қалай қойған. Осы ауылдағы қыз шешелерінен басқа ауыл үлкендері мүлдем көрінбейді. өңкей Зәуренің қыз достары әрі өздері құралпас жас жігіттер.

Ертең аттанбақ Зәуре құрметіне шақырушы жеткен жердің бәрі келіп үлгірген. Жеңгесі Қазиза бар істі өзі жөндеп күтуші келіншектермен жігіттерге айтқанын орындатып бір қолды үйіріп тұр. Тамақ желініп болған тұста «енді арыз өлең айтылады, дайындалыңдар» деген дабыра шықты. Бұл ертең ұзатылатын қыздың әке-шеше, туыс-туған, өскен ел туған жерге қош айтуы. Дәулеттің өз үйінің іргесін түре тастап, арыз өлең басталды. Зәуре жанында қыз жолдасы ақын Шолпан. Жігіт жағында «өзіңнен өтері жоқ» деп талайы Құдайназарға қолқа салды. «Өз ауылымызға баратын жеңгемізбен менің арыз өлең айтысуым жараспайды. Бұл ауылда да жігіт бар ғой», - деп ұнамады.

Ендігі кезек Жалайыр ауылының ақыны Ақбердіге тиді. Кеше Зәуремен айтысам деп есе тимей жұтына қайтқан. Ақбердінің арыз өлеңде кәдімгідей аты шығып қалған. Жасынан жетім қалған зар-мұңы мол жігіт, қай-қайдағыны елдің сай сүйегін сырқыратар сөздер тауып, өлеңді жұтындырып-ақ жіберер еді. Ол өзі де: «Қыз шешесін жылата алсам болды, қалғаны қойды серкештеп

суға салғандай тоқтамай пышылдай жөнеледі», - деп елді күлдіретін. Қыз-қырқын әйелдер қауымы іште, жігіт-желең түгел үй сыртында керегені шекара ете мұңлы сарындағы әр шумақтың соңы «қайран елім қош-қош-ай» мен аяқтайтын қыздың жауабы да, жігіттің сай сүйекті сырқыратарлық қоштасуы да басталып кетті. Ана жүрегін езіп-елжіретер, жатжұрттыққа жаратылған қыз жайлы қай-қайдағыны жиып-терген өксікті тебіреніс бүгін жылатпаған әйел жоқ дерлік. Үй толы жабыла өксік, пыш-пыш мұрнын тарту, енді қисынды, жүйелі өленді де ешкім керек ететіндей емес. Бірін-бірі жұбатумен әуре. Не бары он шақты ауыз жұтынған қош-қошы мол арыз өлеңмен Ақберді ақын бір шекпенді иыққа жауып шыға берді.

Енді әжелер кимеледі.

– Ей, адыра қалғыр қайсыбірің қыз болмап едің? Қайсыбірің іргенді ұстап қартайғанша үйде отырып қалған едің. Арыз өлең дегенді солай айтады. Солай айтпаса, оның несі арыз өлең. Түк көрмегендей жаман ырым бастап, түгел сыңсығаның не?! Құдай жылауды көрсетпесін! - деп зекіре жүріп, жылауды тоқтатады.

«Арыз өлең тоқтаса да таң шыққанша Зәуре құрметіне өлең айтамыз» деп желпінген жастарға қыз шешесі мен жеңгелері ертең қыз шығарудың кем-кетік дайындығын істер жайын айтып бастаңғы той тез тарады.

Туған елі мен жерін қимаған қыз көңіліне қараған топ сылбыр жүріспен төрт-бес шақырымға шұбалаңдап келеді. «Мына жүріспен бүгін жете қонатын межеге үлгірмейміз, бастыра жүрелік», - деген Сүйіндік сөзінен соң жолды ұта ілгеріледі. «Қайтыста Әлмерек пен жас келін Шоған абыз қара шаңғарағынан дәм татып өтсін деген жақсы тілек бойынша, қара шаңырақты басып

отырған шөбере ұрпағы Тілеубердінің Сөгетідегі ауылына күн батуға арқан бойы қалғанда зорға ілінді.

Алдымен кеткен Құдайназарлар «бүгін қонаға осы ауылға жетіп қонбақ» дегені бойынша Шоған абыз ұрпағы дайындалып тұрған екен. Шөл қарықтарын басқан соң, Сүйіндіктен бата сұрап, соямызға қаратпай қысырдың тайынан бірін алып ұрып, етін де дайындап тұрыпты.

– Шаршап келдіңіздер, Тілеуберді атам «Сүйіндік би қарсы келмес» деп бата жасап, союға қаратпай қонағасыларыңызды дайындатып қойған еді, тамақ дайын әкелсек қалай? - деді. Бағанадан қонақтардың бар күтімін басқарып жүрген жас жігіт.

Сүйіндік пен Тілеуберді жастары құрбы замандас, бірінің сырын-бірі біледі. Төрде Сүйіндік жанында отырған қарт:

– Ей, мына Сүйіндік бір тайыңды соймасаң аш жатқызды деп аттанар, бұл білген батаны менде білемін. Шаршап келген қонақтарды таң күзеттірмейік деп соя бердік, ертең тағы жол жүреді, - деп тоқтады.

– Рақмет пейіліңе Тіке, Таусүгірдегі құдалар да алдымыздан тосып қона кетіндер деп көп жармасты. Өзіңнің «Әлмерек пен жас келін Шоған абыздың қара шаңырағынан дәм татып өтсін», - деген аса құнарлы бірауыз сөзің үшін онда тоқтамадық. Шоған абыз кіндігінен тараған сенің бата жасағаның қандай жақсы болған. «Жақсы айтқызбай біледі, тұйғын білдірмей іледі» деген осы. Енді бір жағынан сенің бір малдың етін жегізбей шығармайтынында рас.

Шынында біз кәрілер шаршап, қалжырап жеттік, мына құдағиларым да шаршады. Бәрін дайындап тұрғаның қандай абзал болған, - деп ерекше ризалықпен асқа бата жасады. Бүгін басқа көп әңгіме де болмай ерте

демалып қалды да ертесі тыңайып қалған жолаушылар салқында жүрелік деп сәресіден қозғалып кетті.

Түс қия: «Келін келеді, келін», - деп тырағайлаған балалар үсті-үстіне келіп жатты. Ежелден қалыптасып қалған қазақ салты бойынша ауылға әудем жер қалғанда, келіннің жолына қарап жүрген жиырма-отыз қыз алдарынан шығып, келін қошаметінде қалды да, қалған қонақтың бәрі ауылға тура тартып кеп, аттарын жігіттер кермеге қарай жетелеп, ауыл үлкендері алдарынан шықты. Үйге тақай берген тұста осы ауылдың ардақты әжелері қос келіншекке көтерткен дәу тегеш шашуды онды-солды сермеді дейсің.

Қонақтар үйге жайғаса бере, дайындықты ауыл келінді де кідіртпей үйге кіргізуді бұйырды. Мына жас келін атырабында бұршақша төгілген шашумен көміліп қалды дерлік. «Иә, құдай, осындай жақсылыққа жеткізе гөр?!»... - деген тілеулер мұнда да шал-шауқан, кемпір-кешектің аузынан әлсін-әлсін қайталап, шашу терген бала-шаға қылығына қарық боп мәз.

Қарасай ауылына барғанда, Әлмерекке қыз жеңгелері оң аяқпен табалдырықтан аттатып, қолына қасық ұстатып, отқа май құйғызса, ал бүгін келген келінге бұл ауыл сол ырымды қайталап жатқандай.

Барлық үйге шай құйылып, келген қонақтар малға бата жасап болған тұста, келіннің беташар салты өтті. Әйелдер жағы «басқаны қой Құдайназар бет ашсын» деп дүрілдесе, ұйқысы қанып сергіп қалған Құдайназарды жеңгелері қоярда қоймай, «менен басқалар да бар ғой солар ашсын» дегеніне көнбеді. Талай-талай жас келін келгенде «Құдайназардың бет ашуы-ай шіркін!», - деп қарт аналардың аузының суы құритын. Енді міне сол сырын білетін үлкендер Құдайназардың кекжектеген сылтауына қаратпай, келіннің бетін ашуға ақыры мақұлға келтірді.

Құдайназар Таубұзардың қара шаңырағына, ата-бабаның аруағына, одан осы ауылдағы жасы үлкендер түгенделе алдымен барлық аталарына, қадірлі қарт әжелерге, енелеріне, қайнаға, тіпті абысын-ажындардың бастыларына атай отырып, сәлем жасатып шықты. Бәрінен де ұзақ ғұмыр, көсегесінің көгеруі жайлы алғыстар әлгіндегі шашудай төгіліп жатты. Құдайназар беташарды сыдырғы шұбыртпай, келін сәлем жасар әрбір адамның тұсына келгенде қисынды, қызықты ете отырып, әр қайсысының қылықтарын қыстыра кетіп әлсін-әлі ду күлкі жалғасып, құда-құдағилар, ауыл үлкендері: «Бәрекелді, бет ашу деген осылай болса», - десіп мәз болысты.

Келіннің беташары аяқтай әрбір үйге қайталай шай құйылып шөлдеп, шаршап келген құдағи, құдашаларға шай ішу жайлы әлсін-әлсін ілтипат білдіріліп жатты. Қазақтың келін келудегі ырым-жырымы аяқтап болғанша, қонағасы тамақта дайын боп, бүгін ойын-тамашаға мұршалары келмей орын салдырып, демалып қалды. Ауылдың өз жастары аз уақыт өлең айтумен болды да, негізгі тамашаны ертеңге қалдырып тарасып кетті.

Екі күн сарыла күнді-түнге жалғап жол жүруден артық қиналу болмас. Қыз ұзата келген құдағи, құдашалар, жас құдалар, келін әкелуге барған осы ауылдың өз адамдары болып ертесі түске жуық барып, орындарынан зорға тұрды. Жолдың алыстығы сонша Сүйіндік бастаған кәрі құртандар үшінші қонақта ауылға ілінді. Сонша ұзақ жолды атпен басып келсе де Сүйіндік би бір қалыпты ырғақпен жол басып, шаршаған жерде жол бойындағы ауылдарға тартып тынығатыныға жүргендіктен, бет-бейнесінде ешқандай қажу білінбейді. Тіпті осы ауыл арасынан шыға келгендей құдағилардың қал-жайын сұрай, әзіл-қалжыңын

құлпырта елдің ішек-сілесін қатырып жүр. Соңын ала Сүйіндік би Олжай, Биеке, Құдайназарлардан келін келген күнгі қонақ күту жайын ұғысып алған соң: «Ал енді құдағи-құдашаларыңда, келін әкелуші өз ауылыңның адамдары да әбден тыныққандай. Біздің албандар сияқты мына шапырашты елі де ұзатқан қызбен бірге әке, ағалары ілесе келмейді екен. Амал жоқ келсе, тамаша қызып кетер еді. Енді сендер де жас құда, құдағи, құдашаларға думандатқан тамаша өткізіп беріңдер. Аналар, мына ауыл ішіп-жегеннен басқаны білмейтін ел екен деп қалмасын», - деді. Қайран асыл тозығы жетсе де титтей жерін тат шалмаған алтындай жарқырайды.

Олжай мен Хангелді, Биеке мен Құдайназар оңашалай кеңес құрып, ауылдың әнші-күйші, қалжыңнан езу жиғызбас сауыққой жігіт-желең, қыз-келіншегін бірден салыстыра отырып атап алды да, арнаулы шақырушы жіберіп алдырды. Әлмеректің үйлену байланысы мен атап отырып шақыруына ілінгендер төбесі көкке жеткендей қуанышпен, айтқан уақыттан бір шай қайнатым бұрын жетіп үлгіріп жатты.

Тамашаның қалай өткенде қызықты да естен кетпестей етіп өткізуге болады дегенді Хангелді, Биеке, Құдайназар үшеуі бір талай ақылдаса келіп, Қарасай ауылындағыны сол бойы қайталамайық, қызғылықты болсын деп келісті. Алғашқы беташары және де қазақи салт бойынша өлең айтудан басталмаса, әбден дағдыланып алған елдің ойын құшыры шықпайтындай сезінді. Бір ет пісірім уақыт үйді-үйлерге бөліне өлең жалғасып барып, таңға созақтатпай жаңа бір түрге ауысты.

Жаңа ойын барлық үйде бір уақытта басталмақ. Әр реткі жаңа ойынды Биеке мен Құдайназар ойлап таба қояды. Ең бірінші ойын тығылған теңгені табу

еді. Құпияны төр жағалай отырған қыз-жігіттің бірі жасырады. Енді сырттан ақ елтірі тұмақты баса киген біреу тығылған затты иіскелеп таппақ болып, тұмақтың маңайын иіскелеген адамның бет-аузы, маңайына түгел тигізіп, одан таппаған боп екінші, үшіншіге, тіпті оныншы адамға дейін жоқ іздейді. Осылай ұнға әбден тоғытылған ақ тұмақтың маңайын иіскелеген адамның бәрінің бет-аузын аппақ алағып, бірін-бірі көргенде көздері ғана жылтырап ұн салған басыбақ сияқты бейнеге енген. Өзі біреуге күлсе, біреу өзіне күлген. Ду-ду күлкі астында қалып бірінші ойын осылай аяқталды. Жас құда, құдағи, құдашалардың беті-қолдарын жуғызып жатқанда кейбір ызақорлары: «Бұл қандай ойын, осы да ойын болып па?!» деп реніш білдіргенде Биеке: «Бұны біздің ауылдың жастары «ақ жарылқасын» ойыны деп атайды», - деді күлмей тұрып. Әлгіндегі ашуды тағы күлкі майқандап өтті. Енді екінші ойын алдыңғы ойынның кедір-бұдырын тегістеп өтпесе жас қонақтарды мөңкітіп алуы ықтимал деп ойлаған Құдайназар «сырласу» дегенді бастады. Бір үйге бірден өлеңді қиыстыра айтқыш қыз-жігіттен қойылып, өлең айтушы бір шеттен жағалай әрбір адамның тұсына барғанда сыртқы бейне ерекшелігін қиыстыра жөн сұрау өлеңін айтады. Кезегі келген адам өлеңмен айта алса өзін таныстырады. Айта алмаса жат білетін бір ән немесе бір күй шертеді. Егер үштің бірін орындай алмаса ойын жалғастырушының тілегі бойынша не жылқы боп кісінеу, әйтпесе сиыр боп мөңіреу, қой болып маңыраудың бірін орындайды. Егер оны да орындай алмаса жол беруіне тура келеді. Бұл ойын алдыңғы ойындағы шамкөстердің ашуын таратып бәрі жадырай күліп жайылып қалған тұста үшінші ойын аяқастынан жалғасты. Бұл ойын «балық ілу» еді. Шаңырақтан алдын дайындалып кереге басына ілініп қойылған

тұзақ арқанды ойыншылар ешкімге байқатпай отбасына қолдан-қолға қалқалай жеткізіп, құдаларға бір қызық әңгімені айтып отырғанда, енді бір жігіт қонақтар ішіндегі қушікештенген «мықты» жігіттің аяғына тұзақты іле «тарт шортанды», - деп айғайлауымен сырттағы дайын тұрған екі-үш жігіт шаңырақтан үй сыртына күшейе тартып, аяқтан іліне басы төмен салақтап қалған тұста: «Ей, балықты ұстадық, қармақты қоя бер!», - деп айғайлайды. Сонымен сырттағылар арқанды босатып әлгі жас құда жерге түсумен аяғынан бұғалықты шығарып: «Енді мұндай пәле-қазадан аулақ болуыңыз үшін, - деп жол алады. Бұл ойын бір үйде бірақ рет істеліп, екінші қайталанбайды.

Енді бір ойында Қарасай ауылындағы бір қызық өте сыпайы қайталаңады. Жаңа сойылған екі қой терісін сабынды сумен беттестіріп қойып, қалжың көтереді-ау деген қылтындаған құдағи болмаса, құдашалардың далаға шықпақ болғанында ала көлеңкелеу табалдырық сыртына қоя қойып аяғы бұлт етіп «ойбай көтек» деп шалқалай құламақ тұста, алдында дайын тұрған екі жігіт шап бере қолтығынан сүйеп қап, «енді сақ болыңыз?» деп күле ескертіліп жатты. Бұл ойында тек бірақ рет жалғасып аяқтады. Бірақ осы ойыннан кейін далаға шығатын құдағилар қақпан көрген түлкідей қатты сақтық күйге ауысып, далаға шыққандар шамды әкелдіріп, табалдырық сыртын тексертіп әбігерге түсті. «Енді қайталанбайды, қорықбай шығыңыз» дегенге сену деген қане?

Ендігі бір ойын түрінде жұмбақшы қыз-жігіттің бірі шығып жағалай отырғандарға бірден жұмбақ шешкізді. Тауып кетсе бір жібек орамал сый, таба алмай қалса бір ауыз өлең, не ән айтты. Егер айта алмаса тағыда теңге тиін жол беріп жатты. Бұл жұмбақ ойыны әрбір адамды адақтап шыққанша да түннің талай мезгілін өткізді.

Әрбір ойын түрінің бірі аяқтап екіншісі басталар тұста күні бұрын дайындалған ауылдың айтулы өнерпаздары мың құбылта бір ән немесе терме, әлде күй орындап жас қонақтарды желпіндіре, таңның қалай атып кеткені де білінбей қалды.

Осылай ауылдың сауыққой жастарын қоса кей күні кеште алтыбақан, ақ сүйек ойыны жалғасса, енді бір кеште өлең, ән-күй күмбірледі. Күндіз ауыл маңында атүсті сайыс, теңге ілу, палуан және қырғызша көкпар жалғасты. Арада Сүйіндік, Хангелді, Биекелердің бірінен соң бірі қонаққа шақыруы араласып, бірнеше күн қас қағымдай өте шықты.

Келін келгеннің бесінші күні ауылда үлкен той өтті. Құнан шаптырылып басқада сан түрлі ойындар жалғасты. Қыз ұзата келген үлкен-кіші бар қонақ Сүйіндік би мен қанқұдасы Сарының ағынан ақтарылған құрмет, қуанышына дән ризалық білдіре осы күннің ертесі Зәуреге қош-қош айта ауылдан аттанды.

Әлмеректің замандастары қонақтарды жолың әне деп ауыл шетіне сырғыта салмай Таусүтірге дейін бірге келіп ертесі қайтты. Биеке және шешелері Төлес пен Бәйсейіт қазасынан кейін нағашыларының шақыруы бойынша, қайын жұрт жағынан келген кісілерді жеткізбек Әлмерекпен жолдастасып, Қарақыстаққа бет алды.

* * *

Алатаудан көтерілген қошқыл қара бұлт лезде жатағандау тау сілемдерін тұншықтырардай, кеудесіне ілінгенді езіп-жаншып кетердей, екпінмен шұқиып келеді. Аспан қақ бөліне айырылғандай, жер-әлемді сілкіндіре найзағай ойнап, зілзала ашты ышқыныспен шелектеп күйғандай, бұршақ аралас нөсер төкті-

ау дейсің. Гүл бүркенген Қарқара жайлауы: «Менің көргенім бір сен ғана деймісің, сендей-сендей нөсердің талайын өткергемін, төк, төге түс», - дегендей көк пүліш көйлегінің етегінде жимай сел суын жыра-жылғасына сырғыта тастап, топансу тобығынан келмей шіренулі. Шай қайнатым жалғасқан өткінші ышқынысы, соңына алуан бояумен жиектелген кемпірқосақ жарты шеңберін калдырды да, шығысқа қарай Сарытау сілемін қуалай сырғып өте берді.

Төлес қазасынан кейін, тамырлас қатар өскен қос бәйтеректің біреуі құлағанда, енді бір сыңары жалғыз сырап, қуаң тартып, дала дауылына төтеп бере алмай ырғатылғанындай хал кешті. Сырымбет енді менің де кетуім керек деген ішкі байламға келіп алғандай. Басында тұмау сияқты болып ілінген сырқаты барған сайын бетін бер қаратпай меңдете түсті. Хангелді алдырған емсектің ықыластана тексеруінде жақатпады. Неше түрлі қуаттандырғыш шұрайлы шөп дәрілерді тату емес, иіскеуден бас тартты.

Әкесінің кешеден бері науқасының ауырлай түскенін аңғарған Хангелді, өтіп жатқан Төлестің жылдық нәзіріне де бармай әке жанында болған-ды. Қарт батыр, аяулы ұлынан көз алмай қарап жатып:

– Алланың ақ өліміне ризамын. Үмітім өзінде құлыным. Сенің ат жалын тартып міне жасаған барлық қимыл қарекетіне, елің, жерің жайлы құлшынысыңа, көзіммен көрген бар ісіңе жаным сүйсінеді. Осы бір ұлы аңғардан аумайтыныңа, артыңнан елің, үмітті ұрпақ топ-тобымен ілесетініне иншалла сенімім кәміл. Сен дүниеге келгенде Шыңғыс хан ұқсас қан уыстап келіп едің. Әлгі кіндігіңді кескен сәуегей кемпір айтқандай сол бір нышаналы туылған жайың «жоңғардың басына көрінгей», қазақтың жоңғарға қарсы соғысы өз елін, өз жерін қорғау үшін ғой. Әсте Шыңғыс сияқты

дүниені жаулап алуға қазақ бармайды. Өйткені ондай озбырлық марқадам таппайды. Қалайда өзін қорғау да оңайға түспейді. Қазақтанда жерін тастай жосыған шұбырындылық, қантөгіс күндерді көресіңдер. Алла не дейді? Бірлік қылса түбінде жоңғарды қазақ алады.

Толарсақтан қан кешкен соғыстарды өткергенмен аңсаған арманды көзіміз көрмеді. Жеңістің шетін өздерің көріп қаларсыңдар. Әйтеуір шөберемнен аты ұранға айналған біреу дүниеге келгелі тұр. Өзі жөн салау, дүние қамын ойламайтын алқам-салқам бір ұл көресің. Дәл содан мен болжаған ұрпақ туылады. Жаратушы Аллаға ризамын.

Шын тұрағыма алаңсыз кетер болдым. Сен сияқты ұрпақ бергеніне мыңбір тәубе. Сенен кейінгі әлгі шөберемде атымды Алатаудай айбаттандырып биіктетеріне Алладан аян келіп тұр. Атын Райымбек қойып, өзің баулып өсір. Қарасу қақ жарыла жол беретін болады оған. Жоңғармен айқасқа жиырмаға жетпей атқа қонады. Түбі Шығыс Жетісу алқабында аласұрған ата жауының туын жығатындардың бірі болады. Аты албанға ұран болар, - деп демін соза кең тыныстап, көзі шаңырақ күлдіреуішіндегі кіріп-шығып балапанына жем тасыған қарлығаш ұясына қадалған бойда әлденені қиялдаған әлпетте үнсіз жатып барып, қайта басымды биіктет дегендей ым қақты. Хангелді әлгінде аласартқан жастықты қайта қойды. Сырымбет шалықтаған баладай өңінен қуаныш лебі есіп:

– Ана Әлмеректі де құдай бекер жаратпаған екен, елге тұтқа болғалы тұр. Осыбір достықтарыңды өмірлік жалғап өтіңдер. Ел қамын ойлаған ер ғой, көпшіл ғой. Елі мен жері үшін несі болса да аянғысы жоқ оның. өзімшілдігі жоқ мұндай адам досына қатты опалы келеді. Пай-пай одан да небір ерлер дүниеге келгелі тұр екен. Батырда, шешенде, ел басқарған билерде шығар

әлі. Енді Сырымбет дара кісілерге баға беруін доғарып, жалпы қазақ тұлғасынан тоқталып, кейде қатулана қалып, кейде күлімсірей сөйлеп жатты:

– Қазақ– ежелден намысқой халық. Егер әлдекім қор санап басынғысы келсе, ел намысын жібермей шамасы келсе алып тынатын, шамасы келмесе өліп тынатын жағы бар. Қазақ қанындағы осы қайсарлық жоңғарды басып түсеріне сенімім кәміл. Біз көрмегенмен ұрпағым көреді, - деп бір сәт тыныстай үнсіз жатып барып қайтадан,

– Әттегені-ай, қазаққа жұққан бір дерт арылмай қалды-ау, қайдан жармасты екен сол «көре алмас күншілдік, берекесіз бақталастық». Әлгі Үш жүзді шылбырынан алды-алдына жетелеп хандық құрып кеткісі кеп жүргендерде сол бір арылмаған алалықтың уытынан-ғой, пай-пай, пай, - деп, қатты нали өңі сұрлана сұлық жатып барып тағы:

– Иә, жаратушы Алла, еліме тыныштық бере гөр? Алтыбақан алауыз бақталастығыңнан сақта? Бірін-бірі етектен тартқан, сыпсың өсек айтқан көре алмас күншілдігіңнен сақта?! - деп ел мен жерге бейбіт күн тілеген бата-дұғадай мол тілектерді айта-айта даусы қарлықты ма, әлде әлсіреді ме анда-мұнда аузы жыбырлағанмен, даусы естілмей шай қайнатым баяғы сол шаңырақтағы қарлығаш ұясына телміріп жатып жан үзді...

«Тудың», «өлдің» деген сөздің шығуы тегін емес. Дегенмен, алдынан ақсағанның айыбы жоқ дейтініміз тағы бар. Төлестей ардақтының асы беріліп жатқан үстіне Хангелдінің әкесі қарт батыр Сырымбеттің, Албанның атын шығарған ерлердің әкесінің қазалы хабары келіп жетті. Па, шіркін дүние-ай, жақсыны да, жаманды да, елі төбесіне көтерген ардақтыны да, күні үшін күйбең дүниеқор пасықты да мынау дүниеге

жағаластыра келтіріп, бірін ел қамы үшін арпалыспен өткізіп, «артымда қалған елмен жердің ертеңі не болар?» деген алаң көңіл мен кетіп бара жатса, енді бірін аз күндік алданыш дүние қамына сұғындыра, артында қалған мол дүниесіне қимастықпен телміргеніне қаратпай бір қабат ақ боз ғана еншісіне тиіп, кетіп бара жатқаны...

Төлестің де, Сырымбеттің де екі-үш патшаның алдын көрген өмірінің өзі қас қағымдай сезіліп, асқар-асқар асу белдердей болған өмір хикметтері жай белегірдей сырғып артта қалды.

Бір тайпа елді қорғап өткен, ғасырға жуық ғұмыр кешкен кісілердің пәни дүниелік мол-мол кешулері бір бұлақтан аттап өткендей-ақ сезілгенде басқаны не дерсің?

Хангелдінің әкесі Сырымбетті білмейтін кім бар? Сырымбет десе ерлері сәлем беріп, әйелі қасиетіңе бас қойдым деп білмейтіні жоқ дерлік. Сырымбет кешегі жоңғардың есін алған Таубұзар(Сүйменді) батырдың алдын көрген, бата алған. Жәңгір ханның жасағында болған кісі. Кейде Жетісу шығыс шеті Өртекес бойындағы жоңғармен айқаста көрінсе, кейде Әулиеата тұсынан ұрандап албанның бас қолбасылық міндетін атқарған егей еңбегі кімнің есінен шықпақ. Өз басындық бақыт, байлық іздеп жортуылға шығып көрген кісі ме еді Сырымбет. Бар жастығын да, ордабұзар отызында, қынаптан суырылған қылыштай қырқында, жау көрсе кеудесін аша елірген елуінде, азаматқа ақыл айтқан алпысында елін, жерін қорғау жолына арнаған еді ғой. Жетпістің жуан орта тұсынан сексеннің табалдырығын аттағанша, аппақ күмістей самайынан меруерт тамшысындай шүмектеген терін сыпыра жүріп, қазақ жасағының ендігі үмітін арқалаған ұрпағын замандасы Төлес пен тізе қоса отырып тәрбиелеген еді ғой.

Әлмерек пен Хангелді, Биеке сынды қазақтың қайсар ұлдарының өсіп-жетілуінде екі қарт батырдың ықпалы көпке мәлім. Ел шетіне сұқсыр тұмсық құлағын тіге азуын қадамақ боп кеп қалды десе, алдындағы асын тастай жау қайдалап атқа қонар егей ұрпақтың қаулап, дүркірей көтерілуі кешегі Таубұзардың, бүгін мәңгілік бақиға көз жұмған Төлес пен Сырымбеттің досына адал, қасына ажал боп төнген ерлік рухының қандастық жалғасуы емес пе?

Сырымбет қазасының хабары шу дегенде, Қарқара жазығына қарақорым боп жиылған Төлес асына кеп жетті. Биеке бастартқан Төлес ұрпағы дуанға сауын айтып, ат шаптырып, ас беріп жатқан. Жиылған жұрт енді бір ардагер алыбының құлаған қазасын естіді. Алғашқы өлім хабарын естіген Әлмерек, басқаға ауыз ашпаған бойдан Сүйіндік биге естірткенде, жасы жетіп қайтты дегенмен, өлімнің беті суық болғаны осы ма, әлде араға бір жыл салып қос замандасынан айырылу ауыр тиді ме? Етегіне бір бұттық тас жармасқандай орнынан көтеріле алмай шөгіп қалды. Бір жыл бұрын жол бойы Төлестің қазасын естігенде, Биекеге тоқтау айтқан қайратқа Сүйіндік би келе алмады. Енді шын егіле босағаны ап-анық, қос жанардан аппақ сақалын жүлгелей сырғи жөнелген жасты өзі сезбегендей. Бүгінгі Сырымбет қазасы дәурендерінің өткенін әйгілегендей. Өзіне де Алла тағаланың әйтеуір бір жіберетін талқаны таусылған күннің таянып қалғанын сезінді ме үш ұмтыла әрең зорға көтеріліп, аса таяғына сүйене:

– Мынау қалың халайыққа асыл арысымның қазасын хабарлаңдар, - деп бұйырды да, тағы да бір сәт қиял теңізіне шомып кетті:

«О, қайран елге тұтқа болған арысым-ай, жауының десін қайтарған алыбым-ай. Сенде дүниеден өтер уақыт жеткен екен ғой. Екі бірдей қос қанатымнан бір жыл

ішінде бірақ айырылғанымды деші. Бір сөзде сонау Жәңгір хан тұсынан сендердің ерлерді бастап жоңғармен айқасқандарыңнан бері есептегенде, қазақ басынан да не хикметті күндер өткен екен-ау. Ел үшін туылған небір асыл азаматтар қазақ деген атты сақтап қалу, қазақ жерін қорғап қалу үшін тіпті қыршын жастарын құрбандық етті. Олармен салыстырғанда ұзақ-ақ ғұмыр кешкендейміз. Бірақ, әліде жоңғардың бір жолата жеңілуін, қазақтың кіндік қаны тамған ұлан-байтақ жерін жаутабанынан тазартқан тыныш, бейбіт күнді көре алмай кету ғасырға иек артсақ та адам өмірі тым қысқа, қамшының сабындай, тіпті көзді ашып-жұмғандай уақыт екен ғой» - деп армандай налып барып, қиялдауынан енді селт етіп: «Астапыралла, астапыралла әлгіндегі ойларым қанағатсыз пендешілік екен ғой. Тоқсанның кірбегіне ілінген замандастарымның мынадай құрмет үстінде шын дүниелік сапарға аттануы той емес пе? Төлестің өлім хабарын Биекеге естірткенде, егер бұрын туған бұрын өлсе бізде арман жоқ, тең тұстарыңа той жасап бер демеп бе едім. Енді қаусаған қарттарға Алланың ақ өлімі келгенде, мынау менің қай сасқаным. Жоқ өзіме де өлім тұзағының ілінуге жуық қалғанын сезініп, шошына ой кешіп отырған жоқпын ба өзі? Тәйт аулақ! Ол шалың мен емес. Әліде сөзім сөз. Жүз жасқа арналған тостағанның ернеуінен ас ішкенге тән болдық. Күш-қайраттың барында жауға да ереуілдей барыстық, жағасынан алыстық, болат найза салыстық. Ендігіміз ше? Енді айтар ақылды да сарыққандаймыз, аса таяқсыз жүрер жолды да тауысқандаймыз. Енді кейінгі ұрпақтың аманатын өзіне табыс етіп, солардың алдында шын дүниелік сапарға бет түзеу біздің кезегіміз», - деген бекімге келгенде өңі жадырап, денесі жеңіл тартқандай серпіліп қалды.

Сүйіндік қарттың әлпетінен тұңғыш шөжігендей,

шаршағандай хал кешкен жайды Әлмерек алғаш байқады. Сонау айға созылған Ташкент сапарында да мынадай қалжырау әлпетін көрмей қарт бидің саулығына қатты сүйсінген еді. Екі алып замандысының арт-артынан дүние салуы ой иіріміне сүңгітіп әкеткен теңіздегі жалғыз қайықтай қалтылдап қалқып келе жатқан тәтті қиялын бұзып жібермейінші деген оймен Әлмерек жанындағы басқа үлкендерге «үндеме» дегендей ишара жасап, үнсіз отырып қалған еді.

Әлден уақытта қиялдан сергіп селт ете жан-жағына қараған қарт Сүйіндік, арындай аласұрған жүйрік сөздері де ойына оралмай айналасына жұтаң, әлсіз бейнемен сүзіле қарап өтті. Сырымбет қазасын естіген сүт пісірім аралықта, сырқаттан тұрғандай сүлдесін жанындағы бар кісі танып, бар жанның жанарынан аяушылық мен мұңдалады.

Енді Сырымбет ауылына Сүйіндік қарттың атпен баруға халі келмесіне Әлмерек бастаған бар адамның көзі жетті. Төлеске берілген асты басқарысып жүрген, Сүйіндік өзі жастай танып, билікке де араластырып жүрген пысықта, шешен баласы Құдайназар, Әлмеректің тоқ етуімен ауылдағы Сүйіндік би күймесін алғызып үлгірді.

Сүйіндік бидің бір қолтығынан Әлмерек, енді бір қолтығынан өз ұлы Құдайназар сүйеп, Сырымбетке дауыс шығарып келеді. Сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпепті осы болар, сүйкеме сөзді Сүйіндік би әлгінде Сырымбет өлімін естігендегідей өзін тастап жібермей қайта қатайып алған. Елдің сай сүйегін сырқыратар, замандасына деген ағыл-тегіл жоқтауын боздата бір жетті дейсің:

- Ел бастаған арысым,
Жауға айбарлы барысым.

Егер болса, екі ауыл,
Ортаға түскен қалысым.
Жорықта болдың қолбасы,
Төлестей ердің жолдасы.
Ұжымақта болып аруағың,
Ұрпағыңды қолдасын,
Досыңа шуақ асыл ең,
Жауыңа түскен жасын ең,
Кедей-кепшікке арналған,
Мініс, сойыс, бәсірең.
Шоғандай алып абыздың,
Шуағы түскен ұрпақсың.
Албанның атын шығара,
Хангелдің туды шырқап шын.
Қабыл болып тілегің,
Қасына кеттің Төлестің.
Кешікпей менде жетемін,
Ерулік жайын кеңескін, -

деп жоқтауының соңын әзілге сайдырған тұсында жылау соңы күлкіге, Сүйіндік сөз тапқыштығына аунап жатты.

Албан елі, албан атқа мінер азаматы Сырымбет өлімін ұзату, Сырымбетті жоқтауды Төлестен асырып жібермесе, кем қалды жері жоқ дерлік ұзатты. Кеше Биекенің оң-солына Әлмерек пен Хангелді тұрса, енді міне бүгін Хангелдінің оң-солына Әлмерек пен Биеке тұрып Сырымбетті жоқтап тұр. Былтырғы Төлес өлімін ұзатардағы жоқтаудың жаттандысы да, қайталауы да емес, Сырымбеттің өзіндік дара ерекшелігі әйгілене, мадақтаулар жоқтауына қосылған.

Сырымбеттің жаназа намазынан қабыр басына дейін Сүйіндік би бүкіл күш-қуатын қайсарлана жиып, өз қолымен топырақ салып, ұзын сүре Құранның біреуін оқып, аяулы досын қойып қайтты. Бірақ, өз үйіне келгенде селсоқ, есін толық білмейді дерлік

еді. Құдайназар өзі жөн нұсқап, әкесінің төсеніш-жастық, жамылар көрпесіне дейін қадағалай көзден кешіріп тұрды. Ауру сырқаты деуге келмейтін ғажап бір меңдетуден, бала-шағасының қалың киімдерін шешіндіргенінде сезбей, бірауыз сөз айтпай сұлық жатты. Сол жатқаннан қарт би ертесі сәске шенінде ес жиды. Міне осыдан бір жыл сүйеп кіргізіп, сүйеп шығару қаз-қазымен келеді. Құдайназар басқа ел жұмысы, жер жұмысы, жесір дауы, барымта-қарымтаның толастамай келетін кісілерге жайын айтып, басқа билерге жіберіп, әке бабында, ертелі-кеш мөлт кетпей жанында болды. Бір тәуірі Сүйіндік би ес-түстен айрылып сұлық жатып қалмады. Тысқа шыққысы келгенде екі кісілік көтерем болғанымен, орнынан дәрет алғызудан аман. Замандастары мен өзі ұнатқан кісілер көңіл сұрай келгенде, жастығын биіктетіп баяғы әзілі аралас өткір сөздері ағылып кеп тұратын-ды. Осылай бірден-бірге Сүйіндік би сырқатын естіген Төле би мен Қазыбек, Әйтекелер ақылдаса келіп, Тәуке ордасындағы Үш жүздің биіне өкіл етіп іштеріндегі жасы Әйтекенің жанына мықты қорғаушылардан он жігіт қосып, бір жағы Сүйіндіктің көңілін сұрай, енді бір жағы Шығыс Жетісу бойындағы ел жайын ұғысуға аттандырды. Қазақ хан ордасындағы таңдамалы тұлпарларға тақымы тиген Әйтеке бастаған жас жігіттер, кезінде Сүйіндік пен Әлмеректердің қарт бабына қараған керуен қадамы мен ай жүрген жолын алты-ақ күнде басып, Қарқараға ат басын тіреді. Әйтеке би бастаған орда кісілері келеді ешкімнің ойына кіріп-шықпаған сәтте, Әлмерек ауылын сау етіп, түс-тұрқы, киім киіну реті де бөлектеу кісілер келіп мама ағашқа түсіп жатқанын көрген Олжай,

– Әлі аға, ат-тұрман әбзелдері біздің елдікінен бөлектеу кісілер келіп түсіп жатыр, - деп өзі ат ұстауға жүгіре берді.

Жайтандаған жас Әйтекені Әлмерек есіктен шыға таныды. Жүрісін тездете, адымдай баса алдынан шығу мен:

– Ассалаумағалайкүм, - деп соза сәлем берген Әйтекеде өзіне қарсы ұмтылды.

– Уағалайкүмассалам, ой, Әйтекемісің? Айналайын-ау, қайдан, аспаннан түсе қалдыңдар ма? Апырау Тәуке хан ордасының кісілері, қазақтың әйгілі үш биінің бірі біздің жерге де табан тірейтін жай болады екен-ау. Тегі қайдан келесіңдер? Біз келеміз деп алдын ала кісі жіберсең болмай ма?

– Алдын ала хабарлайтын не жай бар Әлмерек аға, сіздердің Сүйіндік бидің науқас жайын, Төле би келді-кетті керуеншіден естіпті. Қазақтың Сүйіндіктей қартының төсек тартып қалған тұсында, естіп жатып елең етпей қайтіп тұрамыз. Әрі Сүйіндік бидің көңілін сұрап, бір жағынан сіздер тұрған Жетісу алқабының хал-жайын, ел жайын ұғысуға Төле бидің ұсынысы бойынша Тәуке хан өзі мақұл болып аттандырды.

– Бәрекелді, бәрекелді! Елдік деген, әділ таразы билік деген, ел қадіріне жеткен хандық деген осы. Бұдан артық Алладан не сұраймыз. Алла осыбір ынтымақ берекемізден, қазақтың өзін-өзі сұраған елдігінен айыра көрмесін?! Тәуке ханға, Төле бастаған қазақтың үш алып биіне рақмет! Әйтеке қадамыңнан жерімізге гүл өніп, елімізге бақыт береке орнасын?! Ал, үйге тартыңдар. Қалған амандықты үйге кіре сөйлеселік, - деп өзі бастап алты қанат ақ боз үйдің есігін аша берді.

Әлмеректің келімді-кетімдісін ескерген Сары келін келудің алдында-ақ арнаған алты қанат үйді айырым тіккен. Мықты тәрбиеде өскен, жастайынан қонағуарлыққа төселген Зәуре жас отауды жайнатып, қамшыдай іліп ала жөнелді дерлік. Бұлардың шаңырақ көтергеніне де ай-пұй дегенше екі жылдың төбесі

көрінейін деді. Әлмеректің тұңғышы Жәнібектің балдыр-бұлдыр тілі де шығып қалған кез.

Қазақтың ошақтың үш бұтындай болған алып үш биінің бірі бүгін Қарқара жайлауында, Албан ауылына келіп, Әлмеректің үйіне түсуі албанның атқа мінер азаматының, Әлмеректің пысық жігіттерінің құлағына жетіп үлгірді. Әйтеке тобының кешкі қонағасысына Әлмерек көкқасқа тай әкелдіріп үлгірді.

Бүгін алыстан арып-шаршап келген Әйтеке би бастаған кісілерге кешкі қонағасыны ертерек беріп, ерте демалдыру мол жол басып үйренген ауыл иелері жағынан ойласылды. Тамақ дайын болғанша, хан ордасындағы Тәукенің, Төленің, Қазыбектің амандығын, басқада сырлас, сыйлас болған кісілердің амандығын сұрасу, ол жақтағы ел жайы жөнінде шертілген ұзақ-ұзақ әңгімелер қонақтарды ертерек демалдыру жоспарды да бұзып, жарым түн ауа барып ұйқыға кетісті.

Әлмеректің үйінен ертеңгі шай, оған жалғасқан жайлаудың май татыған қара құйрықтанған сар қымызы келіп үлгіріп, ұлы сәске шеніне жуықтай барып дастарқан жайылып, қонақтардың: «Сүйіндік бидің көңілін сұрайық, сәлем берейік» деген тілегі бойынша аттар әкелініп жолға шықты.

Әлмеректің үйіндегі Әйтекені күткен қонағасыға Сүйіндік би өзі келе алмағанымен Сүйіндіктің ұлы Құдайназар да келіп үлгіріп, Әйтекенің жан тебіренткен мол-мол әңгімесіне сусындай «шіркін жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығар», - деген осы екен-ау деп әңгіме тыңдаумен болып, жарым түн шенінде ауылына аттанған. Әйтекенің сонау қиырдан алыссынбай келген құрметіне, Әлмерек жіберген жігіттен бар жайды ұғынған Хангелді мен Биеке де әкемізге көңіл айта

алдымызға келер деп бәлсінбей, дереу жетіп үлгіріп дастарқандас болды.

Ұлы сәске мезгілінде Әлмерек ауылынан аттанған қонақтар басқа жаққа ат мойнын бұрмаған бойдан Сүйіндік би ауылына келіп түсті. Құдайназар да оңай пысық емес, таң мен күннің арасында қимылға кеп көне сүрдекке айналып мал қиымен иіс-қоңысты көне қоныстан ауылды жаңа жұртқа қондырып үлгірген екен. Көк майсаға тігілген үйлерден изен, жусан, жуа, көке маралдың иісі мұрынды қытықтайды.

– Ассалаумағалайкүм, - деп өңінен жанға жақын жылы леп ескен Әйтеке үйге кіріп келгенде, ерекше нақышпен жасалған сүйек төсек үстінде артына кепілдеп мол жастық қойғызған Сүйіндік би еңсесін биік ұстап, жасы кіші болғанымен Үш жүзге аты ұран болған қадірлі қонағы Әйтекенің алдынан далаға шыға алмаса да, төсегінде басын көтеріп күтіп отырған еді.

– Уағалайкүмассалам, құлыным, қыран бүркітім, қолымыздағы алтын сақам, Әйтекем аманбысың айналайын? Ел-жұртың аман ба? Асыл ханымыз Тәуке аман-есен бе? Отбасы, жанұясы, Құдай қосқан қосағы аман ба? Балалары ше? Өзіңнің ағаларың, қазақтың қасиетті билері: Төле, Қазыбектің денсаулықтары жақсы ма? Жанын жадыратқан бала-шағалары аман ба? - деп әр сөзін үзіп-үзіп өте анық айтты.

– Аман ағасы, аман. Тәуке ханда, Төле, Қазыбек биде, сізбен дастарқандас, дәмдес болған кісілердің барлығы өте көңілді. Жанұяларымен аман. Барлығы да сіздің науқас жайыңыздан хабар тауып, қабаржып, хал-жайыңызды, әрі сіздің ел-жұрттың амандығын көзіммен көріп келуге тапсырма беріп мені жіберді. Мен ордадағы өзіңіз көрген бар кісі атынан сізден хал сұрай келдім. Барлық тілеулес дос-жаран адамдарыңыз,

тіпті қазақтың ханы Тәуке де сіздің жақсы боп кетуіңізге тілеулес екенін білдіре менен сізге сәлем айтты.

– Рақмет! Жүз жастың кірбегін көрген, асарын асап жасарын жасаған шалға несіне сонша алаң болды. Мен енді екі жүз жасамаймын ғой. Жасағанмен елім үшін енді қолымнан не келер? Алла қазақ хан ордасын ошақтың үш бұтындай көтеріп тұрған үш биді, айналандағы қорғандарыңды аман қылсын.

«Құлазыған шөл жетім,
Құс қонбаған көл жетім.
Шөп баспаған жер жетім,
Бетегесіз бел жетім.
Көсемі жоқ ел жетім,
Серігі жоқ ер жетім.» -

деген емес пе? Құдай осындай жетімдіктен сақтасын. Дегенмен, менің қатарымдағының бәрі кетіп қалды. Олардың ұрпағы да жетімдік көріп жүргені жоқ, ал мен кетсем мына Құдайназар да жетімдік көрмес. Ел-жұртымнан айналдым. Мен науқас боп төсек тартқалы жылға жуықтады. Күніне көңіл сұрай келген он-жиырмадан кем емес. Айналадағы естіген иісі қазақ емес, қырғыздарда арт-артынан келіп тұр. Енді міне Тәуке хан ордасынан, қазақтың үш биі атынан өзің келіп отырсың құдайға тәубе келтірем. «Мың күнгі бейіштен бір күнгі жарық дүние артық» деген сөз бар. Тәуке ханның, қазақтың үш биінің халімді сұрап, өзіңді жіберуі қандай білгірлік. Тіршілікте сыйласу деген осы. Мансабына буланған хан болса, халқымен санаспайтын би болса, бізді не қылады:

«Шөлде жүрген дуадақ,
Көл қадірін білмейді.

Көлде жүрген қоңыр қаз,
Шөл қадірін білмейді.
Тауда жайлап таста өскен,
Ел қадірін білмейді», -

деген айшықты тұжырым теңдессіз биік адамгершілік пен пасық парықсыздықты таразылап тастағандай ғой. Енді Алла аманатын бүгін тартса да ризамын. Арманым жоқ. Әйтеке шырағым, артымда қалып бара жатқан ұрпағым иншалла үмітімді ақтайтындай, - деп кең тыныстай тоқтады. Әлмерек, Хангелді, Құдайназар, Биекелер қонақтың кешкі қамы жайлы ақылдаспақ боп тысқа шығып кеткен орайда, «би болатын жігіттің төбеде болар жұмысы», - дегендей жастайынан сөз бағып үйренген жалынды Әйтеке білгір қарттың әрбір ауыз сөзін салмақтай отырып:

– Сүйіндік би, қарттарда да қарт бар ғой. Құдайым, сіз сияқты ел тілеуін, жер тілеуін тілеген қарттардан айырмасын. Уақытқа амал жоқ, қарттардан айырылсақта, «Қасымқанның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы» дегендей өзіңіз салған, өзіңіздің ағаңыз Шоған абыз салған береке-бірлік жолынан елді айырмасын

Нар қарағай құласа,
Орнында қалған шыршасы.
Жапырақ шығып гүлденіп,
Бұтақ шығып бүрленіп,
Қарағай болмас деменіз, -

дегендей арттағы ел-жұртыңыздың ертеңгі тізгінін ұстар кісілерді өз қолыңызбен орнықтырып кетсеңіз болғыдай, - деп тоқтағанда, Сүйіндік би қолма-қол:

– Мен өлген соң өздерің біл демей, мол ойланып толғандым. Елдің атын ер, ердің атын ел шығарады екен. Елге

тұтқа болар, мен өтей алмай кеткен істі сөресіне жеткізер деп, албанның бас биі етіп Әлмеректі қойып кеткім бар. Бұл істі өзің арқылы Төле биге, жөні келсе Тәуке ханға жеткізіп қоюыңды тілек етемін. Мүмкін жұртымда менің осы ойымнан аулақ кетпес.

«Ақ сұңқар торға ілінсе,
Ұяда қалған балапан,
Темір қанат болғанда,
Үйрек ілмес деменіз», -

дегендей Әйтеке би, ғасырлық жасты босқа жасамадық қой, Әлмеректен үмітім зор, - деп тоқтағанда, Әйтеке осындай оңашасында Сүйіндік ойын толық ұқпақ боп,

– Әлмеректің орнына кімді қоймақсыз? - деп қалды.

– Өзіңмен бұрын кездеспеген Сырымбет батырдың ұлы Хангелді лайық. Әлгінде Әлмеректің аяқ жағында отырған сұлуша жігіт. Рас оның әкесі Сырымбет, ауылдарыңа бізбен бірге барып қайтқан Биеке батырдың әкесі Төлес қайтыс болған.

– Мен әлгінде сіздің бір сөзіңізден аңғарғандай болып, сөзіңізді бөліп көңіл айтуға келмеді. Енді реті келер ме деп отырғанымда екеуі де тысқа шығып кетті. Сырымбетте, Төлесте алашқа аты әйгілі кісілер ғой, - дей беруіне Әлмерек, Хангелді, Биеке, Құдайназар үйге қайта енді. Әйтеке жүрелей көтеріле отырып:

- Батбайтын күн жоқ,
Атбайтын таң жоқ.
Отырсаң ойлап әлемді,
Өлмейтін жан жоқ.
Су алмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Құйрығы суда тұрса да,
Қурамайтын құрақ жоқ.

Жерді су көтереді,
Жүйрікті ду көтереді.
Өлімді ер көтереді,
Ауырды нар көтереді.

Е, Хангелді, Биеке батыр, жазу солай. Ертеме кеш бәріміз баратын жерге әкелеріңіз аттанып кетіпті. Төлес пен Сырымбетті білмейтін кім бар. Албанның ғана емес қазақтың әйгілілері ғой. Бірақ, орнында бар оңалар деген осы. Екі алыптан екеуің сияқты әке мұрасына ие болар ұрпақ қалыпты. Құданың мұнысына шүкірлік деуге болады. Қайғыны қайратқа айналдырып елдеріңнің ендігі ісіне ие болыңдар, - деп тоқтады.

«Айтқаның келсін!» дегендей Хангелді мен Биеке басқа сөзге бармай, жас бидің қайнары тереңде жатқан бұлақтай нәрліде, әрлі тақпақтай жөнелген көңіл айтуын естеріне сақтай ішінен қайталап, Әйтекенің екінші кезек созған қолын алысты.

Осы кезде Құдайназар мен ағасы Балта есік алдына, көк қасқамен ақсарбасты қабаттай ұстап жас би Әйтеке ден бата сұрап тұра қалды. Әйтеке, өңі қызғылт тарта,

– Сүйіндік би, сіз тұрғанда менің бата жасауым жайсыз ғой өзіңіз, - деп қалды. Сүйіндік би,

– Ой, қарағым Әйтеке, жасың кіші болғанымен жолың үлкен ғой. Айлық жолдан кеп отырсың. Сенің батаңа біз зәруміз. Сен жаса, - деді. Көтеріле отырған жас би әзілге басардағы әдетіндей өңінен жымиыс күлкі есе барып:

- Тай әкелдің көк қасқа,
Көк қасқа жолы бір басқа.
Ақсарбасты сойып, тайды қой,
Кенесім құрбы құрдасқа.
Құдайназар атың бар,
Тектіден туған затың бар.

Шешендік дарысын әкеңнен,
Қақ жарып қылды тақылдар.
Берекелі ел болғын,
Оң-солыңмен тең болғын.
Ырысың тасып іргеңнен,
Қызыр дарып, бақ қонсын!
Әумин, Аллауакбар, -

деумен бәрі иллаһи, әумин деп, бірге ықылас жасап бола, бәрі дуылдай күліп кетті.

– «Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгілер» дегендей бәрекелді, мына Құдайназарға Әйтеке бидің ықыласы қатты ауды ғой. Сыншыл би, өз замандасын мөлшерлеп те үлгірген екен. Құдайназардың жасынан Сүйіндік бидің жолын ұстап билік айтуын аңғарған сияқтысыз. Лайым айтқаныңыз келсін?! Әйтеке би, менде осы өзіңіз сияқты Құдайназардың әділ биліктен аумауын тілеген кісінің бірімін, - деп Хангелді батыр теңтұстығын білдіре, үйдегі кісілерді бір күлдіре барып тағы да:

– Бірақ, қазақтың әйгілі үш биінің бірі Әйтеке, сіз, келіп отырғанда сойылмаған көк қасқаны қайтеміз. Ол екеуіне қоса сояр мал тағы бар. Бәрін тізіп келмедік. Сүйіндік би ауылына қазақтың Әйтекесі келді деген сөзді естіп, сарқытыңызды ішпек боп мына Құдайназардың жолдас-жорасының қаншасы келіп, сыртта жүр кім біледі? - деп Хангелді әзілдей тоқтады. Үй толы кісілер тағы да бір күлісіп алып, Хангелді сөзін бәрекелділей қолдап кетті.

– Жарайды,жарады! Менімен құрбы Құдайназар ма десем, Хангелді батыр да тұстас шығып қалғандай. Біреуіңдау алған,біреуің жау алған батыр тәлейімоңынан келген екен. Онда көк қасқа тайға арашашы болмайын, батырекелер алып ұра беріңдер, - деп жымия күліп қойды. Жастардың әзіл-қалжыңына араласпағанымен Сүйіндік би де бүгін сергіп кеткендей.

Кеудесін тік ұстап, шуақтана күліп отырды. «Шіркін Әйтекенің әңгімелерін естісек» деп күбір-сыбыр боп жүрген сөзге құмар жігіттер Әлмерек пен Хангелді, Биекелерге тілекте еткен-ді. Қанша айтқанмен Ташкентте Әйтекемен бірнеше кезек бірге болып үйір-айқас кісіге айналған Биеке, әр істе алдымен сөз бастайтын әдеті бойынша:

– Әйтеке би, әңгіме айта отырыңыз, жақсыны көрмекке дейтін қазақпыз. Мына отырғанның көбі сізді бір көруді аңсап жүрген кісілер. Міне Алла ырыздығыңызды бірер күн болсада біздің ауылға шашып, дәм-тұз айдап, ел-жұрт жайын ұға, Сүйіндік бидің халін сұрай кеп қапсыз. Бұл да құдайдың жақсылығы, ханымыздың халқына төккен шарапаты, - деп тоқтағанда, үй толы адам «жарайсың Биеке»! дегендей көздерінен сүйінген күлкі есе, басқа бар сөз тиылып жым-жырт бола қалды.

– Не жайлы сөйлесек болар екен? - деп Әйтеке, Биекеге күлімсірей көз тастады. Биеке жан-жағына «не деймін?» дегендей толғана қарап өтті. Осы сәтте Әлмерек:

– Е, батыреке, бастамау керек, бастаған соң аяқсыз тастамау керек. Ойыңа алған тұстарыңды сұрап, түсінбек болған көмескі жайлар жөнінде бөгелмей сөйле, - деп қалды. Аз толғанған Биеке жөткірініп алып:

– Ел аузында «Әйтеке бауыздап, Қазыбек іреп, Төле мүшелеп береді» десе, енді бір айтылуда: «Әйтеке алдында әрқандай қиқар даукес жуасып, Қазыбек айтқанда құптап, Төле айтқанда “төресі осы” деп жығыла кетпеске лажы жоқ», - делініп жүр. Бүгін осы айтылулардың мағынасын өзіңізден сұрағым келеді, - деп тоқтады. Бір сәт күлімсірей жан-жағына ойлы көз тастаған Әйтеке бірден ағылып кетпей,

– Мына Биекенің сұрауына шешім айтар кісі бар

ма екен? - деп кідірді. Әлмеректің де, Хангелдінің де, Құдайназардың да аузынан жауап болар талай өрелі әңгімелер келді. Бірақ, Биеке өзі қойған сұрақтың мағынасын өзі де шешерлік ойда еді. Әйтекені сөйлетпек болып әдейге қойып отырған сұрақтар екені анық. Биеке ойын түсінген бәрі де Әйтеке өзі шешімін айтсын дегендей үн қатпады. Енді Әйтеке би үй ішіндегі баршаның өзіне ықыласы ауып отырғанын аңғарып, жөткіріне ұшатын қаршығадай қомданып алып сөйлеп кетті.

– Үш бидің Тәуке хан ордасына алғаш бас құраған мезгіліміз. Орда қызметкерлерінің бір жиылысында, Тәуке хан бүгінгі Биекенің сұрауына ұқсаңқырайтын мынадай бір сұрау қойды: «Хан кеңесіне Үш жүзден таңдап үшеуінді алып отырмын. Жастарыңда бір-біріңнен парықты. Алдыда небір келелі кеңеске, айтыс-тартысқа түсіп төрелігін айтуларыңа тура келеді. Жұрт назары ауып тұрған өрелі іске әділ шешім айту үшін жасы үлкен бастап, жасы кішінің қостауы жөн бе? әлде, жасы кіші бастап, жасы үлкенінің қостауы жөн бе?» - деді.

Хан сұрағына бірінші боп Төле би жауап берді:

«Төбеде тұрғанға екі жағы түгел, беткейде тұрғанға бір жағы әрең көрінеді. Сондықтан жасы үлкеннің, оң мен солын болжаған ағаның алдымен билік айтқаны дұрыс», - деп тоқтады.

Екінші болып сөз алған Қазыбек би:

«Жасы үлкен аға әділ төреші бола алмайды. Себебі оның алдында қаймығары жоқ, жасы кішіде әділ төреші бола алмайды, оның артында қайырлары жоқ. Сондықтан алдында айбарлы ағасы бар, артында именер інісі бар, алды-артына қарайлап билік айтар ортаншы бидің алдымен билік айтуы орынды», - деді.

Мен үшінші рет сөз алып:

«Ағасы келсе ардақтап атын байлағандай, қонағы келсе құрметтеп астына көрпе салып жайлағандай інімін мен. Ағалар сенімін ақтайтын тындырымды іні болса, інінің міндеті басқару, ағаның міндеті басбағу емес бе?», - дедім.

Мәжіліс басқарып отырған Тәуке ханда, ордадағы басқа билерде үшеуіміздің жауабымыз мен мәжілісті аяқтатты. Биеке батыр, осы әңгімем сіздің сұрауыңызға жауап болар, - деп Әйтеке тоқтады. «Биеке сұрауынан орағыта арырақтан асып түскен жауап болды», - деді Құдайназар Хангелдінің құлағына сыбырлап. Сүйіндік би бас изеп «рас-ау» дегендей ыңғай танытып отырғаны байқалады.

Үй ішіндегі басым көп адамға өз жауабы, Биеке сұрағынан басқаша аңғарым тудырғандай таңырқау әлпетін түйсінген Әйтеке тағы бір әңгіме бастап кетті:

«Бір жылы құн дауымен дулат еліне келдім. Онда үш бидің де хан кеңесшісі болып ордаға келмеген кезіміз. Менің келе жатқанымды естіп Төледе дау иесі би қатарында келген екен. Біздің аттарымызды жас жігіттер мама ағашқа қарай жетелеп, жасы үлкен болса да Төле би алдымыздан шығып, қысқа-қысқа амандық-саулық сұрасып арнайы тігілген үйге бастады. Жайғасып болған соң қымыз құйылып, сусыны қансын деді ме Төле би басқа әңгіме қозғамай, “алыңыздар, ішіңіздер” деумен ғана болды. Дастарқан жиылған тұста Төле би:

– Е, Әйтеке інім, жол болсын, - деді.

– Айтқаныңыз келсін, би аға, жол болу болмауы сізден.

Тірімен танысқалы келдім, өліге болысқалы келдім, - дедім.

Төле би орнына көтеріліп:

– Жас болсаң да аңғарлылық істеп тұрсың, қылышың

болса мойнымызға, құшағың болса қойнымызға, - деп тысқа шықпақ ыңғай танытты.

– Би еке, мойын бұрыңыз, - дедім мен.

– Жарлық сізден болған соң жабдық бізден, - деп Төле жүре берді. Төле екеуіміздің сөзімізді әлгіндегі сіздер сияқты қасымдағы жолдастарым түсінбей, - не боп кетті? - деді маған. Мен жолдастарыма:

– Сөз бітті, ердің құны екі-ақ ауыз сөз деген осы. Төле би отау тігіп қыз беретін болды, - дедім.

– Оны қайсы сөзіңізден білуге болады? - деді пысық жолдасымның бірі.

– «Қылышың болса мойнымызға» дегені айыбымызды мойындаймыз дегені. «Құшағың болса қойнымызға» дегені өлген кісінің құнына жасаулап қыз береміз. Жердің жігін шым бекітер, елдің жігін қыз бекітер, төсекте бас, төскейде мал араласып құда-жегжат болып өштесуді қоялық дегені. Менің «биеке мойын бұра тұрыңыз» дегенім, айтқан сөз атқан оқпен тең, сіз ондай пейіл танытсаңыз, менде қосылдым, басқалар бұрмалап айнып кетпеңіз дегенім. «Жарлық сізден болған соң жабдық бізден» деуі, ол жағынан алаңдама, мен енді құда күтудің жол-жоралғысына кетіп барамын дегені, - деп Төле би екеуіміздің жұмбақ келісімді жігіттеріме шешіп бергенде, «адам құны осылай тез шешім тапқаны бар ма?» дегендей аңтарылып тұрған тұста, құдаларға арналған көк қасқалармен ақсарбастарға әуминдап бата сұралып, құйрық-бауыр асап, мәре-сәре құдалық әңгімесі жалғасты да кетті. Жолдастарымның біздің жұмбақ бітім шындығына көздері сонда барып жетті. Осылай үш күн той тойлап, құн дауының соңы сар-сүйек құдалыққа жалғасып, мынау дейтін мықты туысының бір қызын мол жасаумен біздің де деген жеріміздің жігітіне ұзатып берген бір жай бар», - деп бір кідірді.

Енді Әйтекені сөзбен қытықтап әңгіме айтқызудың қажеті қалмады. Қызына сөйлеп отыр.

– Төле би, билікке жастай араласқан, қасиетті де білгір кісі ғой. Білетіні де қаншама мол деші? Әлгінде Биеке батыр үшеуіміздің ерекшелігімізді салыстыра сөз қозғап, әңгіменің қақпағын ашып қойдың, алдымен Төле би жайлы біраз айтайын, - деп кідірді. Үй іші тіпті тыныштала, кейбіреудің алған тынысы да естілермен халде. Әйтеке алдындағы қызыл-қоңыр қаймақты шайдан ауыз толтыра екі-үш ұрттап алып:

– Төленің көк шыбықты ат қып мініп асыр сала ойнап жүрген тоғыз-ондардағы кезі екен. Әкесі Әлібек бидің алдына екі даугер жігіт жүгініске келіпті. Әлібектің рұқсатын алған соң бірінші жігіт: «Бір күн атымды ақ тер, кара терге түсіріп қырдан-қыр аса жүріп індеткен түлкімді мынау менікі деп таласып бермей қойды. Осының төрелігін айтар деп сізге келдік» десе, екінші жігіт: «Сыртынан жүні жетілсін деп бағып жүрген түлкім еді. Оның үстіне түлкі ін қазған жер менікі. Сондықтан түлкі менікі болуға тиісті. Төрелігін өзіңіз айтарсыз тақсыр» - деп тоқтайды.

Әкесінің тізесіне сүйене келіп, екі даугердің сөзін тыңдап тұрған жас Төле: «Әке, осы даудың билігін маған беріңізші?», - деп қалады. Әр іске зер салғыш, ойлы, өрелі сөз тапқыш баласының мына екеуіне тура тұжырым айтарына көзі жеткен Әлібек: «Ал айт, бірақ, дәл басып әділін айт!», - деп жас Төлеге жол береді. Екі даугер іштей жас баланың тура билік айтуына шұбаланады. Бірақ, әрі-сәрі болмаған жас Төле ешнәрсені қаперіне де алмай, «түлкі арлан болса сенікі» - дейді. «Қырдан қуып келіп індеттім» дегенге. «Ұрғашы болса сенікі», - дейді «жер менікі» деген жігітке. «Бала» деп Төлені олқысынған екі даугер, Төле

сөзінің мағынасында түсінбей аң-таң болады. Екеуінің қылығына қарқылдай күлген Әлібек:

– Ұлым тура өкім жасады. Түлкінің арланы тұз сақтайды. Ұрғашысы ін сақтайды. Инді қазып көріңдер, - деп бір-екі қалыс қосып береді. Түлкі арлан боп шығып қуып келген жігіт жеңіп алады. Міне осыдан бастап Төленің «Бала би» аты жайылады.

– «Қарлығаш би» атануы қалай? - деп қалды Құдайназар.

– Жарайды замандасым, сенің сұрауыңа жауап бермесем болмас. Әзілмен айтса да Хангелді сөзінде бір шындық жатқандай. Илләйім әкеміз Сүйіндіктің жолын ұстанғайсың, - деп, жаңа бір әңгіме бастардағы әдетінше, кереге басындағы әлдебір ноқатқа әредік көз тоқтата отырып барып, Әйтеке сөзін қайта жалғап кетті: «Төле бидің бір өзіне “бала би”, “қарлығаш би”, “дана би”, “Төле би”» деген аттар қойылған. Бала биін әлгінде айттық. “Қарлығаш би” атануы былай екен:

Жоңғар жойпаттары жолында кезіккен елді қырып-жойып, айбарлана сес көрсетіп, шабуылдау әдеті екені жұртқа әйгілі. Осындай бір ретте елдің бәрі тау-тасқа үрке көшіп, кешігіп естігендермен бір бөлім салақтары жоңғарлықтардың табанында қалып қояды. Осындай бір тұста жаудың келе жатқан хабарын алдында естісе де Төле би сегіз қанат ақбоз үйін жықпай қаннен қаперсіз отыра береді. Қолбасыларынан істің жайын естіген жоңғар ханы Ғалдан: «Менің қаһарымнан қаймықпаған ол қазақты көзіммен көріп, кімде болсын өз қолыммен басын алайын!», - деп өзі келеді. Жанында бір топ қолбасы, нөкерлері бар келген Ғалдан хандық айбармен: - Менің жер қайыстырған қалың қолым келе жатыр дегенді күншіліктен естігенде, тау-тастағы паналап үрікпеген қазақ жоқ, менің қаһарымнан қорықпаған сен қандай жүрек жұтқансың?! Басыңды өз

қолыммен алайын деп келдім, - дейді. Айғұлақтанған жоңғар ханының сөзін тыңдап болған Төле:

– Сенің қаһарыңмен заһарыңнан қорқамын. Бірақ, ана үйдің шаңырағына ұя салған қарлығаштың сары үрпек балапандары менің көшуіме мүмкіндік бермеді. Ұясын бұзсам, барлығы қырылып қалады ғой. Қазақ халқының салтында балапандар қара қанат болып ұшып кетпей, ұя бұзу ауыр қиянат. Қарлығашты қазақ елі сыйлайтын құс. Көшпеген жайым осы. Анау жас балапандардан менің жаным артық емес. Басымды әзір алсаңыз да қарлығаш ұясын бұзып көше алмаймын, - дейді.

Мына жайды Төле би аузынан ет құлағымен естіген Ғалдан: «Мынадай басшысы бар елді қыруға болмайды екен», - деп осы жолы соғыстан ат басын іркіп, кейін қайтқан бір жайы бар, - деп тоқтағанда, үй толы адам Әйтеке әңгімесіне тебіреніп те, Төледей қасиетті биге сиына еміреніп те кетті.

Қызынып алған Әйтеке енді Төле би жайлы ауыздық басқан тұлпардай арылап ұзай түсті. Өзінің шаршап келгенінде ұмыта, басқы тауық шақырғанда жастыққа бас қойды. Әңгіме құмар жандар Сүйіндіктің сегіз қанат үйіне лық толып, кірпік қақпады дерлік бейнеде Әйтекені тыңдады. Биеке сұрауынан туындаған әңгіменің жалғасы Қаздауысты Қазыбек ерлігімен шешендігі, сөз тапқыш білгірлігі талай таң тыңдаушысын тамсандырды.

Әйтекенің келуі сұлық жатып қалды дегідей Сүйіндікті желмен желпіп көтергендей өзінде, ауылды да аң-таң қалдырған серпіліс болды. Сүйіндік би құрметті қонағының жанына атқа мініп ере алмағанымен, кешкі қоналқы тұсында мол сырласты. Әйтеке ел аралап қайта оралысында бірде Әлмеректің үйінде, бірде Хангелді де, кейде Биеке ауылында болғанымен, көбінде қарт

бидің жанында болды. Бұлбұл көмей Сүйіндік сөз кестелерінен үлгі-өрнек алып қалғысы келе ме, әр рет тың ой тастап, жаңа бір нұсқаны сөйлетіп, қарт шаршайын дегенде жалғасын өзі іліп ала жөнеліп, Сүйіндік бидің тынығуына орай жаратады.

Кейде қазіргі жағдай, бірде қазақ басынан өткен күндер, енді бірде қазақтың ертеңі жайлы мол-мол әңгімелер айтып сырлар шертісті. Осы сыр-сұхбаттың бәрінде Әлмерек, Хангелді, Биекелер дерлік Әйтекемен дастарқандас болып, өмірде естіп білмеген небір хикметтерді тіпті қазақтың үш жүз жылдық тарихына бойлап, ұшан-теңіз дүниені өз бастарынан өткергендей ғажап кешулерді естіді. Алтын қордан дорбалап болмаса да, қажетіне қарай інжу-маржан тергендей қазақтың қазақ болып қалыптасу тұсындағы талай-талай қан кешуді де ет құлақтарымен естіді. Таудай сөздің тарыдай түйінінде өздерінің елді, жерді қорғап жоңғармен жағаласу, не асыл азаматтардың осы бір ұлағатты іс жолында өзін құрбан етуге дейін баруы әлмисақтан жалғасқан қазақтың баға жетпес асылы екенін албанға тұтқа болар ендігі үшеуі терең түсінді. Бабалардың кешегі ерлігіне де, өздерінің соған мұрагерлігіне де, көңілдері шаттанып, иә, Алла осы бір аңғарлы жолыңнан адастыра көрме деп тәубе келтірісті.

Әйтеке қанша дегенмен Тәуке хан ордасындағы маңызды кеңестің шетінде болуға тиісті үш бидің бірі ғой. Шығыс Жетісу бойындағы сапарына айға жуық болғанда, ордадан тез оралу жайлы бұйрық келіп, шұғыл жолға шығуға тайындалды. Аттанар алдында Сүйіндік би қасына келіп қош-қошын айтуға мойын бұрды.

Сүйіндік би:

– Е, Әйтеке, өзіңмен ең соңғы кездесу ғой мен үшін аманатымды Тәуке ханға болмаса да, Төле биге жеткізе

бар. Айтылмаған сыр, ақтарылмаған әңгіме қалмады. Елімнің ендігі тізгін ұстайтын азаматтыры өзіңмен көп рет сыр-сұхбатта болып тәрбие алды. Алла өзі оң ретін келтірген айта қаларлық іс болды. Жаныңа жамандық жоламасын рақмет! Ордадағы бәріне ризамын. Алғыс, сәлемімді жеткізе бар. Әйтеуір қазақты осы береке-бірлігінен айырмасын, - деп сөзінің аяғын кемсеңдей айта алмай кідіріп қалды. Енді Сүйіндік жанында бұдан көбірек іркілсе, қарт жайының қиындарын аңғарған Әйтеке Сүйіндік бидің қолын қатты қыса сыртқа беттей берді.

Әлмерек пен Хангелді, Биекелер Ұзынағаштағы шапырашты Қарасай ауылына дейін ұзата келіп, былайғы жолда алмастырып міну үшін арнайы алакелген Жегісудың бөрі маңысты тұлпар тұқымдас сайгүліктерінен әр адамға бірден жетек беріп, ендігі сапарына Қарасай ауылының жігіттері ілесті.

Әлмеректің қайын жұрты, Биекенің нағашы жұрты, Хангелді құрметті құда жігіт болып, Қарасай ауылының замандас жігіт-желеңі ертесі ауылға қайтып кетулеріне көнбей, бірінен соң бірі малдарын сойып, ойын-сауықшыл, әнші-күйші өнерпаздарын жиып кеште алтыбақан, күндіз көкпар, қыз қуар ойындарын ұйыстырып, бір апта жібермеді. Бірінің көңілінен бірі ыстық сауық құрып жүре берсе, апта емес айда кемдік етердей думаннан-думанға ұласқан күндер. Ақыры Әлмерек, Хангелді, Биеке үшеуі ақылдаса келіп, енді ойын-сауықты доғарып, елге қайтуды жөн көрді. Әсіресе Сүйіндік бидің науқас жайы үшеуін байыздатып жатқызбады. Қарасай ауылындағы тұстас азамат, қайын жеңге, нағашы жұрт, құда-жұраттарға мол-мол рақметпен қош-қошын айтып ауылдарына тартты.

Әлмерек, Хангелді, Биеке үшеуі Ұзынағаштан ұлы сәскеде атқа қонып жүрісті аттармен жолды ұта жүріп,

Ақтоғайды басып өтіп, Жылысайға жете қонды. Ел шетіндегі барып-келгендердің айтуында Сүйіндік би әзірге аман. Бірақ, үш батырды әлсін-әлі жоқтап ауызға ала беретін сияқты. Мына сөзді естігенде жас болса да талайды басынан өткеріп қалған Әлмерек пен Хангелді, Биеке батыр үшеуі біріне-бірі қарап, елең етіп қалды.

Қонған үй иесіне ертеңгі шайды ертелеп беруін, күн шықпай атқа қонатындықтарын білдірді де, бүгінгі түнгі әңгімені ұзартпай ертелеп жатып қалды.

Таң намазына қонақтар қозғалумен үй иесіде ертеңгі шай қамын жасай, Әлмеректер күн шықпай атқа қонып үлгірді. Қарқараға ол жақ бұл жақтан жылқышылар сауын биелерді төгілте айдап кеп, желібау басында құлын ұстап абыр-сабыр боп жатқан тұста ілінді. Жол-жөнекей жылқы қайырыстаған жігіттерден аңыз байқауларында, әйтеуір Сүйіндік би туралы жаманат жоқ. Енді үшеуі қатарларын жазбаған бойы Сүйіндік бидің мама ағашына аттарының басын тіреді. Әлмеректердің ауылға тақап кеп қалғанын үйге кіріп-шыққан бала-шағадан естіген Құдайназар тез басып далаға шығуына жас жігіттер үшеуінің аттарын алыпта үлгірген еді. Аман-сәлемнен кейін Құдайназар:

– Апырау Түркістанға бірақ өтіп кеткен жоқсыздар ма? Айтуларыңызда, Қарасай батыр ауылына жеткізе қайтамыз демеп пе едіңіздер. Әкем басқа ешкімді керек етпейді. Әлсін-әлсін «апырай әлгі Әлмеректер келсе болатын еді», - дей береді. Ауыл маңынан атты кісі өтсе де «Әлгі Әлмеректер-ау деймін», - деп құлағын түреді. Неге сіздерге зәру боп кеткенін менде түсінбедім. Әлде сіздерге айтар сөзі бар ма, аманатын табыстап болып, замандастарының жанына кеткелі жатыр ма деп сескенемін. Неде болса келгендеріңіз жақсы болды ғой. Сіздерді аңсап күтіп жатқан әкемнің әуенін әуендеймін деп сыртта дүсір шығып, ит үрсе менің де жүгіріп шығу

әдетіме айналып қалды, - деп араласпасыз шынын айтып тоқтады.

Әлмерек, Хангелді, Биекелер жай уақыт болса Құдайназарға бірнеше ауыз қалжындарын ағытып, бірнеше күліп тастар еді. Ешқайсысы ләм деген сөз айтпай, өздерінің кешіккендеріне мінді болған кісідей үйге ене берді.

– Ассалаумағалайкүм, - деп үшеуі де соза дауыстай табалдырық аттай берді. Сүйіндіктің бас-аяғында тұрған немерелері, Әлмеректер келе жатыр дегенде-ақ, басын биіктетіп, иығына шапанын жауып ретке келтіріп үлгірген еді. Бірнеше күннен бері сұлық қалған Сүйіндік би өңіне қызыл жүгіріп, жанары жадырап.

– Уағалайкүмассалам, - деп үш батырының бірінен соң бірі ұсынған қолын алып, - жоғары шығып отырындар, жоғарыландар, көрпеге, - деп баласы құры қонақтарын «хан көтере» дегідей әкелік мейірмен қабылдады.

– Е, шырақтарым, Әлмерегім, Хангелдім, Биекем келдіңдер ме? Құтты қонақтарың еліне алаңсыз жететіндей боп аттанды ма? - деп бір тоқтады. Әлмерек,

– Қадірлі би ата, ойлағаныңыздай орналастырдық. Қарасай батыр ауылынан әрі қарай шапырашты жігіттері ие болып алып кетті. Менің қайын жұртым, Биекенің нағашы жұрты өзіңіздің құдаларыңыз жібермей бірер күн аялдап қалдық. Кешігіп қалғанымызға мынау үшеуміз атынан сізден кешірім сұраймын? - деп тоқтағанда, Сүйіндік би:

– Жөн-жөн, солай болды ғой деп менде ойлағам. Әйтекемен бірге Әулиеатаға қарай өтіп кетпес деп жобалағам менде. Дер кезінде келдіңдер қарақтарым. Құдайдан не тілесем беретін сияқтанады да тұрады. Мыңда бір шүкірлік тәубе келтірем бұған, - деп бір сәт тыныстап жатып.

– Әлмерек, - деді мойнын төрге қарай сәл бұрып.

– Иә, би ата, мен бармын. Бір жұмыс айтасыз ба? - деді Әлмерек.

– Жұмыс бар, жұмыс болғанда қандай? Тығыз жұмыс. Күн қай уақ болып қалды, - деді шаңыраққа күнсала сығалай.

– Ұлы сәскеге таяп қалды ғой би ата.

– Ой, ерте екен ғой. Қаншама қыруар жұмыс болса да бітірер уақыт бар екен. Әр ауыл ақсақалы, албан жасағының жүз басыдан жоғары сардарлары мына Тұз көлдің шығыс қыратына түс шенінде жиналсыншы? Қолы бос қойшы да келсін. Ауылынан ұзап кеткенінен қалғаны қалмай жиылсын. «Сүйіндік шақырды дендермен» мен енді қанша әурелей береді дейсің. Еліме, жұртыма айтарым бар, - деп тоқтады.

– Дереу қолма-қол атқарамыз би ата, - деп Әлмерек орнынан көтеріле, Хангелді, Биеке екеуі де ілесе жүрмек болды. - Тоқтаңдар! - деді Сүйіндік би өңінен мейірім шуағы төгіле.

– Ей, Құдайназар, - деді дауыстай.

– Бармын әке, не дейсіз, - деп Құдайназар төсегінің жанына кеп тізе бүкті.

–Үш саптаяққа қымыз құйдыршы. Мына үш замандасың алыс жолдан сусап келді ғой менің қолымнан ертеңгі ас ауыз тисін, - деді. Құдайназар әйелдер жағына ым қағумен, үш қос саптаяқтың күміс ернеуін жалаған Қарқараның қара құйрық қымызы келе берді. Біріншісін, Сүйіндік би қос қолдай Әлмерекке, екіншісін, Биекеге, үшіншіге келгенде, «Хангелді соңынан берді деме, ана екеуінен жасыңның кішілігін еске алдым. Бірақ, сенің жүгің ауыр» деп ұсына берді. «Жөні солай, жөні солай би әке, дәл тауып айттыңыз», - деп Хангелді де бір тізерлей шараны қос қолдап ала берді.

Үш батыр Сүйіндік би ұсынған қос саптаяқтағы

қымызды бір демалмаған бойдан көтеріп тастап,
Әлмерек:

– Би ата, бұйрығыңыз айтқан уағыңызда орындалады, - деп үшеуі бірдей есіктен шыға берді.

Түс мезгілінде Қарқарадағы Түзкөл Белегірінің шығыс мұрыншасындағы жатағандау қыратына ауылдың ақсақалы мен атқа мінер азаматы ғана емес тай-тайынша мінген баласына дейін қаракорым болып жиналды. Құдайназар әкесі Сүйіндікті сәулетті күймесіне отырғызып, көпке көрнекті тепсең үстіне тоқтата,

– Әке, айтарыңызды осы күймеңізде тұрып-ақ айта беріңіз. Жерге түскенмен, жұрт даусыңызды толық ести алмас, - деп еді Сүйіндік:

– Түсіріңдерші шырағым, азырақ тік тұруға Алла қауқар беріп қалар. Әлгі аса таяғымды алып беріңдерші? - деді. Құдайназар, Әлмерек пен Хангелдіге қарап еді, Әлмерек,

– Түсірсек түсірелік екі жігіт екі жағынан демеп тұрсын, - деді. Қолына аса таяғын ұстатып, бір қолынан өз ұлы Құдайназар, енді бір жағынан Хангелді сүйемелдеп күймеден түсірді. Жылға жуық төсек тартқан ғасырлық қарт бидің лебізін естімекке жұрт жатағандау қыраттың етек жағынан қоршай ентелеп құлақ тікті.

Басында жиегін қарабарқытпен қиюлаған, алды үшкілдене қайрылған ақ қалпақ, аппақ күмістей төгілген тал-тал сақалымен күн көрмей ақ шөлмектенген ашаң жүзіне жарастық берген. Зермен тігілген жалаң оқалы шекпен, камзол бәрі-бәрі би тұлғасын қарттық безену келбетімен айшықтай түскен. Көпті ойлыда сағынышты жанармен айнала шолып өткен Сүйіндік би әдетінше даусын кенеп:

– Айналайын елім, жұртым, қадірлі ақсақалдарым, елдің қорғаны болған наркескен ер-азаматтарым, ертеңгі

үмітім, ұрпағым, бүгін осы араға өздерінді шақырып отырған менмін. Бірауыз лебізімді жерге тастамай жиылысып келген елдіктеріңнен, құрметтеріңнен айналдым. Алла, осы ынтымақ-берекелеріңнен айырмасын! - деп қарт сәл тыныстады. Сөйлеген сайын даусы баяғысынша арындай, саңқылдай сонау сай табанындағыларға дейін толық естіле ұйып тыңдап қалған. Қарт билерінің тәтті лебіздерін сағынып қалған ба? Әлде көпте бір нәрсе сезіп, Сүйіндік би сөзін тыңдап қалайық дейме, күбір-сыбыр, әзіл-қалжың, сыңқ еткен күлкі дегеннен түк жоқ, ың-жыңсыз, телміре-тесіле, енді не айтар екен, енді не айтар екен дегендей бір ынтық ентелеумен тұр.

Сүйіндік халқын, айналасындағы тау-тасын, Қарқара даласын, мөлдір бұлақтарын көзімен аймалап өткендей бір шола кең тыныстап алып, екі жағындағы Құдайназар мен Хангелдіге енді сүйемендер дегендей ым қағып, бір адым алдыға өте, аса таяғына сүйене сөйлеп кетті,

– Мен енді өздеріңнің араларыңнан ұзатып салар қонақтарыңмын. Құдайдың жазымышына ризамын. Артымда қара нөпір елі бар Сүйіндікте арман жоқ. Елім өзіңе тұлға болар, тұтқа болар ерлер мына менің жан-жағымда тұр. Мен көзімнің тірісінде көп алдында бір істі айтып кетпекпін. Албанның бұдан былай менің орнымда тұрып билік жүргізер ел басысы Әлмерек болса деген ойым бар. Жұртым ұнатасың ба, жоқ па? Ет құлағыммен естиінші? - деп тоқтағанда,

– Тауып қойдыңыз, ұнатамыз, - деп ел шулап кетті. Ел-жұрттың ішінде біреулердің басқаша пікірі бар ма, айтар бөтен ойы бар ма?- дегендей үнсіз шолып өтті.

Халық қиын ғой. Қарт бидің ойын түсінгендей:

– Әлмерек албанның бас биі болады, бөтен айтар жоқ, - деп тағы шу ете түсті. Енді Сүйіндік бидің

әлгіндегі ақшулан өңіне қызғылттанған қан жүгіріп,
өңінен қуаныш күлкі есе,

– Рақмет елім, рақмет жұртым! Ой-ниетіміз бір арнада тоғысты деген осы. Бүгіннен бастап бас билерің Әлмерек. Осылай деп Тәуке ханда, хан ордасындағы кісілерде танитын болады әлі. Бәріңе белгілі Әлмерек қазақ жасағының бас қолбасысы еді. Енді осы орынға кім лайық, өздерің айтып көріңдерші? - деумен бір шашауы жоқ,

– Хангелді!- деген зор айбарлы үн Мыңжылқы қарағайына дейін жаңғырықтырып, ол шетімен бұл шетіне көз жетпейтін Қарқара аумағына естілгендей сілкініс тудырды.

– Хангелдіден басқа айтарларың бар ма? - деді Сүйіндік. Жұрт би қанағаттансын деді ме, әлде ниеттерін қайталай білдіргісі келді ме,

– Хангелді, Хангелді, Хангелді! - деп үш рет қайталап, бүкіл жайлауды жаңғырықтырды.

– Осы бір пейіліңнен, осы бір мейіріңнен айналдым жұртым. Мен бүгін, дәл әзір алдарыңда дүние салып кетсем де, артымда алаңдайтын шала ісім қалмағандай. «Дүниеде армансыз пенде болмайды» деуші еді. Елді еліктейтін түкте жайым жоқ, мен өзімді армансызбын деймін, - деп Сүйіндік би Құдайназар ұсынған бір жұтым сусынды сіміре, таңдайын жібітіп алып тағы сөйлеп кетті.

– Елім, жұртым ықыластарыңа ризамын. Менің бүгінгі бірінші ойға алғаным осынау жиылған көп қауыммен ниеттес, тілеулес болып бір арнаға құйды деп қараймын. Мына тұрған көптің ішінде екі жүз шамалысы қызық қуып келген тай-тайыншамен көкпар тартатын ұрпағым көрінеді. Бүгін бұлар тай-тайыншаның иесі болса, ертең болашақ үмітімнің иесі. Осылардың қатысуыда мен үшін үлкен мақтаныш.

Ертеңгі күні бұлар біз он-онбір жасымызда Сүйіндік биді көргеміз, мәжілістес болып сөзін естігеміз дейді-ғой. Осының өзі оларға да, маған да зор бақыт. Ал қалған естиярың ойымды түсінген боларсың, - деп тағыда жұртты қимастық ыстық жанармен шолып өтіп, бұдан әріге сөйлер халімде жоқ. Бұдан көп сөйлесем «шал алжыпты» деген өсекке де қалармын. Көбіңнен ендігі тілерім ынтымақ, береке. Қазақ жұдырықтай жұмылса, жоңғарды жеңетін қайсар бір күш қанында бары белгілі. Күншіл бақталастық, бас-басына би болғысы келетін берекесіздік қазақтың түбіне жетер жауы. Екінші айтарым осы, - деп таяғын бір сілтеп күймеге шығар дегендей Құдайназарға ым қақты! Сүйіндік бидің күймесі сырғып кеткенше, ел ың-жыңсыз мамырдағы үлбіреген жібек самал шайқаған бетегедей толқып тұрды.

Сүйіндік би өзінің сегіз канат ақ ордасына келіп, күн нұрына жайылып реттеле түскен мамық төсенішті сүйек керуетіне жатқызылып, өңінен қуаныш лебі есе сүт пісірім мызғып кетті. Кәріліктің демік қысқан қырыл-сырылынсыз жас балаша пысылдай ұйықтап барып, әлден уақытта:

– Құдайназар, - деді.

– Иә, әке, мен міне жаныңыздамын. Не, бір нәрсе айтасыз ба? - деді. Құдайназардың қолын сыртынан сипап өтіп, қуатсыз саусақтарымен шамасынша қатты қыса аймалап барып:

– Әлгі Әлмерек, Хангелді, Биекелер бар ма? Жоқ үйлеріне кетті ме? - деді.

– Бар әке, үшеуі де сізбен бірге келді ғой. Өне төріңізде отыр, - деді Құдайназар Әлмерек бастаған үшеуі де тізелерімен жылжи Сүйіндік би төсегін жағалай келіп, «міне біз жаныңыздамыз» дегендей

көздерін Сүйіндік би көзіне қадады. «Е, бар екенсіңдер ғой» дегендей, Сүйіндік би рақаттана езу тартып:

– Үшеуінді Құдайназарымнан кем көрмеймін. Мен бүгін үлкен мұратыма жеттім. Бүгінгідей іске мұрсат берген Аллаға мыңбір тәубе! Халқыма айтарымды айтып бақылдасып қайттым. Енді сол елмен осындай Сүйіндік бола алдым. Көптің білері де, білмесі де болады. Білерін ғана мақтап, білмесін даттай беру жөн емес. Біліктілер арқылы білмеске жөн көрсету іскерлік. Асауды басқа сабалай берсе не шығары белгілі ғой. Онымен көпті былғауға, көпті жамандауға болмайды. Бұл сендерге бірінші айтарым.

Енді бірін көп алдында айтыпта болдым. Қазақ ынтымақтасса алмайтын жауы жоқ, намысқой, жауынгер халық. Егер қазақ жұдырықтай жұмылса, жоңғар қанша көп, күшті болса да түбінде жерлейтіндігіне көзім жетеді. Әлмеректің: «Қазақтың Үш жүзі ошақтың үш бұтында, жұмыла көтерген жүк жеңіл...» деген сөзін Тәуке ханда, қазақтың үш биі де құптаған ғой. Осы бір аңғардан ауытқымауларыңды тілеймін. Қазақтың сырында, шынында, айықпай келе жатқан мінінде қалдырмай айттым. Сол міні ішкі жақтағы жауы. Сыртқы жауынан қатерлі ішкі жауға алдырмасаңдар, сыртқы жауға алдырмайсыңдар.

Мен сияқты бір кәрі сал тартып жатқанда ауылының атқа мінер азаматы: «Қария бізге айтар ақыл-өсиетіңіз болса, айтып кетіңіз?» - дегенде әлгі қарт қолма-қол: «Айтар ақылдарың болса, қайта маған айтыңдар, танымаған, көрмеген жерге барам», - деген екен. Мен олай емес, айтарымның бәрін ақтардым, енді көп қыртпайын. Төлес пен Сырымбеттен де ұят шығар. Олар мен келеді деп күткелі қаншама күн болды? - деп жай миықтады. Сүйіндік би өмірдегі ең соңғы сөзін

де әзілмен аяқтап, тындап тұрғандарды тағы бір езу тартқызды. Енді Сүйіндік би күлімсіреген әлпетте үнсіз жатыр. Тағы сөйлер ме деген үміт басым бірақ, қайта сөйлеген Сүйіндік жоқ...

Міне, албанның әйгілі Сүйіндік биі де пәнилік сапарын аяқтап бақиға аттанып кетті. Құдайназар бастаған Сүйіндік ұрпағы бүкіл халқына: «Сүйіндік билеріңнен айырылды!» дегендей, тыста - «ойбай мекем!», «қормалым әкем!», «ақылшым атам!», - деп ышқына боздап қоя берді. Ауыл айналасындағылар: «О, Сүйіндік би кеткен екен ғой», - деп бауырымдай дауыстап кеп жатты. Пысық жігіттерге таңдаулы аттар мінгізіп, ат жетер жерге түгел хабаршы аттанып үлгірді.

Төлестің одан көп ұзамай Сырымбеттің соңғы жұмысын тындырған Әлмерек, Хангелді, Биекелер Сүйіндік қазасының соңғы жұмыстарын айта қалсын жөнелтті. Сүйіндіктің қыз-келіндері жыл уағына дейін дауыс айтып, асында ат шауып туын жықты.

IV. Бірлік – Ұлы күш

Шебік қаһарланған ашуда айтып алғанымен, қайтып-ақ жеңілісіне мойынсал болып, тау-тастағы жабайы аңдар қатарына қосылып кетсін. Көктемнің лайсаңында бір ай жол басып, ат пен адамның суық пен аштықтан қырылғанын жол бойы қарға-құзғынның сыбағасына беті ашық тастай отырып жүз елу адамымен сәуірдің басында қоңтайша ордасына зорға ілінді.

Жоңғар қоңтайшасы Ғалдан Бошқтұ он мың адамдық зор қосынынан, ерек сенген қолбасыларынан айырылып қалғанына іші удай ашыды. Жолбарыс терісін жамылшы еткен алтын тағына неше отырып, неше тұрып қатты күйікті. «Сен солардан қанша артық едің, сен қалай өлмей жеттің мұнда!» деген ашумен, тізерленген бойда екі қолының үстіне басын қоя мөргіп¹ жатқан жас қолбасыны көк желке тұсынан қылышпен қия шауып тастамақ болып, «қой, мынау жасағым, бас иесіз қалған қиын жағдайда ес қатқан жас қой. Бұның сонша ауыр жол азабын тартып, ақуалды бүкпесіз жеткізуінің өзі мен үшін адалдығының қаншама тереңдігін бейнелеп отыр. Мұндайлардың басын алсам, алдыма майданның шын сырын айтып кім келмек? Ең кемінде мынау ендігі жорықтың жол бастаушысы болса да қайда тұр.», - деп қылышын қынабына сала беріп, енді аяп кетті.

¹ Мөргіп - Аяғына бас қою ма ғана сында.

– Болды, ұқтым бәрін, көтер басынды. Мынау хан ордасының есебінде ерекше күтімге алынсын! Денсаулығын қалпына келтіріңдер. Әке-шеше, қатын-баласы да жанында болсын. Әбден тынайған соң айырым сөйлесем. Оған әліде уақыт бар, - деп орда қызметіне жауапты уәзірге иек көтерді. Уәзір, - құлдық! - деп, басын тізесіне жеткізе иіп, қол ишара жасаумен екі күтуші Шебіктің екі жағынан сүйеп, сыртқа беттей берді .

Жоңғар қоңтайшасы Ғалдан Бошіктұ бүгін жарым түн ауғанша ұйқысы келмей, біресе оң жамбасына, біресе сол жамбасына аунап дөңбекшіді. Ұлы жүз албан жерін он мың қолмен ала қоймақ ойының тым үстірттігін аңғарды. Қазақтың оңайлықпен жан бере қоятын осал жау еместігін алғаш түйді. Сан ойды салыстыра келген бекімі: «Екі - үш жыл дайындалуым, жасақты мықтап жаттықтыруым керек. Шешінген судан тайынбай қанша дүние-мал кетсе де Ресейден дала соғысына қолайлы қару-жарак, зеңбіректерден алмасам болмайды.

Ертіс бойында соғыс сап жатқан жиырма мың қолдың жеңісін тойлап бола, Жетісуға қайта шабуылға аттануым орынды. Шонжының он мың қолмен күйреген жеңілісіне от алып қопаға түсіп көктемнің көк өзек арықшылығында Ертіс бойынан Қарқараға асығып-үсігіп әскер жөткеу ауыр зиянға ұшыратары баяғыда. Екі-үш жыл тастап, қазақ енді келер жау жоқ деп жасағын таратып, жастығын биік қоя маужырау күйге өткенде, баса-көктеп кіріп, тыпыр етпестей кеудесінен басып қалып кек алу – ақылдылық. Мақсатқа жете алсақ, төрт-бес жылда кештік етпейді. Әзір ең жақсысы Ертіс атырабындағы алдырмай аласұрған қазақ қолын жан-жағынан қоршап жою соғысын жүргізіп, екінші бас көтерместей ат тұяғында таптап өту керек.», - деп бір тыныстады. Бір аунап түсіп, осы бір тәтті қиялмен

желпінген жеңісін бұзып алмай ұйықтап кетуге қаншалық бой ұрса да, шұрайлы алқаптарды мекендеген қазақ көз алдынан шұбырып бір кетпеді. Жер бетінде олар өмір сүрсе анау құйқалы өңірді өз меңгеруіне алу мүлде мүмкін емес сияқты .

«Шіркін қазақтың тұс-тұстан қылтиып келе жатқан алтыбақан алауыз болып, билікке таласуы желді күнгі өрттей лаулап өрекип түссе, қазақтың Үш жүзі біріне-бірі ат ізін салмастай хандықтарға бөлініп, жәркемделер еді. Әй, анау Тәуке деген шораяқ пен онан бітті қазақтың басын біріктіріп тұрған Төле, Қазыбек, Айтеке деген үш биінің көздері жоғалмай қиын-ау» деп, тағы бір аунап түсті. «Өттең сол күн бір туса, қазақты ұрпағымның ұрпағы, мәңгілік қызын күң, ұлын құл ететін билік құрар еді», - деп балаша шалықтады. Енді қазақтың шұрайлы өлкелерін елестетті. Оңтүстік шығысы Өртеке, Іле басы, Алатаудан бастап, батыста кезінде Шыңғыс алған Әулиеата, Шымкент, Отырар, Түркістанға дейін солтүстік жағы Алтай, Тарбағатай, Алакөл, Ертістен еңдей өтіп Көкшетау, Нұра, Торғай, қырғызға созылған жалпақ далаға билікті бір жүргізсем, - деп сілекейін қайта-қайта жұтынып жатып, көзі ілініп кетті.

Осылай Ертіс майданының жеңісін күткен Ғалдан күндері көз ілеспей өтіп жатты. Қарқара майданындағы ауыр жеңіліске дәл үш ай болған кез Ғалдан түскі астан соң әдетінше мызғап кеткен еді. Есікті жұлқа ашқан әлдекім тапырақтай келіп: - Хан тақсыр! - деп деміге дауыстады. «Не жетті?» дегендей алара қараған Ғалдан басын жұлып алды. Уәзірдің бірі екен. Жай істе өзін оятуға ешкімнің де батылы жетпейтін, мынаның дегбірсізденуі тегін емес деген хан айт дегендей иек көтерді. - Сізді, Ертіс бойындағы соғыс жүргізіп жатқан жас қолбасы Байынже ауызғы үйде күтіп отыр. Кісі танысам бір жай болғандай, оң реті жақсы емес. «Шұғыл шаруам бар, ханды оятыңыз», - деп тағаты

таусылып асықтыра түсіп отыр. Не болса да жай жұмыс емес , - деп дегбірі қашты .

Енді Ғалдан сасайын деді. Үш ай алдында Жетісу майданынан келген суық хабар анау, мынау әзір оңай-оспаққа қозғалмаушы еді. Байынженің өң реті жақсы емес, бір жай болғандайы несі? Мынау басқа біреуін жібермей майданнан өзі неге келіп тұр. Тағы бір сұмдықты естірткелі тұр ма қалай? Апырау түндегі көрген түсімде жайсыз еді» деп, ішінен күбірлеп тірсектері дәрменсіздене дірілдей, киімінің кию ретінен де жаңылып, бәйбішесі жең-жағасын жөндесе жүріп әрең киді. Мең-зең хал кешкен Ғалдан:

– Кірсін ішке шақыр оны, - деді уәзіріне.

Сұры қашып, көзі ішіне суалғандай шүңірейе кіріп кеткен Байынже бұрынғы қызыл сары шырайынан тоналып, құлын тастаған биедей сатпақ ұрып, екі иіні түсе алқам-салқам жұтап көрінді. Егер Ғалданға «Байынже келіп отыр» демеген болса, шауып кел мен алып келге алдымен аты аузына түсетін ең сенімді қолбасысын мүлдемге танымай қалғырдай екен. Табалдырықтан аттай хан алдындағы дағдылы әдеті бойынша, екі қолын маңдайға қоя ине жұтқан итше ілмиіп екпеттей жүгініп қалды. Мынаның келбетінен сұмдықтың қылпын таныған Ғалдан:

– Көтер басыңды! Әкесі өлгенді де естіртеді, сөйле, сүміреймей келген жайыңды! - деді тағатсыздана шиыршық атып. Реті келгенде ханның өзіне: «Мынауыңыз болмайды», - деп айта алатын бетті қолбасы Байынже жалтарма сөзге бармай шынымен тіленіп,

– Хан тақсыр, құрыдық! Құлыңыз үмітіңізді ақтай алмады. Ертіс бойындағы жасағыңыз түгелге жеңіліске ұшырады. Басымды алуыңызды өтінемін?! - деді.

– Ей, не оттап тұрсың! Екі жүзден артық зеңбірекпен

қаруланған жиырма мың қол өзінен бір есе аз қазақ қолынан қалай жеңілді?

– Соғыс шу деп басталғандағы жеңісімізді әзір айтып отыру жайсыздау, топ-тобымен лап қойған қазақ жасақтарын зеңбірек оқтары баудай түсіріп қырып-ақ жіберген. Кейіндеп айласын асырған қазақ шабуылшыларына орыстың көксауша қақалып-шашалған көне құралы төтеп бере алмады. Алыстан топтанған жауды бірінші рет жайратып жібергенімен екінші рет оғы дарымас алқымның астына өтіп үлгіріп, қоқа кеңірдектен алғандай сай-сайдағы темір үйіндісіне айналдырды. Оныңүстінезеңбіректен сескенген қазақ тау-тасқа сырғи қаша соғысып, аман қалған зеңбіректер тау ішіне алып жүруге мешелдік істеп керекке жарамады.

Жер жадысына қанық болмаған біздің жасак барын салып, тау ішіне кіріп кеткен қазақ жасағының көзін жоймақ боп сұғынған сайын шығынымыз аса ауыр болды. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, Тәуке ханның Ұлы жүз бен Кіші жүз жағынан жіберген көмекшілері күшіміздің бытырап әлсіреген тұсында кездесіп, қолымыздың көп бөлегі қырғын тауып, қалғаны қазақ қолына төтей алмайтындықтарына көзі жетіп, алды-алдына бас сауға іздеп майданнан тайып тұрды .

Ғалдан одан әріге Байынже сөзін тыңдай беруге тағаты таусылды. Өткенде Жетісу Қарқара өңірінің сүркейлі хабарын жеткізе келген қолбасы Шебіктің басын алмақ болып, артынан аяп кеткен еді. Ондағы арқа тірек, марқа көңілмен жұбаныш еткені Ертіс бойындағы қалың қол еді. Мынау соның бәрін жауының қолына өзі айдап барып, әдейілеп қырғындағандай боп көрінді. Бар күшінен айырылған суықта сұсты хабар ақыл-есін тауысты. Жараған бурадай қалш-қалш еткен Ғалдан екі құлағы шыңылдап соңғы сөздерін естуден, көмейіне тығылған қатал сұрақтарын айтудан жаңылды.

Қылышын қалай суырып, Байынженің басын қалай шауып жібергенін өзі де сезбей қалды. Кезіндегі сенімді қолбасысының басы бір бөлек допша шоршыса, өлі денесі жыланша жиырылып-созылып үй ішін қызыл ала қанмен бояған қапылыс жайдан Ертіс бойындағы қалың қолының қанды қырғыны елестеді. Үйдің едені төбесіне, төбесі еденіне алмасып аунап бара жатқандай бір күй болып, сенделектеп құлап бара жатты. Бәйбішесі шошына айғайлап, қолтықтауына, есік күзететіндегілер тұра ұмтыла кеп, шіріген терекше тік түспек Ғалданды жерге тигізбей сүйеп үлгіріп, төсегіне жатқыза берді.

Ғалдан есін жиғанда жатын бөлмесі Байынженің нәжістей қан-жынынан тазартылып, арша мен адыраспан және басқа да дәрі шөптермен аластағаны иісінен мен мұңдалап тұрды. Уәзірлермен атақты емсектері шын-өтірігін кім білсін «сенің жолыңда көк лағың боп біз кете қояйық» дегендей, құлдық ұрған қалыппен қоршап алыпты. Бәрін барлай бір шолып өткенде:

- Тақсыр хан қалайсыз?
- Ханеке, ашуыңызды басыңыз?

– Ешнәрсе етпейді, жақсы боп кетесіз, - деп бірінен-бірі өте шұрқырасып кетті. Ғалдан ләм деместен «аулақ кетіндер» дегендей қолын бір сілтеп, қаһарлана қос жанары үй төбесіндегі әлдебір ноқатқа қадалған бойдан жатыр.

Батұр тұсында моңғолдар үш үлкен тайпа боп қалыптасып, әрқайсысы өз алдына хандық құруға бейімдегені белгілі. Қалқа тайпасы кезінде түстік Гоби шөлі деп атанған әзіргі Сыртқы Моңғолияға шоғырланса. Шахар тайпасы оңтүстік Гоби шөлі делінген әзіргі Ішкі Моңғолияны мекен еткен. Ал ойрат моңғолдары Тәңір тауының терістігін немесе Іле, Тарбағатай өңірін мекен еткен. Ойрат моңғолдары өз ішінен: жоңғар, дүрбіт, хошұт, торғауыт болып, төрт

үлкен руға бөлінеді. Жоңғарлар Іле өзенінің жоғарғы ағарында мал шаруашылығымен шұғылданса, хошұттар - Үрімжі районын мекендеген. Ал торғауыттар – Тарбағатай районын қоныс етті.

Батур қоңтайша тұсында басқалардан гөрі жоңғар тайпасы күшейе түсті. Жоңғар тайпасы басқаларды өз ықпалына бойсұнуға мәжбүрледі. Бұған көнгісі келмеген торғауыт тайпасы Волгаға қарай қоныс аударып көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданса, хошұт тайпасы Шаңхай Көлнұр шекарасына жылжуға мәжбүр болды. Дүрбіт тайпасы мен хошұт тайпалары жоңғар тайпасына тізе бүкті, осымен Тәңір тауының солтүстігіндегі әрі-бері жылжуға үлгіре алмаған моңғолдар жоңғарлықтарға қарады. Осындағы шексіз ойпат та жоңғар атымен аталды.

1640 жылы Батур қоңтайша шығыс және батыс моңғолдарының әрқайсы тайпаларының бек-төрелерінің басын қосып, Тарбағатайда құрылтай шақырды. Батурдың айбынынан қаймыққан Шаңхайдағы шошұт тайпасы және Волга өзені алқабындағы торғауыт тайпасы да құрылтайға өз өкілдерін жіберді. Бұл реткі құрылтай «моңғол ойрат заңын» белгілеп ойрат пен қалқа моңғолдар одағын құрды.

1653 жылы Батур қоңтайша соғыста мертігіп, содан қайтыс болып, ұлы Сенга орнына отырды. Бірнеше жыл хандық тақта отырған Сенганы жоңғардың ішкі тақ таласында Батурдың енді бір әйелінен туған өз бауыры Галдан өлтіріп, үстемдік ұқығын тартып алған еді.

Екеуі де Батур қоңтайшының ұлы бола тұра, бөлек шешеден туғандықты, жаулық жасауға дейін өрбітіп, Сенганың әрі аға, әрі әке орнына әке боп, өзіне жасаған қарымдылық, бауырмалдығын аңқау, топастық санап, өз қаныпезерлігін, одан ақыл, айламының асқандығы, хандық тақ оныкі емес, менікі болуын бұрхын бәкші¹

¹ Бұрқын бәкші - жаратушы, құдай мағынасында.

өзі белгілеген деп қарады. Ақыл айтқан, Сенғаға аяушылық білдірген ағайын-туыс, ел ақсақалы мен орда уәзірлерін, менің өсуімді, хандық таққа отыруымды көре алмаған күншілдік деп есептеп, ағасы Сенғамен бірге арт-артынан көзін жойып, айналасын тазалаған еді.

Өзінің хандық тақты тартып алу жолында жасаған қанды қырғыны мен бар айласы көз алдынан шұбыра жөңкілуде, «не болдым, арынымның шынымен қайтқаны ма? Сенға өлгеннен кейінгі тақ таласта небір ақсүйектер табанымның астында қан құсып, Жоңғарияның қоңтайшалық тағына отырған едім. Одан кейінде маған қастандық сайлаған ішкі бүлікшілердің көзін жойып, Жоңғарияны орнықтырып, әскерімнің ат тұяғы жеткен жердегі қазақты да, татарды да ықсырып бір мүшел өмірде екпінім қайтпаған еді» деген оймен бір аунап түсіп, «қайран әкем-ай, ерек туылған жан екенсің ғой. Үшеуі үш бөлек ел боп, өз алдына хандық құрып кеткен қалқа, шахар, ойратты бір тарының қауызына сыйғыза шашау шығармай тізгінін қалай ұстағансың? Әкемнің үзеңгі жолдасынан қалған ілуде бір көне көздер мен орда қызметінде болғандар жас кезімде «әкесі Батұрға татып туған, кейінгі күнде әкесінің жолын ұстап, біздің моңғолға осы тұлға болады» деуші еді. Солардың сол бір сөзі қаршадайымнан әкемнің хандық тағына отыруға аңсарымды аударып, есейгенде Сенгадан ұқық тартып алуға итермелеген еді. Сондағы менің тұлға болғаным осы ма? Әкеге жете тумaq түгілі кейініме кете туған ұрпақ болғаным ба? Бір ойдан бір ой асып түсіп, енді өзінің кейбір қылықтарынан сескене бастады .

Әкемдей аялаған Сенғаны өлтіріп, ұқық тартып алуымның қысасы басқа жағынан айналып қазақтан ажалым жеткелі тұр ма? Әлде Сенғаның басынан бағы тайғандай менің де дәуірлерім осымен бітіп

зауал күнімнің таялғаны ма? Соншама көп қол, соншама майдан көрген жасақ қолбасыларының арт-артынан жеңіліске ұшырап, қасқырдан қорыққан ауыл итінің құйрығын бұтына қыса, іргеге тығыла қыңсылағанындай Жетісу қолбасысының одан Ертіс бойындағы қолбасының арт-артынан сәтсіз хабарды алып жетуі не сұмдық?

Ойлаған сайын үрей шыбыны қоныс таппай мазасыз ызыңдаумен бірінен соң бірі қабаттасты. Бір әкеден туған өз бауыры Сенганы және оның жақтаушыларын қызыл жайма етіп, қырып салудан сырт, бүкіл моңғолды бірақ билеп-төстеп, дүниені алу жобасы бойынша, ықпалына көнбеген Хошұт тайпасының бастығы қайын атасы Чорчын ханды әйелінің, балаларының аяғына орала зар еңіреуіне қарамай басын алдырып, хан сарайындағы көзіне шалынған уәзір-төрелерінің, сарай қызметкерлерінің бірінде қоймай атып-шауып, қанды қырғын салып, көп қандасының басына заман ақыр орнатқан сұмдық сүркейлі жайы жалғасты елестеп өтті. «Апырау осы жолғы жасағымның мол қан төгіске ұшырап, зор жеңіліске тап болуы менің сол бір қатыгездігіме көзімнің тірісінде қайтарылған жауабыма, қалай? Өзіме ертең біреу, тіпті ең жақыным Шұрқылтайыма қанды қанжарын үйіре түспесе игі?!»

Сан ой сапырылысып, талай мезгіл жан терге түскен арпалыстан кейін әлгіндегі бар қатені басына үйіп-төгіп басқаның аяғына бас қоя мөргіген бота тірсек бос белбау ойынан қатты жиреніп кетті. «Жоқ, жоқ!» деп үйді басына көтере айғайлап жібергеніне жүгіре кіргендерге «шығып кет!» дегендей қолының сыртымен ишара жасап, осы қылығына бола миықтай езу тартты.

Ол тағы өзіне өзі: «Қатігез болмай, халқынды басқара алмайсың! “Шыңғыс хан” атанған Темучинде тоғыз жасында-ақ өз ықпалына көнбеген туған інісін

садақ жебесіне түйреп өлтірген ғой. Моңғолдың ұлы үш тайпасы бірлікке келмей, тіпті болмағанда ойраттың төрт руы бірауызды болмасақ, кімнен болса да жеңілгеніміз жеңілген. Әкем Батұрда моңғолдың бар тайпасын бір тарының қауызына сыйғызардай айбынмен көзге түскен ғой.

Сенганың көзін жоюымда әкемнің ел билеудегі мұрагері бола алмай, әкемнің салған жолымен жүре алмағандығы үшін емес пе? Мен әкемнің ғана емес, Шыңғыстың ісіне мұрагерлік етем бе деуші едім. Менің “Бошқтұ” деген атағым тіпті әкемнен де артық емес пе?» - деп өзіне-өзі қамшы баса дес бірді.

Жоңғар тайпасының суын тапқан семердей қия шапқанын қайып түсіп, ойраттар ішінде ғана емес, моңғолдың үш ірі тайпасы тұрғысынан қарағанда, шолпан жұлдыздай жарқырап көзге түсуі, әкемнің және менің темірдей катал тәртібінен елді ұйыстыруымыздың жемісі емес пе? Әлгіндегі алжасқан ойым бойынша майрылғаным менің өлгенім емей немене?! Менің өлгенім жоңғардың жойылғаны. Сөзсіз қайратқа келіп, қашқынға айналған жасақты түгелге қайта жинап, жаңадан қосын қатарын кеңейтіп атқа қонуым керек!», - деген бекімге келді.

Енді ол орда маңын күшейтумен бірге, пысық, ел алдында абыройы бар уәзірлерін саралай, салмақтай отырып, бірнешеуін қашқын жасақты қайта жиюға бөлмек болды да, енді бір тобын әрбір тайпа, тіпті ел ішіне дейін аралап жаңа жасақ жиюға орналастыруым керек деп түйді . Осылай бір жыл қайта қол құрау, жасақ жаттықтыру, қару-жаракты реттеумен өткізіп, дайындықты жатқан Ертіске де, Жетісудың Қарқара маңындағы Ұлы жүз қазағына да соқпай бейғам жатқан тұсынан баса-көктеп кіріп кек алуым керек. Ертісі не, Жетісуы не әйтеуір қазақ біткен ата жауымыз. қазақты жойсақ, қазақтың тұқымын азайтсақ, Жоңғария іргесі

бекемделе түспек, - деген берік бекімге тиянақтай, хабаршы жасауылын шақыртып:

– Барлық уәзірлер ордаға жиылсын, шұғыл жұмыс бар! - деп бұйырды.

Ғалдан Бошықтұ ашумен бізді қандай қазанға салып қуырады деп есі кетіп, ебі қашқан уәзірлер лезде жиылып бұйрық күтіп үлгірді. Қатулы хан зілді аяқ тастап кіргенде, бүкіл оң-сол уәзірлері қақ жарыла жол беріп, бас қоя жығылып қалған-ды. Ордада шыбын ұшса естілердей жым-жырттық орнады. Қоңтайша Ғалдан тағына орнығып отырған соң суық көз тастап өтіп:

– Көтеріңдер бастарыңды! Сендердің таң-күні ордада мұндай үйездеулеріңнен маған да, Жоңғария еліне де өнер түк жоқ. Ел басына күн туды, енді сендердің мұнда шыбындап даяр астың иесі болып жата бермей жұмыс бітірер уақыттарың жетті, - деумен барлығы енелерін көрген көгендегі қозыша: «Құлдық хан тақсыр! Не іске бұйырсаңызда құлдарыңыз дайын!», - деп шулай маңырап, әркім өзіне тиеселі орынға жайғаса берді. Ғалдан Бошқтұ мына жағы Жетісу, ана жағы Ертіс бойындағы соғыс жайын қысқа-қысқа сөйлеп өтті. Жоңғардың әр тайпасынан шыққан мықты беделге ие уәзірлердің аттарын атай отырып, жанына екі жүзден сарбаз қосып, екі ай ішінде әрқайсың он мыңнан жаңа жасақ қабылдап ораласындар. Әрі олар майданға мінер жарамды аттарды сол елден талдап отырып, бірлікте дайындайсындар! - деп кекете сөйлеп тоқтады. Аты шықпай қалған екі-үш ең пысықай уәзірлер,

– Тақсыр, бізде ел қорғау қамына аттанайық. Жоңғария басына күн туғанда ордада қамалып қалмайық! - деп тілеулестік жүректерін білдіре қауқалақтады. Ғалданның өңіндегі зәр жұтқандай қаһары жадырап:

– Осындай құлшынсаңдар әлі де жеңістен үміт бар.

Мен сендерді ұмытпадым. Ана жер жастанған ынжық Байынженің айтуында тірі қалған жасағымыз тау-тасты паналап кеткен. Сендер, үш бөлекке бөлініп, үш жүзден жасақ ертіп, қандай әдіс қолдансаңдар да жауға кек алуға бірге шабуылға көндіріп, ертіп келесіңдер! - деп Ғалдан аз кідіріс жасағанда:

– Хан тақсыр! айтқаныңызды қалт жібермей орындаймыз! - деген үн орданы жаңғырықтырды «жыланды үш кертсе де кесірткелік» дегендей «Бөшктү» атты бекер алмаған Ғалдан майдан жеңілісін артынан естігенде, талықси құлағанмен, тез ес жиып қырық мың жасақты қайта жиып үлгірді. Ол бұрынғы айта сал мен көре салдан тартқан зиянын сабақ ете, бір жыл жасақ жаттығуына дейін көзден кешірді. Қазақ еліне жансыздар жіберіп, Сайранға шабуыл жасауға бел буды. Жасақ жаттығуында жас Сыбан Рабданның өнерлілігіне, ұйымдастырғыштығына Ғалданның есі шыға таңғалды.

Хандық орынды алу үшін бір әкеден туылған Ғалданның ағасы Сенганы шеше бөлектігін жаулыққа сайдыра өлтіргенін әкеден жас қалған ұлы ерте естіген. Аса айлалы Сыбан Рабдан қанды кекті қас-қабағынан сездірмей ішіне жұтып, жан пендеге сыр бермей өсті. Қабырғасы қатпаған, бұғанасы өспеген, жастығы әрі ойрат тайпасы ішіндегі ықпал күшінің таяздығын ойлап, тісін тісіне баса «он жылдан соң өш алсам да кеш емес» деген берік бекімге келе, жоңғар жасағына жастай қатынасып, мақсатты түрде өзіне қатал талап қоя, ұрыс өнерінің алуан түріне жанын сала жаттықты. Қылыш керлік, найзагерлік, жебе тарту, семсер үйіру, айбалта-шоқпар ойнату, атүсті, жаяу айқастың бәр-бәрінде самайынан терін сорғалата жүріп төселе түсті. Оның қару өнеріндегі алдына жан салмас шеберлігі он алты-он жеті жасында-ақ атын шығарып, жүзбасылардың аузынан тастамайтын алғыр адамына айналды. Жасақ

жаттығуы кезінде Сыбан Рабдан бүкіл жасаққа өнеге боп ойын көрсететін-ді. Қарапайым жасақ қана емес талай-талай мықты жүзбасы, мыңбасылар «алтын кездік, қап түбінде жатпайды», - деген рас екен-ау десті іштерінен. Олар Сыбан Рабданның оңай адам болмайтынын ерте аңғарысты. Кейбір жағымпаз пысықтар оңаша сәттерден пайдаланып, әкесі Сенганың кісі қолды обалды өлгендігін елестетіп, сыр тарта әңгімеге салар еді. Ой шыңырауы кісі бойламас терең де жатқан жас жігіт мынадай жұмбақ сөзді білмейтіндей, тас тастап сөйлеген астарлы сөзді аңғармағандай, Әдейге қатысы жоқ істерге көшіп, елеусіз қалдыратын. Талай-талай шын ниетімен ұштасқысы, қол ұшын бергісі келгендер тамсана таңырқағанымен, Ғалданнан сыр тартпақ жансыздарды «мынау әкесі жайлы ешнәрсе білмейтін сияқты», - деген тұманды түйсік құшағында қалар еді. Әйтеуір уақты болды, әңгіме-кеңеспен шаруасы жоқ соғыстық өнердің жаңа түріне жаттығу оның бірінші жұмысы еді. Бұны жүзбасы, мыңбасы, түменбасы ғана емес, Ғалданның өзі де кәсібін адалдықпен сүйоден арыға жорымады.

Сыбан Рабдан жиырмаға жетпей жүзбасылық, жиырмаға іліне мыңбасалық міндеттерді алып үлгірді. Оның жасақ жаттықтыруы, қоластындағыларды өнерге баулу, он-он бес жыл мыңбасы, түменбасы болғандардан асып түсіп Ғалданның өзінде таңғалдырып, ризалық мадағына ие болды. Мыңбасылар ішінде ұйыстырғыштық қабілетімен Ғалдан көзіне ерек түсті. «Ата көрген оқ жонар» дегендей әкесі Сенгаға түр-тұрпаты, сөз алымы аумай тартқанымен, маған деген адалдығына шұбалануға болмайды. Ордадағы не мықтылардың сілекейді шұбыртар жемді қармағын қиялында қылт еткен арамдық болса, бас салып, қабар еді одан бұл аулақ», - деп ойын топшылады.

Уақыт ұзарған сайын Сыбан Рабданның жасақ

ортасында да, хан ордасында да мәртебесі биіктей түсті. Ғалдан Шығыс Жетісу жақтағы ғана емес, тұтас қазаққа кеткен кекті қайтару үшін дайындықты жатқан Ертіс бойына да, Қарқара маңындағы қазаққа да ат басын бұрмай ең бейғам тұсы Сайрамнан ұрыс бастауға бекінді. Ғалдан жобасы із тастай қазақты бейғамдандыра Жасыл теңізді айналып өтіп, қазақтың мәдениеті гүлденіп келе жатқан қаласы Сайрамды басып алып, содан әрі Түркістан, Ташкент, қалаларындағы хан ордасын бірақ жаулап, қазақтың биігінен билікті бірақ жүргізбек болды. Осы көлемді жорық қолбасшылығына талай-талай мықтыны салыстыра салмақтай келіп, Сыбан Рабданнан алымдыны таппады. Оның өнерімен өжеттігіне сүйсінумен күдік қызғанышы қабаттаса «батыр болсаң жеңіп кел, болмаса қазақпен болған ұрыста өліп кел!», - дегендей Сыбан Рабданды бас қолбасы етіп дайындады.

Асқан іскер Сыбан Рабдан қырық мың қол бастап Жасыл теңізді айнала 1684 жылы желтоқсанның басында жолға шығып, күндіз көзге көп түспей шұрайлы жерлерде ат оттатып, түнде мықты жол бастаушыларды алдыға сала жортумен болды. Жол бойындағы қазақтарға да шу-шұрқан сап тиіспей, бейғам қалып байката Сайрам қаласынан бірақ шықты. Ғалданның бұйрығы: «Қазақтың еңсесін биіктеткен көркем қаласын бейне Шығыстың Отырар халқын қойдай қырып, қаласын жер мен жексен еткеніндей күйге түсіріп Түркістанға өт!», - дегені бойынша, Шыңғысқа еліктей, оның Отырарды алардағы айбынын өнеге етіп, Ғалдан сеніміне ие боп, бүкіл ойратқа өзін танытып қою үшін Сыбан Рабдан «шаш ал десе бас алардай» қан тілей жұтына дайындалды. «Болашақ жоңғардың Ғалдан отырған алтын тағына отыра қалсам, қазақтың хан ордасын күйретіп, бүкіл қазақ даласын тартып алу өзім илейтін терінің пұшпағы. Бір қазақ болса да азаюы

мен үшін ертеңгі салмақтың жеңілдей түскені» деп есептеді ол.

Сыбан Рабдан Сайранға жарым күншілік жол қалғанда суы тұнық, шөбі шұрайлы тау қалтарысына дамылдап, екі-үш күн жасақты да, атты да әбден тынықтыруды бұйырды. Қазақ тіліне қанық жансыздарын жергілікті бұқараша киіндіріп, Сайран қаласына жіберіп алды. Олар саудагер бейнесіне еніп, қаланы әбден аралап, қай тұстан қалай атой сап кіруге дейін межелеп қайтты. Сайран қаласының халқында жау кеп қалады деген титтейде қауіп жоқ, бейғам мәре-сәре күнделік күйбең. Қала қорғанысындағы он мың айналасындағы жасауылдарының қырағылығы да шіркін-ай емес. «Қайдан келдің, қайдан тұрдың?», - деген пенде жоқ өзімен-өзі. Сайранның бар жайын әбден иелеген Сыбан Рабдан жансыздары екі күн жата-жастана жүріп, қайта оралды.

Бар жайға қанған Сыбан Рабдан басқа да жоңғар қолбасыларының қазақ десе қанына біткен қасқырдың қойға шабар тұстағы ашкөз де озбыр қомағайлығына бас-көздері қанталай, қылыштары қан тілей тапайдың тал түсінде-ақ жан алғыш, бар қаруын жалаңдата атүсті айқаспен қалаға дүркірей баса-көктей кіре берді. Қала қорғанысындағы он мың жасауылмен шаһар іргесінен төрт-бес шақырымдай алдынан шыға тосқауылдауы таудан құлаған сел суы, шағын бұлақ суын баса көктеп жаныштап өткендей бір жай болды. Шаһар сыртынан жағдайды көзімен көрген аттылар:

– Жау келді, жау !

– Қарақорым жоңғар жер бетіне сыймай қалаға басып келеді! - деп көше-көшені аралай шауып қала халқына хабарлап болғанша, жоңғардың жер қайыстырған қалың қолының жер тітірете шапқан ат тұяғымен көтерілген шаңнан күн күйіккендей қаланы қараңғылық бүркеп кетті. Мұндайда әлсізді басына

елеуреп кететіндер алдынан кезіккен ер ме, әйел ме, жас па кәрі ме онымен шатағы жоқ, кезіккенді шауып, ат тұяғымен бастыра көше-көшені кернеп кетті. Үйінен шыға алмай қалағандардың үйлеріне баса-көктей кіріп, қанжарын қадап, қылышпен шауып, тіпті бесіктегі балаға дейін найзалап өлтірді. Егер оны өлтірмесе ол ертең-ақ біздің басымызды алар жауымыз болып ержетеді деген бір түйсік ми қыртыстарына бадырая жазылғандай.

Қаланың шығыс шетінен басталған сұмдық жан шошыр қырғынды естіп үлгірген қаланың орта тұсымен батыс шетіне қоныстанғандар үйін, дүн-дүниесін, мал-мүлкін түгел тастай қала шетіне қарай жандарын алып қашты. Әйтеуір азықсыз жан сақтау қиын дегенді ойлап үлгіргендер болымсыз азықтарын, желтоқсанның өңменінен өтер суығында иығына ілер шапандарын ала кеткен санаулылар болмаса, шошынған көбі бәрі-бәрін тастай жандарын алып қашты. Ұзынды күн кешке дейін атпен бастыра жүріп, жасалған қанды қасаптан көшеде адам өліктері төбе-төбе болып үйілсе, алғашқы жауған қар өз бейнесінен айырылып, қызыл ала түске енді.

Күн батқанда қалада тірі жан қалмады. Жоңғар жасақтары түстен кейіннен бастап, ессіз қалған шаһардағы мол дүниені қалағанша талады-ау кеп. Асыл заттар, киім-кешек, азық-түліктен жетерлік алып болған тұста, қалғанын осы бойы тастап кетсек, қазақ қайта келіп алады деген қиял түртпегімен енді бір сұмдықты ойлады. Адамдарды қылыштап, найзалап, семсер, айбалтамен өлтіруден құмарларынан шықпағандай күн қанға шомылғандай қызыл күрең бояу жұта батып бара жатқанда, Сайран қаласына отыз-қырық жерден өрт қойды. Әппақ сәулетті қаланы түнімен қып-қызыл өрт орап тұрды. Қаланың шығыс-батыс, оң-сол бүкіл атырабынан астықтың, өртенген үйлердің иісі мұңкіп,

қорада тірідей күйген малдың кісінеген, өкірген, шұрқыраған дауыстары алыс-алыстарға естіліп тұрды.

Ызың-шу, қым-қуыт ыңыраныс, өлгендерін зарлана жоқтаған мұңлы дауыстар ойдан да, қырдан да боздап естігеннің төбе шашын шымырлатады. Жанын қинамай қылыштап, найзалап өлтіре салу бірте-бірте жан ашырлық сияқтанып қалды. Қаладан қашып үлгірмеген бала-шаға, шал-кемпірді әдейге шырылдата сабап, сілелеп барып жан үзуін, қызық көріп жүргендер қаншама?!

Қаладан жосып кеткендердің неше мыңы суықтан үсіп өлсе, неше мыңы аштықтан қырылды. Үстінде ылпасы бар, жейтін азығы бар тірі қалғандары тау-орманды паналай таңға тынымсыз жосып жандарын алып қашты.

Тұйықсыз жатқан Сайран қаласы осылай қанға бөгіп, мезгілсіз көз жұмып, сүйегін өрт жалмап күл үйіндісіне айналғанын кешігіп естіген Тәуке хан, жан-жаққа шапқыншы аттандырып, жоңғар қолының енді Түркістанға беттемек дәмесінің алдын тоса берді.

Мына сұмдық сүркейлі хабарды естіген Ұлы жүз жағынан да, Орта жүз жағынан да, Кіші жүзден де он бес-жиырма мыңнан астам жасақ жау қайдалаған екпінмен күнді-түнге жалғай жолға шықты. Жер жебесі жуық Кіші жүз Әбілқайыр қолы мен дулат Ботбай, Өттеғұл қолы көмекке алдымен жетіп, Сайранды күл үйіндісіне айналдырған жеңісіне еліре түсіп, енді хан ордасына баса-көктей кіріп, Түркістанға да Сайранның кебінін кигізбек дәмесін қасқа маңлайдан ұра тоқтатты. Тұмсығынан сорғалаған қан соқтасын сілкі ес жиып үлгіргенше, шығыс солтүстіктен Орта жүз қолы, шығыс Жетісудан Әлмерек пен Хангелді бастаған албан қолы, Түрікпен мен Құттымбет бастаған шапырашты қолы майданға алдын кірген Сеңкібай мен Өттеғұл бастаған дулат қолына келіп араласып Ұлы жүз қолының өзі он

бес мыңға ілінді. Жоңғардың жер қайысқан қырық мың қолына қазақтың Үш жүзі ұштасқанда одан аспаса кем түспес қол майданға кірді. Тәукенің ақылшы билері Төле, Қазыбек, Әйтекелердің орналастыруы бойынша, жуық маңдағы елдің ат жалын тартып мінері түгел жаудың есін алу үшін айбат көрсете майданға топ көбейте келіп тұрды. Қазақ жағы жоңғар қолынан бір жарым есе зорайып жауды шошындыра жер қайысты дерлік адам теңізі қалыптасты. Ежелден бергі жоңғар мен қазақ ұрысындағы қалыптасып қалған дағды бойынша екі жақ өкілдері бақандай бір ай жекпе-жек ұрыс салуға келісті.

Қазақтың әйгілі батырлары мен қатар өнерінен ертеңі көрінген талай жас батырлар да майданға түсті. Жекпе-жек алдындағы келісім бойынша, әрбір батыр тек бірақ күн майданға шығу кезегін ала алды. Хангелді, Түрікпен, Өттеғұл, Ботбай, Құтымбет, Сеңкібай, Сатай қатарлы батырлардың әрқайсысы төрт-бестен жау түсірді. Бір ай ішінде жоңғар жағынан екі жүз елу үстіндегі батыры жекпе-жекте аттан құлады. Қазақ жағында жиырма екі батыр қаза тапты. Бақандай бір ай жалғасқан жекпе-жек ұрыс соңы аламан додаға айналды. Ат тұяғымен көтерілген шаңнан әлемді қара түнек басты. Сайранның күл үйіндіге айналған кегін алмақ ашумен айқасқан қазақ, жоңғар жағын қатты ойсырата қырғаны кешкі соғыстан қайтқанда, бірінің үстіне бірі дегідей құйын жыққан ормандай қирап қалған қарсы жақтың өліктерінен мен мұндалайды. Дәл осы айқаста жау он мың жасағынан бірақ айрылып, қалғаны қақ жарыла қашты. Бір бөлімі із жаңылдыра Алатау сағалай Шығыс Жетісуға қарай жөңкілді. Енді бір бөлімі Жасыл теңіз сыртымен айнала Ертіс бойын беттей тартты, Ұлы жүз қолы Алатау сағалаған жоңғар қолымен қуа соғыс салды да, ал Орта жүз қолы Ертіс бойына беталғандар соңынан түсті. Кіші жүз қолы

Түркістанға лап қоймақ жоңғар қолы майданды тастай екіге бөліне сырғып кетумен Ұлы жүзге де, Орта жүзге де ат мойнын бұрмай өз жеріне сырғып кетті. Өйткені Еділ байындағы Аюке осы орайда Кіші жүз жеріне тағы да тыным бермей шабуылға өткен еді.

Бұл жолғы ұрыстың соңы тау жастанған «тиіп-қашпаға» ұласты. Ғалдан екі ұшты мақсатпен Сыбан Рабданды Сайранды күйрету соғысына салғаны белгілі. Бір жағы оның кесек жеңіске қол жеткізерлік дарынына сенген. Енді түпкілікті көздегені: «Алдағы күндерде өмірлік бақталасым болып әкесі үшін кек алып қала ма? Ірі соғыстарда көзі жойылған талай-талай қолбасшылар сияқты мерт болса, үлкен бір бақталасымнан құтылып алаңсыз боламын» деп ойлады. Ғалдан Сайранды алу арқылы қазақты бірақ жаулап алудан сырт бүкіл қалқа, шақар, ойрат тайпаларының алдында өз беделін тіктей түсіп, барлық ұқықты уысына түсірмек еді. Сайранды алумен Ғалданның беделінен гөрі бақталасым деп іштей жауыққан Сыбан Рабданның беделі биіктей берді

Бір кезде ойында: «Маған деген адалдықтан басқа зәредей арамдық жоқ, әкесі Сенганың қалай өлгенін білмейді», - деп қараған Сыбан Рабданға өшіге түсті. Оның жоңғар үшін қол жеткізген кесек жеңісіне сыйсыяпат, биік мансап берудің орнына қатты опық жеді. «Сайранға салар ұрыстың бас қолбасысы етіп, бүкіл елге өзім жалау бұлғап оның атақ-даңқын биіктетіп жібергенім-ай », - деп ширыға күйікті. Оның көзін жоюдың айласын ойланған Ғалдан ордадағыларға: «Сыбан Рабданның Сайранмен тежеліп, Түркістанға өте алмай қырық мың қолды тоздыруы ауыр қылмыс деп», - хандық салауатымен айтып салды. Осыдан көп кешікпей «кеңесер келелі іс бар» деп, оны майданнан ордаға шақырды.

Сыбан Рабдан орда ішіндегі жансыз жақтастарынан Ғалдан ойын алдын ұғынып одан іргесін аулаққа

салып, ол тастаған қармақты қаппай, ойрат ішіндегі Ғалданмен қайшылықты топ-жіктермен ұштаса көлемін кеңейте берді. Бас қолбасы бассауға жайына кетумен, Ғалданның Сайранды алған қолы да жеңіліске қарай құрыды. Онымен ашық жаулыққа өтіп алғалы отырған қалыңдығын тартып алып, артынан жасақ аттандырып қуғын салды.

Ғалдан, Сенганы өлтіріп таққа отырғанның келесі жылы Чиң патшалығына мол тарту-таралғы мен елші жіберіп, өзіннің хандық орнын бекітіп беруді тілене жазған хатында: «Менің Жұңхуа патшасынан басқа сүйенерім жоқ» - деп жалбарына көмек тілеген еді. Оның өтінішіне сенген Каңши, Ғалданның өтінішін бекітіп, ерекше елші арқылы таққа отыру бұйрығын жіберіп ілтипат көрсеткен. Енді Ғалдан ес жиып етек жаба, бірнеше жыл өтпей-ақ, Тәңір тауының шығысындағы Тұрпан мен Құмылды, одан оңтүстік бөлігін басып алғаннан кейін Шаңхайға шабуылға өтіп, бір кезде аяғына бас ұра жалынып қолдау тапқан Чиң патшасына: «Патша ағзам, сіз, оңтүстікке әмір жүргізіңіз, терістікке мен бас болайын» - деп талап қойды.

1688 жылы Ғалдан 30 мың атты жасаққа өзі басшылық етіп, қалқа моңғолдарының ішіндегі белді тайпасы Түшен ханның бірнеше жыл Ресеймен соғысып, әбден әлсіреген тұсын пайдаланып, аяқастынан шабуылдап кірді. Алдыңғы соғыстан сілелеген Түшен ханды зор қосынмен кірген Ғалдан ай-пүйге келтірмей алып жіберіп, темірді қызуында дегідей, Чорчын хан тайпасы мен Засақтұ хан тайпасын да күйретіп жібірді. Бүкіл Сыртқы моңғол ұқығы шеңгеліне өтіп болған тұста, бұл жайдан хабар тапқан Каңши патшасы, Ғалданға: «Шыңжаңға қарай шегініп, тартып алған жерлерді иесіне қайтарып бер!» - деп бұйрық түсірді.

Каңшидің бұйрығын: «Маған сес көрсету, онда тап берер қауқар жоқ» - деп есептеген Ғалдан осындай

қысылтаяң сәтті пайдаланып, қалқа моңғолдарынан ішкі моңғолға қашып кіргендерді қуалауды сылтауратып, өзі жиырма мың жасақты бастап, Бейжіңнен бірнеше жүз шақырым жердегі Ұланбатұрды басып алды. Ғалдан, Чиң патшалығының елші жіберіп, шегіну жайлы ескертуіне: «Қытайды оңтүстік және солтүстік деп басқарсақ» дегеннен қайтпайтынын аңғартты.

Бұл кезде Чиң патшалығы ел ішіндегі ішкі бүлікті тыныштандыруға мол әскер ажыратып, мықты сардарлары солай бөлінсе, енді бір жағынан Таюанды бөліп әкетуге сұқтанған ұлттық зорегерлердің қаскүнемдігін басу үшін сенімді уәзір сардарларын неше жүз мыңдаған қалың қолмен шығыстағы соғыс майданына жіберген аса ауыр бір кез еді.

Ел басына күн туған қиын тұста Айшүн Жөле Фуиі Ғалданның бір кезде елші жіберіп, «күйеу бала болсам» деген тілегі бойынша, аса ақылды қызы Сәнчер ханшаны араға дәнекер болып, екі ел шабысу, жауласудан елдікке өте ме деген оймен қыруар алтын-күміс, жасау-жабдығымен ұзатып берді. Қаңши патшасының бұл тілегі де текке кетті. Барған сайын дәмесі тасыған Ғалдан Қытайды жаулап алуға сұғын қадай түсті. Ғалданның ниетінен қайтпай, Қытайды жаулап ала қоймақ озбырлығына Қаңши патша қатты қаһарланды. Шығыс соғыс майданындағы мықты сардарлар мен әскерлердің бірде-бірін жөткемей-ақ, орда қорғанысындағы қалың қолмен Ғалданға соққы беруге бел буды.

Ғалданмен салыстырғанда мол тәжірибелі Қаңши патша моңғолдың ішкі тақ таласынан сәтті пайдалана білді. «Әттең әкемнің кегін бір алсам» - деп, Ғалданнан қуғын-сүргін көріп орай күте ширыққан Сенганың ұлы Сыбан Рабдан, Ғалдан қалқа моңғолдарын бағындырамын деп арып-таласып соғыс сап жүргенде, оның бар ұқығын уысына түсіріп, Ғалданнан тепкі

көрген халықты да, жасақты да өз ықпалына көндіріп алған еді. Бұл істің барлығы Чиң патшалығына қолмен құйғандай анық болатын. Өйткені Сыбан Рабдан жоңғар тағына отырып, өз ұқығын бекемдей түсу үшін, ол да Чиң патшалығынан қолдау таппай ісінің оңына баспайтынын аңғарып, Каңши мен Ғалдан арасындағы абжыландай бірін-бірі жұтпаққа айналған егестің сәтін таба пайдаланып, Чиң патшалығына мол тарту-таралғымен өз тілегін білдіріп үлгірген.

Каңши патша Ғалданның орнына Сыбан Рабданның хан болуын, өз ықпалына қатаң бойсұнатын бірнеше түрлі шарт астында бекітті. Әрі Сыбан Рабданға бар жасағын «Алтай тауының Ғалдан қолы елге қашып кірді деген ауыздарды мықтап тосуға жауапты боласың!» деп жарлық шағарды. Сыбан Рабданның көктен тілегенін жерден бергендей, Ғалданның көзін жоюға барында, жанын да салды.

Каңшй патша 1690 жылы 8-айда өзі қол бастап, Ұланбатұрда сұрапыл шайқас жасады. Көп қолмен ауыр зеңбіректер жер-көкті тітірете, қоршай шабуылдауда Чиң әскерлері жай ғана жабайы құралмен айғұлақтанған Ғалдан қолының тас-талқанын шығарды. Ауыр жеңіліске ұшыраған Ғалдан азғантай қорғаушы жасағымен Сыртқы моңғолдың батыс жағындағы Қобдаға қарай қаша жөнелді.

Ғалдан қалқа моңғолдарын жеңіп алған соғыста, ел басы, қолбасыларын отап, бұқтырып алған ықпалынан пайдаланып, қайта қол құрап 1695 жылы тағы да отыз мың адамдық қосынмен Керулін өзені алқабын бойлап шығысқа шеру тартты. Жүрген, тұрған жерінде: - «Шар Россиядан алпыс мың қара мылтықты әскер көмекке келеді» деген дақпыртпен құқай көрсете атқа қонды. Келесі жылдың 5-айында Ұланбатұрдың шығыс оңтүстігінде Ғалдан Чиң патшалығынан екінші рет ойсырай жеңілді. Ғалданның қол құрап

кайта соққы беруінен сескенген Каңши патша, Сыбан Рабданмен сәйкесе отырып 1697 жылы 2-айда үшінші рет жойымпаздық тазалау жорығына, қоршап жою жорығына аттанды.

Барар жер, басар тауы қалмай тұйыққа тірелген Ғалдан Россиядан көмек сұрай аяғына бас қоя қашып барды. Сопа басы дерлік күйге түсіп, сілікпесі шыққан Ғалданның ендігі жерде пайдалану құны қалмағанына көзі жеткен Россия үкіметі, оны қабылдамай, есіктен итере тастайды. Дүниені бірақ сұрамаққа дәмелі Ғалдан ашуға булығып құсалықтан өзін-өзі өлтірді.

Сыбан Рабдан кезінде Ғалданның «сенімді қолбасысы» бола жүріп, қазақ даласының көп жеріне көз сүзген еді. Өзі қоңтайшалықты қолға ала қазақтың шұрайлы жерлерін басып алу ойынан бір шықпай араны ашыла түсті. Ғалдан тұсында-ақ Сайран қаласын алып, соғыс өнерінде аты шыққан Сыбан Рабдан, енді хандық таққа қолы жетумен қазақ даласына барын салып сұқтана түсті. Қазаққа ең басты қатер боп төнген Үш жүздің бір-біріне қорымай тұрған орайынан пайдаланып, Ертіс, Шу, Талас өзендері аңғарына арт-артынан шабуыл жасады. Барған жерін баса-көктей үздіксіз алға ілгерілеумен еліре түсті.

Сыбан Рабданның қазақ жерін бірақ қылғуға сұқтанған аш қасқырдай арам ойын толық аңғарған Тәуке хан 1710 жылы Үш жүздің үш биін ұйтқы ете отырып, Қаракұм маңында үлкен кеңес өткізді. Осы кеңеске Ұлы жүздің албан ұлысы жағынан Әлмерек пен Хангелді, шапыраштыдан Түрікпен мен Қаумен, дулаттан Өттеғұл батырлар, Орта жүзден жас Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай бастаған бір тобы, Кіші жүзден Әбілқайыр сұлтан мен Қайып бастағандар қатысты. Бұл жоңғардың Сайранды күл үйіндісіне айналдырғанына шерік ғасыр өтіп, Сыбан Рабданның таққа отырғанының он екінші жылы еді.

Әлмеректің кезінде Тәуке ханға айтқан: «Жоңғарға төтеу үшін қазақтың Үш жүзі ошақтың үш бұтындай бір дөңгелек бойына ұйысу керек» деген ұсыныс Тәуке хан неше рет алға қойса да кейбір сұлтандар жағынан қолдау таппай келген-ді. Қарақұм маңында өткен осы кеңесте Үш жүз бірлесіп, жоңғарға тойтарыс бермесе қазақ жері де, билігі де жоңғарға өтерін аңғарған билермен біліктілер, қол бастаған батырлар Үш жүзді бірлік еткен елу мың халық жасағын құрды.

Сыбан Рабданның қазақ даласына тұс-тұстан ентелеген қалың қолына, солтүстік шығыс Ертіс бойында Орта жүз қолы, батыс жағынан Әбілқайыр мен Қайып сұлтан бастаған Кіші жүз қолы, оңтүстік шығыс Жетісу жағынан Әлмерек пен Хангелді, Түрікпен мен Қаумен қолдары Тәуке хан мен Үш жүздің үш биі алдында серттей берік уағда жасасып, бір мезгілде қол салмаққа келісіп аттанды.

Қарақұм маңындағы осы кеңестен шыға жол-жөнекей келіскендері бойынша Ұлы жүздік албан, суан, шапырашты, ысты, ошақты және дулат қолбасылары бес мыңнан қол бастап он бес мың үстіндегі қолмен Шу, Талас бойынан шабуылға өтпек болды. Албанның бас биі Әлмерек пен бас қолбасы Хангелді ақыл қорыта келіп Биеке мен Олжайды бас етіп, екі мың жасақпен ел қорғауға қалдырды да, мөлшерлі сұрыпталған жасақпен аттанып кетті.

Бұл кезде Әлмеректің елу жасқа келіп әбден толысып, алымды да шалымды би атанған кезі болса, Хангелдінің қия шапқан қылыштай қырық бестегі албанның әйгілі қолбасысы тұсы. Қарақұм маңындағы жиылыстың бір кезетінде Үш жүздің бар қасқа-жайсаңы алдында арындап та, барын сапта жоңғарды қазақ даласынан тазарту жайлы қызына сөйлеген Әлмерек, сөзден істің басым болуын ұстанған әдеті бойынша, бұл жолғы қазақ елін, жерін қорғау айқасына аянбай

дайындалып аттанды. Бұл тұста албан жасағының бас қолбасысы Хангелді батырға: «Ел ара сөз менікі, жаумен айқасу сенікі» демей, осы жолғы соғыстың басы-қасында өзі болмаса, Қарақұм маңындағы анттай айтылған сөзін атқармаған кісі болатындай бір сезім байыздатпай Хангелдімен қатарласа атқа қонды.

Жоңғар шолғыншылары Ұлы жүздің Шығыс Жетісу жағынан жер қайыстырарлық дегідей мол қолдың өздеріне атылған жебедей сұқтанып келе жатқанын бірден-бірге хабарлап үлгірумен Алатаудың жатағандап Балқашқа еңкейген бұрылысынан жол тоспақ дайындығын көріп жатты. Жау жобасын алдын аңғарған Әлмерек, Хангелді, Түрікпен, Өттеғұл¹ жоңғар шебіне жарты күншілдік қалғанда ат басын іркіп, жаумен қалай майдандасу жайлы кеңес құрды. Әрі жергілікті адамдар ша киіндіріп, жау жайын барлауға бірнеше мықты жігіт аттанды.

Біреуі бір елді билеген әйгілі қолбасылар қалай соғыс салу жайлы керісіп барып келісті. Өттеғұл батыр:

«Он бес мың қолмен күндей күркірете дабыл ұрып, лап қоя шабуылдап, жауды тасқын айдаған салындыдай қазақ даласынан ығыстыра тастауымыз керек.», - деген көзқараста мықты тұрды. Қалай соғысу жайлы Әлмерекпен алдында келіскені бойынша, Хангелді:

– Жаудың адам саны бізден бір есе көп, әрі олар атпен сүйрете жүріп ататын зеңбірекпен қаруланған. Анау жылғы Ертіс бойындағы ұрыстың тәжірибесін жинақтауымыз керек. Егер тобымызбен лап қойсақ, бірнеше тал зеңбірек оғымен-ақ бір жүздігімізден айырылуымыз баяғыда. Онда жоңғар жағынан адам шығыны болмай, зеңбірек оғымен-ақ біздің тоз-тозымызды шығара қырғын таптыруы әбден мүмкін. Өзімізді-өзіміз жеңіліске жетелейтін орынсыз құрбандыққа бас сұқпайық. Сондықтан біріміз лап қоя

¹ Өттеғұл-әйгілі Өтеген батырдың әкесі.

бет алған жоңғардың алдын тосуымыз керек те, енді біріміз бес мыңдықпен жаудың орта белінен шабуыл жасап кіріп, белдемеден бөлінген айдаһардай күйге қалдыруымыз керек. Енді біріміз жер қолайлығынан пайдаланып, жаудың ту сыртынан килігіп, қару-жарақ, азық-түлік қатарлы бар қорды сақтап жатқан тұсынан қол жұмсап, барынша сілейте соғуымыз керек. Осылай соғыс салғанда, алып айдаһардың үш тұсынан атойлап кіріп, соғыста болар шығынды тежеп, жаудың бізді бірақ жұтып жіберуінен сақтанып, соғыста қолайлы орынға шыға аламыз, - дегенді жүйелей түсіндірді.

Өттеғұл батырдың тау тасқынындай жойқын күшпен бірақ килігіп, қазақ даласын латтан тазартып жібермек жобасын іштей мақұлдап, батырлық шабыты ереуілдей қолдап, қопақтап отырған Түрікпен батыр, Хангелдінің мынау орналастыруын естігенде бойына сабырлықтың салқын ағыны құйылғандай болды. Жапалама көкпарға шабардай ауыздық тістеп ала қашқан шабытын шаужайлап, ел тағдыры, жер тағдырына тірелер мына қиян-кескіде Әлмерек пен Хангелдінің жобасын жүйелі деп тапты.

– Өттеғұл батыр, ойың керемет. Бірақ ретте айпап-жайпап жеңістің қырына шығып кетсек, жан сүйінер іс еді. Сөзіңді шу дегенде менде қатты жақтырғам. Бірақ, мына Әлмерек пен Хангелдінің жобасы мені ойлантып, тоқтатып кетті. Біз қара дүрсін лап қойып, бір жолда қирап қалсақ, бізге сенген елдің тағдыры, сол ел жасап тұрған жердің тағдыры кімнің жетегінде, кімнің билеуіне кетеді. Артымыз да қанша ақсақалды қарт, ақ самайлы ана, сансыз қара домалақ қазақ ұрпағы бізге сенім артып отыр. Біз олардың үмітін ақтау үшін нар тәуекелге бармайық. Аласұрған жыртқышты ақылмен алайық. Күйеу болған соң Әлмерек жақтың сөзін сөйлеп кетті деме, Хангелдінің сөзінде жауды жоюдың андыздаған болса да ақ жолы жатқандай.

Даңғыраған күре жолмен жүруге қызықпайық. «Бір жол бар алыс, алыс болса да жақын» деп ертектердегі айтылу осындайға қаратылса керек. Осы рет Хангелді ұсынысына қосылайық, -деп тоқтады. Айтқанынан қайтпай көгеріп, өзгеге сөз кезегін бермейтін, мол қол бастап сан жорықты басып, жекпе-жекте талай жауының басын алған Өттеғұл батыр, талайдан десі басым Түрікпен батырға жол бергісі келді ме, әлде, Әлмерек пен Хангелдінің бұл жолғы соғыс жобасы өз жобасынан гөрі ақылға қонымды боп бұрылды ма? Аз-кем ойланып отырып барып:

– Болады, Түрікпен аға, ант ұрғанның сақалы алды-алдына шығадыға кетсек, жоңғарды биіктеткеніміз. Әйтеуір түпкі мақсатымыз – қазақ даласын жоңғар табанынан тазартып, ел басына бейбіт күн орнату ғой. Хангелді батырдың әлгінде айтқан ойы алыстан орағыта жол басқанымен, адам күшімізді әлсіретпей жауды жоюды меңзеп отырғандай. Ұзақ жол басудың азырақ қажытуы бар. Бірақ, Хангелдінің ойындай жауды үш жерден соққылап, қай тұсын қорғауын білмей сасқалақтаған алып мақұлық халіне түсіріп, жеңіске қол жеткізсек, Алланың жолымызды оңғарғаны. Байқаймын, бәрің Әлмерек пен Хангелдінің соғыс салу өнерін құптап тұрғандайсыңдар. Көп тілегінен менде аулақ кетпеймін. Әйтеуір Талас, Шу өңірін жамбасқа басып, елді қан жылатқан жоңғардың десін басып, жерімізден тазартсақ болғаны. Көп ауған жаққа қызыр ауады дегендей қосылдым Хангелді батыр алға қойған жобасына, - деді .

Барлық жанардан жадырай күлкі есті. Бұлар саялап отырған ақ қайың етегіндегі мөлдір бұлақта, батырлар берекесіне мәз бола үн қосқандай сыңғырлап, аунап бара жатты.

– Ал енді соғыс жобасына келістік. Кім мына аждаһаның алдын тосады, кім белдемеге дайындалу

керек, кім анау ирелендеп алыста жатқан ту сыртынан килігеді? - деді Түрікпен батыр жан-жағындағыларға ой тастай күліп. Бағанадан сөз қыстырмай жай тыңдап отырған Әлмерек орнынан көтеріліп:

– Қалайда аждаһаның қаупі басында ғой, біз алдын тосайық деп сөзді үзе бір тастап, сәл кідірістен соқ.

– Өттеғұл, сен бәрімізден жассың ғой алыстан орағытып, жаудың ту сыртынан соққы бер, жоңғардың жаны іспетті азық-түлік, қару-жарақ сынды бізге төтеп берер бар затын басып қалу, бұл жолғы соғыстың шешуші бөлшегі екенін есте сақтарсың. Түрікпен батыр Алла жолымызды оңғарсын, сіз, жоңғардың белдемесіне қонсаңыз. Белі үзілген әрқандай жан иесі үлкен қайратқа келе алмас. Белдемесі қаншалық тез үзілсе жеңіс соншалық жуықтау болады ғой, - деумен ду күлкі көтеріліп барып Түрікпен батыр:

Бүкіл Ұлы жүзге тұлға болған дуалы Таубұзардың ұрпағы періштелер әумин деп айтқаның келсін! Жасың кіші болса да бөлісіңе бойсұналық, - деп бір тоқтап, енді ұшатын бүркітше екі иығын қомдай жүрелене отырып:

– Батырлардың бар қаруы жау жүрегін жайратардай айбынмен сілтеніп, Алла бізге жеңісті нәсіп еткей Аллауакбар, деп дұға қылды. Бар қолбасы бірлікте бет сипап:

– Иллайім айтқаныңыз келсін! Алла әділетті жақтаушы, - деп дабырласып, барып тоқтады. Сөз осымен бітті де, батырлар соғыс салар тұстарына өздеріне тиеселі қолдарын бастап, шепке аттанып кетті.

Әлмерек пен Хангелді байырғы соғыс салу өнерлерінің ауызда дәмі қалған жемісті тұстарын пайдаланып, бес мың жасақты жүздіктер бойынша бөліктерге бөліп, шартты белгі берілумен лек-лек боп жауға атойға өтуге әзірленді. Әзірге ешқандай хабар жоқ, әуелгі бұйрық бойынша аралық тастай бірде жылжып, бір де кідіріс жасап ілгерілеумен келеді. Шолғыншылар

әлсін-әлі кезек алмасып, Хангелді алдына келіп, жау жағдайынан мәлімет беруде. Қарсы жақтың басым күшін Алатау Шынтақ асуына¹ шоғырландырғаны белгілі болды. Бес мың жасақпен бірақ барғанда жаудың топ зеңбірегі үсті-үстіне төбеден жай түскендей жарылыс жасап, жасақтың орынсыз құрбан беріп есенгіреп кетуі белгілі жағдайда еді.

Андықан жау, алыспай келіспейді. Ақыры жаумен жағалас басталып та кетті. Әлмерек пен Хангелді батырлығы мен ептілігі сай жүздіктерден бір мыңдықты іректеп алып, әр кезекте бір жүздік жаудың бейғам тұсынан садақ тарта қыр астына жалт береді. Зеңбірекшілер кезеніп болғанша олар қарауылға іліндірмес тұсқа өтіп, атылған зеңбірек оқтары дөй даланы түрткілей аударып жатты. Бұл кезде тағы бір жүздік екінші бүйірден жебесін қадап шыға берген. Не жекпе-жекке батыры келмей, не бетпе-бетке қазақ қолы төсін кермей, біресе оннан, біресе солдан, бірде батыстан, бірде шығыстан қадаған қалың жебеден соң ғайып болған қазақ жасағының мына соғыс салуын қорқақ, әлсіздікке балаған жоңғар қолбасылары талайға дейін менсінбеді. «Мынау бізді шертіп көруі, аптықпай тобымен тап бергенде, ыстық астан ауыз тигізіп көкесін көрсету керек», - деп салмақтылық істеді. Барған сайын кеміктеп, ойып-опырып бара жатқан жауынан сескене селт етіп, бүйірден біз сұққандай шабуылдап жалт берген жүздік соңынан кейде бес жүз, тіпті мың жасақ аттандыратынды тапты. Әлмерек пен Хангелдінің іздегені осы еді. Тау жастана қашқан өз жүздіктерінің соңынан түскен жоңғардың топты жасағының ту сыртынан жау күшімен деңгейлес қазақ жасағы көзге түспес енді бір жырамен төтелеп, кейде екі бүйірден, кейде қырқаны паналай алдындағы тар мойнақтан

¹ Алатау шынтақ асуы - кейін Қордай атанған өңір.

соққы беріп, жүздіктер соңынан түскен ізі бар, қайтқан ізі жоқ жайға кіріптар етті.

Осындайда алма-кезек айқастың бір сәті Әлмеректің жиырма беске келген үлкен ұлы Жәнібектің жүздігіне тиді. Қатаң жаттығу көрген мергендер жоңғар жасағын бір істікке бірден тандырға ұйытатын қойша түйрей теңкитіп өтті. Жүрекше тұсынан сұғынып кеткен жебені шеңбектеген бойдан жөңкеріліп қалған жан күйерлерінің халін көрген жоңғар бас қолбасысы, Байыр атты атақты мыңбасысына: «Ана жүзге жуық қазақтың жасағымызды осы халге келтіре тайып берген келекесі үшін, сығымында тұншықтырып, қанын саусағыңның арасынан сорғалатпасаң, жоңғар мың басысы Байырмын деп бетінді көрсетуші болма!» - деп қатал бұйрықпен аттандырды.

Көк айыл Байыр, қолбасының өздеріне ерек сенгеніне бір көкір әркі жұтқандай мастанып та, өзі теңдес мыңбасылар алдында мақтанып та, Жәнібек жүздігінің соңынан жаралы аюдай аласұра жолға шықты. Артынан үдеме-жүдеме лап қойған жоңғар қолының жұмағына бір қарап-ақ: «Мынау азда емес, көпте емес бақандай бес жүз жасақ екен. Бұларды Асудың бұлт бүркенген сонау ну шатқалына бастап, бәлемдердің сыбағасын сонда асату керек!», - деді, десі қайтпаған жас Жәнібек. Соңымнан түскен жау адасып қалмасын дегендей Жәнібек жүздігі аралық тастап, көз көрімде сырғып отырды.

Жәнібек жүздігі соңынан түскен жоңғар мөлшерін биік қарауылдан шолып тұрған Хангелді қолбасы: «Мынау біздің кезеңге аяқ басқаннан бергі тұңғыш рет жауымыздың көлемді шырғаға ентелеуі. Бүгін осындай іске барар жобасының барлығын Жәнібек маған арнаулы келіп айтып мақұлдығымды алған еді. Осыншама шеберлікпен басталған істі есте тегін жіберуге болмайды. Жәнібек жүздігі соңынан түскен

жау тау ішіне толық сұғынып болғанша, басқа жақтан ешқандай сыбыс бермеу керек. Жау дағарға толық кіріп болған тұста, бізден де бес жүзі көзге түспес жыра жолдармен аттану керек!» - деді. Әлмерек албан жасағының бабына келе төселген қырандай неден болсын тайынбай қанатын кере шүйіліп, алам дегенін алып қоятын дәрежеге жеткеніне іштей қатты тебіреніп, Хангелді қолбасының орналастыруын құптай түсіп толықтыра айтылған ұтқыр ақыл-кеңестерге қатты риза бола ішінен: «Жолдарың болғай, Алла жолдарыңды оңғарғай?!», - деп ықылас бата-тілегін айтып, бас изеумен күлімсірей отырды да бөтен бастан толықтыру туралы әңгіме айтпады. Осы тұста Хангелді,

– Е, ел қорғаудың алып қорғаны іспетті асылдарым мына жаудың арыстандай айбар шегіп бара жатқан тобына қайсы мыңбасы қолыңды бастап тұлпарыңа тақым қысуға батылдық етесің? Бірақ, мынау майданға жалғыз шабар жекпе-жекке ұқсамайды. Бір емес, жүз емес бақандай бес жүз жасақтың тағдырына, тіпті осы жолғы ұрыстың жеңіс-жеңілісіне қатысты аса ауыр міндет, - деп тоқтағанда мыңбасылар бірінен бір өте:

– Мен бармын, мен !

– Маған тегі кезек келе ме, жоқ па?! - деп бәріде ұмсына, қынаптағы қылыштарын қымти ұстай дебейленді. Хангелді қырағы көзбен шолып өтті. Жалайырдан шыққан Бақай батырдың арыны жау алардай айбынданып, көзі қызарып, өңі сұрланып кеткен екен. Аз-кем кідіре ойланған бас қолбасы:

– Жарайды, талай жорықта Бақай мыңбасыға кезек тимеген еді. Бұл жолғы сын-сағат айқасқа Бақай таңдамалы бес жүз жігітімен аттансын! Алла жолыңды оңғарып көп ұзамай жеңіс хабарыңды еститін болайық! - деді.

– «Иә, Алла, өзіңе сыйындым жолымды оңғара гөр?!» деп Бақай батыр бес жүзбен жау көзіне түспес

ұры жыралармен күйғытып келеді. Әлгінде ғана үйдек-түйдек кетіп бара жатқан жоңғардың қалың қолы түп-түгел сай ішіне кіріп болғанда, Бақай жігіттері де межелі тұстан жетіп үлгірді. Неше күннен бері шылбырынан ала жүріп тоқ жарау бабындағы саңлақтары жау қайдалағандай ауыздық баса аласұрады .

Сүт пісірім алдындағы Хангелді қолбасының орналастыруы құлағында саңқылдап, жеңістің биігіне жетелеп бара жатқандай қайтпас арын біткен Бақай жүз елуден үш жүздікті екі жақ қырмен өзі бастап аттанды да, Тайлақ батырды бас етіп, екі жасақ қашып құтылмақ боп сай аузына лап берген жауды тоспақ дайындықпен қалып қойды. Екі жақ жалмен өрлегендер де көзге түспей межелі орындарды алып болды.

Бас қолбасы Хангелдінің айтқан жобасы бойынша, Жәнібек жүзбасы жау жебесі жетпес аралық тастап, көз көрім соңына сала ұзай түсті. Жүз жасақты аттатпай басып қаламыз деген оймен жоңғар жағы әлгі елден тіленіп алған зеңбіректерін бұл жолы ала келмеген-ді. Алып келсе де ол зарапа мойындарды сүйретіп жүруге мына шатқалдың көкбет шор-шор тастары бас шайқап ілгері басуына жол қоймас еді.

Жоңғардың әзір-ақ алып жібермекке бел буып атқа қонған бес жүз жасағы көз көрімде шашқындай қашып бара жатқан аз қазақты қуып жеткен жерде найзасын қадап, желкеден тірі бауыздамақ арынмен қанша аласұра шапқанмен, әйтеуір жете алмай-ақ келеді. Не бір мерген жігіттер қозы жауырын жебені кере тартып зулатты, бірақ маң қарасын көрмеді. Қалай екені не көз жаздырып ұзап кетпей, не жете алмай біреу өлшеп қойғандай әйтеуір жауымен аралығы бір қалыптан аумайды .

Осылай тау шатқалына сұғынған сайын сұғына түсіп енді шатқал басы шымылдықтана керілген ну карағайға іліне берумен көз көрімдегі қазақтар қалың

жынысқа сүңги берді. Тәжірибелі жоңғар қол басысы Байыр, қашқан қазақтың жүз шамалы екенін әлдеқашан межелеп болған. Ат басын ірке артқы шоғыр жуықтаған тұста,

– Мына қоянша бұққан жүз қазақтың біріне бестен тура келесің. Бірінде жібермей қарсыласқанын қан құстырып түгел көзін жойыңдар! Қашып құтылуына орай бермеңдер! -деп тау жартастарын жаңғырықтыра, жүзбасыларына айбат бітірер арынмен бұйрық берді. Қолбасы бұйрығы нөсер алдындағы ұйтқыған құйындай құжынаған жоңғар жасағын одағайландыра, улап-шулап тап берді. Қарағай етегіне арқан бойы қалумен Жәнібек жігіттердің көздей тартқан сұр жебесі бұршақша оқтын-оқтын төгіп өтті. Мергендердің бір жебесі де тегін кетпегені ап-анық. Бір адамға екіден де емес, бірден жебе жүрек тұстарынан түйреле, төрт-бес кезек тартылған Жәнібек жүздігінің жебесінен жүзден артық жоңғар жасағы домалап кетті. Енді жоңғар мың басысы емес, бас қолбасы келіп айдаса да, қарағай нуына аттап басар жоңғар жасағы жоқ сияқты. Қолбасы сөзі жаңғырыға тасқа сүрініп, жасақтың басым көбі іздерімен қайталай жосып сай табанына, енді бір бөлегі қыр-жалды аса қашпақ боп бет-беттегі шұбырған аң ізімен жалғыз аяқтап жолға айналған сүрдектермен қиялай қашып бассыздыққа өтті.

Ендігі шабуыл екі жақ жалдағыларға тиді, келісуде осылай. Бақай мыңбасы: «Ал, ұмтыл! ендігі кезек біздікі деумен жауға шүйілер ұрымтал берік бекіністі сай табанына мінбелеген мұрыншалардан алдымен тағыда өткір жебелер ысқырына заулады. Бақайдың тапсыруы бойынша бір жебеде тегін кетпестей қарауылға алуда. Екі жақ жалдан ажал төніп қайда қашарын, қайдан бас сауға табарын білмей ию-қию, топ-топ, бөлек-бөлек, сапырысқан тұста, оңтайлы тұстардан атылып шыққан

жігіттер, қашқын жасақ басына қылыш, семсер, айбалта ойнатты.

Ет пісірімге жуық Бақай жігіттерінің жебе тартуы, оңтайлы тұстарда қоян-қолтық айқасқа өтіп, лездік тездікте қару сілтеуінен екі жүз елу үстінде жоңғар жасағының көзі жойылып, ажалсыз тірі қалған жүз ел уі енді жал-жалаға сұғынған жалғыз аяқтаған жолды да, бой тасаламақ жыра -жылғаны да тастап келген ізімен сай аузына ілінсе, аман қалардай өліп-өшкені осы араны сарыла, сайлана бағып тұрған Тайлақтың еншісіне тие берді. Маңдайдан қадалған жебе, жыра-жырадан сақпанының тасындай атыла кеп айқаса кеткен қоян-қолтықтың жаналғыштары ебі кетіп, есі қашқанның ту-талақайын шығарды. Сай аузына өлермендікпен тірі ілінгендер түрліше мертік алып, жүрегі өліп сүлдесін зорға сүйреп шыққан еді. Қару көтеріп қарсыласу емес яғлауилай¹ басымды шабардағы қазақ келбетін көзім көрмесін дегендей бастарын жерге ұрып, тоңқия берді. Жоңғарлықтардың ғасырдан ғасырға жалғасқан қазақ кіндіктіні жер бетінен жоймақ жорықпен келіп, бесіктегі балаға дейін шырылдата найзалап өткендегі аямас жыртқыштығы жүректеріне өшпес жара салған қазақ жасағының ашу-ызасы өрт боп лаулай түсті. Жаны мұрнының ұшына тақалғанда, екі қолының үстіне маңдайын қоя жан далбаса кешірім өтінуі, албастының сиқырсыған айласындай көрініп, қылыштарын қырсықты шой желкенің тоқпақтай бұрымы өрілген тұсынан жарқ-жүрқ еткізіп ойнатып өтті. Сай аузын баққан екі жүз қазақтың алдымен жеткенінің айбалта, қылышы шөге түскен басты ұрып, кейінгі бөлегі қол құрышын қандырардай олжа үлесі тимегеніне қаруымен қақ жара тасты ұрып өткендері де кезікті.

Қазақтың «бір жүздігінен» тірі жан қалдырмауға

¹ Яғлауилай - құдайлай мағынасында.

бел буып аттанған әйгілі Байыр қолы мына шатқалдан алтын тапқандай қазандай-қазандай қаратастарды құша, тасы қайсы, адамы қайсы айырып алғысыз жансыздар үйіндісіне айналып, жоңғар бас қолбасысына мына сұмдық сүркейлі хабарды жеткізе айтуға бірлі-жарым жан себілдерінің «адалдығын» әйгілемек алқыныспен жеткендердің алғашқысы бас қолбасы Қордайдың ашулы айбарына кез болса, кейінгісінің сөзі тыңдаусыз қалды .

Қордай бас қолбасы мына сүркейлі хабардан есінен айырыла жынданып кетермен хал кеше ақылшыларының сабырлыққа шақырған көп кеңесінен кейін барып, сабасына зорға түсті. Өздері жіберген жойымпаз күшті күйреткен дәл сол мөлшердегі қазақ жасағы екеніне қатты ширығып: «Тау ішінде қоршап көзін жойыңдар!», - деп қолма-қол тағы екі мың жасақ аттандырды.

Бар жайды тау басынан барлап, қажетті тұсында нұсқау беріп тұрған Хангелді қолбасы жанындағы Әлмерекке:

– Сіздің әлгіндегі айтқаныңыз аумамай келді. Мыналар енді біздің тау басындағы жасақты сыртынан қоршауды ойға алғандай, - деді. Шолғыншылар толассыз қимылда, жау жайынан алған хабарын әлгінде бір жеткізіп қайтқан. Енді екі мың жасақтың ауыр зеңбіректерін сүйрете осылай бет алған жайын тағы жеткізіп үлгірді. Ыңылдай ойланған Әлмерек:

– Меніңше «тиіп-қаша» соғысу әдісіне басып, жау күшін тағы да бытырата бөліп-бөліп әкетіп талқандау оңтайлы болар ма екен деп еді, сұлу жүзінен жымыыс ескен Хангелді:

– Екеуміздің ойымыз бір жерден шықты , - деді.

Енді Хангелді бұйрық күтіп тұрған бірнеше хабаршыны жанына шақырып: «Сендер өздеріңе тиесілі бөлектерге хабарлаңдар. Жау қоршай шабуылға шықпақ. Барлық жасақ көзге түспес сай-жырамен

қайта оралсын. Жоңғар жағы біздің жасақ сол арада деп зеңбіректің астына ала құмарынан шығып алсын», - деді. Жаттығып кеткен қазақ жасағы жоңғардың бес жүзін айрылмастай құшағына алған шатқалды тастай беріп, жыныс-жымба жолдармен межелі жерге жетіп үлгірді.

Бақай мыңбасыға да, жас Жәнібекке де ауызекі қысқа мадақ айтқан Хангелді сөз соңында: «Жау аса бір ашулы айбармен біздің жасақтарымызды жұтып жіберер аш айдаһардай келе жатқаны белгілі. Басқалардан гөрі мына тауға көздерінде, өздерінде үйреніп қалдыңдар. Аналар шатқалды айызы қанғанша түткілеп, қазақ қайдалаған тұсында, олардың қоршауы сыртындағы қыртқы-қыраттардан «қазақ ана жаққа қашып кетіпті» дегідей бой көрсетіндер. Ол кезде зеңбіректер шатқал аузында-ақ қылғынып қалады. Шатқалда өз өліктерінен басқа тірі қазақ жоқ екеніне көздері жеткен жоңғар қолы сендердің соңдарыңнан ентелері анық. Сендер анда бір, мұнда бір бой көрсете алыс-алыстарға ұзай түсіндер. Жау күші бытырап мына қалың қатпарлы таудың қай жылғасына кіріп кеткенін өздері де біле алмай жамыраған тұсында ту сыртынан шабуылға өтеміз», - деп тоқтады.

Жоңғардың екі мыңдығы тау шатқалына іліне тау-тасты зілзала күңіренге қорыс-қопасын шығара зеңбіректің астына алды. Дөй даланың астаң-кестеңін шығара шерлерінен әбден шығып кейін қазақ қырғынын тамашаламақ боп ентелей келіп, бірде қазақ өлігін көре алмай естері шыға, бұны жасаған орыстың да жетпіс жеті әкесін қалдырмай боқтап, жүруге келтірмеген түйе тастарға сыйлап шыға берген.

Хангелді жобасы бойынша бір шай қайнатым уақыт өте Шынтақ асудың биігіне қарай тарамданған сай жыраның бәрінде қоян-қолтық айқас басталып кетті. Бұл ретте де жапалама жау соңынан шауып кіру емес,

алдымен бытырай түскен тармақ тұстарынан қол салды. Мыңбасылар әрбір ұрымтал жерлерден жүз-жүзден жасақ орналастырып, кең аумақты кереге көз қамал кұра «келсең-келмен» айқасқа өтті. Екі көзі ну жыныс, биік жартас, терең шатқалдарға телмендеп сескене жоқ іздеп жүргенінде, мұрынша-мойнақ, кезеңше тар қылтаңдардан бірде сау етіп жебе заулап жапыра қиратып кетсе, кейде жалаңаш қылыш, айбалта, шоқпар ұстағандар атыла шығып, бір шыны шай ішімдей айқас сап, екінші белегір астына ғайып болады. Артжақтан ентелей жетіп келген жоңғар жасақтары «қазақ қайда? неден ұйлығып тұрсыңдар?» дегенше тағы бір жүздік пайда боп «білмек болсаң алдындағылар татқан сыбаға осы бір қазанның асы», - дегендей бір жасақ екі де үш қарсыласын құлатып жіберіп, тағы да жалт береді. Алдыңғы жүздік жебе тартса, екінші жүздік жалаңаш қылыш ойнатқан. Ал үшінші айбалта ұстаса ендігісі семсермен келіп араласты. Тірі қалғандар алдыңғы жалт бергеннің соңынан түсейін дей беруіне көк желкеден қылыш не семсер, яки айбалта мен бос мойын шоқпар шүйіле жеткенде қайсысына төтерін білмей есі кетіп ебі қашты. Осы бір ғана тұста емес, өр жақта да, еңісте де сайда жыраның бәрі-бәрінде осылай айқас жүріп жатты. Бір сайда не боп жатқанын, екінші сайдағылар біле алмай, әрқайсысы өз тұсына кез болған қазақтан көресісін көріп жатты.

Бұл жолғы асудағы қиян-кескі айқаста Хангелдінің жиырмаға енді шыққан үлкен ұлы Тілеукенің жүздігі айта қалсын серпімді қимылға барды. Бейне Сырымбет өзіне қандай талап қойса, үмітті ұлы Тілеукеге де Хангелді сондай талап қоя білген. Жастайынан жаудан қайтпас ерлікке, қару өнерінде қалағанымен, жау түсірер шеберлікке баулыды. Міне, бүгін Хангелді беделімен емес, өзінің жұртқа жаққан мінезділігі,

қайтпас қайратына көзі түскен көп оны жастайынан жүзбасылыққа көтеріп отыр.

Бүгінгі қоршай шабуылдаған жоңғар жасағының ең мол қаптап келе жатқан тұсы Тілеуке жүздігіне тура келді. Жау тақай түскенше бой тасалаған қалың жыныстан сыбыс-сылдыр білдірмей тұрып:

– Ал, жігіттер, енді орналастыру бойынша шабуылға өт! - деп өзі бірінші жебені сырғыта берді. Асқан мерген Тілеукенің бірінші жебесі: «қазақ-қазақ, қазақ бар екен сақ бол!», - деп болғанша, өздеріне қарсы ұмтылып келе жатқан жүздіктің атаманын сеспей қатырды. Енді Тілеуке көздей тұрып қабырғалысынан тағы екеуіне жебе жіберді. Бұл кезде қол астындағы жігіттер де үштен жебе жіберіп үлгірді. Қандай тамаша мергендік. Дәл осы тұстан ентелеп келе жатқан бір жүздіктің басым бөлегі жебеден қулап қалды. Жиырмаға жуығы қашып ендігі кезекке келе жатқан жүздікке қосылды. Олардың таныстыруы бойынша, қазақ мергендігінен шошына басбағып қалған тұста Тілеуке жігіттеріне,

– Ұрыста тұрыс болмайды. Олар бұғып қалған екен деп бізде бұқпайық. Қылыштарыңды қынаптан суыр, баспалап тұрған жауға шабуылға өт! Бір-ақ, мен, «қайт!» деп бұйрық берумен, екі жақ шетке қарай аса тездікпен сытылып шығындар! - деп бұйырды.

Ендігі жүздік қасқа маңайдан қадала кетпек жебеден сескеніп тұрған кезде, атойлай тап берген қылышкерлерге қарсы қару суыруға үлгірмеген басым көбі бет-бетімен үріккен қойша шашылды. Қыр соңдарынан қадала шапқан қазақ жасақтары ай-пүй дегенше, баудай түсіріп жіберді. Екінші жүздікте төтеп бере алмай қалғаны майданды тастай қашар тұсында, арпалысқан айқаспен жүрген Тілеуке жан-жағына көз тоқтата қарады.

Ана жерде, мына жерде сатырлаған салыс, жарқ-жүрқ ойнаған қылышпен найза, дебейлеген бос мойын

шоқпар мен айбалта. Өз жасағы қарсы жақтан басым екенін аңғартып, Тілеукенің өн бойын жеңістен-жеңіске жалғасқан қуаныш билей, тұлпарына тақым қыстыра, батырды ереуілдетіп жіберді.

– Қыр-жой! аянбай айқас!

Таубұзар, Таубұзар! Сырымбет, Сырымбет! Төлес, Төлес! Әлмерек, Әлмерек! Хангелді, Хангелді! - деп ол шетінен бұл шетіне ұрандай шауып, айқасқа араласты да кетті. Сілелеп, шаршап қалған жігіттерді, бәйге сөресіне тақау қалған жүйріктің шабандоз көзін сүртіп жібек самал маңдайы мен бауырына аймалап, айғай-шу серпілте сергітіп жібергендей, қазақ жасағы жел көтерген өрттей айбаттанған аса бір қатал серпінмен ұрыс салды. Артынан зор дауыспен зілдене, тістене айтылған Тілеуке ұраны жоңғар жасағын пір болып басты ма, қазақтың қалың қолы бір жақтан қаптап келіп қалғандай сезініп, құлақтары біте мәңгіріп қалған тұста, жігер-қайраты тасыған қазақ жасағы өзі де сиреп кеткен қарсыластарын тау балдырындай турап жіберді. Алдыңғы жебе тарту, «тиіп-қашпа» айқаста Тілеуке шығыны өте санаулы болғанымен, кейінгі бұлтарып кету ойдан мүлдем көтерілген қызынған қоян-қолтықта қазақ жағынан отызға жуығы қаза тапты. Тілеуке: «Әттеген-ай, бетпе-бетке бекер барғаным-ай», - деп бір ойлап қайтадан: «Ұрыста барлығы біздің тілегіміздей қайдан болсын, солай ұрыспасқа да амал жоқ қой. Бір жүздікпен арт-артынан келген үш жүздікті алу Аллаға шүкірлік етер іс», - деп тыныстады.

Мына асудағы берік шатқалды меңгерген қазақ жасағын жоймақ екі мыңдықтың басқа бөлектерінде де Тілеуке жүздігі ұрыс салғандай сұрапыл айқастар болып өтті. Бұл жолғы жоңғар жағы да екі мыңмен жапа-тармағай лап қоймай тәсілін өзгерте бір жүздік, бір жүздіктен жіберіп тұрғаны мәлім болды. Бүгінгі қоршау үстіне қоршау салған қиян-кескі айқаста жоңғар жасағының

бір жарым мыңының көзі жойылды. Тілеуке сынды қоян-қолтыққа бармаса болмас тұстарда ғана қазақ жасағынан біраз шығындар болғанымен «тиіп-қашпа» соғыс салған көп бөлектерде жасақ шығыны жоқ дерлік бірлі-жарым ғана болды.

Осы бір айқастан сытыла қашып құтылғандардан қазақ жасағының ұрыс өнеріне әбден қанған Қордай бас қолбасы енді мыңдап қол аттандырудан қатты тиылып, ең көп болғанда бес жүз жасақ әйтпегенде жүз, екі жүзден қол аттандырып, «тиіп-қашпа» ұрыс салуға ойыса берді. Қазаққа еліктеп, аз-аздан соғыс саламын деп, бір аптаға жетпейтін уақыт ішінде тағы бір мыңдығынан айырылып қалғанын есептеп қарсы жақ қатты ширығумен болды.

Енді Қордай қолбасы Алатау Шынтақ асуын тастай Шу бойына барып қосыла, күшін молықтырып алып, қазақтан келгенді бірақ көрмекке бел буды. Жауының ұмтылысынан бар ойын аңғарған Әлмерек пен Хангелді Шынтақ асудағылардың Шу бойына қарай бөгеу бұза лықси жөнелмек ұмтылысын неше жерде тар қысаңшалардан тұмсыққа ұрар мындықтар мен жүздіктерді орналастырып, қатты қырғынға ұшыратты. Айдан артық Шу бойына жоси жөнелмек ұмтылыс мол күшінен айырылтып, енді алған бетінен қайтпаса қырылып таусыларын мөлшерлеген жоңғар бас қолбасы ат басын ірікті. Хангелді жасағы батысқа беттеуін мықтап тосқанымен, оларды шырқ иіре қоршап та алмай, Алатауды бойлап шығысқа қарай бет алған тұстарын еркіндеу тастап, алыстан орағыта барлады. Тау-таумен із соқтыра Шуға бет алғандарын тағы да қатты қансыратты.

Хангелді, Түрікпен, Өттеғұл үш қолбасы үш майданға бөлінер тұста да ұдайы байланысшы арқылы қол үзбеуге келіскені бойынша, апта жаңалап Хангелді жіберген шолғыншылар Түрікпен қолына келіп, Шу бойының жағдайын ұғуымен, Түрікпеннің Талас

бойына жіберген кісілері арқылы Өттеғұл жайын ұғысып, өзара тіл табысып тұрды.

Жоңғар қолының бір-бірімен байланысын тізгіндеу үшін аралық жолды шарлауға бес жүзден жасақ қойылды. Шынтақ асуы жағындағыларға ғана емес, Шу, Талас бойындағыларда жоңғар жасағының Шу бойына тоғыса күшін молықтыра шабуылдамақ ниетіне барды сала тосқауыл қойды. Неше кезек артқы Талас бойынан азық-түлік, қару-жарақ жөткемек дәмемен аттанғандардың шыққан ізі бар, қайтқан ізі жоқ хал кешті.

Қордай бұл арадан құтыла алмасын сезген соң енді ұрыс тәсілін өзгерте бір қулық ойлап, бірнеше кезек жекпе-жек соғыс салуды талап етті. Алғаш бұл талабын жауапсыз қалтырғанымен жау күші қазақ жасағымен теңескен мезгілге барғанда, Хангелді қолбасы Әлмерекпен ақыл қоса отырып, жарты айға жалғасар жекпе-жекке мақұл болды.

Қордайдың алғашқы ойы беті ашық татыра жекпе-жекті бастап қойып, соңында тұйықсыз аламан соғысты бастап жіберіп, мол күшпен қазақты жоям деген-ді. Енді күн сайын тозып, қырғын тауып бара жатқан басым күшін сақтап тұрып, Талас пен Шудың бірінен көмек кеп қала ма деген дәмемен уақытты соза түспекші боп ортаға шықты. Ал, Әлмерек пен Хангелдінің жекпе-жекке мақұл болуы басым көп жасақты бақандай бір ай жалғасқан арпалыстан тынықтыру еді. Егер жау жекпе-жекті паналай беті ашықта аламан соғысқа өте қалғандай болса, бұрынғыдай емес күшіміз теңесіп, қалдыра қоймаспыз деген ойға келді.

Жекпе-жек ұрысы басталар күні жоңғар жағы өршелене ереуілдей кернейін шаттана тартып, екі жақ аралыққа үш шақырымдай жер тастап, шеп жайып тұрып болумен-ақ, осылай ұрыс салуды ортаға қоюшы өздері болған соң ба, екі иығының арасы бір кезден артық, басы кішігірім қазандай бір дәу, жуан жорға Қарагермен

ойнақтата майданға шыға берді. Мына алыпты анадай зор Қамбар тұқымы көтермесе, жай жылқы алпарысқан айқас емес, сыдырғы міністе үш шақырымдай жерге көтеріп жүрер бермес. Үзеңгіге шіренген алып жоңғар батыры қазақ жасағының алдынан жуықтай айналып ,

– Жекпе-жек, жекпе-жек! сол бізлеріңге шығай-дыған қасық туылу шыдады ма?! - деп қайталай-қайталай айғайлап өтті. Мынау қай жердегі қазақты жағаласа да, жүрдім-бардым қазақ тілін білетіндігі бұтып-шатқан әр сөзінен байқалып тұр.

Хангелді бас қолбасының алдына жиырма-отыз қазақ батыры шауып шығып: «Мынаған мен шығайын, маған кезек беріңіз?», - деп көкпарды маған өңгерте сал дегендей қылықтарына жымия қарап, бір сәт кідірген Хангелді: «Бірінші кезекте қалайда жоңғар батырын алып түсетін біреуін жіберуім керек!», - деген ой жетегімен өз батырларын, көз жанарларынан жауын басып түсер айбын іздей жағалай қыдыра қарап келе жатып, Әлмеректің Жәнібегіне келгенде, қос жанары кілт тоқтай, оның жанарынан жауын алар ұшқын танығандай кідіре қалды. Ана дәуге жетпесе де, жете қабыл дәулерден тоқтамай өткен Хангелдінің өткір көзі: «Жоңғар жойпатына дене тұрқы сай келмегенімен, ақыл-айла, қару өнері асып түспесе қалыспайды», - деп меже жасап үлгірді де, - Жәнібек, сен шық! - деп бірақ ауыз бұйрық берді. Ылғида жаумен жағалас майданға мінер атымен балуанша келген Жәнібек топ алдына шығып:

– Хангелді батыр, маған сенгеніңіз рас болса, сіздің бата беруіңізді тілеймін? Иллаһи, Әумин! - деп қолын жайды. Кезінде дәл жиырма жасында өзінің жекпе-жек майданына шығарда, Төлестен кейін Әлмеректен бата сұрағаны есіне келген Хангелді: «Алдыға қарап жасарып, артыңа қарап қартаясың дегені осы екен-ау», - деп сәл миықтай:

- Жауыңа жылдам бара бер,
Жайратар қару ала гөр!
Жаратқан Алла жар болып,
Әкеңше ұрыс сала гөр!
Әумин, Аллауакбар, -

деп бет сипады.

Хангелдінің Жәнібекке жасаған батасына бүкіл жасақ қол жайып, жауын жеңіп, жеңіспен оралуына дүркірей тілеулестік білдірді. Жәнібек жоңғар батырынша жондана төбедей боп көрінбесе де, әкесі Әлмерекке тартқан кең иықты палуанша сүйек бітімі онда да бар еді. Сұлу Кертөбелін алшандата бастырып, қарсыласына жуықтай берді. Жуан қараның алып мүшесі шынында бөлектеу жаратылған екен. «Егер мынау бұдан гөрі етке толса, астындағы Қарагер көтеріп майданға шыға алмайтындай. Онда мынау түйе мініп шықпаса, ат көтеріп жүре алмас», - деген ой Жәнібектің өңіне ажуа-күлкі жүгіртті. Оның күлкісіне таңырқаған жоңғар батыры: - не, өлетінді білу, соныға күлу шыдай ма?! - деді қатулана. «Тілін шайнаған албастыға қайран сөзімді қор қылмаймын!», - деген ойға келген Жәнібек, «алдыңғы кезек, сенікі» дегендей иек көтерді.

Қара дәу шу дегенде өз денесіне өлшеп жасатқан найзасын кезей атылды. Жәнібек те жауына сәйкесті қаруын суыра оңтайланды. Көзіне қарсылас қазақ тұлғасы қораштау көрінді ме, шаншыған бойдан қазақ жасағының ортасына төңкере тастамақ болған жоңғар батырының әңгүдік ойы, Жәнібек найзамен қайқайта қаққанда, анау ат көтіне түсіп қала жаздап, ерінің қасынан ала айрылмай жан дәрмен әрең оң шалып ішінен: «үй, мынау кіп-кішкентай боп, бір сиқырмен керемет көрсетіп кеткен жоқ па?! Әзіргі найза қағыс қайтып-ақ мынаның қайраты болсын...?», - деп ойының аяғын жұта, аттан аунап түсіп қалмағанына,

құдайына мың бір шүкірлік келтіре, сондайға ой арпалысымен текіртіп барып қайта оралды. Ендігі кезек Жәнібекке тиді. Мына қазақтың қайратынан өмірінде жүрегі тұңғыш дір еткен жоңғар батыры, қарсыласының тойтарысынан сескенгені сонша, енді Жәнібек найзасына найзамен тойтарыс береріне сенбей қалқанын қабаттай ұстап үлгірді. Ұзап кеткен екеу қайта тап бермеде Жәнібектің екпіндете кеп жүрек тұсынан ұрған найза, үлкен әкесінен мирас боп ештеңе дарымай келген қалқанды қақырата пәре-пәресін шығарып өтті. Найза серпіні қалқанмен тежеліп, батыр тұлғасына арнап жасаған сауыттан өте денеге дарымай, шойғара аман кетті.

Ендігі кезекте қазақ батырының найзагерлігінен жүрегі қалған анау алмас қылышын қолға алып, сенде қылышыңды шығар дегендей, сонадайдан жарқ-жүрк еткізе ойнатып, тақай берді. Енді Жәнібек те оған қарсы қылыш суырды. Ол кезегі бойынша қазақ басын қия шауып өтпек екпінмен барын сала сермеуі де сол еді, Жәнібек қылыш сыртымен серпе қаққанда, алақанын дір еткізген ашты сілкіністе қылышының шыр етіп ұшып кеткенін сезбей қалды. Жоңғар мықтысы талай-талай жекпе-жекке шығып жүріп, мынандай қол қайратты көруі өмірінде бірінші рет. Әлгіндегі күдікті ой тағы қайталанды «Менің айқасып жүргенім адам ба әлде басқалай бір керемет пе?!» деп өз көзіне өзі сенбеген таңырқау мен қорқыныш қабаттаса ұзаңқырай барып ойына бір қулық оралып үлгірді. Мынаны қолма-қол айқаста алуым неғайбіл. Бұны жебемен домалатайын деген бір ой қылт етіп, адырнаға арнаулы дайындалған улы жебені қондыра сол жақ жамбасқа қалқалай ұстап, атын көлденеңдей ойқастата бастыра арқан бойы тақау келгенде, садақты жұлып ап кезеуіне, Жәнібек асқан тездікпен қалқанмен тосып үлгірді. Екеуі ат екпінімен айқасып өте беріп кілт бұрылған Жәнібек: «Садақ тарту олай емес бұлай», - деп қодырандай шапқан қара

дәудің көк желкесінен көздей жіберген жебе, желке шұңқырынан отыра кеңірек бүгежегін қақ жара қос қарыс өте тоқтапты. Жоңғардың қолбасылары талайдан бері арнаулы бағып-қағып айбарлана майданға салған нән алыбы төбедей боп төңкеріліп қала берді.

Өз батырларының ұрыстағы қимылын «икем-сіздіктен», - деп жазғырып тұрған жекпе-жектің ендігі мықтылары Жәнібекті алыстан қораш санап, алқына жеткендерімен оның жарау бүркітше бір шүйілуімен тырнағына ілінген түлкі мен қояндай қайтарма шабуылға өтер қайрат көрсете алмады. Осы айқаспен Жәнібек бірінші күні артынан келген алты жоңғар батырын алды. Екінші күні қазақ жағынан үш жас жазым боп, жоңғар жағы қатты елеуреп кетті. Үшінші күні Тілеуке жау аптығын басып, бесті құлатты. Арада жас жігіттерден біраз шығын болды. Кейінгі кезектерде Малай, Тайлак батырлар күні бойы тұрып есені жібермеді. Бұл жолы қарсы жақтан жүз отызы жер құшты.

Ал, қазақ жағынан отыз үстінде қарсыласына қайраты пар келмей қаза тапты. Мол батырларының өліміне ашынған Қордайдың қолды бір сілтеуімен аламан соғыс басталып кетті .

Мұндай лап бермеге дағдыланған қазақ жасақтары жебе тартумен Асудың берік өңірлерін алдын иелей ауыр шығынға бармай, жауына ойсырата соққы берді. Екі жағы да енді тау паналай «тиіп-қашып» ұрыс салуға ойыса, шабуыл кейде күшеп, кейде бәсендей уақыт ұзара түсті.

Қордайдың бас қолбасылығы құр атаққа айналып, «Байтал тұрмақ бас қайғы» - дегендей Шу, Талас бойына нұсқаушылық етуі адыра қалып, Шынтақ асуда бес мың жасақты сақтап қалу қиынға айналды. Талас бойынан азық-түлік жөткемек неше кезекті қимылы текке кетті. Енді Қордай атырабындағы елден азық-түлік, сойыстық мал қарбытып қалмақ болып тырбынып

көріп еді, кезінде жер қайыстыра келе жатқан жоңғар қолының хабарын естіп-ақ құс ұшып, құлан жорытпас дерлік алыстарға жосып кеткен елдің маң қарасын көре алмай ашығумен ат-көліксіздік жоңғар жасағын сансырата бастады.

Уағдалы жоба бойынша түн жастана атқа қонған Түрікпен Шу бойындағы аждаһаның құнан өгізді бір-ақ жұтып қорыта алмай жатқандай, жуантық тұсынан таң алдында тап берді. Бұл тұста жоңғардың дөң айбаттанған бес мың қолы, қазақ орта тұстан кеп киліге кетеді деп, үш ұйықтаса түсіне кірмеген паң, тәкаппар ұйқыда жатқан кезі еді. Мықты шолғыншылармен жаудың негізгі күші шоғырланған бөлекті әбден меңгерген Түрікпен айғай, ұрансыз лап қойды.

Шу атырабында жоңғардың Түрікпен жасағымен деңгейлес бес мың қолы бар еді. Сан жорықтарды басып, кезіккен қазақ басына қанды қырғын салып, ат үстінде өскен жоңғар жасағы ет пісірім айқаста қырғын тапқанынан қалғаны дерлік атқа міне айқасқа өтті. Тұйықсыз тап бермеде мың жарымға жуық жасағының көзі жойылып, қазақ саны басымдылықты игерді.

Шу өзенінің ар жақ бер жағы, жалпақ дала төсі дерлік қанды қырғын сапырылыс, сілкілес үстінде. Ғасырдан ғасырға жалғасқан жұлқыс, айқастағы екеуі де ежелден «ер қанаты ат» деп, «жаяуда қайрат болмайды» дейтін дәстүрлі көзқарастан соғыстық өнерде де көбінде бір арнаға құятын жағы бар. Алғашқыдай емес, жоңғар жағы да атына мінгені ақыл тауып, арын бітіп жандана түсті. Бас қолбасыларының тапсыруы бойынша буынған сары белбауларынан бірін-бірі танып топтаса, шоғырлана қимылға өтті. Оның қазақ үшін де зияны болмады. Ана кетіп бара жатқан жауым,- деп танып қолма-қол құлатып тұрды. Шырт ұйқыдан шошына әруейі ұшып кеткен жоңғар жасақтары зорға ес жиды.

Түрікпен мен Қаумен бастаған шапырашты жасағы

Шу бойындағы бірінші күнгі түн жастана тұтқиыл атойлап кірген шабуылмен бейғам жатқан жауын қатты шығындандырды. Ертесі кешке дейін салғыласқан сайыс жалғасып, екі жағы да күн бата сілелеп майданнан қайтты. Осы бір сөткеге жуық айқаста жоңғар жағынан екі мың жасақ қырғын тауып, Түрікпен де мың жасағынан айрылғаны мәлім болды .

Ертесі жоңғар жағы майданда туын көтеріп, үш адамын елші етіп жіберді. Бұл енді қалай соғысуды ақылдаспақ болғанын аңғартатын еді. Түрікпен жағы да өз елшісі етіп жанына екі жігіт қосып, Қауменді аттандырды. Әлден уақытта елшілер өз топтарына қайта оралып келді. Жоңғар елшісі он бес күн жекпе-жек соғыс салуды талап еткен. Мөлшері жан-жағынан көмек келуді күтетіндей. Хангелді қолынан артылып, Асу жағынан, Өттеғұл қолынан сытылып, Талас жағынан көмек келе қоймасын іштей мөлшерлеген Қаумен жоңғарлықтардың жекпе-жектегі өнерлерін көргісі кеп, талабына мақұлдық бере оралыпты. Түрікпен де Қаумен берген келісімді жөн көрді. Бірнеше күн санамалы батырлар майдан жекпе-жегіне шыққан тұста, жасақ та, мініс аттар да шаршауын басып, бойын жинап ес жисын деген ойға келді. Жоңғар жағынан бір дәу батыры ұзын жалдас Торайғырмен текіректете майданға шауып шығып, - жекпе-жек! жекпе-жек! - деп айғайлай ойқастап, шиыршық атты. Алғашқы майданның жеңіс-жеңілісі кейінгі шығатындарға үлкен медет берерін ойлаған Түрікпен батыррұқсат сұрай шауып келген жиырманеше айбынды батырларына жадыраған жанармен аймалағандай бір шолып өтіп, атақты Құтбанбет батырға: «Сен шық», - деп ықылас батасын да беріп үлгірді . Құтбанбет – қазақ қана емес, бүкіл алашқа аты кеткен Наурызбай батырдың әкесі. Отызға толық іліне қоймаған тұсы еді. Төбедей болған жоңғар батырынан, қалың топ ішінде бөлек тұратын Құтбанбет батырдың дене-тұлғасы да

кем түспей, екі дәу сүзісердей екпінмен парласа берді. Бірінші айқасуда-ақ екеуінің екпінді қағысуына пар келмей, екеуінің қылышы ортасынан бөліне ұшып кетті. Ендігі кезекте алған ақ семсерлері ара жүзденіп қалды ма оны да тастай, айбалта жағаласына өтті. Мынау бір сирек кезігер жай, үшінші суырған қару сілтесте жоңғар батырының айбалтасының басы Құтбанбет тойтарысында тағы ұшып кетті. «Енді ұмтыл!», «шап басын!», - деп жолдастары шу-шу. Асығар кісің Құтбанбет емес. Қарсыласының қару сайлауын күтіп тұр. Анау енді бұзаубас шоқпарын қолға алғанда, бұл да айбалтасын орнына сүңгіте беріп, сәйкесті қаруын сайлап үлгірді. Екеуінің кезек берсе шоқпар сілтесі мен қарсы жақтың шабуылын тойтарудың өзі бір керемет таңғалыс қалып танытады. Әбден бірін-бірі байқап болғандай түске тайған кезде Құтбанбет батыр, мынаны түстен кейінге ит малтақ ермек етпейін деді ме, шоқпар ұстаған оң қолдың талмау тұсынан сақ еткізіп ұрып өткенде, жоңғар батыры тосу емес, шоқпардың шырқап ұшып кеткенін көзі бір шалып, ат жалын құша талықсып кетті. Енді армансыз шығарсың дегендей, құлақ түптен тағы бір асатып жіберді. Аяқ серпуге келмеген дәу бір үймек ет боп құлап қалды. Осымен тамаққа қайту кернейі боздады. Ілгерінді-кейінді талай айқастар мен жекпе-жектер де өлгендермен салыстырғанда, мына батырын аса бір аяулы санайтындай. Он неше жігіт жаяу жүгіре келіп, жан-жағынан жабыла көтеріп, майданнан алып кетті.

Түстен кейін Құтбанбет тағы шықты. Алдыңғыдай көп алыспай төрт батырын алып күн батты. Екінші, үшінші күндерде жоңғар жағының айтулылары қазақтың бірнеше азаматын мерт қып кетті. Осылай он екі күн жалғасқан жекпе-жекте жоңғар жағынан елу батыр қаза тапты. Он үшінші күнгі жекпе-жекте баяғы Шонжының дәмесіне ұқсаңқырайтын бір жай болып

өтті. Шу бойының бас қолбасысы Дауа майданға өзі шауып шығып:

– Түрікпен қайдасың?! Бізді шешеміз ұл деп тауып бір қой қалжа жеген. Мықты болсаң, өзің шық! Қол астыдағыларды майданға жіберіп қойып, қызық көріп отыра беру ерлік емес, мына самсыған қалың қол алдында майдандасып, нағыз батырлықты танытар тұс енді келді. Ер-азамат екенің, шапыраштының бас қолбасысы екенің шын болса, кешікпей міне маған шық! - деп өзелене айғайлай дебейледі.

Ішінде Қаумен бар Түрікпеннің бірнеше батыры: «Мынаған біз шығайық, сіздің жасыңыз ұлғайып қалды шықпаңыз?! », - деп өтініш білдірді. Оларға Түрікпен:

– Мен шықпасам одан қорыққан, батылдық ете алмаған болмаймын ба? Онда анау қазақты басынған, қорлап кеткен болмай ма?! Ажал жетсе кетермін. Елім мен жерімді қорғау жолында өлсем, шаһит болармын! Әйтпесе жоңғардың ана жаман мешелін аларлық Алла күш-қуат берер, «жақсыны айтып, жаманды тақап қой» деген. Алай-бұлай боп кетсем, артқы жұмысқа Қаумен сен, ие бол! - деп майданға тарта берді.

Екі әйгілі қолбасы ұмтыла кеп айқасқан тұста жарқ-жұрқ еткен ерек қағысу, ажал арнаған үрейлі бейне әлсін-әлі қайталап көрерменнің төбе құйқасын шымырлатты. Жұлдыздай ағындап кеп бірі сермеп, бірі қаққан, сан сайыс болып өтті. Оңай кісілер түмен басы болмайды ғой. Екеуі де бірін-бірі сирек кездесетін қарсыласы екенін аңғарып жүр. Алғашқы айқаста-ақ екпінді қол қарымының неше пұттық күшпен қағысуына төтеп бере алмаған найзалары мойнынан үзіліп тынды. Енді айбалтаның жүздерінен жалт-жұлт еткен от ұшқындары түн емес күп-күндіздің өзінде көзді қарлықтырды. Екеуі де осы қаруды ұнатып қалды ма басқа қаруға қол салмай, айбалтамен мол айқасты. Қазақтың қарт қолбасысын алқындыра барып, алып

жібермек дәме әр шабуылда тойтарыла берді. Түрікпен өзіндей бір жарым келетін дәу, әрі екі мүшел жас кіші жоңғар қолбасысының қимылына сәйкес бұл қаруын тастамай жүр. Әлден уақытта дәу айбалтаны басына ойнатпақ ыңғайымен қайқая қару көтерген тұста олақай тұлғаның әлсіз тұсын пайдаланған Түрікпен тізенің талмау ұршық тұсынан айбалтасын аямай сағалата ұрып өтті. Ара жүзденген қарумен ұстарадай бөліп өте алмағанымен қарымды қолдың қатаң екпінінде жоңғар қолбасының тізісін мылжалап, ұршығын уатып өтті. «Ойбай!» , - деп тістенген үннен соң, ақ сары сетерінің жалын құшқан Дауа қайта қимылсыз сұлық қалды. Мынау басын көтеріп айқасуға шамасы келсе тағы көріп бағайын деген Түрікпен жанасалай айналып, бір сәтті күтті. Бірақ, анау оған келе алмады. «Енді армансыз шығарсың?» деген ойға келген Түрікпен қынаптан қылышын суыра қия шауып, басын допша домалатып жіберді. Сар тұлпар иесінің өлгенінен шошынды ма, әлде ессіз хайуандығын істеді ме? Дауаның үзеңгіге ілінген ауыр денесінен құтылмаққа асық бола қос аяқтай тепкілеп, қияны құлдилап берді. Он неше жасақ Дауаны құтқарып алмақ па, соңынан қосыла шауып қабақ астына түсіп кетті .

Жоңғардың қалың қолы аламан соғысқа өтуге қазақ айбарына бата алмады ма, жоқ ендігі қолбасы жекпе-жек уақыты толмады деп тежеді ме іркіліп қалды. Түрікпенге ешбір батыры: «Мен шығам деген жүректілікке бара алмай шай қайнатым кідірістен соң түскі асқа қайту кернейі шалынды. Жоңғар қолбасының майданға атын атай шақыруынан туындаған Түрікпен алақанның қышуы әлі басылмаған ба: «Майданға тағы мен шығам, ең болмағанда толық бір күн тұрайын», - деп өзеленіп-ақ көрді. Бірақ, қалған қолбасылар: «Сіз, әзір алпысты орталадыңыз, Дауа үшін шығуыңыз сөресіне бәйгелі келді.

Ендігіңіз қызбалық, мүлдем шығуыңызға болмайды!» , - деп жол қоймады, осы орайда Қаумен:

– Қолбасы шығар ісі болса мен шығайын орынбасарыңызбын ғой, әрі сізден жаспын. Ендігі жарым күнді маған-ақ беріңіз, - деді. Барлық мың басылар да Қауменің шығуын мақұл көрді. Түрікпен де қосылды. Қызба қандылау мінезі бар Қаумен бүгін Дауаның майданға шыққандағы едірендеуін қайтарып алғысы келгендей. Жоңғар жасағына жуықтау барып таза өз тілдерімен айғайлап:

– Қазақтың бас қолбасының өнерін көріңдер. Мен оның орынбасарымын. Ендігі кезек қолбасыларға келгенін екі жақтағы бар жасакқа естірте отырып, Дауа өзі жариялаған. Мен – Дауаның өкше басары Мұқырды жекпе-жекке шақырамын. Жігіт болсаң сылтау көрсетпей-ақ өзің шық! - деп айғайлап өтіп, майданға келіп тұрды.

Ұстазының өліміне ашынып тұрған Мұқырға да ашуын басар сәтті орайы енді келгендей. Өзім айғайлап шығып, Дауаның аяғын құшып қалам ба деген екіұшты ойда тұрған сәтінде, көктен тілегенін жерден бергендей қазақтың тұстас қолбасысы өзі шақырып тұр. Мұқыр мына қазақ қолбасысынан Дауашалап құлап қалмай, алып тастарман айбынмен келген. Ол ойына Қаумен жеткізбей, шай қайнатым айқастан соң басын домалатып өтті. Мұқырдың өлген түйедей болып жатқан зор денесін сүйретілте көтеріп ала жөнелді. Басына ие болған тұқыш мойнын біреу айдарынан көтере біресе оң қолына, біресе сол қолына ауыстыра мықшындап кетіп бара жатты. Ат сүйреп ала жөнелген Даудан гөрі мынаған құрмет басым сияқтанады. Аттарын шылбырынан ұстап бұйрық күткен жоңғар қолы жағаны сүзген тасқындай аласұрды. Мұқырдың өлі денесі жете беруіде сол еді, жекпе-жектен зеріккендей бар жасағы жапа-тармағай майданға лап қойды.

Түркмен де осылай боларын мөлшерлеген еді. Жоңғар қолбасысы аттан құлай мыңдықтарына: «Мыналарың сапырылыса қоқандауы бөлектеу, енді бәрің аттарыңның тартбасын тартып, қоян-қолтыққа өзіңе ебдейлі қаруынды қолға ала тап бермеге дайындалыңдар!», - деген еді. Айтып ауыз жиғандай дерлік уақытта жоңғар қолы шулай-шұрқырай ат қойған тұста, қазақ қолы да: «Шапыраштылай», «Қарасайлай» ду көтерілді. Лезде сатыр-сұтыр, шақ-шүк салыс басталып кетті. Түн жастана атойлай кіруден, неше күндік жекпе-жектен жеңістік алып, рухтары таси түскен шапырашты қолы бұл жолы да қатты кеуделі келді. Қалың тасқын балдыр шөпті, әлде жағадағы ұйтығыс қалың курайды жапырып өткендей қанды қырғын ұрыс салды. Кей жерлерде ат пен адам өліктері айқасып қалды дерлік. Біз ұрысты басқарамыз деп қарап тұрмай, бір жерде Түрікпен қылышын ойната оңды-солды жан-жағын жайпаса, енді бір жерде Қаумен жекпе-жекпен қол қышуының қанбай қалған құрышын қандырғандай түйдек-түйдек тастап жүр. Әйтеуір Қарасайлап ұрандаған сайын шапырашты жігіттері жел көтерген өрттей лаулай түсті. Батыс көкжиек жоңғар қанымен баттастыра бояғандай қып-қызыл түске малынған тұста, соғыстан қайту кернейі сұңқылдай жөнелді. Түстен кейінгі Қаумен мен Мұқыр жекпе-жегі аяқталғаннан күн батқанша жалғасқан жапалама соғыста мың үстіндегі жоңғар сүйегінің майданда қалғаны анық болды. Қазақ жағынан да алты жүзге жуық азамат қаза тапқан.

Шу бойындағы жоңғар жасағын айлалы да жас Піруа басқарып, ол бас қолбасы Дауаның да, оның орнын басқан Мұқырдың да мол тәжірибесін жинақтай, қазақ пен жекпе-жекке де, лап қойған бетпе-бетке де бармай ол жақ, бұл жағындағылардан көмек кеп қала ма деген дәмемен мың жарым үстіндегі жасағын азайтып

алмаудың бар айласын жасады. Бірақ, Түрікпен мен Қаумен бар күшті екіге бөліп, Пыруа қолының шығысқа сырғып, Шынтақ асудағы мол қолға қосылуына да, батысқа бет алып, Талас бойындағы артқы қазынаны бағып жатқан жасаққа қарай жөңкіле жөнелмек дәмесін де жүзеге асырмай тұйыққа тіреді. Қырғыз Алатауына қарай асып кетсе жоңғар қолынан бірақ ажырап, бұданда бетер жұлмаға түсерін ойлаған Пыруа бас баға орайын күтумен болды.

Талас бойына міндет алып самдағайлана шеру тартқан дулат Өттеғұл батыр қолында, қырғыз Алатауын бөктерлей саулап келесі түн жарым ауа, межелі жердегі жаудың майлы жаясы іспетті артқы бөлегіне ілінді. Артқы шептегі азық-түлік, мал-дүние, құрал-жабдық қатарлы қолқа-жүрегін қорғап жатқан төрт мың қолға жол бойы жасаған жоба бойынша, Өттеғұл батырдың бес мың жасағы екі жақ басынан қоршау жасай тап берді.

Өттеғұл батыр салмақты қимыл жасауды басқа саптастарынан сабақ ретінде қабылдаған сияқты. Жаудың артқы шебіне бірден дүрсе қоя бермей лап берменің бір сәт алдында барлық мыңбасылар мен жүзбасыларды жанына шақырып алып: «Жаудың жан сақтары азық-түлік, құрал-жарағы, әсіресе зеңбіректерінің басым бөлегі осында. Ертіс бойындағы тәжірибені жинақтап, оқ шығара бастаған зеңбіректерін алдымен басып қалып, көзін жойындар!» , - деп бір мыңдығына бұйырса, енді бір мыңдыққа: «азық-түлікті қорғап жатқан жау күшінің көзін жойып, азық-түлікті жөткеп, өртеп жіберудің алдын тосып, қашқан жауды азықсыз кетуге мәжбүр етіңдер!» , - деп бір тоқтады. Аз кідіре ойланған Өттеғұл батыр: «Қалған екі мың жасақ жаудың бізге қарсы ентелеген шабуылына төтейсіндер, олардың көзін қаншама тез жойсандар, артқы шебіндегі барлық құрал-жарақ, азық-түлік бәрі-

бәрі де өздеріндікі, қазақ жасағыныкі болады, - деп бар сардарға көз тоқтата бір шолып өтті. Бәрі де бас изеп, ұғындық дегендей жанарлары маздаған оттай жайнап, енді тізгінді ағыт» дегендей ыңғай танытқан тұста:

– Ал енді ұғынсандар, Алла жолдарыңды оңғарсын!
Аттаныңдар! - деді .

Дәл осы кезде Қордай бас қолбасының: «Артқы шептегі барлық азық-түлік, қару-жарақ қатаң қорғаумен тау паналай шығысқа жөткелсін!» деген бұйрығын «жалғыз атты» жан себілдігімен зорға жеткізіп тұрған. Осы хабарды жеткізу, әрі жөткеуге көмек етіндер деп жіберген екі жүздік жол бойында Түрікпен жағынан тоз-тозы шыққан жайды қашқыннан естігенде, артқы шептің кожасы: «Мына сұрқына қарағанда, Қордай қолбасы да сасайын деген бе қалай? жіберген жасағы жолда қырғын тапса, әуелі Шынтақ асуы мен Шу бойының жайы.., деп ойының аяғын айтуға батылы жетпей тұрғанда:

– Дулат, Дулат! Сырымбет, Сырымбет! - деп жер әлемді сілкіндірген күшті қазақ дауысы бас жақтан да, аяқтан да қаптап кетті. «Мынау кім? қайдан шыға келді?!» дегенді ойлауға үлгіртпей, ат тұяғымен осынау кең аумақты тітіреткен қалың қол бейғам ұйқыда жатқан жасағын баса-көктей кіріп кетті. Артқы шеп қолбасы зеңбірекшілер қолбасының атын тілі күрмеле атай зорға шықты.

Өттеғұл бірнеше қорғаушы және хабаршы жасағын жанына ала жау жайын биіктен барлап тұр. Ол жер, бұл жерден түтінін бұрқ еткізе күмп етіп қалған зеңбіректердің екінші оқтауға келмей үні өшкені алдымен шалынған жеңісті жайдың бірі болды. Сүт пісірім күтті, әр жерден төрт-бес гүрс етіп атылудан соң қасқырдан бұққан итше өзелене арсылдаудан тиылды. «Бар қауіп осы сұмнан келер ме екен», - деп ойлаған

Өттеғұл батыр, « Иә, сәт, Алла әмісе жар болғайсың?» деп көп тілеуін тіледі.

Бар жерде қызу шайқас жамырап, қазақ жасағының жеңісті ұрандаған үндері жүйке-жүйесін шымырлатып Өттеғұл қолбасыны да байыздатып тұрғызбады. Жаудың негізгі шоғырына тап берген екі мыңдығы майдандасып жатқан тұстан «Дулат, Дулат!», «Сырымбет! Сырымбет!» деп айбындана кеп, оң-солды баудай түсіріп айқасып кетті. Бас қолбасыларының ұрандай келіп, майданға кіруі қазақ сардарлары мен сарбаздарына мұқалмас күш-жігер бітіріп, бірі төрт пен беске төтерлік айбын-күш алып, лезде жел тиген өрттей өршелене түсті. Өттеғұл батыр шу деп кірген қол құрышын қандыра бір өзі төрт-бесті жамсатып жібергенін сезбей де қалды. Енді ол майданның бір де оң бүйірінен, бірде сол бүйірінен бұйыра айғайлап, кезіккенді құлатып өтіп жүрген дәу қызыл сары гешілге көзі түсті. Мынаның анаған да, мынаған да кіжінген сілтемесінен осы араның бас нояны екені, әрі соғыс өнерін де жөпшендіге дес бермес батыр екенін аңғарып, қой, мына жай сарбазда нем бар, олардың өзіндік үзеңгі қағысары тұр ғой. Мен өз әріптесімді тауып қол астындағыларға әлсін-әлі дем берген бұйрықшыл тілін тыяйын» деген ойға келді де, қан жирен тұлпарымен оқтай атылып барып, алдын тосқан Өттеғұл батыр:

– Е, алысар кісің міне мен. Санжы деген бас қолбасы сен шығарсың, шық майдан шетіне жекпе-жекке! - деді.

– Ей , сен кімсің? - деді жоян да жүйеге тоқтағандай болып:

– Мен Өттеғұлмын.

– О, Өттеғұлмын де. Издеп жүргенімнің өзі екенсің.

О, біздің бұрқын сені алдыма айдап келтірген екен. Көкеңнен көрсеңді көрейін деген екенсің. Шамаңа

қарамай мені іздеуінді «ажалды қарға бүркітпен ойнайды» деуші ме едіңдер?

– Тым елеуреме! Кім ажалды қарға көре жатармыз. Қане, қайсы қаруынды сайлайсың, енді қыртпай шық майданға! -

Санжы алмас қылышын қынаптан суыра тап бере кеп бірінші ретте-ақ Өттеғұл басын қия шауып тастардай әлпетпен шабуылға өтті. Сан сайыс пен жекпе-жекте басынан өткерген Өттеғұл, көп батырдан дара ерекшелігі, өте самдағай қимылдайтын еді. Жоңғар қолбасының өзіне ажал арнамақ қылышын көз ілеспес тездікте серпе қаққанда, шарт еткен ашты үнмен бірге қылышы ортасынан бөліне ұшып кетті. Үш әкесінен бері қазақтың қанымен суарылғандай болған атамұра қаруының қақ бөлінуі Санжы ламаны ашындырды да, шошытты да. Бір қатердің төнерін сезгендей денесі дүр етіп барып, суық тер бұрқ етті. Енді ол найзасынан да, айбалтасына да қол салмай өзі үшін ең ебдейлі қаруы күрзі шоқпарын дебейлей ұстап, айнала шауып кеп айқасты. Шоқпар төбелесіне жастай жаттыққан Өттеғұл мынаның бар өнерін көргісі келіп, шабуылын ылғи да жасқай тойтарып, қимылын аңдумен жүрді. Санжы лама: «Әлгінде мына қазақ қылышпаздықпен қаруымды күйрете тойтарғанымен күрзі үйірде белгілі боп қалды. Енді сыбағанды асатайын», - деген паң сермеумен қарсыласының миын шашып өтпек боп қару сілтеуіне, одан бұрын қамданған Өттеғұл шоқпар ұстаған қолдың шынтақ талмау тұсынан серпе қағып өтті. Әлгінде ғана кейде оң шекеден, кейде сол шекеден, бірде қарағұстан ажал төндірмек босмойын шоқпары сонадайға бұлғақтай ұшып талықси ат жалын құшқан Санжы лама қарағұсынан Өттеғұл шоқпары аямай отырып, «Бүркітпен ойнаған ажалды қарға» өзі болды...

Бас қолбасы Санжы ламаның аттан құлағанын бірден-бірге тарай сүт пісірім ішінде естіген орынбасар

қолбасы Даржы да оңай көкжал еместі. Санжының өлімінен жасақ бассыздыққа өтпесін деп, бұйрық бере айғай сап едәуір ес бітірді. Ие болар тұлғаның барлығына көзі жеткен қарсы жақ кеуделеріне қайта жан біте қалды. Бір-бірімен тіл табысып, біріне-бірі ақыл-қайрат беріп, қазақ пен қарсыласа айқасатындар көбейіп қалды. Бірақ, бұл кезде ол жақ бұл жағынан жоңғар шығыны мыңға жуықтап қалған еді, үш жерде айқасып жатқандар, біріне-бірі жете алмай діңкеледі.

Өттеғұл мына жақта Санжы лама бастаған басым күшпен айқасып жатқанда, Сеңкібай бастаған мың жасақ Өттеғұл бұйрығы бойынша шу деп атойлап кіргеннен зеңбірекшілер тобын басып қалды. Белгілі бағыт-бағдар жоқ «жау кеп қалды» дегендей, екі-үш зіркілдеуден соң үні өшті. Бастыра кірген қалың қолдан шошына зеңбіректі тастай бұта-бүргенді аралай қашқандарды Сеңкібай бұйрық бере: «Аналар бір жақтан көмек кеп қайта оралса, қатер төндіреді», - деп дерлік көзін жойдырып жіберді. Сеңкібай бес жүз жасақ пен қару-жарақ қоймасын қорғап қалды да енді бес жүз жасағын өзімен бір уақытта азық-түлік қоймасына шабуылға өткен Ботбай мыңдығына көмекке жіберді. Ботбай мыңбасы да асқан шеберлікпен жаудың қолқа жүрегіне сыналай кірді. Ол атойлап кірер алдында таңдамалы мықты жігітінен бесеуін жіберіп, азық-түлік қарауылшысынан бірін ұйықтап жатқан жерінен ешкімге сездірмей барымталатып келген. Одан қойманың орналасқан жері, қорғаушы жасақ саны бәрі-бәрін игеріп болған соң жаудың адам күшіне қарай жасағын бірнеше бөлікке бөле бірақ уақытта шабуылға өтті. Бір ет асымдай айқаста азық-түлік қоймаларын алып боп, енді тең жарым күшті жол бойларындағы қазақ ауылдарын шауып, айдап алған жылқы, сиыр, қой сияқты сойыс малдарды басып қалды.

Сеңкібай мен Ботбай аралығы өте жақын

қолайлықтан ұтымды пайдаланды. «Азық-түлік, қару-жарақ қоймалары қолдан кетті», - деп зарлана жеткен хабармен Даржы жіберген бес жүз жасақ қолдан кеткен асылды қайтарып алу емес, таң саз бергенде тірі қалған өте аз бөлегі Даржыға қашып қайта қосылды.

Жарым түнде басталған Талас бойындағы айқас ертесі күн батқанша жалғасып шептен шегінді. Даржы қазақтың қайта басып қалуынан зәрелері ұшып, Қаратауға қарай мол жол жүріп барып паналады.

Талас бойының орынбасары Даржы бүгін көрер таңды көзбен атқызды дерлік. Бақандай тең жарым күші екі мың жасағынан айырылумен қоса, бүкіл артқы саптағы Ресейден алдырған бір топ зеңбірек бастаған қару-жарақтан бірақ тотиды. Әсіресе он бес мың жасақтың бүкіл Шымкент, Түркістанды басып алғанға дейін жетеді деген межемен ала келген баға жетпес асылы азық-түліктен бірақ айырылып қалуы қатты күйзелтті. Көзі ілінді болды ұрандаған қазақ қолы дүрсілдете шауып жетіп келеді. «Кеп қалды! Қазақ-қазақ, аттан!», - деп атып тұрады. Жанындағы қорғаушылары: «Қолбасы, сабыр сақтаңыз, сабыр?! ұйқысырап кеттіңіз, демалыңыз», - деп қайта жатқызады. Тағы да ұйқысыздық, көзі ілінді әлгі қорқынышты жай қайталайды. Айналасындағы қолбасылар да көз іле алмады. Кейде көзі бақырайып ояу отырғанымен, ес-түсінен айырылған мәңгүрт сияқтанып, арып-таласа жатып, таңға жуықтағанда сілелей мызғып кетті. Күн арқан бойы көтерілгенше ұйықтап барып, қайта ес жиды. Ол енді ой кешіп кетті: «Менің боркемікше үгіле күйреуім өмірлік өзіме басылған қара таңба болуы бесенеден белгілі. Онда ұрпағымның ұрпағы маған жирене қарап, лағынет айтып өтуден басқа табар пайдам бар ма? Кешеден бері шашқындай қашып жеткен бірлі-жарымның айтуына қарағанда Шынтақ асу, Шу жағындағы жасақтар да ауыр шығынға ұшырап,

көмек қол сұрарлық дәрменнен айырылған. Қордайдың тапсыруымен азық-түлікті қорғап, шығысқа қарай жөткеу бұйрығын алып жолға шыққан екі жүз жасақ, шапырашты Түрікпен қолының тосқауылдай соққы беруінде күйреп қалғаны анық болды.

Даржыбіройданбіройғаауысааунаптүсті: «Япырым-ау, жоңғар қоңтайшасы Сыбан Рабдан қате жобалап тұр ма? Әлде біз майданға күшті бөліп орналастыруда қате жіберіп алдық па? Қазақпен талай-талай айқаста болып, жоңғардың осыншама көп күшін бір мезгілде, бірнеше майданда ойсырата жеңуін көргенім осы. Қазақ аяқастынан қалай көбейіп, қалай күшейіп кетті?», - деп бір сәт ойлана жатып барып: «Таптым, биыл Қарақұм маңында Тәуке хан мықты билерін жанына алып, қазақ батырларын түгелге шақырып, қазақтың Үш жүзі бізге бірлесе шабуыл қозғамақ», - деген жансыздар хабары шындық болды. Келіп түскен өте сенімді хабарда Ертіс бойында қазақтың Орта жүзі, Еділ-Жайық бойында Кіші жүзі шабуыл бастаған. Ал Жетісу жағында Ұлы жүз түгел ұштасып кетті. Тарихта мұндай бірлік жасай, тізе қоса отырып, шабуылға шығуы сирек еді. Есім хан тұсында осындай бір қиын ұрыс болып, біздің ата-бабамызды қазақ қойдай қырды деп естіп едік. Енді мынау Тәуке дәл сондай ұрыс салғалы тұрған жоқ па?! Бүкіл жасағымның тең жармынан бір сөткелік ұрыста айырылуым қандай сұмдық. Менің де сүйегім Санжы лама құсап айдалада қалар ма екен?!», - деп тіксініп барып, қайта батырлық намысы қытықтай: «Менің жаным анау бас қолбасы Қордайдан, Шу бойындағы Дауа қолбасыдан, өз бауырым Санжы ламадан әулие ме?! Қалайда Қордай қолбасы біз үшін болмаса да, азық-түлік, қару-жарақты құтқару үшін амалын тауып көмек жіберер. Оған дейін екі мың жасақты аман сақтауым, қазақты жекпе-жек ұрыс салуға көндіруім керек. Егер олар он бес күн ұрыс салуға көнгідей болса, жасағым

да тынығып көмек те кеп қалар», - деген бекімге келіп, ертесі үш жаушысы жоңғар туын көтеріп, майданға келді. Қазақ жағы бірден мақұл болмай, Өттеғұлмен байланыс жасап жатып зорға көнді.

Бірінші күні жекпе-жек майданына Сеңкібай екінші, үшінші күнгі жекпе-жекке тағы шығып, жоңғардың он бір батырын құлатты. Төртінші күні жоңғар жағының батыры басым келді. Кейінгі реттерде дулаттың айтулы батырлары Көкбарақ, Шойбек, Ботбай батырлар жаудың есін алған жекпе-жек ұрысын салды. Қазақ жағынан да талай жас батырлар қаза тапты.

Он бес күндік жекпе-жек аяқталған түні Даржы қырғыз Алатауына ұзаңқырап барып түнеді. Өттеғұл оның Шу бойына өтпек мақсатында, қару-жарақ, азық-түлікті қайта басып қалу дәмесін де қатаң тежеді, көп жылдар майлы қазанға шөміш салған Даржы барған сайын оңашалана қоңқылдай бастады. «Өз дүниемізді жауға түгелімен тастап ішекті шұрылдатқанша, бір қарытып қалайық», - деген қомағай дәмемен бірде ана тұстағы қамбаға, бірде мына шеттегі сойыстық малға бес жүзден, мыңнан жасақ жіберіп айқасып көрді, бәрі де қатал соққыға ұшырай, екінші беттемес күйге ауысумен тынды. Жай ұрыстан гөрі аштық арпалысы «өлдім-өлдім, өлсем де бір қарбытып өлейінге барғызардай. Таластағы мол азық-түліктен Шу бойындағы Түрікпен қолына, олардың көмегімен арғы асудағы Хангелдіділерге деп түнделете жіберілген көлемді тасымалшыларды Даржының іріктелген мықты торуылшылары бас салып тонап та кеткен жай кезікті. Кейіндеп тәжірибені жинақтаған Өттеғұл жау күші әбден әлсірегенше, мұндай орынсыз бодау берудің алдын тосты.

Бірте-бірте Талас бойындағы жоңғар жасағы да тамақ иісі мұрындарына ұрылып тұрғанмен, сілекейлерін жұта қатты ашықты. Тонап алайын десе

жуық арада төрт түлігін мыңғырта тастап қойған қазақ жоқ, бұрынғы қамбаларға басып кірейін десе, дәрмен жоқ. Уақыт озған сайын қазақтың салған қырғынынан аштық қырғыны ауыр келіп, әбден меселдесі қайтқан Даржы қолы ұрыс салу адыра қалып, қырғыз Алатауынан жабайы аңдарды аулап, аштан өлмеу қамына өте берді. Алғаш он-он бестен аңшылыққа шықса, бірте-бірте жүз деп, екі жүздеп тау-тауда жосыды...

Арыраққа ұзап кете алмай бертінде тау паналап жүрген шашқындаған қазақ ауылдарына кездесіп, адамын қызыл-жайма отап, болымсыз азық-түлік, малдарын тонап алушылар да кезікті. Бірлі-жарым қашып құтылғандардан бұл жайды ұққан арғы ауылдар, таудың аңдарына қосыла үркіп, жау жете алмас деген қиын шатқал, кезеңдер асып, аулаққа сырғи түсті. Бір сенді бір сең қағар дегендей, жайланып, орнығып қалған жерінен қыс ішінде үрке жөнелген қазақ ауылының талайы жол бойы биік ұшпалардан қырылып қалғандар да, үсіп өлгендер де кезікті.

Шолғыншыларының мәлімдеуінен бұл жайдан хабар тапқан Өттеғұл жүз, екі жүзден жасақ аттандырып, таудың аңдарына қоса қазақ аулап жүрген жоңғар жасағына аңшылық олай емес, бұлай деп, бөліп-бөліп қоршай шабуылдап, көп жасағының көзін жойып жіберді.

Шынтақ асудағы Әлмерек пен Хангелді Талас пен Шу бойындағы Түрікпен Өттеғұл сынды Ұлы жүздің әйгілі батыр қолбасылары жоңғардың осынау мол жерсуды иелеп жатқан қалың қолына бір уақытта бастаған жойымпаз ұрыс арқылы бірін-біріне жеткізбей күйретіп, қазақ хан ордасына төндірмек қатерді кейінге шегіндірді. Айбыны аспан астында тулағандай Қордайдың өздерінен молаңдау күшін ерекше соғыс тәсілін қолдана отырып, екі айға жалғасқан сұрапыл ұрыста тоз-топалаңын

шығара бетін қайтарды. Жоңғардың тау-таста өскен жырынды қалдық күштері жер қолайлығын пайдалана шығысқа сырғи «тиіп-қашқан» ұрыстың соңы екі жылдан артық жалғасты.

Бір реткі аламан шайқаста Алла тағала дидар ғайып бетпе-бетінде кез қылды ма Әлмерек пен Қордай айналма кілтеннен кез боп екеуі де қорғаушылар араластырмай жалғасқан қиян-кескі айқастан соң Әлмерек Қордайдың басын алып үлгірді. Қордай қолы тоз-тоз боп, өзінің басы алынған Алатау Шынтақ асуы осы айқастан соң «Қордай асуы» атанып кетті.

Тәуке ханға Орта жүз батырлары бастап соғыс салған Ертіс жағынан да, Ұлы жүз батырлары бастаған Шу, Талас бойынан да, батыс солтүстік майдандағы Кіші жүз қолына да жеңісті хабар артынан жетіп, Сыбан Рабданның кезінде тұйықсыз жатқан Сауранның ойран-топырын шығара күл үйіндісіне айналдырған қылығын басқа ұрғандай айбынды соғыс жүргізді. Үш жүздің ынтымағы жоңғар қазақ даласын бірақ жаулап алу қиялын бір мүшел кейінге созды.

Бірақ, әрқайсы жүздік өз жерінен жау табаны жалтырай шығысқа сырғумен қанағаттану пиғылы қылт етті. Үш жүздің бірлігінің дәмі таңдайларында қала қоймай, әлі де әркім өз аспанының ашық болуын қазақтың түбегейлі жеңісі санады. Жоңғарлықтар Ұлы жүз мекендеген Жетісу алқабы мен Орта жүз мекендеген өңірлерге тау-тасты паналай, баспалай шегінді. Қазақ даласын жоңғардан бірақ тазартуға хандық тақтан дәмесі бар сұлтандардың ықыласы соқпады. Жоңғарлықтар қазақ даласының бір шетінен шегінсе, енді бір шетіне төсін төсеп, солығын баса қайта тап беруге әзірленді.

Шығыс Жетісу жағындағы соғыс қолбасылары жоңғардың қайта тап бермесіне дайындала жүріп, тынығуды табыстады. Табаны күректей екі жыл дегенде

Әлмерек пен Хангелді Қарқара атырабындағы ауылына жеңіспен оралып, ел-жұртпен қауышты.

Бүкіл Қарқара атырабы у-ду, соғыс қашанда қан төгіс қой. Құрбан бермей жеңіс қайда? Өлмеу үшін қару алып, қарсы ұшқан қарсыласыңды өлтіруің керек. Кімнің қару-қайраты басым болса, жауының қалт кеткен әлсіз тұсынан пайдаланып, өлім мен өмірдің тайталас жеңіс биігіне шықпақ. Хангелді жасағында қаншама әдістеп ұрыс салғанмен, мыңға жуық кісі қаза тапты. Соғыстан ұлдары тірі оралғандар ұлан-асыр той күніндей сапырылыс болса, майданда баласы қаза тапқан қаралы үйлерге «ой, бауырымдап!» ат қойып, көңіл айтып, Құран оқулар жалғасып жатты. Бес қолды бірдей жаратпаған дүние деген осы. Қанша дегенмен бітті қазақты табанға салып таптап, хан ордасын қансоқта ойран төбесіне айналдырмақ болған жоңғарлықтар жеңілісі, өксікті тез тиып, мол қуаныш қайғыны жуа жеңіс тойын тойлауға ұласып кетті...

1710 жылғы Қарақұм маңындағы Үш жүздің ел басы, қолбасылары бас қосуынан кейін бірлік ұлы күш екенін, Үш жүздің баласы бірлік қылса алмайтын қамал жоқ екенін таныта, жан-жақтан қанжардай қадалған қазақ қолынан жеңілген Сыбан Рабдан шоқ басқан құмырсқадай өртеніп, күйіп-жанып арып таласқан күйге өтті. Неше күн, неше түн ұйқы көрмей дөңбекшіп жүріп тапқан айласы ордадағы пысықтардан жан-жаққа шапқыншы аттандыра жүріп, Талас, Шу, Шынтақ асу бойынан аман қалып, тау-тасты паналап жүген Қордай қолынан тірі қалған бес мың жасақты, шығыс солтүстік Ертіс майданынан жан далбасамен қашып құтылған он мың жасақты, Кіші жүз жағында телім-телімі шығып жан сауғалап жүрген он мыңға жуық жоңғар жасағын «жеңілген айып емес, кек алу ерлік», - деп озандай ұран сап жүріп, өлдім-талдым деп, бір жыл ішінде орда маңына құрап үлгірді.

Не қиындықтарды бастан кешкен жиырма бес мың машықты жасаққа қол жеткізумен қарға аунаған түлкідей тез қунап, ес жиған Сыбан Рабдан кезіндегі бақталасы Ғалданның әдісіне басып, екі-үш жыл жасақ қатарын толықтырып шығыста Тибетті алмаққа көз алартты. Сакия Монидің рухы ұялаған будда дінінің биік мұнарасы іспетті жерді, қандастық қатынасы бар елді қол астына ала алса, ешкім шақ келмес алып күшке айналарын ойлап, елірме мінезбен аласұра қамданды. Сілекейін шұбыртқан дәмесі жүзеге аса қалса, онда бір қазақ ғана емес, мына жағы әлмисақтан бері алысып жоңғар кеудесін басып келе жатқан Чиң патшалығы, ана жағы Шыңғыс ұрпағы меңгерген ұлан-ғайыр шексіз мол өңірлер, тіпті Ресей де уысына түсетіндей қиял дүниесі көз алдынан сан шалықтап өтті. Шыңғыс ұрпағының араларын былғағандай өзбекке, қазаққа, тағы басқа ұлттар құшағына еніп кеткен тәжірибесін жинақтай отырып, Тибет биігінен мызғымастай будда рухын шартарапқа шашпақ.

Енді алағызған лепірме тентек көңіл қанатты жүйрік тұлпарына мінгізіп, әлемді шарлай тіпті Шыңғыс ханнан өзін биіктетіп жіберді. Ақыры байыз тапқызбаған болашақ тәтті арман Тибет үстіртіне жетпіс мың қолмен шабуыл барабанын ұрғызып тындырды...

М а з м ұ н ы

<i>I. Ел намысы – ер намысы</i>	<i>3</i>
<i>II. Сәті түскен сапар</i>	<i>110</i>
<i>III. Алыптар арманы</i>	<i>191</i>
<i>IV. Бірлік – ұлы күш</i>	<i>277</i>

Әскер ТОЙҒАНБЕК

ҚАЙРАН ЕЛІМ

Редактор *Әлсейіт Оспан*
Корректор *Қапиза Бекенқызы*
Көркемдеуші редактор *Айкерім Бақбергенқызы*
Техникалық редактор *Нұркен Сүйеубекұлы*

ISBN 978-601-03-0408-6



ИБ № 212

Басуға 09.04.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman».
Көлемі 18,0 ш.б.т. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 212

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

